

Мазмұны

Қысқаша шолу / қысқаша нұсқаулық	1
Жалы мәліметтер	2
Есіктерді жабу мен ашу	3
Орындықтар мен қауіпсіздік белдіктері	4
Басқару органдары және бақылау-өлшеу аспаптары	5
Қозғалыстың басталуы және автомобиль жүргізу	6
Салонда жайлы жағдайлар жасау	7
Күрделі жағдайларда әрекет ету	8
Автомобильге күтім жасау	9
Автомобильге техникалық қызмет көрсету	10
Техникалық сипаттамалары	11
Алфавиттік көрсеткіш	12

Басқару органдары және бақылау-өлшеу аспаптары

E0850010347

Мандаймен соқтығысу салдарларын жұмсарту жүйесін (FCM) және ультрадыбыстық датчикпен ілеспе соқтығысуды болдырмау жүйесін (UMS)* қосқыш

Иеленген қатардан шығу туралы ескерту жүйесін қосқыш (LDW)*

Бағыттық тұрақтылықтың динамикалық жүйесін ажыратқыш, бет 6-53

Проекциялық дисплей жүйесін басқару түймелері (HUD)*, бет 5-48



Қозғалтқышты автоматты түрде тоқтату және іске қосу жүйесін ажыратқыш (AS&G)*

Фара жарығын түзеткіш, бет 5-58

Рөл дөңгелегіндегі аудиожүйені қашықтықтан басқару түймелері, бет 7-29 (DISPLAY AUDIO сенсорлық басқару жүйесі және Mitsubishi Connect жүйесі туралы ақпарат жеке пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда келтірілген.)

Бейнекамераны қосқыш*, бет 6-87

Bluetooth® 2.0 жүйесі*, бет 7-55

Шығым және еңіс бұрышы бойынша рөл бағанын реттеу иіңтірегі, 6-10 бет

Круз-бақылауды басқару түймелері, бет 6-55

Жарық аспаптарын қосқыш, бет 5-51

Алыс жарық фараларын автоматты басқару жүйелері (AHB)*, бет 5-54

Бұрылыс көрсеткіштерін ауыстырғыш, бет 5-60

Тұманға қарсы фараларды қосқыш*, бет 5-61

Артқы тұманға қарсы шырақты қосқыш, бет 5-61

Рөл астындағы берілісті ауыстырғыштар*, бет 6-30

Көпфункционалдык дисплейді ауыстыру түймелері, бет 5-5

Проекциялық дисплей (HUD)*, бет 5-48

Пассив қауіпсіздіктің қосымша құралдар жүйесі (SRS): жүргізушінің қауіпсіздік жастығы, бет 4-25, 4-30
Дыбыстық сигналды қосқыш, бет 5-69

Бақылау-өлшеу аспаптары, бет 5-2

Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесі*, бет 6-16

Желайнек тазалағыш пен шайғышты ауыстырғыш, бет 5-62


Артқы әйнектің тазалағышы мен шайғышын ауыстырып қосқыш, бет 5-65
Фаралар шайғышын қосқыш*, бет 5-67

Ультрадыбыстық датчиктер жүйесін ажыратқыш*, бет 6-78

Оталдыру құлпы*, бет 6-15

Пассив қауіпсіздіктің қосымша құралдар жүйесі (SRS): жүргізушінің тізесіндегі қауіпсіздік жастығы*, бет 4-25, 4-30

AF5107024



AF5107532



Механикалық жетекті тұрақ тежегіші

Тұрақ тежегішінің нінтірегі, бет 6-4

Селектор нінтірегі, бет 6-28

Алдыңғы орындықтарды қыздыруды қосқыш*, бет 4-4

S-AWC жүйесінің жұмыс режимдерін ауыстырып қосқыш*, бет 6-36

Электржетекті тұрақ тежегіші

Тұрақ тежегішін автоматты түрде қосу жүйесін ажыратқыш, бет 6-43

Электр жетекті тұрақ тежегішін қосқыш, бет 6-6


Селектор нінтірегі, бет 6-28


Алдыңғы орындықтарды қыздыруды қосқыш*, бет 4-4

S-AWC жүйесінің жұмыс режимдерін ауыстырып қосқыш*, бет 6-36

AF5107499


1 Салон жабдығы





Балалар креслосын бекітуге арналған кронштейндер, бет 4-22

Бағаж бөлімінің еденнің төсемі,
бет 7-84



Бағажға арналған ілмек,
бет 7-90

Бағажды бекітуге арналған
ілмектер, бет 7-90

Бағажды бекітуге арналған
ілмектер, бет 7-90


Бағаж бөлімінің еденнің төсемі, бет 7-91
Домкрат*, бет 8-11
Құрал-сайман жиынтығы*, бет 8-11
Шиналарды жөндеуге арналған жиынтық*

Сыртқы жабдық (автомобильдің алдыңғы бөлігі)

1

E08500404004


Датчик* (фаралардың алыс жарығын автоматты басқару жүйесі (АНВ), маңдаймен соқтығысу салдарларын жеңілдету жүйесі (FCM) және иеленген қатардан шығу туралы ескерту жүйесі (LDW)), бет 5-54
Жаңбыр датчигі, бет 5-62



AF5106678

Сыртқы жабдық (автомобильдің артқы бөлігі)

E08500404017



AF5107529

Қысқаша нұсқаулық

E08500501033

Багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, есіктерді жабу мен ашу

E08500602389

Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі

Кілттегі түймені басу арқылы багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, балық есіктер жабылады және ашылады.
Кілттің қолданыс аймағы шамамен автомобильден 4 м құрайды.




ANA106795

- 1 — LOCK (жабу) түймесі
- 2 — UNLOCK (ашу) түймесі
- 3 — бақылау шамы


“Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі” тарауын қараңыз, бет 3-4.

Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі*

Егер электрондық кілт Сізде болса (жүйенің әрекет ету аймағының шегінде), онда жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есігінде жабу/ашу (A) түймесін, багаж бөлімінің есігінде жабу (B) түймесін (жабу кезінде) немесе багаж бөлімшесінің есігінде жабу (C) түймесін (ашу кезінде) басқан кезде, барлық есіктер багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, жабылады немесе ашылады. Жүйенің әсер ету ұзақтығы жүргізуші есігінің тұтқасындағы, алдыңғы жолаушы есігінің тұтқасындағы немесе багаж бөлімі есігінің түймелеріндегі жабу/ашу түймелерінен шамамен 70 см құрайды.



AFA113326




AFA132921

“Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі” тарауын қараңыз, бет 3-9.


1 Жүргізушінің орны

E08500802176



1. Жарық аспаптарын қосқыш

Сыртқы жарықтандыру аспаптарын қосу үшін, қосқышты бұраңыз.




<p>AUTO</p>	<p>Қосулы оталдыру немесе ON қосулы жұмыс режимінде фаралар, алдыңғы және артқы габариттік оттар, тіркеу белгісінің жарық шамы және аспаптар панелінің жарығы автомобиль сыртындағы жарыққа байланысты автоматты түрде қосылады немесе өшіріледі. (Габариттік оттарды ажырату кезінде, күндізгі жүріс оттары қосылады.) Талдыруды өшіргенде немесе LOCK жұмыс режимі қосылғанда, барлық жарық аспаптары автоматты түрде өшіріледі.</p>
	<p>Алдыңғы және артқы габариттік оттар, тіркеу белгісін жарықтандыру шырағы, аспаптар панелінің жарығы қосылған.</p>
	<p>Фаралар қосулы, барлық қалған жарық аспаптары қосылуы мүмкін.</p>

“Жарық аспаптарын қосқыш” тарауын қараңыз, бе 5-51.

1. Бұрылыс көрсеткіштерін ауыстырғыш

Ауыстырғыштың орнын ауыстырғанда, бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтай бастайды.




- 1 — бұрылыс көрсеткіштері
- 2 — басқа қатарға қайта қою сигналы

“Бұрылыс көрсеткіштерін ауыстырғыш” тарауын қараңыз, бет 5-60.

2. Шығым және еңіс бұрышы бойынша рөл бағанын реттеу

1. Рөл дөңгелегін ұстап тұрып, рөл бағанын бекіту иінтірегін босатыңыз.
2. Рөл дөңгелегін қажетті биіктікке орнатыңыз.
3. Рөл бағанын бекіту иінтірегін жоғары қарай соңына дейін тартып, рөл бағанын бекітіңіз.




A — бұғатталды
B — бұғаттан шығарылды

“Шығым және еңіс бұрышы бойынша рөл бағанын реттеу” тарауын қараңыз, 6-10 бет.

3. Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесі*


Егер электрондық кілт Сізде болса, қозғалтқышты іске қосуға болады. Егер тежегіш педалін (А/Т немесе CVT автомобильдерінде) немесе ілінісу педалін (М/Т автомобильдерінде) баспай, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін басса, жұмыс режимін келесі тәртіпте өзгертуге болады: OFF, ACC, ON, OFF.



OFF — түмедегі бақылау шамы өшірулі
ACC — тймедегі бақылау шамы сарғылт түсте жанады.
ON — түймедегі бақылау шамы жасыл түсте жанады

“Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесі” тарауын қараңыз, бет 6-16.

4. Желәйнекті тазартқыш пен шайғышты ауыстырып қосқыш




MIST — әйнектегі ылғалды кетіру
Әйнек тазалағыштардың бір реттік істен шығуы.
OFF — өшірулі
AUTO — әйнек тазалағыштарды автоматты басқару; жаңбыр датчигі.
Әйнек тазалағыштың істен шығу жиілігі желәйнектегі ылғал мөлшеріне байланысты
LO — төмен жылдамдық
HI — жоғары жылдамдық

Желәйнекке шаятын сұйықтықты беру үшін, ауыстырғышты өзіңізге қарай тартыңыз.

“Желәйнекті тазалағыш пен жуғышты ауыстырғыш” тарауын қараңыз, бет 5-62.

5. Артқы көріністің сыртқы айналары

Артқы көріністің сыртқы айнасының сыртқы орналасымын реттеу



- L — сол жақ сыртқы айнаны реттеу
- R — оң жақ сыртқы айнаны реттеу
- 1 — жоғарыға
- 2 — төменге
- 3 — оңға
- 4 — солға
- 5 — айналарды жинауды ажыратқыш

“Артқы көріністің сыртқы айналары” тарауын қараңыз, бет 6-12

6. Электрлік әйнек көтергіштер жетегінің пернелері

Әйнекті түсіру үшін, ауыстырып қосқышты басыңыз, көтеру үшін оны жоғары тартыңыз.



- 1 — жүргізуші есігінің әйнек көтергіштері
- 2 — алдыңғы жолаушы есігінің әйнек көтергіші
- 3 — сол жақ артқы есіктің әйнек көтергіші
- 4 — оң жақ артқы есіктің әйнек көтергіші
- 5 — әйнек көтергіштерді бұғаттауды қосқыш


Әйнек көтергіштерді бұғаттауды қосқыш

Бұғаттауды қосқышты (5) басқан соң, жолаушылардың орнындағы пернелер жұмыс істемей қояды. Пернелерді бұғаттан шығару үшін, бұғаттау қосқышын қайта басыңыз.

“Электрлік әйнек көтергіштер жетегін қосқыштар” тарауын қараңыз, бет 3-24

7. Отын бағының құю мойыны люгін ашу нінтірегі

Отын бағының құю мойыны люгін ашыңыз. Отын бағының құю мойыны артында, автомобильдің сол жағында орналасады.




“Бакқа отын құю” тарауын қараңыз, 2-2 бет

INVECS-III CVT Sports Mode автоматты 8 сатылы беріліс қорабы* және INVECS-III CVT Sports Mode автоматты 6 сатылы беріліс қорабы (зияткерлік және инновациялық үшінші буын автомобилін басқару жүйесі)*

E08501001761

Селектор иіңтірегінің көмегімен CVT басқару

Сатысыз CVT вариаторында беріліс коэффициентін таңдау автомобильдің жылдамдығына және үдеткіш педалінің жағдайына байланысты автоматты түрде жүзеге асырылады.



1 — бұғаттау түймесі

	Селектор иіңтірегін жылжыту үшін, тежегіш педалі басулы кезде, бұғаттау түймесін басу керек.
	Селектор иіңтірегін жылжыту үшін, бұғаттау түймесін басу қажет.
	Селектор иіңтірегін жылжыту үшін, бұғаттау түймесін басу қажет емес.

Селектор иіңтірегінің орналасымы

P - ТҰРАҚ

Осы жағдайда беріліс қорабы бұғатталып, автомобиль қозғалысына мүмкіндік бермейді. Бұл ретте қозғалтқышты іске қосуға болады.

R - АРТҚЫ ЖҮРІС

Артқы жүріспен қозғалуға арналған жағдай.

N - БЕЙТАРАП БЕРІЛІС

Осы жағдайда барлық берілістер өшірілі.

D - ҚОЗҒАЛЫС


Бұл жағдай кәдімгі алға қозғалу үшін пайдаланылады.

“INVECS-III CVT Sports Mode автоматты 8 сатылы беріліс қорабы және INVECS-III CVT Sports Mode автоматты 6 сатылы беріліс қорабы (зияткерлік және инновациялық үшінші буын автомобилін басқару жүйесі) тарауын қараңыз, бет 6-27

Көпфункционалдық дисплей

E08501201763

Баптауды орындау үшін, автомобильді қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Көпфункционалдық дисплейде келесі терезелер көрсетіледі: ескертуші хабарламалар терезесі, одометр, күнделікті жүріс есептегіші, отынның орташа және лездік шығысы, орташа жылдамдық және т.б.



AFA133351

- 1 — символ → бет 5-7
- 2 — ақпараттық терезе → бет 5-5;
ескертуші хабарлама → бет 5-6
- 3 — жабылмаған есіктер индикациясы
терезесі → бет 5-7
- 4 — одометр → бет 5-9
- 5 — символ → бет 5-7


“Көпфункционалдық дисплей” тарауын қараңыз, бет 5-3.



Проекциялық дисплей (HUD)*

E08502900119

Жүргізуші келесі көрсеткіштерді жолдан шықпай-ақ оқи алуы үшін, проекциялық дисплей (HUD) аспаптардың маңызды көрсеткіштерін (автомобиль жылдамдығы және т.б.) мөлдiр экранға шығарады



AFA135414

- 1 — дисплей
- 2 — жылдамдық индикациясы терезесі
- 3 — ақпараттық терезе
- 4 — навигация жүйесінің ақпараттық терезесі*

“Проекциялық дисплей (HUD)”, бет 5-48.

S-AWC (Super-All Wheel Control) толық жетекті және бағыттық тұрақтылықты басқару жүйесі*


E08501900356

S-AWC жүйесі автомобильді динамикалық тұрақтандырудың интеграцияланған жүйесі болып табылады және бұрылыстарда, сондай-ақ қозғалыс жағдайларының кең ауқымында автомобильдің басқарылуы мен тұрақтылығын жақсартуға арналған, бұл толық жетек жүйесін, бұрылу кезеңін басқарудың белсенді жүйесін (AYC), құлыпқа қарсы тежегіш жүйесін (ABS) және бағыттық тұрақтылықтың динамикалық жүйесін (ASC) интеграцияланған басқару арқылы қол жеткізіледі).

S-AWC жүйесінің жұмыс режимдері	Режим
NORMAL (КӘДІМГІ)	Кәдімгі жұмыс режимі құрғақ және ылғал қатты жол жабынында жүру кезінде пайдаланылады. Бұл режимде алдыңғы сол және алдыңғы оң жақ дөңгелектерге берілетін кезең/тежеу күші, сондай-ақ олардың қозғалыс жағдайларына байланысты алдыңғы және артқы дөңгелектер арасында таралуы бақыланады, бұл көлік жүргізудің жарқын сезімін тудырады және отын шығысын азайтады.
SNOW (СНЕГ)	Бұл режим, әсіресе, қар басқан жолдарда жүргенде ұсынылады. Тайгак жолдарда бағыттық тұрақтылық арта түседі.
GRAVEL (ҚИЫРШЫҚТАС)	Бұл режим негізінен әлсіз және нашар жолдарда жүргенде пайдаланылады. Бұл режим жоғары өнімділік пен бұрылушылықтың толық жетегін қамтамасыз етеді.

S-AWC жүйесінің жұмыс режимдерін ауыстырып қосқыш

Режимді таңдау оталдыру қосылған кезде немесе ON жұмыс режимі қосылған кезде, қосқышты басу арқылы жүзеге асырылады.



“S-AWC (Super-All Wheel Control) толық жетекті және бағыттық тұрақтылықты басқару жүйесі” тарауын қараңыз, бет 6-34.



Отын таңдау.....	2-2
Бакқа отын құю	2-2
Аксессуарлар мен қосымша жабдықты орнату.....	2-4
Электр жүйесіндегі немесе қорек жүйесіндегі модернизация/ өзгерістер	2-5
Түпнұсқа қосалқы бөлшектер.....	2-5
Пайдаланылған майлармен қауіпсіз жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулар және оларды кәдеге жарату туралы ақпарат.....	2-6
Пайдаланылған аккумуляторлық батареяларды кәдеге жарату жөніндегі ақпарат.....	2-6
Оқиғалар туралы деректерді тіркеу.....	2-6

Отын таңдау

E00200105982

Ұсынылған
отын

Этилденбеген бензин

**Ресей, Қазақстан,
Белоруссия, Украина
және Молдоваға арналған
автомобильдерден басқа:**октандық мөлшері кемінде
95.**Ресей, Қазақстан,
Белоруссия, Украина
және Молдоваға арналған
автомобильдер:**

октандық саны кемінде 90.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Автомобильді этилденген бензинмен толтыру қозғалтқыш пен катализдік түрлендіргішке маңызды шамада зиян келтіруі мүмкін. Этилденген бензинді пайдалануға тыйым салынады.



ЕСКЕРТПЕ

- “95+” октан саны заттаңбасы бар автомобильдер автоматты октан-түзеткішпен жабдықталған, бірақ зерттеу әдісіне сәйкес, егер сапар кезінде автомобильді 95 немесе одан жоғары октан санына ие этилденбеген бензинмен толтыру мүмкін болмаса, 90 октан саны бар этилденбеген бензинді соңғы шара ретінде ғана пайдалануға болады. Мұндай жағдайларда қозғалтқышты арнайы реттеу қажет етілмейді. Октан саны 90 этилденбеген бензинмен толтыру кезінде, қозғалтқыштың қуаты мен айналу кезеңі төмендейді.
- Жіні тоқтап, төмен жылдамдықпен қысқа қашықтыққа жүру отын жүйесі мен қозғалтқышта шөгінділердің пайда болуына әкелуі мүмкін, бұл қозғалтқышты іске қосу кезінде істен шығуға және динамиканың нашарлауына әкелуі мүмкін.
- Төмен сапалы бензинді пайдалану кезінде, қозғалтқышты іске қосу қиындығы, тоқтап қалу, шу және қозғалтқыштың біркелкі жұмыс істемеуі сияқты ақаулар болуы мүмкін. Егер мұндай ақаулар болса, басқа өндірушінің / басқа сұрыпты бензинін пайдаланып көріңіз. Егер қозғалтқышты диагностикалауды бақылау шамы қосылса, тез арада жүйені тексеру үшін, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгініңіз.

Бензин E10

E00203200019

Еуропалық EN 228 стандартына сәйкес, E10 маркалы бензинге (құрамында 10% этанол бар) бейімделген бензиндік қозғалтқыш.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Этанолдың (этил спиртінің) көлемдік үлесі 10%-дан асатын бензинді пайдалануға тыйым салынады. Этанол концентрациясы 10%-дан асатын отынды пайдалану отын жүйесіне, автомобиль қозғалтқышына, қозғалтқыш датчиктеріне, сондай-ақ пайдаланылған газды шығару жүйесіне зақым келтіруі мүмкін.

Бакқа отын құю

E0020021M683

⚠️ ЕСКЕРТУ

- Отын құю кезінде гараждарда және отын құю станцияларында әрқашан болатын плакаттарда келтірілген сақтық шараларын сақтау керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Бензин отқа қауіпті және жарылысқа қауіпті сұйықтық болып келеді. Дұрыс пайдаланбаған жағдайда, отыннан маңызды күйік немесе жарақат алу қаупі орын алады. Автомобильге отын құю кезінде, қозғалтқышты міндетті түрде өшіріңіз, ашық отты пайдаланбаңыз, ұшқынның пайда болуына жол бермеңіз және темекі шекпеңіз. Отынмен жұмыс істеу тек жақсы желдетілетін ашық үй-жайларда жүргізілуі тиіс.
- Отын бағы құю мойнының қақпағын шешіп алар алдында, өз денеңізден міндетті түрде статикалық зарядты алып тастаңыз; ол үшін автомобильдің металл бөлшектеріне немесе отын құю бағанына қол тигізіңіз. Денеді жинақталған статикалық электр отын буын тұтатуға қабілетті ұшқын тудыруы мүмкін.
- Отын құюдың бүкіл процесін (отын бағы аузының қақпағын ашу, отын бағының құю мойнының қақпағын шешіп алу және т.б.) өз бетіңіше орындау керек. Басқа адамдарға отын бағы мойнының жанында тұруға мүмкіндік бермеңіз. Егер Сіз статикалық электрді алып жүретін адамға көмек көрсетсеңіз, отын буы тұтануы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ


- Отын құю аяқталғанға дейін отын бағы мойнынан алыстап кетпеңіз. Егер сіз отын құю орнынан кетіп қалсаңыз, отын құюды аяқтамай басқа бір нәрсе жасасаңыз (мысалы, орындыққа отыру), Сіздің денеңізде статикалық электр заряды қайта жиналуы мүмкін.
- Егер отын бағының құю мойнын ауыстыру қажет болса, тек осы автомобиль моделіне арналған түпнұсқа MITSUBISHI MOTORS қақпағын пайдалану керек.

Отын бағының сыйымдылығы

Алдыңғы жетекті автомобильдер: 63 л.
Толық жетекті автомобильдер: 60 л.


Отын құю

1. Отын құяр алдында, қозғалтқышты өшіру керек.
2. Отын бағының құю мойны артында, автомобильдің сол жағында орналасады. Отын бағының құятын мойнының люгін жүргізуші орындығының жанында орналасқан иінтірек көмегімен ашыңыз.



AFA113267

3. Қақпағын сағат тіліне қарсы баяу бұрап, отын бағының құю мойнын ашыңыз.



AFA113270


- 1 — ашу
- 2 — жабу

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қорек жүйесі қысымдаған болуы мүмкін болғандықтан, отын бағының құю мойнының қақпағын баяу ашыңыз. Сөйтіп, отын бағында пайда болуы мүмкін қысым немесе сирету атмосфералық қысыммен біркелкі салыстырылады. Егер шыжылдаған дыбыс естілсе, қақпақты дыбыс тоқтағанша ашпаңыз. Кері жағдайда отын сыртқа шашырап, сізге немесе айналаңыздағыларға тиюі мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Отын құю кезінде отын құятын ыдыстың қақпағын құю мойны люгіннің ішкі жағында орналасқан ұстағышқа (А) орналастырыңыз немесе оны ілмекке (В) іліп қойыңыз.



4. Отын құю тапаншасын отын бағының құю мойны ішіне барынша терең салыңыз.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Тапаншаны отын бағының құю мойнының саңылауы өсінен ауытқытпаңыз.
5. Отын құю тапаншасынан отын құю автоматты түрде тоқтаған кезде, отын құюды аяқтау керек.
 6. Отын бағының құю мойнының қақпағын жабу үшін, шертпек дауысы естілгенше, оны сағат тілімен ақырын бұраңыз, содан кейін отын бағының құю мойнының люгін ақырын жабыңыз.

Аксессуарлар мен қосымша жабдықты орнату

E00200302651

MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгінуді ұсынынамыз.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Сіздің автомобиліңіз электрондық басқару жүйесін тексеру және қызмет көрсету үшін диагностикалық ағытпамен жабдықталған. Жүйені тексеру және қызмет көрсету үшін, диагностикалық құрылғыдан басқа әлдебір құрылғыны осы ағытпаға қосуға тыйым салынады. Кері жағдайда, аккумуляторлық батарея заряды таусылуы мүмкін, автомобильдің электрондық компоненттері жұмыс істемеуі немесе басқа күтпеген ақаулар пайда болуы мүмкін. Сонымен қатар диагностикалық құрылғыдан басқа кез-келген құрылғының диагностикалық ағытпасына қосылу нәтижесінде туындаған ақаулар автомобиль өндірушісінің кепілдігімен жабылмайды.
- Аксессуарлар мен қосымша жабдықтарды орнату автомобиль пайдаланылатын елде қолданылатын нормативтік құжаттарға қатаң сәйкестікте, сондай-ақ нұсқаулықтарға сәйкес және аксессуарлар мен жабдықтарға арналған ілеспе құжаттамада қамтылған ескертулерді ескере отырып жүргізілуге тиіс.
- Электр жабдығының компоненттерін дұрыс орнатпау өрттің туындауына әкелуі мүмкін. Сондықтан міндетті түрде осы нұсқаулықтағы “Электр жүйесін немесе қорек жүйесін жаңарту/өзгерту” тарауын оқып шығыңыз.
- Негізгі автокөлік рациясын орнатқанда, қажетті ақпарат алу үшін, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз (жиілік, радио сигналдарының берілу қуаты, орнату процедурасы). Сәйкес келмейтін жиілік, шығыс қуаты және орнату тәртібі басқа электрондық

құрылғылардың жұмысына теріс әсер етуі мүмкін, сонымен қатар автомобильді пайдалану кезінде қауіпсіздік деңгейін төмендетуі мүмкін.

- Автомобиль ішінде ұялы телефон мен радио сыртқы антеннасыз жұмыс істегенде, электромагниттік кедергілер пайда болады, бұл автомобиль жұмысында қауіпті бұзылуларға әкелуі мүмкін.
- Автомобильдің техникалық сипаттамаларына сәйкес келмейтін шиналар мен дөңгелек дискілерін пайдалануға тыйым салынады. Дөңгелек дискілері мен шиналардың өлшемділігі “Техникалық сипаттамалар” тарауында көрсетілген.

Маңызды ақпарат!

Әр түрлі өндірушілердің қосымша жабдықтары (аксессуарлары) мен қосалқы бөлшектерінің кең ассортименті сатылымда қолжетімді, сондықтан MITSUBISHI MOTORS және оның ресми дилерлері үшін мұндай қосалқы бөлшектерді қосу немесе орнату автомобильдің қауіпсіздігіне қалай әсер ететінін тексеру мүмкін емес. Көптеген бөлшектерді пайдалануға ресми түрде рұқсат етіледі, мысалы, олар General operators permit (Бөлшекті пайдалануға ресми рұқсат) таңбасына ие немесе бөлшек конструкциясын немесе торапты қосу немесе орнату операциясын ресми мақұлдауына ие. Алайда, тіпті, бұл ресми рұқсаттардың өзі бөлшектерді орнату автомобильдің қауіпсіздігіне ешбір әсер етпейтіндігіне кепілдік бола алмайды. Сондай-ақ, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталықтарында сатылатын және орнатылатын түпнұсқа MITSUBISHI қосалқы бөлшектері мен керек-жарақтарын пайдалану кезінде ғана қауіпсіздіктің

барынша мүмкін болатын деңгейі қамтамасыз етілетінін ескеруді өтінеміз. Бұл сондай-ақ MITSUBISHI автомобильдерінің конструкциясына кез-келген өзгерістер енгізуге қатысты болып келеді. Қауіпсіздік мақсатында MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталықтары ұсынған өзгерістерден басқа, конструкцияға ешқандай өзгерістер енгізбеңіз.

Электр жүйесіндегі немесе қорек жүйесіндегі модернизация/өзгерістер

E00200401613

MITSUBISHI MOTORS CORPORATION пайдалануға қауіпсіз жоғары сапалы автомобильдер шығарады. Автокөліктің қауіпсіздігі мен жоғары сапасын сақтау үшін, MITSUBISHI MOTORS компаниясының ұсыныстарына сәйкес орнатылған қосымша жабдықтар мен электр жүйесі мен қорек жүйесіне әсер ететін конструкцияға енгізілген өзгерістер зор маңызға ие.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Автомобиль шанағымен жанасу немесе дұрыс емес орнату әдістерін пайдалану нәтижесінде сымдар зақымданған жағдайда (балқымалы сақтандырғыштар орнатылмайды және т.б.), электрондық тораптар бүлінуі мүмкін, бұл қауіпті салдарларға ие тұтануға немесе ақауға әкелуі мүмкін.

Түпнұсқа қосалқы бөлшектер

E00200502347

MITSUBISHI MOTORS өз автомобильдерінің жоғары сапасы мен сенімділігіне қол жеткізу үшін, қолдан келгеннің бәрін жасады. MITSUBISHI MOTORS-тың түпнұсқа қосалқы бөлшектерін ғана пайдаланыңыз, олардың конструкциясы мен сапасы MITSUBISHI автомобилін оңтайлы техникалық күйде сақтауға мүмкіндік береді. Түпнұсқа қосалқы бөлшектер GENUINE PARTS таңбасымен белгіленген және MITSUBISHI MOTORS барлық авторландырылған сервистік орталықтарында бар.

Пайдаланылған майлармен қауіпсіз жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулар және оларды кәдеге жарату туралы ақпарат

E00200601527

ЕСКЕРТУ

- Терінің пайдаланылған маймен ұзақ және бірнеше рет жанасуы терінің маңызды аурулары, оның ішінде дерматит пен қатерлі обыр ауруын тудыруы мүмкін.
- Мүмкіндігінше пайдаланылған майдың терімен жанасуына жол бермеңіз, май тиген жағдайда, теріні мұқият жуыңыз.
- Пайдаланылған майларды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Қоршаған ортаны қорғау

Көріз ағыстарын, суаттар мен топырақты ластауға Заңмен тыйым салынған. Пайдаланылған майды және пайдаланылған май сүзгілерін жоюға арналған жабдықтармен жаракталған пайдаланылған майды жинау бойынша ресми орталықтардың және автошеберлердің қызметтерін пайдаланыңыз. Күмән туындаған жағдайда, пайдаланылған майды кәдеге жарату бойынша ұсыныстар алу үшін, жергілікті билік органдарына хабарласыңыз.

Пайдаланылған аккумуляторлық батареяларды кәдеге жарату жөніндегі ақпарат

E00201300032



Сіздің автомобиліңізде аккумуляторлық батареялар бар. Оларды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайды. Пайдаланылған батареяларды дұрыс қуту, қалпына келтіру немесе қайта өңдеу үшін, оларды өз еліңіздегі қолданыстағы заңнама мен 2006/66/ЕС директиваларына сәйкес тиісті қабылдау пункттеріне тапсыру керек. Пайдаланылған қайта зарядталатын батареяларды дұрыс кәдеге жарату арқылы сіз айтарлықтай ресурстарды үнемдеуге ықпал етесіз және қалдықтарды дұрыс пайдалану нәтижесінде адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян келтірудің алдын аласыз.

Оқиғалар туралы деректерді тіркеу

E00205900153

Автомобиль оқиғалар туралы деректер тіркегішпен (EDR) жабдықталған. Оқиға туралы деректер тіркегіштің (EDR) негізгі мақсаты соқтығысулар мен оларға теңестірілген жағдайлардан, мысалы, қауіпсіздік жастықшасын іске қосудан немесе жолдағы кедергіге соққы

беруден, автомобиль жүйелерінің жұмысын түсінуге көмектесетін мәліметтерді тіркеуден тұрады. Оқиға туралы деректер тіркегіш (EDR) қысқа уақыт ішінде, әдетте, 30 секундтан аспайтын уақытта динамиканы басқару және қауіпсіздік жүйелерінің деректерін тіркеуге арналған.

Осы автомобильдің оқиға туралы деректер тіркегіші (EDR) келесі деректерді тіркейді:

- автомобильдің түрлі жүйелерінің жұмысын;
- жүргізушінің акселератор және/немесе тежегіш педалін басу дәрежесі;
- автомобиль қозғалысының жылдамдығы.

Бұл деректер соқтығысу мен жаракат алудың мән-жайларына жақсы түсінуге көмектеседі.



ЕСКЕРТПЕ

- Деректер белгілі бір жағдайлар басталғанда ғана тіркеледі. Деректер кәдімгі қозғалыс жағдайларында ғана тіркеледі. Сондай-ақ жеке деректер (мысалы, Т.А.Ә., жынысы, жасы және жол-көлік оқиғасының орны) тіркелмейді. Сонымен қатар басқа тараптар, мысалы, құқық қорғау органдары, оқиға туралы деректер тіркегіштің (EDR) деректерін жол-көлік оқиғасын тергеу барысында жиналған жеке деректермен біріктіре алады.

Оқиға деректерін тіркегіштен (EDR) деректерді оқу үшін арнайы жабдық және автомобильге немесе оқиға деректерін тіркегішке (EDR) кіру қажет. Автомобиль өндірушісінен басқа, оқиға туралы деректер тіркегіштен (EDR) басқа тараптар да оқуы мүмкін, мысалы, арнайы жабдықтары бар және автомобильге немесе оқиға туралы деректер тіркегішке (EDR) қол жеткізген құқық қорғау органдары оқуы мүмкін.

Есікті жабу мен ашу


Кілттер	3-2
Электрондық иммобилайзер (қозғалтқыштың іске қосылуын бұғаттайтын айдап кетуге қарсы жүйе)	3-3
Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі	3-4
Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі*	3-9
Есіктер	3-17
Есіктер	3-18
Орталық құлып	3-19
Dead Lock жүйесі*	3-20
Dead Lock жүйесі*	3-21
Салоннан артқы есік құлыптарын ашуды бұғаттау	3-22
Багаж бөлімінің есігі	3-22
Электрлік әйнек көтергіштер	3-24
Шатырдағы электржетекті панорамалық люк*	3-27

Кілттер


E00300104146

Олардың көмегімен барлық құлыптарды ашуға және жабуға болады.

Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобиль кілті



Электрондық кілт



АНЗ100577

- 1 — есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобиль кілті
 2 — электрондық кілт
 3 — қосымша кілт

⚠ ЕСКЕРТУ

- Ұшақта ұшу кезінде кілт түймесін басуға тыйым салынады. Түймені басқан кезде, кілт электромагниттік толқындар шығарады, бұл ұшақтың борттық жүйелерінің жұмысына теріс әсер етуі мүмкін. Кілтті сөмкеде тасымалдаған кезде, түймелердің кездейсоқ басылу мүмкіндігін болдырмау керек.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Кілт (қосымша кілттен басқа) кіріктірілген сигнал таратқышы бар электрондық құрылғы болып табылады. Оның зақымдауын болдырмау үшін, келесі талаптарды сақтау қажет:
 - Кілтті ұзақ уақыт тікелей күн сәулесінің әсеріне ұшырайтын жерлерде, мысалы, аспаптар панелінде қалдырмаңыз.
 - Кілтті бөлшектемеңіз және оның конструкциясына өзгерістер енгізбеңіз.
 - Кілтті майыстырмаңыз және оны қатты соққыға ұшыратпаңыз.
 - Кілтке су тиюіне жол бермеңіз.
 - Кілтті магниттік кілт ұстағыштар сияқты магниттік заттардан алыс ұстаңыз.
 - Кілтті дыбыс жүйелерінен, дербес компьютерлерден, теледидарлардан және магнит өрістерін тудыратын басқа электр құрылғыларынан алыс ұстаңыз.


📖 ЕСКЕРТПЕ

- Кілтті ұялы телефондар, сымсыз құрылғылар және жоғары жиілікті құрылғылар (медициналық жабдықты қоса алғанда) сияқты күшті электромагниттік сәулелену құрылғыларынан алыс ұстаңыз.
- Кілтті ультрадыбыс және т.б. көмегімен тазалауға тыйым салынады
- Кілтті жоғары температура немесе ылғалдылық әсер етуі мүмкін жерлерде қалдырмаңыз.
- Егер иммобилайзерде тіркелген сәйкестендіру коды кілт кодымен сәйкес келмесе, қозғалтқыш іске қосылмайды. Кілттерді пайдалану туралы толық мәліметтер “Электрондық иммобилайзер” тарауында келтірілген.

Кілт нөмірі бар затбелгі

E00314000063

Кілт нөмірі затбелгіге соғылған (суретті қараңыз). Кілт нөмірін жазып алыңыз, содан кейін затбелгіні кілттен ажыратыңыз, түпнұсқа кілт жоғалған жағдайда, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында телнұсқаға тапсырыс беру үшін, бөлек сақтап қойыңыз.



AFA113283

- 1 — есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобиль кілті
2 — қосымша кілт

Электрондық имобилайзер (қозғалтқыштың іске қосылуын бұғаттайтын айдап кетуге қарсы жүйе)

E00300203603

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Имобилайзер жүйесіне әлдебір өзгерістерді немесе жеілдірулерді енгізуге тыйым салынады. Осы әрекеттердің нәтижесінде имобилайзер істен шығуы мүмкін.


Электрондық имобилайзер автомобильді айдап кету ықтималдығын едәуір азайтады. Осы жүйенің қызметі — егер бөгде адамдар қозғалтқышты іске қосқысы келсе, іске қосуды бұғаттау. Қозғалтқышты табысты іске қосу (белгілі бір жағдайларда) имобилайзер жүйесінде “тіркелген” кілттің көмегімен ғана мүмкін болады.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Төменде аталған жағдайларда, жүйе тіркелген кілттен кодты оқи алмауы мүмкін (есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер).


📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер кілт сақинаға немесе басқа бір металл немесе магниттік затқа тисе.



AFZ102291


- Егер кілт басқа кілттің металл бөлігіне тисе.



AFZ102305

ЕСКЕРТПЕ

- Егер кілт иммобилайзердің басқа кілтіне тиіп кетсе немесе оған тікелей жақын тұрса, оның ішінде басқа автомобильдің кілтіне жақын тұрса.



AFZ102318

Бұл жағдайда кілттен бөгде затты немесе басқа кілтті алып тастаңыз. Содан кейін қозғалтқышты іске қосуға қайта тырысып көріңіз. Егер қозғалтқыш іске қосылмаса, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады.

- Егер қозғалтқыш іске қосылмаса, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады (автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер).

ЕСКЕРТПЕ

- Кілттердің бірі жоғалған жағдайда, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан мүмкіндігінше тезірек кілттің телнұсқасына тапсырыс беріңіз. Бұл үшін автомобиль мен барлық қалған кілттерді MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына ұсыныңыз. Барлық кілттерді иммобилайзердің электрондық блогында қайта тіркеу керек. Барлығы болып иммобилайзерде белгілі бір кілттер санын тіркеуге болады.
- Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесінің кілттері: сегіз кілтке дейін.
- Электрондық кілттер: төрт кілтке дейін.


Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі

E00300305321

Кілттегі түймені басу арқылы багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, балық есіктер жабылады және ашылады. Кілттегі пульт артқы көріністің сыртқы айналарын басқаруға мүмкіндік береді (артқы көріністің сыртқы айналарын жинайтын электржетекті автомобильдер).

Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобиль кілті

Электрондық кілт




АНА106795

- 1 — LOCK (жабу) түймесі
2 — UNLOCK (ашу) түймесі
3 — бақылау шамы

Жабу

LOCK (1) түймесін басыңыз. Содан кейін багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, барлық есіктер жабылады. Есіктерді жапқан кезде, багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды.

Ашу

LOCK (2) түймесін басыңыз. Содан кейін багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, барлық есіктер ашылады. Егер есіктерді ашқан кезде, салонды жарықтандырудың алдыңғы немесе артқы шамының ажыратқышы  немесе ● күйде болса, бұл шам шамамен 15 секундқа қосылады, ал бұрылыс көрсеткіштері 2 рет жыпылықтайды.

Сондай-ақ габариттік оттарды шамамен 30 с косуды бағдарламалауға болады (“Сыпайы жарықтандыру” тарауын қараңыз, бет 5-57).



ЕСКЕРТПЕ

- Барлық автомобильдерде, Dead Lock жүйесімен өзгертулерден басқа, есіктерді ашу функциясы UNLOCK (2) түймесін бір рет басқанда, тек жүргізушінің есігі ашылатындай етіп бағдарламалануы мүмкін. Егер есіктерді және багаж бөлімінің есіктерін ашу функциясы жоғарыда сипатталғандай бапталған болса, онда барлық есіктерді ашу үшін UNLOCK түймесін қатарынан екі рет басу керек.
“Багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, есіктерді бұғаттан шығару тәсілін баптау” тарауын қараңыз, бет 3-6.
- Артқы көріністің сыртқы айналарын жинау ажыратқышы бар автомобильдер үшін автомобильді жабу және ашу кезінде қашықтан басқару пультінің көмегімен артқы көрініс айналарын жинауға және жұмыс жағдайына қайтаруға болады. “Артқы көріністің сыртқы айналары” тарауын қараңыз, бет 6-12.
- Егер UNLOCK (2) түймесін басқан соң, багаж бөлігінің есігін қоса алғанда, шамамен 30 секунд ішінде ешбір есік ашылмаса, есіктер автоматты түрде қайта құлыпталады.
- Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің жұмысын келесідей өзгертуге болады:
 - Есіктер автоматты түрде қайта бекітілгенге дейін аралықты өзгерту.



ЕСКЕРТПЕ

- Растауды (бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтауы) тек бекіту сәтінде немесе жүк бөлімшесінің есіктері мен есіктерін ашу кезінде ғана орнату.
 - (Бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтауы арқылы есіктерді құлыптау және ашу туралы хабарлайтын) растау функциясын өшіру.
 - Есіктің ашылуын/жабылуын растау кезінде, бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтау санын өзгерту керек.
- Барынаша толық ақпаратты MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан алуға болады. Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесімен жабдықталған автомобильдерде баптауларды тікелей дисплейде өзгертуге болады. Барынаша толық ақпарат жеке нұсқаулықта берілген.
- Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі келесі жағдайларда жұмыс істемейді:
 - Егер кілт оталдыру құлпында тұрса (есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер үшін).
 - OFF режимінен өзгеше жұмыс режимі таңдалса (автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер үшін).
 - Багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, есік ашық кезде LOCK (1) түймесі басылады.
 - Кілттің қолданыс аймағы шамамен автомобильден 4 м құрайды. Алайда, телевизиялық мұнараның, электр станциясының немесе радиостанцияның жанында қашықтан басқару пультінің радиусы кемуі мүмкін.



ЕСКЕРТПЕ

- Төмендегі проблемалардың бірінің пайда болуы қашықтан басқару пультінің қорек элементінің разрядын көрсетуі мүмкін:
- Көрсетілген әрекет ету аймағында кілтті пайдалануға әрекет жасаған кезде, багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, есіктер жабылмайды немесе ашылмайды.
- Бақылау шамы (3) әлсіз жанады немесе мүлдем жанбайды.
Барынаша толық ақпаратты MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан алуға болады.
Егер сіз қорек элементін өз бетіңізше өзгертсеңіз, “Кілттегі қорек элементін ауыстыру рәсімі” тарауын қараңыз, бет 3-6.
- Кілт жоғалған немесе бүлінген жағдайда, телнұсқаға тапсырыс беру үшін MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.
- Қосымша кілтті алу үшін, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады.
Төменде санамаланған кілттер Сіздің автомобиліңіз үшін қолжетімді.
- Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесінің кілттері: сегіз кілтке дейін.
- Электрондық кілттер: төрт кілтке дейін.

Dead Lock жүйесін пайдалану*

Dead Lock жүйесімен жабдықталған автомобильдерде, оны қосу үшін LOCK (1) түймесін екі рет басуға болады. Барынша толық ақпарат алу үшін “Dead Lock жүйесі” тарауын қараңыз, бет 3-20.

Артқы көріністің сыртқы айналарын басқару (артқы көріністің сыртқы айналарын жинауға арналған электр жетекті автомобильдер)

E00310802142

3

Жинау

LOCK (1) түймесін басу арқылы есіктерді жапқан кезде, багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, артқы көріністің сыртқы айналары автоматты түрде жиналады.

Жұмыс жағдайына қайтару

Есіктерді UNLOCK (2) түймесін басу арқылы ашу кезінде, багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, артқы көріністің сыртқы айналары автоматты түрде жұмыс жағдайына қайтады.



ЕСКЕРТПЕ

- Осы функцияның баптауларын келесі түрде өзгертуге болады:
- Жүргізушінің есігі жабылып, оталдыру құлпындағы кілт ON күйінде болғанда немесе ON жұмыс режимі қосылғанда, автоматты түрде жұмыс жағдайына оралу. Оталдыру құлпындағы кілтті LOCK немесе ACC күйіне бұрған кезде немесе OFF немесе ACC жұмыс режимін қосқан кезде және соңынан жүргізуші есігін ашқан кезде, қосымша автоматты түрде жиналуы.
- Шамамен 30 км/сағ. жылдамдыққа жеткенде, айналарды автоматты түрде жұмыс жағдайына қайтару.
- Айналарды жұмыс жағдайына автоматты түрде қайтару функциясын өшіру.

Барынша толық ақпаратты MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан алуға болады. Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесімен жабдықталған автомобильдерде баптауларды тікелей дисплейде өзгертуге болады. Барынша толық ақпарат жеке нұсқаулықта берілген.

Багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, есіктерді бұғаттан шығару тәсілін баптау (Dead Lock жүйесімен жабдықталған автомобильдерден басқа)


E00310301788

Есікті ашудың екі нұсқасының бірін таңдауға болады.

Есіктерді ашу әдісін таңдаған сайын, ашудың бір немесе басқа әдісін көрсету үшін дыбыстық сигнал естіледі.

Сигнал	Параметрлері
Бір реттік	UNLOCK (ашу) (2) түймесін, жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есігінің тұтқасындағы жабу/ашу түймесін немесе багаж бөлімінің есігіндегі OPEN түймесін бір рет басқанда, багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, барлық есіктер ашылады (зауыттық баптау).
Екі реттік	UNLOCK (ашу) (2) түймесін немесе жабу/ашу түймесін бір рет басқанда, жүргізуші есігінің тұтқасында тек жүргізуші есігі ашылады. UNLOCK түймесін немесе жүргізушінің есігіндегі жабу/ашу түймесін екі рет басқанда, багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, барлық есіктер ашылады.

1. Оталдыру құлпындағы кілтті LOCK күйіне бұраңыз және оны суырып алыңыз (есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер) немесе OFF жұмыс режимін қосыңыз (автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер).
2. Жарық аспаптарын қосқыш AUTO күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз, жүргізушінің есігін ашық қалдырыңыз.
3. Келесі әрекеттерді орынданыз: II–IV қадамдар 8 секунд ішінде орындалуы тиіс.



ЕСКЕРТПЕ

- Дыбыстық сигналдар саны ағымдағы баптауды көрсетеді.
- Баптауды орындау кезінде, түймені дұрыс басуға тырысыңыз. Егер Сіз түймелерді басқа тәртіпте бассаңыз, онда баптау кездейсоқ түрде істен шығуы мүмкін.
- Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесімен жабдықталған автомобильдерде баптауларды тікелей дисплейде өзгертуге болады. Барынша толық ақпарат жеке нұсқаулықта берілген.

Кілттегі қорек элементін ауыстыру рәсімі

E00309502686

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қорек элементін жұтуға тыйым салынады.
- Осы құрылғы монета түріндегі қорек элементінен тұрады. Егер монета түріндегі қорек элементі жұтып қойылса, бұл ауыр ішкі күйікке әкелуі мүмкін, өлімге себеп болуы да мүмкін. Жұтылған элемент небары 2 сағатта ауыр ішкі күйікке әкелген жағдайлар белгілі.
- Жаңа және пайдаланылған қорек элементтерін балалардан алыста ұстаңыз.
- Егер кілттің корпусы сенімсіз болса, мұндай кілтті пайдаланбаңыз, оны балалардан алыста ұстаңыз.
- Егер қорек элементі жұтылған немесе адам денесінің кез-келген бөлігіне енген деген күдік пайда болса, тез арада медициналық көмекке жүгіну керек.
- Қорек элементі жарылуы немесе отқа қауіпті сұйықтық немесе газ ағуы мүмкін жағдайлардан аулақ болыңыз.
- Лайықты емес қорек элементін пайдалануға тыйым салынады. Қорек элементін дәл осындай немесе осыған ұқсасымен ауыстыру керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қорек элементін отқа немесе қоқыс жағатын пешке тастауға немесе қорек элементінің корпусын механикалық бұзуға немесе кесуге тыйым салынады.
- Қорек элементін өте жоғары температураға немесе өте төмен атмосфералық қысымға ұшырайтын жағдайда пайдалануға, сақтауға немесе орнатуға тыйым салынады.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ


- Егер корпустың кілті ашық болса, оған су, балшық және т.б. түспеуін қадағалаңыз. Сондай-ақ кілттің ішкі компоненттеріне қол тигізуге болмайды.
- Пайдаланылған қорек элементін кәдеге жарату қорек элементтерін кәдеге жарату қағидаларына сәйкес жүргізілуі тиіс.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Ауыстыру үшін қорек элементін электр тауарлары дүкенінен сатып алуға болады.
 - Қажет болған жағдайда, қорек элементін MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында ауыстыруға болады.
1. Қорек элементін ауыстырар алдында, жерге қосылған металл затқа қол тигізіп, денеден статикалық электр зарядын алып тастаңыз.

2. Кілтен (А) бұрандасын шығарыңыз (есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер ғана).


Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобиль кілті



АНА106809


3. Электрондық кілттен қосымша кілтті шығарыңыз (автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер ғана). “Қосымша кілт” тарауын қараңыз, бет 3-17.
4. Кілтті MITSUBISHI логотипімен жоғары қарата қойыңыз, шүберекпен оралған бұрауышты жалпақ пышақпен корпустың ағытпасына салып, қақпақты ашыңыз.

Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобиль кілті



АНА109044

Электрондық кілт




АНА109057


📖 ЕСКЕРТПЕ

- MITSUBISHI логотипінің жоғарыға қаратылғанына көз жеткізіңіз. Егер MITSUBISHI логотипі жоғары қаратылмаса, кілт қақпағын алып тастаған соң, түймелері түсіп қалуы мүмкін.
5. Пайдаланылған қорек элементін шығарып алыңыз.
 6. Жаңа қорек элементін + (В) жағын жоғары қарата қойыңыз.

Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобиль кілті



АНА106812



7. Кілтті мықтап жабыңыз.
8. 2 тармақта алынған (А) бұрандасын бұраның (есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер ғана).
9. 3 тармақта алынған қосымша кілтті шығарыңыз (автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер үшін ғана).
10. Кілттің жұмысқа жарамдылығына көз жеткізіңіз.

Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі*

E00305602836

Автомобильді қашықтан басқару жүйесі багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, есіктерді жабуға және ашуға, сондай-ақ электрондық кілт болған кезде, қозғалтқышты іске қосуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, электрондық кілтті есік құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі үшін қашықтықтан басқару құралы ретінде пайдалануға болады.


“Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату” тарауын қараңыз, бет 6-21.

“Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі” тарауын қараңыз, бет 3-4

Электрондық кілт әрқашан жүргізушіде болуы тиіс. Кілт багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, есіктерді ашу және жабу, қозғалтқышты іске қосу және басқа функцияларды орындау үшін қажет. Сондықтан автомобильден түсу және есікті жабу алдында, кілттің Өзіңізде екеніне көз жеткізіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Имплантталған жүрек стимуляторы немесе электр дефибрилляторы бар адамдар сыртқы (А) немесе ішкі (В) таратқыштардың жанында тұрмауы тиіс. Автомобильді қашықтан басқару жүйесінде қолданылатын радиотолқындар имплантталатын жүрек стимуляторының немесе электр дефибрилляторының жұмысына теріс әсер етуі мүмкін.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Басқа электрлік медициналық аспаптарды (имплантталмаған жүрек стимуляторларын немесе электрлік дефибриляторларды) пайдаланған жағдайда, осы құрылғыларды дайындаушылардан радиотолқындардың жұмысына олардың қалай әсер ететінін алдын ала анықтап алыңыз. Радиотолқындар электрлік медициналық құрылғылардың жұмысына теріс әсер етуі мүмкін.

Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесінің функцияларын келесідей өзгертуге болады (оны есік құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі ретінде пайдалануға болады):

- Багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, есіктерді ашуға/жабуға ғана болады.
- Қозғалтқышты іске қосуға ғана болады.
- Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесін өшіруге болады.

Барынша толық ақпаратты MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан алуға болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Автомобильді қашықтан басқару жүйесінде өте әлсіз электрмагниттік толқындар қолданылады. Автомобильді қашықтан басқару жүйесі келесі жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі немесе тұрақсыз жұмыс істеуі мүмкін:
 - Қуатты электрмагниттік сәулелену көздеріне, мысалы, электр станциялары, теледидар мұнарасы, радиостанциялар немесе әуежайға жақын тұрған кезде.
 - Егер электрондық кілт байланыс құрылғысының жанында, мысалы, ұялы телефон немесе радиотелефон немесе дербес компьютер сияқты электрондық құрылғының жанында тұрса.
 - Егер электрондық кілт металл затқа тисе немесе металл затпен жабылса.
 - Егер қсында есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің басқа пульті пайдаланылса.
 - Егер электрондық кілттің қорек элементі әлсіз зарядталса.


ЕСКЕРТПЕ

- Егер электрондық кілт күшті радиосәулелену немесе кедергілер аумағында тұрса. Бұл жағдайларда қосымша кілтті пайдаланыңыз. “Электрондық кілтті қолдана отырып, автомобильді пайдалану” тарауын қараңыз, бет 3-17.
- Электрондық кілт таратқыштан сигналдарды тұрақты қабылдайтындықтан, оның қорек элементі кілттің пайдаланылғанына немесе пайдаланылмағанына қарамай, үнемі зарядсызданады. Қуат элементінің қызмет мерзімі электрондық кілтті пайдалану қарқындылығына байланысты 1 жылдан 2 жылға дейін. Қорек элементін ауыстыру үшін, осы нұсқаулықтағы сипаттаманы пайдаланыңыз немесе MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз. “Кілттегі қорек элементін ауыстыру рәсімі” тарауын қараңыз, бет 3-7.
- Электрондық кілт сигналдарды тұрақты қабылдайтындықтан, күшті сыртқы радиотолқындар қорек элементінің разрядын жеделдетуі мүмкін. Электрондық кілтті теледидарлардың, компьютерлердің және басқа да электрондық құрылғылардың жанында қалдырмаңыз.

Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесінің әрекет ету аймағы

E00305702127

Егер электрондық кілт Сізде болса, онда есіктерді ашу үшін автомобильге жақындаңыз (жүйенің әрекет ету аймағына кіріңіз) және жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есігінің тұтқасындағы түймені, я болмаса багаж бөлімінің есігіндегі LOCK немесе OPEN түймесін басыңыз; бұл ретте Сіздің электрондық кілтіңіздің сәйкестендіру коды тексеріледі. Егер электрондық кілттің сәйкестендіру коды жүйенің жадындағы тіркелген кодпен сәйкес келсе, багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, есіктерді ашуға және жабуға, сондай-ақ қозғалтқышты іске қосуға және жұмыс режимін өзгертуге болады.




ЕСКЕРТПЕ

- Электрондық кілттің қорек элементі әлсіз зарядталған жағдайда, сондай-ақ бірқатар күшті электромагниттік сәулелену немесе кедергі болған кезде, жүйенің әрекет ету радиусы азайып, оның жұмысы тұрақсыз болуы мүмкін.


Есіктерді немесе багаж бөлімінің есіктерін ашу және жабу кезіндегі әрекет ету ұзақтығы

E00306201988

Жүйенің әсер ету ұзақтығы жүргізуші есігінің тұтқасындағы, алдыңғы жолаушы есігінің тұтқасындағы немесе багаж бөлімінің есік түймелеріндегі жабу/ашу түймелерінен шамамен 70 см құрайды.



AFA113300

- * — алға қозғалу
-  — әрекет ету аймағы


ЕСКЕРТПЕ

- Жүйе электрондық кілтті таныған жағдайда ғана, багаж бөлімінің есіктерін қоса алғанда, есіктерді ашуға немесе жабуға болады.
- Егер сіз алдыңғы есікке, есіктің әйнегіне немесе багаж бөлімінің есігіне тым жақын тұрсаңыз, есіктерді ашу немесе жабу мүмкін болмайды.
- Тіпті, егер электрондық кілт жүргізуші есігінің немесе алдыңғы жолаушы есігінің тұтқасындағы немесе багаж бөлімінің тұтқасындағы құлыптау/ашу түймесінен 70 см қашықтықта болса да, егер кілт тым жоғары немесе жерге тым жақын болса, жүйе жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер электрондық кілт жүйенің әрекет ету аймағы шегінде болса, онда багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, электрондық кілт жок кез келген адам есіктерді аша алады және жаба алады. Ол үшін тек жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есігін жабу/ашу батырмасын не багаж бөлімшесінің есігіндегі LOCK немесе OPEN түймесін басу ғана қажет етіледі.


Қозғалтқышты қосу кезіндегі әрекет ету аймағы

E00306301527

Жүйенің әрекет ету аймағы салонның ішкі кеңістігімен шектелген.



AFA113313


- * — алға қозғалу
-  — әрекет ету аймағы

ЕСКЕРТПЕ

- Тіпті, электрондық кілт жүйенің әрекет ету аймағында болса да, егер электрондық кілт ұсақ заттарға арналған бөлімде болса, мысалы, киім жәшігінде, аспаптар панелінің жоғарғы жағында, есік тақтасының қалтасында немесе багаж бөлімінде болса, қозғалтқыш іске қосылмауы мүмкін.
- Тіпті, егер электрондық кілт көліктің сыртында болса да, бірақ есікке немесе есіктің әйнегіне тым жақын тұрса, қозғалтқышты іске қосуға немесе жұмыс режимін өзгертуге болады.


Электронды кілтті қолдана отырып, автомобильді пайдалану

E00305803431



AFA113326

3 А — жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есіктеріндегі жабу/ашу түймелері



AFA132921

В — багаж бөлімінің есігіндегі LOCK түймесі

С — багаж бөлімінің есігіндегі OPEN түймесі

Есіктерді және багаж бөлімінің есігін жабу

Егер электрондық кілт сізде болса, онда жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есігіндегі құлыптау/ашу (А) түймесін немесе багаж бөлімінің есігіндегі LOCK (В) түймесін (кілт жүйенің әрекет ету аймағында болуы тиіс) басқанда, багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, барлық есіктер жабылады. Бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды. “Есіктер”, бет 3-17, “Орталық құлып”, бет 3-19, және “Багаж бөлімінің есігі”, бет 3-22, тарауларын қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Есіктерді жабу алдында, электрондық кілттің Өзіңізде екеніне көз жеткізіңіз. Егер электрондық кілт аспаптар панелінің заттар жәшігінде немесе заттарды сақтауға арналған басқа да шағын бөлікте, аспаптар панелінің жанында немесе багаж бөлімінде болса, автомобильдің есіктері радиотолқындарға және қоршаған кеңістіктің басқа да жағдайларына байланысты жабылуы мүмкін. Нәтижеде кілт автомобильдің ішінде жабулы қалып қояды.
- Артқы көріністің сыртқы айналарын жинау ажыратқышы бар автомобильдер үшін автомобильді құлыптау кезінде, қашықтан басқару жүйесінің көмегімен артқы көріністің сыртқы айналарын автоматты түрде жинауға болады. “Артқы көріністің сыртқы айналары” тарауын қараңыз, бет 6-12.

ЕСКЕРТПЕ


- Dead Lock жүйесі бар автомобильдерде жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есігін жабу/ашу түймесін (А) немесе багаж бөлімшесінің есігіндегі LOCK түймесін (В) қатарынан екі рет басу Dead Lock функциясын қосуды тудырады. “Жүйені қосу” тарауын қараңыз, бет 3-20.
- Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі келесі жағдайларда жұмыс істемейді:
 - Егер электрондық кілт салонда болса.
 - OFF (ӨШІРУ) режимінен өзгеше жұмыс режимі таңдалса.
 - Багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, әлдебір есік ашық немесе жабық.
- Автомобильдің жабылуын тексеру үшін, багаж бөлімінің есігіндегі OPEN (С) түймесін пайдалануға болады. Автомобильді жапқан соң 3 секунд бойы багаж бөлімінің есігіндегі OPEN түймесін басыңыз. Егер Сіз багаж бөлімінің есігіндегі OPEN түймесін 3 секундтан кешірек бассаңыз, багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, барлық есіктер қайта ашылады.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Есіктің жабылуын тексеруге бөлінген уақытты өзгертуге болады. Барынша толық ақпаратты MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан алуға болады.
Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесімен жабдықталған автомобильдерде баптауларды тікелей дисплейде өзгертуге болады. Барынша толық ақпарат жеке нұсқаулықта берілген.

Есіктерді және багаж бөлімінің есігін жабу

Егер электрондық кілт Сізде болса, онда жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есігіндегі жабу/ашу түймесін (А) немесе багаж бөлімінің есігіндегі OPEN) түймесін (С) (кілт жүйенің әрекет ету аймағында болуы тиіс) басқанда, багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, барлық есіктер жабылады.

Егер есіктерді ашқан кезде, салонды жарықтандырудың алдыңғы немесе артқы шамының ажыратқышы  немесе ● күйде болса, бұл шам шамамен 15 секундқа қосылады. Бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды.

Егер жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есігін жабу/ашу түймесін басқан соң, багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, шамамен 30 секунд ішінде есіктердің ешқайсысын ашпаса, есіктер автоматты түрде қайта жабылады. “Есіктер”, бет 3-17, “Орталық құлып”, бет 3-19 және “Багаж бөлімінің есігі”, бет 3-22 тарауларын қараңыз.


**ЕСКЕРТПЕ**

- Артқы көріністің сыртқы айналарын жинау ажыратқышы бар автомобильдер үшін автомобильді құлыптау кезінде, автомобильді қашықтан басқару жүйесінің көмегімен автомобильді ашу кезінде, артқы көріністің сыртқы айналарын жұмыс жағдайына автоматты түрде қайтаруға болады. “Артқы көріністің сыртқы айналары” тарауын қараңыз, бет 6-12.
- Dead Lock жүйесі бар автомобильдерде автомобильді қашықтан басқару жүйесін бағдарламалауға болады, сөйтіп, жабу/ашу түймесін басқанда, жүргізуші есігінің тұтқасында тек жүргізушінің есігі ашылады. Бұл жағдайда барлық есіктерді ашу үшін жүргізуші есігінің тұтқасындағы жабу/ашу түймесін қатарынан екі рет басу керек. “Багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, есіктерді бұғаттан шығару тәсілін баптау” тарауын қараңыз, бет 3-6.
- Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару және қозғалтқышты іске қосу жүйесі OFF-тан өзгеше жұмыс режимінде жұмыс істемейді.
- Сізге барлық есіктердің құлыпталғанын тексеру мүмкіндігі болуы үшін, жапқаннан кейін 3 секунд ішінде багаж бөлімшесінің есігіндегі OPEN түймесінің көмегімен есіктерді ашуға болмайды.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Есіктің жабылуын тексеруге бөлінген уақытты өзгертуге болады. Барынша толық ақпаратты MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан алуға болады.
Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесімен жабдықталған автомобильдерде баптауларды тікелей дисплейде өзгертуге болады. Барынша толық ақпарат жеке нұсқаулықта берілген.
- Ашу мен автоматты түрде жабу арасындағы уақыт аралығын өзгертуге болады. Барынша толық ақпаратты MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан алуға болады.
Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесімен жабдықталған автомобильдерде баптауларды тікелей дисплейде өзгертуге болады. Барынша толық ақпарат жеке нұсқаулықта берілген.

Есіктердің жабылуын және ашылуын растау

Растау төменде көрсетілгендей етіп жүзеге асырылады (дегенмен, салонды жарықтандыру шамы тек салонды жарықтандырудың алдыңғы немесе артқы шамының ажыратқышы  немесе ●) орналасымда болғанда ғана қосылатындығын ескеру қажет):
Жапқан кезде: бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды.

Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі*

Ашқанда: салонды жарықтандыру шамы шамамен 15 с қосылады, бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Осы функцияның баптауларын келесі түрде өзгертуге болады:
 - Тек есіктерді жабу кезінде немесе ашу кезінде, растауды орнату (бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтауы).
 - Растау функциясын ажырату (бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтауы).
 - Есіктің ашылуын/жабылуын растау кезінде, бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтау санын өзгерту керек.

ЕСКЕРТПЕ

Барынша толық ақпаратты MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан алуға болады. Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесімен жабдықталған автомобильдерде баптауларды тікелей дисплейде өзгертуге болады. Барынша толық ақпарат жеке нұсқаулықта берілген.

Dead Lock жүйесін пайдалану*

Dead Lock жүйесі бар автомобильдерде жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есігін жабу/ашу түймесі немесе багаж бөлімінің есігіндегі LOCK түймесі арқылы осы жүйені қосуды баптауға болады. “Dead Lock жүйесі” тарауын қараңыз, бет 3-20.



3




Ескертуді қосу




E00305902187

Автомобильдің айдап әкетілуіне немесе автомобильді қашықтан басқару жүйесінің кездейсоқ іске қосылуына жол бермеу үшін, дыбыстық сигнал іске қосылады және жүргізушіге ескерту беретін ақпараттық терезе көп функциялық дисплейге шығарылады.

Ескертуді қосқан кезде, автомобильді және электрондық кілттің жұмысын міндетті түрде тексеріңіз. Сондай-ақ автомобиль қашықтан басқару жүйесінде ақаулық туындаған кезде, ескерту дисплейге шығарылады.

Сипаты	Дисплей	Зуммер	Ескертпе (шешім)
Ақауды анықтау		Ішкі зуммер бір сигнал береді.	Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесінің ақаулығы анықталды.
Аккумуляторлық батареяның төмен кернеуі		Ішкі зуммер бір сигнал береді.	Аккумуляторлық батарея заряды азая бастайды, ескерту беріледі (егер батарея заряды толық таусылса, ескерту берілмейді).

Сипаты	Дисплей	Зуммер	Ескертпе (шешім)
<p>Электрондық кілт табылған жоқ</p>	<p>Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесі бір рет басылады</p>  <p>Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесі кемінде екі рет басылады</p> 	<p>Ішкі зуммер бір сигнал береді.</p>	<p>Егер қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесі OFF режимін басқа режимге ауыстыру үшін басылса немесе қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде, келесі жағдайлардың кез келгені туындаған кезде, ескерту беріледі.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мүмкін сізде басқа коды бар басқа автомобильдің электрондық кілті болуы немесе электрондық кілт жүйенің шеңберінен тыс болуы мүмкін. • Электрондық кілттегі қорек элементі толық зарядсызданды. • Қабылдау әрекеті аймағындағы байланыс электрмагниттік сәулеленумен бұзылған. <p>Бұл жағдайда жұмыс режимін өзгерту немесе қозғалтқышты іске қосу үшін, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесіне электрондық кілтті қойыңыз. “Егер электрондық кілт ақаулы болса” тарауын қараңыз, бет 6-25.</p>
<p>Электрондық кілттің болуын бақылау жүйесі</p>		<p>Ішкі зуммер бір сигнал береді. Сыртқы зуммер үзілмелі дыбысталады.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Егер автомобильдің есігін ашса, электрондық кілтті салоннан шығарса және есікті жапса, автомобиль орнында тұрған кезде OFF режимінен өзгеше жұмыс режимі қосылу болса, онда электрондық кілт автомобильде қайта анықталғанға дейін, дисплейге ескерту шығарылады. • Есікті ашпай, ашық терезе арқылы электрондық кілтті сыртқа шығарған кезде, электрондық кілттің болуын бақылау жүйесі жұмыс істемейді. • Электрондық кілттің болуын бақылау жүйесінің баптауларын электрондық кілт есікті ашпай ашық терезе арқылы шығарылған жағдайда да жұмыс істейтін етіп өзгерту мүмкіндігі бар. Барынша толық ақпаратты MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан алуға болады. • Тіпті, егер электрондық кілт қозғалтқышты іске қосу үшін жүйенің әрекет ету аймағында болса да, егер жүйе электрондық кілттің сәйкестендіру кодын жүйеде тіркелген кодпен салыстыра алмаса (мысалы, электрмагниттік немесе басқа кедергілерге байланысты), ескерту сигналы қосылуы мүмкін.

Сипаты	Дисплей	Зуммер	Ескертпе (шешім)
Салондағы электрондық кілттің құлыпталуын болдырмау жүйесі		Ішкі зуммер бір сигнал береді. Сыртқы зуммер шамамен 3 секунд үзілмелі дыбыстайды.	<ul style="list-style-type: none"> Егер OFF жұмыс режимі қосылғанда, салонда электрондық кілтті қалдырып, багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, барлық есіктерді жапса, онда багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, есіктерді жабуға тырысқанда, жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есігінің тұтқасындағы жабу/ашу түймесін немесе багаж бөлімінің есігіндегі LOCK түймесін басу арқылы ескерту беріледі, ал есіктер жабылмайды. Есіктерді жабу алдында, электрондық кілттің Өзіңізде екеніне көз жеткізіңіз. Тіпті, егер Сіз электрондық кілтті автомобиль салонында қалдырсаңыз, есіктерді қашықтықтан жабудың радиосигналы мен айналадағы электрмагниттік өрістердің белгілі бір жағдайында, есіктер жабылуы мүмкін.
Жабылмаған есіктерді бақылау жүйесі		Ішкі зуммер бір сигнал береді. Сыртқы зуммер шамамен 3 секунд үзілмелі дыбыстайды.	Егер OFF жұмыс режимі қосылғанда, жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы есігінің тұтқасындағы жабу/ашу түймесін немесе багаж бөлімінің есігіндегі LOCK түймесін басып, багаж бөлімінің есігін, оның ішінде есіктерді жабуға тырысса, ал бұл ретте есіктердің бірі немесе багаж бөлімінің есігі жақсы жабылмаса, ескерту беріледі, ал есіктер жабылмайды.
OFF жұмыс режимін қосу қажеттілігі туралы ескерту жүйесі		Ішкі зуммер бір сигнал береді. Сыртқы зуммер шамамен 3 секунд үзілмелі дыбыстайды.	Егер OFF жұмыс режимі қосылғанда, жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы есігінің тұтқасындағы жабу/ашу түймесін немесе багаж бөлімінің есігіндегі LOCK түймесін басып, багаж бөлімінің есігін, оның ішінде есіктерді жабуға тырысса, ал бұл ретте багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, есіктер жабылмайды.


Электрондық кілтті қолдана отырып, автомобильді пайдалану

E00306001175

Қосымша кілт

E00307201682

Қосымша кілт электрондық кілтте орналасқан. Егер әлдебір себептермен (мысалы, қорек элементі қуатының тауысұлуына байланысты) электрондық кілтті пайдалану мүмкін болмаса, драйвердің есігін қосымша кілтпен ашып-жабуға болады. Көмекші кілтті (А) пайдалану үшін, бекіткіш түймесін (В) көрсеткі бағытында сырғытыңыз және электрондық кілттен (С) қосымша кілтті алыңыз. “Есіктер” тарауын қараңыз, бет 3-17.



ЕСКЕРТПЕ

- Қосымша кілтті тек қана төтенше жағдайларда пайдаланыңыз. Электрондық кілттің қорек элементі таусылған жағдайда, электрондық кілтті пайдалану үшін, оны мүмкіндігінше тезірек ауыстырыңыз.
- Қосымша кілтті пайдаланған соң, міндетті түрде оны электрондық кілтке қайта салыңыз.

Есіктер

E00300403777

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ


- Қозғалысты бастар алдында, барлық есіктердің жабылғанына көз жеткізіңіз: есіктер жақсы жабылмаған кезде қозғалу қауіпті.
- Автомобильде балалады қараусыз қарауға тыйым салынады.
- Егер кілт салонда болса, есікті сыртынан жабуға болмайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Автомобиль салонындағы кілттің құлыпталуын болдырмау үшін, жүргізушінің есігін ашқан кезде, жүргізуші есігіндегі құлыпты түймемен де, кілтпен де бұғаттау мүмкін болмайды.

Есікті кілтпен жабу мен ашу

Жүргізушінің есігі



- 1 — жабу
2 — ашу


3

Есікті жабу үшін, қосымша кілтті автомобильдің алдыңғы бөлігіндегі бағытта бұраңыз, ашу үшін атқы бөлік бағытында бұраңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Кілттің көмегімен жүргізушінің есігін ғана жабуға және ашуға болады. Багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, барлық есіктерді жабу және ашу үшін, орталық құлып қосқышын, есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесін немесе автомобильді қашықтан басқару жүйесін пайдаланыңыз. “Орталық құлып”, бет 3-19, “Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі”, бет 3-4, сондай-ақ “Электрондық кілтті қолдана отырып, автомобильді пайдалану”, бет 3-12, тарауларын қараңыз.
- Егер автомобиль қашықтан басқару жүйесімен жабдықталған болса, жүргізушінің есігін қосымша кілтпен жабуға немесе ашуға болады. “Қосымша кілт” тарауын қараңыз, бет 3-17.

Автомобильдің ішінде есікті кілтпен жабу мен ашу



- 1 — жабу
2 — ашу


Есікті ашу үшін, есіктің ішкі жағында орналасқан тұтқаны өзіңізге тартыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Жүргізушінің есігін есіктің ішкі тұтқасын тартып, есіктің құлпын бұғаттаудың ішкі түймесін пайдаланбай-ақ ашуға болады.
- Егер автомобиль Dead Lock жүйесімен жабдықталған болса және жүйе белсендірілсе, жабу түймесін “ашу” күйіне ауыстыру есіктің ашылуына әкелмейді. “Dead Lock жүйесі” тарауын қараңыз, бет 3-20.

Есіктерді кілтсіз жабу

Жолаушының алдыңғы есігі, артқы есік



Есіктің ішкі жабу түймесін (1) “жабу” күйіне орнатыңыз және есікті жабыңыз (2).

ЕСКЕРТПЕ

- Егер жүргізушінің есігі ашық болса, оның құлпын осы түймемен жабуға болмайды.

Орталық құлып

E00300803423




ЕСКЕРТПЕ

- Егер есіктерді қатарынан бірнеше рет ашып-жапсаңыз, жүйені өшіретін орталық құлыптың қорғаныс тізбегі жұмыс істей алады. Бұл жағдайда орталық құлыпты қайта пайдаланар алдында, шамамен бір минуттай күте тұрыңыз.
- Егер жүргізушінің есігі ашық болса, оны орталық құлып ажыратқышымен жабу мүмкін емес.

Багаж бөлімінің есіктерін қоса алғанда, есіктерді жабу мен ашу

Орталық құлып ажыратқышының көмегімен

Жүргізуші есігіндегі орталық құлып ажыратқышының көмегімен барлық есіктерді, оның ішінде багаж бөлімінің есігін жабуға және ашуға болады.



AFA113384

- 1 — жабу
2 — ашу

Есіктерді және багаж бөлімінің есігін жабу

E00311301583


Сіз есіктерді, оның ішінде жүк бөлімсінің есігін оталдыру құлпы немесе оталдыру ажыратқышы немесе селектор иінтірегі арқылы ашуға болады. Осы функциялар зауыттан автомобильді жеткізген кезде ажыратулы болады. Осы функцияларды қосу немесе өшіру үшін MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.

Оталдыру құлпының көмегімен қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесімен есіктерді ашу

Оталдыру құлпы LOCK күйіне бұрылғанда немесе OFF жұмыс режимі қосылғанда, барлық есіктер мен багаж бөлімінің есігі ашылады.

Селектор иінтірегінің көмегімен

Егер оталдыру құлпы ON қалпында болса немесе ON жұмыс режимі қосулы болса, багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, барлық есіктер селектор иінтірегін P (тұрақ) күйіне ауыстыру кезінде ашылады.



AFA113397

3



ЕСКЕРТПЕ


- Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесімен жабдықталған автомобильдерде баптауларды тікелей дисплейде өзгертуге болады. Барынша толық ақпарат жеке нұсқаулықта берілген.

Dead Lock жүйесі*

E00305101254


Dead Lock жүйесі ұрлықты болдырмауға көмектеседі. Егер барлық есіктер және багаж бөлімінің есігі есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесімен немесе автомобильді қашықтан басқару функциясымен жабылса, Dead Lock жүйесі бұғаттау түймелерін пайдаланып, есіктерді ішінен ашуға мүмкіндік бермейді.

Есіктердің құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автомобильдер




1 — LOCK (жабу) түймесі
2 — UNLOCK (ашу) түймесі

Автомобильді қашықтан басқару жүйесі бар автомобильдер




AJA115380



AFA113401

C — жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есіктерінің тұтқасындағы жабу/ашу түймелері*



AFA132934

D — багаж бөлімінің есігіндегі LOCK түймесі*
E — багаж бөлімінің есігіндегі OPEN түймесі

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Автомобильде әлдекім болған кезде, Dead Lock жүйесін іске қосуға тыйым салынады. Dead Lock жүйесі іске қосылған кезде, есіктерді ішкі түймелермен ашу мүмкін емес. Егер Dead Lock жүйесі қате іске қосылған болса, есіктерді кілттегі UNLOCK түймесін басып немесе автомобильді қашықтан басқару функциясының көмегімен ашыңыз.

Жүйені қосу

E00305201343

1. Оталдыру құлпындағы кілтті LOCK күйіне бұраңыз және оны суырып алыңыз (есіктердің құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автомобильдер) немесе OFF жұмыс режимін қосыңыз (автомобильді қашықтан басқару жүйесі бар автомобильдер).
2. Автомобильден шығыңыз. Багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, барлық есіктерді жабыңыз.
3. Электрондық кілттегі LOCK (A) түймесін, жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есігінің тұтқасындағы жабу/ашу (C) түймесін немесе багаж бөлімінің есігіндегі LOCK (D) түймесін басып, барлық есіктерді жабыңыз. Бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды.
4. LOCK түймесін қайта басып, оны 2 секунд басулы күйінде ұстап тұрыңыз. Бұрылыс көрсеткіштер үш рет жыпылықтайды, бұл Dead Lock жүйесінің іске қосылғанын көрсетеді.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Dead Lock жүйесі іске қосылған кезде, кілттегі LOCK (A) түймесін бір рет басу бұрылыс көрсеткіштерінің үш рет жыпылықтауын тудырады. Сөйтіп, Dead Lock жүйесінің қосылғанына көз жеткізіңіз.

Жүйені өшіру

E00305301559

Есіктер (багаж бөлімінің есігін қоса алғанда) ашылады, Dead Lock жүйесі келесі әрекеттерді орындау кезінде өшіріледі:

- Кілттегі UNLOCK (B) түймесін басыңыз.
- Өзінде электрондық кілтті ала жүріп, жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы есігінің тұтқасындағы жабу/ашу түймесін (C) немесе багаж бөлімшесінің есігіндегі OPEN түймесін (E) басу.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Егер багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, ашылғаннан кейін 30 секунд ішінде есіктердің ешбірі ашылмаса (ашу үшін багаж бөлімінің есігінде OPEN түймесі пайдаланылған жағдайларды қоспағанда), багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, барлық есіктер автоматты түрде қайта жабылады және бір мезгілде Dead Lock жүйесі қайта іске қосылады.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Кілттегі UNLOCK (B) түймесін немесе жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есігінің тұтқасындағы жабу/ашу (C) түймесін басу және есіктерді автоматты түрде жабу арасындағы уақыт аралығын өзгертуге болады. Барынша толық ақпаратты MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан алуға болады. Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесімен жабдықталған автомобильдерде баптауларды тікелей дисплейде өзгертуге болады. Барынша толық ақпарат жеке нұсқаулықта берілген.
- Тіпті, есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесін немесе автомобильді қашықтан басқару жүйесін пайдалану мүмкін болмаса да, жүргізуші есігін кілтпен ашуға болады. Егер жүргізушінің есігін ашу үшін кілт пайдаланылса, Dead Lock жүйесі тек осы есік үшін өшеді. Егер барлық есіктерді ашу қажет болса, оталдыру құлпын ON немесе ACC күйіне бұраңыз немесе ON немесе ACC жұмыс режимін қосыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Барлық есіктерді, багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, Dead Lock жүйесін бір мезгілде қосу арқылы кілттегі LOCK (A) түймесін, жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есігінің тұтқасындағы құлыптау/ашу (C) түймесін немесе багаж бөлімінің есігіндегі LOCK (D) түймесін басу арқылы жабу мүмкіндігі бар. Барынша толық ақпаратты MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан алуға болады.

Жүйені тексеру


E00305401169

Барлық есіктердің әйнектерін түсіріп, содан кейін Dead Lock жүйесін белсендіріңіз. “Жүйені қосу” тарауын қараңыз, бет 3-20. Dead Lock жүйесі іске қосылған соң, қолыңызды ашық терезелерге созыңыз және есіктерді ішінен құлыптау түймелерімен ашу мүмкін емес екеніне көз жеткізіңіз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Dead Lock жүйесін қосу бойынша ұсыныстарды MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан алуға болады.

Салоннан артқы есік құлыптарын ашуды бұғаттау



- 3
- 1 — жабу
2 — ашу

Бұл жүйе қозғалыс кезінде артқы есіктердің ішінен кездейсоқ ашылуына жол бермейді. Егер иінтірек “бұғатталған” күйде орнатылса, артқы есіктерді есіктің ішкі жағындағы тұтқаның көмегімен ашуға болмайды. Оларды тек сыртынан ашуға болады. Егер иінтірек “бұғаттан шығарылды” (2) күйіне келтірілсе, қорғаныс механизмі жұмыс істемейді.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Балаларды артқы орындыққа тасымалдау кезінде, артқы есіктерді ішінен ашудан бұғаттау ұсынылады, өйткені есіктің кездейсоқ ашылуы жазатайым оқиғаға себеп болуы мүмкін.

Багаж бөлімінің есігі

E00301403208

⚠️ ЕСКЕРТУ

- Қозғалысты бастар алдында, багаж бөлімі есігінің толық жабылғанына көз жеткізіңіз. Багаж бөлімшесінің есігі ашық кезде қозғалыс қауіпті, себебі салонға СО көміртегі тотығы (улы газ) түсуі мүмкін. Улы газдың түсі мен иісі жоқ. Оны деммен тарту есін жоғалтуға тіпті, өлімге әкелуі мүмкін Сондай-ақ, егер сіз қозғалыс кезінде багаж бөлімінің есігін ашсаңыз, багаж жолда түсіп қалуы мүмкін. Бұл маңызды аварияға әкелуі мүмкін.
- Багаж бөлімі адам тасуға арналмаған. Қозғалыс кезінде багаж бөлімінде адамдардың болуына немесе балалардың ойнауына жол бермеу керек. Бұл маңызды аварияға әкелуі мүмкін.
- Жүк бөлмесінің есігін ашып-жауып, жақын жерде адамдар жоқ екеніне көз жеткізіңіз және басыңызды соғып алмау және қолыңызды, мойныңызды және т. б. қысып алмау үшін, сақ болыңыз.

⚠️ ЕСКЕРТУ


- Егер автомобильде қар немесе мұз жиналса, оларды багаж бөлімшесінің есігін ашар алдында алып тастау керек. Егер сіз қар мен мұзды алып тастамай, багаж бөлімінің есігін ашсаңыз, оның үстіне жиналған қардың немесе мұздың салмағынан есік сарт етіп жабылуы кетуі мүмкін.
- Багаж бөлімінің есігін ашқанда, есіктің соңына дейін ашық екеніне және осы күйде сенімді тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер багаж бөлімінің есігін соңына дейін ашпаса, онда ол ашылу бағытына қарама-қарсы бағытта қозғала бастайды және күшпен сарт етіп жабылады. Егер сіз жүк бөлмесінің есігін тегіс бетке қарағанда жасау қиынға түсетін еңіс жерден аша бастасаңыз, есік кенеттен ашыла бастайды немесе жабыла бастайды және күшпен сарт етіп жабылуы мүмкін.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Багажды тиеу және түсіру кезінде, шығарағын құбырдың жанында тұруға болмайды. Ыстық пайдаланылған газдар күйікке себеп болуы мүмкін.
- Жүк тиеу және түсіру алдында жүк бөлімінің есігіне зақым келтірмеу үшін, оның ашылуына ешнәрсе кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз.

Жабу/ашу

Багаж бөлімінің есігін жүргізушінің есігіндегі орталық құлып ажыратқышының көмегімен ашуға және жабуға болады.




- 1 — жабу
2 — ашу

ЕСКЕРТПЕ

- Егер есіктерді қатарынан бірнеше рет ашып-жапсаңыз, жүйені өшіретін орталық құлыптың қорғаныс тізбегі жұмыс істей алады. Бұл жағдайда орталық құлыпты қайта пайдаланар алдында, шамамен бір минуттай күте тұрыңыз.

Автомобильді сыртынан ашу

Багаж бөлімінің есігін ашқан соң, ашу (A) түймесін басып, есікті жоғары көтеріңіз.




ЕСКЕРТПЕ

- Багаж бөлімінің есігі түймесін баспайынша, оны жоғары қарай тартып ашу мүмкін болмайды. Бұл жағдайда ашу түймесін қайта басып, багаж бөлімінің есігін жоғары қарай тартыңыз.
- Егер аккумуляторлық батарея заряды таусылған немесе ажыратылған болса, багаж бөлімінің есігін ашу мүмкін емес.


Салоннан багаж бөлімінің есігін ашу

Салоннан багаж бөлімінің есігін ашуға болады. Аккумуляторлық батарея заряды таусылған жағдайда, ашу механизмі қарастырылған.

1. Багаж бөлімі есігінің ішкі жағынан қақпақты (A) ашыңыз.



2. Багаж бөлімі есігін ашу үшін, интiрeктi (B) жылжытыңыз.



3


3. Багаж бөлімінің есігін ашу үшін, оны итеріңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Багаж бөлігінің есігін ашу механизмінің қақпағы әрқашан жабық болуы тиіс, өйткені қозғалыс кезінде қозғалатын заттар механизмінің иінтірегін кездейсоқ жылжытып, құлыпты ашуы мүмкін, бұл багаж бөлімі есігінің ашылуына әкелуі мүмкін.

Багаж бөлімінің есігін жабу

Жүк бөлігінің есігін жабу үшін, иінтіректі (A) төмен қарай тартыңыз және есік толық жабылмас бұрын иінтіректі босатыңыз, содан кейін жүк бөлігінің есігін мықтап жабу үшін, сыртынан аздап итеріңіз.




⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Жүксалғыш есігінің толық жабылуын күтуге және бұл ретте тұтқадан ұстап тұруға болмайды. Егер осы кезде қол немесе білек әйнек астында қалып қойса, маңызды жарақат алуы мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Багаж бөлімінің есігі газ тіреулермен (B) ұстап тұрылады.



Олардың бүлінуіне немесе дұрыс жұмыс істемеуіне жол бермеу үшін, келесі талаптарды сақтаңыз:

- Жүк бөлімінің есігін жапқанда, газ тіреулерінен ұстамаңыз.
- Газ тіреулерінен ұстап, есікті тартпаныз және итермеңіз.
- Тіреулерге пластмассаны, оқшаулау таспасын және т.б. жапсырмаңыз.
- Оның айналасына арқан және т.б. орамаңыз.
- Газ тіреулерге әлдебір заттарды ілмеңіз.

Электрлік әйнек көтергіштер

E00302201775


Әйнек көтергіштердің электрлік жетегі оталдыру қосылғанда немесе ON жұмыс режимі қосылғанда ғана әрекет етіледі.

Электрлік әйнек көтергіштер жетегін қосқыштар

E003203767

Әр есіктің электрлік әйнек көтергіші тиісті қосқышты басқанда қосылады.

Жүргізуші жағындағы қосқыштар




AFA113586

- 1 — жүргізуші есігінің әйнек көтергіштері
- 2 — алдыңғы жолаушы есігінің әйнек көтергіші
- 3 — сол жақ артқы есіктің әйнек көтергіші
- 4 — оң жақ артқы есіктің әйнек көтергіші
- 5 — әйнек көтергіштерді бұғаттауды қосқыш


⚠ ЕСКЕРТУ

- Әйнек көтергішті қосудан бұрын, қозғалушы әйнектің бас, қол, саусақ және дененің басқа мүшелерін қысып қалмауына көз жеткізіңіз.
- Автомобильден шыққанда, кілтті оталдыру құлпында қалдырмаңыз.
- Автомобильде балаларды немесе электрлік әйнек көтергіштерді қауіпсіз пайдалануға қабілетсіз адамдарды қараусыз қалдыруға тыйым салынады.

Жүргізуші жағындағы қосқыштар**■ 1 тип**

Жүргізушінің есігіндегі қосқыштардың көмегімен барлық есіктердің әйнек көтергіштерін басқаруға болады. Тиісті қосқышты басып, әйнекті көтеруге немесе түсіруге болады. Әйнекті түсіру үшін, қосқышты басыңыз, көтеру үшін оны жоғары тартыңыз.

Қосқышты соңына дейін басқанда (немесе тартқанда), әйнек автоматты түрде толық түсіріледі (көтеріледі). Егер әйнекті аралық қалыпта тоқтату қажет болса, қосқышты аздап басыңыз (тартыңыз).

■ 2 тип


Жүргізушінің есігіндегі қосқыштардың көмегімен барлық есіктердің әйнек көтергіштерін басқаруға болады. Тиісті қосқышты басып, әйнекті көтеруге немесе түсіруге болады. Әйнекті түсіру үшін, қосқышты басыңыз, көтеру үшін оны жоғары тартыңыз. Ажыратқышты соңына дейін басқанда (немесе тартқанда), әйнек автоматты түрде толық түсіріледі (көтеріледі). Егер әйнекті аралық қалыпта тоқтату қажет болса, қосқышты аздап басыңыз (тартыңыз).

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер түсірілген әйнек жағдайында әйнек көтергіштің пернесіне қысқа, үзік-үзік қимылмен бірнеше рет әсер ететін болса, жарақат қауіпсіздігі тетігінің жұмысында іркілістер болуы мүмкін, бұл бір сәтке есік әйнегі автоматты түрде ашуға немесе жабуға мүмкіндік бермейді. Бұл жағдайда кілтті тоқтағанға дейін жоғарыға тартып, оны әйнек толық көтерілгенше ұстап тұру керек, содан кейін есіктің әйнегі автоматты режимде қайта көтеріліп, түсе алады.

Жолаушылар орнындағы қосқыштар

Жолаушылар орнындағы қосқыштардың көмегімен жолаушылардың тиісті есіктерінің әйнек көтергіштерін басқаруға болады. Әйнекті түсіру үшін, қосқышты басыңыз, көтеру үшін, оны жоғары тартыңыз.



ЕСКЕРТПЕ


- Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде, әйнек көтергіштердің жиі қосылуы аккумулятор батареясының зарядсыздануына әкеледі. Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде ғана, электрлік әйнек көтергіштерді пайдаланыңыз.
- Артқы есіктердің әйнектері терезе биіктігінің жартысына дейін ғана түсіріледі.

Әйнек көтергіштерді бұғаттауды қосқыш

E00303102576

Осы қосқышты пайдаланған кезде, жолаушылар өз ажыратқыштарының көмегімен әйнектерді көтере алмайды немесе түсіре алмайды, ал жүргізуші жағындағы қосқыштармен жүргізуші есігінің әйнегін ғана көтеруге және түсіруге болады.

Пернелерді бұғаттан шығару үшін, бұғаттау қосқышын қайта басыңыз.



- 1 — жабу
2 — ашу

ЕСКЕРТУ

- Бала әйнек көтергішті кездейсоқ қосып алуы мүмкін, ал оның қолын немесе басын әйнек қысып қалуы мүмкін. Егер автомобильде бала отырған болса, бұғаттау қосқышымен әйнек көтергіштерді бұғаттау ұсынылады.

Таймер

E00302402253

Есік әйнектерін қозғалтқыш өшірілгеннен кейін 30 секунд ішінде көтеруге және түсіруге болады. Алайда жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есігі ашылғаннан кейін әйнек көтергіштер жұмысын тоқтатады.

Жарақатқа қауіпсіз механизм

E00302502469

1 тип

Егер қосқышты соңына дейін тартқан соң, әйнекті автоматты түрде көтеру кезінде қол немесе бас ойықта қалып қойса, әйнек автоматты түрде түсіріледі. Дегенмен, жүргізуші есігінің әйнегін көтерер алдында, жолаушылардың ешқайсысы терезеге қолын немесе басын шығармағанына көз жеткізіңіз. Жарақатқа қауіпсіз механизм іске қосылған соң, әйнекті бірнеше секундтан кейін көтеруге болады.

ЕСКЕРТУ

- Егер аккумуляторлық батарея өшіп қалса немесе әйнек көтергіштің электр жетегінің тізбегіндегі сақтандырғыш ауыстырылса, жарақатқа қауіпсіз механизм ажыратылады. Егер осы кезде қол немесе бас әйнек астында қалып қойса, маңызды жарақат алуы мүмкін.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Әйнек жүрісінің ең соңында жарақатқа қауіпсіз механизм ажыратылады. Бұл әйнекті толық көтеруге мүмкіндік береді. Осы кезеңде өте абай болу керек, саусақтың ойыққа түсір қалуына жол беруге болмайды.
- Қосқыш көтеріліп қалыпта тұрғанда, жарақатқа қауіпсіз механизм ажыратылады. Осы кезеңде өте абай болу керек, саусақтың ойыққа түсір қалуына жол беруге болмайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер қозғалыс кезінде жүргізуші есігінің әйнегі қолдың немесе бастың әйнегіне тиген кезде пайда болатын соққыларға немесе физикалық жүктемелерге ұқсас соққылар мен жүктемелерге ұшыраса, жарақаттануға қарсы механизм іске қосылуы мүмкін.

 **ЕСКЕРТПЕ**

- Келесі операцияларды орындау кезінде жарақат қауіпсіздігі механизмі ажыратылады және жүргізуші есігінің әйнегін автоматты режимде толық түсіру/көтеру мүмкін болмайды.
 - Егер аккумуляторлық батарея өшіп қалса.
 - Егер электрлік әйнек көтергіштің сақтандырғышы шығарылса.
 - Егер жарақатқа қауіпсіз механизм қатарынан бес немесе алты рет іске қосылса.
- Осы жағдайдан шығу үшін, келесі әрекеттерді орындау керек. Егер жүргізуші есігінің әйнегі төмен түсірілсе, әйнек соңына дейін көтерілгенше, тиісті ажыратқышты бірнеше рет көтеріңіз. Содан кейін қосқышты босатыңыз, оны қайта көтеріп, осы қалыпта кемінде бір секунд ұстап тұрыңыз, содан кейін босатыңыз. Содан кейін жүргізуші есігінің әйнек көтергіші қалыпты жағдайда жұмыс істей бастайды.

2 тип

Егер ажыратқышты соңына дейін тартқан соң, әйнекті автоматты түрде көтеру кезінде қол немесе бас ойықта қалып қойса, әйнек автоматты түрде түсіріледі.

Дегенмен, жүргізуші есігінің әйнегін көтерер алдында, жолаушылардың ешқайсысы терезеге қолын немесе басын шығармағанына көз жеткізіңіз.

Жарақатқа қауіпсіз механизм іске қосылған соң, әйнекті бірнеше секундтан кейін көтеруге болады.

 **ЕСКЕРТУ**

- Егер аккумуляторлық батарея өшіп қалса немесе әйнек көтергіштің электр жетегінің тізбегіндегі сақтандырғыш ауыстырылса, жарақатқа қауіпсіз механизм ажыратылады.
- Егер осы кезде қол немесе бас әйнек астында қалып қойса, маңызды жарақат алуы мүмкін.**

 **АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ**

- Әйнек жүрісінің ең соңында жарақатқа қауіпсіз механизм ажыратылады. Бұл әйнекті толық көтеруге мүмкіндік береді. Осы кезеңде өте абай болу керек, саусақтың ойыққа түсіп қалуына жол беруге болмайды.
- Қосқыш көтеріліп қалыпта тұрғанда, жарақатқа қауіпсіз механизм ажыратылады. Осы кезеңде өте абай болу керек, саусақтың ойыққа түсіп қалуына жол беруге болмайды.

 **ЕСКЕРТПЕ**

- Егер қозғалыс кезінде әйнек қолдың немесе бастың әйнегіне тиген кезде пайда болатын соққыларға немесе физикалық жүктемелерге ұшыраса, жарақат қауіпсіздігі функциясы іске қосылуы мүмкін.
- Келесі операцияларды орындау кезінде, жарақат қауіпсіздігі механизмі ажыратылады және жүргізуші есігінің әйнегін автоматты режимде толық түсіру/көтеру мүмкін болмайды.

 **ЕСКЕРТПЕ**

- Егер аккумуляторлық батарея өшіп қалса.
- Егер электрлік әйнек көтергіштің сақтандырғышы шығарылса.
- Егер жарақатқа қауіпсіз механизм қатарынан бес немесе алты рет іске қосылса.

Осы жағдайдан шығу үшін, келесі әрекеттерді орындау керек. Егер әйнек түсірілген болса, әйнек соңына дейін көтерілгенше тиісті пернені қайта көтеріңіз. Содан кейін қосқышты босатыңыз, оны қайта көтеріп, осы қалыпта кемінде бір секунд ұстап тұрыңыз, содан кейін босатыңыз. Содан кейін жүргізуші есігінің әйнек көтергіші қалыпты жағдайда жұмыс істей бастайды.

3**Шатырдағы электржетекті панорамалық люк***

E00302801449

 **ЕСКЕРТУ**

- Қозғалыс кезінде алдыңғы ашық люкке басты, қолды және т.б. шығармаңыз.
- Автомобильде балаларды немесе электрлік әйнек көтергіштерді қауіпсіз пайдалануға қабілетсіз адамдарды қараусыз қалдыруға тыйым салынады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Автомобильден шыққанда, кілтті оталдыру құлпында қалдырмаңыз.
- Шатырдың алдыңғы люгінің электр жетегін қосар алдында, люктің қозғалмалы қақпағы, алдыңғы немесе артқы перде бас, қол, саусақ және т.б. қысылмайтынына көз жеткізіңіз.
- Алдыңғы люк автомобильдің сыртынан ашылады, сондықтан шатырды және т.б. жуар алдында, люкті ашуға болмайды. Кері жағдайда қолды қысып қалуы мүмкін.

3

📖 ЕСКЕРТПЕ


- Алдыңғы люк толық ашық күйге жетпей тоқтап қалады. Алдыңғы люктің бұл жағдайында қозғалыс кезінде толық ашық күйге қарағанда, ауа дірілі төмен болады.
- Егер алдыңғы люк жабық күйде (кар жауғаннан кейін немесе қатты аязда) қатып қалса, оны ашуға тырыспаңыз.
- Алдыңғы люктің қақпағына және шатырдың шетіне ауыр заттарды қоймаңыз.
- Алдыңғы люк, алдыңғы немесе артқы перде қозғала бастаған кезде электр жетегінің пернесін босатыңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер электр жетегінің пернесін басқанда, алдыңғы люк, алдыңғы немесе артқы перде қозғала бастаса, қосқышты босатыңыз және люк қақпағының немесе перденің қозғалуына әлдебір кедергі келтірмейтінін тексеріңіз. Егер кедергілер болмаса, люк қақпағының немесе перденің жетегін тексеру ұсынылады.
- Шатырға жүксалғыштың кейбір үлгілерін немесе шаңғыларға арналған бекіткіштерді орнатқанда, алдыңғы люктің қақпағы оларға көтерілген күйінде тиіп кетуі мүмкін. Егер шатырға жүксалғыш немесе шаңғы бекітпесі орнатылса, алдыңғы люкті көтерген кезде, абай болыңыз.
- Көліктен шығар алдында немесе көлік жуатын жерге кірер алдында, алдыңғы люктің мықтап жабылғанына көз жеткізіңіз.
- Автомобильді жуған соң немесе жаңбырдан кейін, люкті ашар алдында, алдыңғы люктің қақпағынан суды сүртіп алыңыз.
- Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрғанда, алдыңғы люк қақпағының, алдыңғы немесе артқы перденің электржетегін жиі қосу аккумуляторды істен шығарады. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда, алдыңғы люк қақпағының, алдыңғы немесе артқы перденің электржетегін қосыңыз.

Алдыңғы люк және алдыңғы күннен қорғайтын перде

Алдыңғы люктің немесе алдыңғы күннен қорғайтын перденің электржетегі оталдыру қосылғанда немесе ON жұмыс режимі қосылғанда ғана әрекет етіледі.



AF3101783

- 1 — ашу (алдыңғы люк)
- 2 — көтеру (алдыңғы люк)
- 3 — жабу (алдыңғы люк)
- 4 — түсіру (алдыңғы люк)
- 5 — ашу (алдыңғы перде)
- 6 — жабу (алдыңғы перде)

Алдыңғы люкты ашу

Люкті ашу үшін, люк қақпағы электржетегінің қосқышын (1) бағытта басыңыз. Люк қақпағын электржетек қосқышын (1)–(6) бағытында басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Алдыңғы люк қақпағы толық ашық күйге жетпей, автоматты түрде тоқтап қалады. Люкті ашу үшін, люк қақпағы электржетегінің қосқышын тағы бір рет басыңыз.
- Позияға байланысты алдыңғы перде алдыңғы люкпен бірге ашылуы мүмкін.

Алдыңғы люкті жабу

Люкті жабу үшін, люк қақпағы электржетегінің қосқышын (3) бағытта басыңыз. Люк қақпағын токтату үшін, электржетек қосқышын (1)–(6) бағытында басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Электржетек ажыратқышын (6) бағытта басқанда, алдыңғы люк алдымен қысқа қашықтыққа жабылады, содан кейін люктің қақпағы мен алдыңғы күннен қорғайтын перде автоматты түрде толық жабылады.

Алдыңғы люкті көтеру

Люк қақпағын көтеру үшін, электржетек қосқышын (2) бағытта басыңыз. Салонды желдету үшін, люк қақпағының артқы бөлігі көтеріледі.



ЕСКЕРТПЕ

- Позияға байланысты алдыңғы перде алдыңғы люкпен бірге ашылуы мүмкін.

Алдыңғы люкті босату

Люк қақпағын түсіру үшін, электр жетегінің қосқышын (3) бағытта басыңыз немесе қосқышты (4) бағытта тартыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Электржетек қосқышын (6) бағытта басқанда, алдыңғы люк алдымен қысқа қашықтыққа жабылады, содан кейін люктің қақпағы мен алдыңғы күннен қорғайтын перде автоматты түрде толық жабылады.

Алдыңғы күннен қорғайтын пердені ашу

Алдыңғы күннен қорғайтын пердені жабу үшін, қосқышты (5) бағытында басыңыз. Алдыңғы күннен қорғайтын пердені токтату үшін, электржетек қосқышын (1)–(6) бағытында басыңыз.

Алдыңғы күннен қорғайтын пердені жабу

Алдыңғы күннен қорғайтын пердені жабу үшін, электржетек қосқышын (6) бағытында басыңыз. Алдыңғы күннен қорғайтын пердені токтату үшін, электржетек қосқышын (1)–(6) бағытында басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер алдыңғы люк ашық болса, ол алдыңғы күннен қорғайтын пердемен бірге жабылады.

Таймер

Оталдыру кілтін ACC немесе LOCK күйіне бұрғаннан кейін немесе ACC немесе OFF жұмыс режимін қосқан соң, шамамен 30 секунд ішінде алдыңғы люкті және алдыңғы күннен қорғайтын пердені ашуға және жабуға болады. Егер тұтану кілтін ACC немесе LOCK күйіне бұрғаннан немесе ACC немесе OFF жұмыс режимін қосқан соң, шамамен 30 секунд ішінде жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есігі ашылса, алдыңғы люк қақпағының және алдыңғы күннен қорғайтын перденің электржетегі өз жұмысын тоқтатады.

Жарақатқа қауіпсіз механизм

Егер қол, бас, мойын немесе дененің басқа бөлігі артқы күннен қорғайтын перденің саңылауына түсіп кетсе, қауіпсіздік максатында артқы күннен қорғайтын перде автоматты түрде 20 см-ге дейін ашылады. Жарақат қауіпсіздігі механизмі іске қосылғаннан кейін, артқы күннен қорғайтын пердені электржетек қосқышымен жабуға болады. Жарақатқа қауіпсіз механизм қатарынан кемінде бес рет іске қосылғанда, артқы күннен қорғайтын пердені әдеттегідей жабу мүмкін болмайды. Осыдан кейін келесі әрекеттерді орындап, алдыңғы люк қақпағының және алдыңғы күннен қорғайтын перденің орналасымдарын баптауға болады.

1. Қосқышты (3) бағытта басыңыз немесе қосқышты (4) бағытта тартыңыз және оны осы күйде ұстап тұрыңыз.
2. Алдыңғы люктің қақпағы (егер ашық болса) және алдыңғы күннен қорғайтын перде кадамдық түрде жабық күйге ауысады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер алдыңғы люк те, алдыңғы күннен қорғайтын перде де ашық болса, алдымен алдыңғы люк толық жабылады, содан кейін алдыңғы күннен қорғайтын перде толық жабылады.

3. Алдыңғы люк пен алдыңғы күннен қорғайтын перде толық жабылған соң, электржетек пернесін босатыңыз (люк қақпағы мен күннен қорғайтын перде орындарын дайындау аяқталды).

Егер орналасымдарды баптаған соң, алдыңғы люк қақпағы мен артқы күннен қорғайтын перде толық жабылмаса, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгінініз.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Алдыңғы люк пен артқы күннен қорғайтын перденің ең соңында жарақат қауіпсіздігі функциясы өшіріледі. Бұл алдыңғы люк пен артқы күннен қорғайтын пердені толық жабуға мүмкіндік береді. Осы кезеңде өте абай болу керек, саусақтың алдыңғы люк пен артқы күннен қорғайтын перденің ойығында қалып кетуіне жол беруге болмайды.

ЕСКЕРТПЕ


- Егер қозғалыс кезінде алдыңғы люк пен артқы күннен қорғайтын перде оның астына қол немесе бастың қалып қоюы кезінде пайда болатын соққыларға немесе физикалық күштерге ұшыраса, жарақат қауіпсіздігі функциясы іске қосылуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Орналасымдарды баптау рәсімі аяқталғанға дейін электржетек ажыратқышын босатпаңыз. Кері жағдайда орналасымдарды баптау рәсімі үзіледі. Оны қайта орындау үшін, 1 тармақтағы әрекетті қайталау қажет.

Артқы күннен қорғайтын перде

Артқы күннен қорғайтын перденің электржетегі оталдыру қосылғанда немесе ON жұмыс режимі қосылғанда ғана әрекет етіледі.



7 — жабу (артқы перде)

8 — жабу (артқы перде)

Артқы күннен қорғайтын пердені ашу

Артқы күннен қорғайтын пердені жабу үшін, электржетек қосқышын (7) бағытында басыңыз. Артқы күннен қорғайтын пердені тоқтату үшін, электржетек қосқышын (7)–(8) бағытында басыңыз.

Артқы күннен қорғайтын пердені жабу

Артқы күннен қорғайтын пердені жабу үшін, электржетек қосқышын (8) бағытында басыңыз. Артқы күннен қорғайтын пердені тоқтату үшін, электржетек қосқышын (7)–(8) бағытында басыңыз.

Жарақатқа қауіпсіз механизм

Егер қол, бас, мойын немесе дененің басқа бөлігі артқы күннен қорғайтын перденің саңылауына түсіп кетсе, қауіпсіздік мақсатында артқы күннен қорғайтын перде автоматты түрде 20 см-ге дейін ашылады. Жарақат қауіпсіздігі механизмі іске қосылғаннан кейін, артқы күннен қорғайтын пердені электржетек қосқышымен жабуға болады. Қауіпсіздік механизмі қатарынан кемінде бес рет іске қосылғанда, артқы күннен қорғайтын пердені әдеттегідей жабу мүмкін болмайды. Осыдан кейін келесі әрекеттерді орындап, алдыңғы люк қақпағының және алдыңғы күннен қорғайтын перденің орналасымдарын баптауға болады.

1. Электржетек қосқышын (8) бағытта басып, оны осы қалыпта ұстап тұрыңыз.
2. Артқы күннен қорғайтын перде автоматты түрде қадамдап жабық күйге ауысады.

3. Артқы күннен қорғайтын перде толық жабылған соң, электржетек қосқышын босатыңыз (люк қақпағы мен күннен қорғайтын перденің орналасымдарын дайындау аяқталды).

Егер орналасымдарды баптаған соң, артқы күннен қорғайтын перде толық жабылмаса, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгініңіз.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Артқы күннен қорғайтын перденің ең соңында жарақат қауіпсіздігі функциясы өшіріледі. Бұл артқы күннен қорғайтын пердені толық жабуға мүмкіндік береді. Осы кезеңде өте абай болу керек, саусақтың артқы күннен қорғайтын перденің ойығында қалып кетуіне жол беруге болмайды.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер қозғалыс кезінде артқы күннен қорғайтын перде оның астына қол немесе бастың қалып қоюы кезінде пайда болатын соққыларға немесе физикалық күштерге ұшыраса, жарақат қауіпсіздігі функциясы іске қосылуы мүмкін.
- Орналасымдарды баптау рәсімі аяқталғанға дейін электржетек ажыратқышын босатпаңыз. Кері жағдайда орналасымдарды баптау рәсімі үзіледі. Оны қайта орындау үшін, 1 тармақтағы әрекетті қайталау қажет.



Орындықтар мен қауіпсіздік белдіктері

Орындықтарды реттеу	4-2
Алдыңғы орындықтар	4-2
Артқы орындықтар	4-3
Орындықтарды жылыту*	4-4
Басжастанғылар	4-5
Багаж бөлімінің ауданын ұлғайту	4-7
Қауіпсіздік белдіктері	4-7
Жүкті әйелдердің қауіпсіздік белдіктерін пайдалануы	4-14
Қауіпсіздік белдіктерін алдын ала тарту және тарту күштерін шектеу жүйесі	4-14
Балалар орындықтары	4-15
Қауіпсіздік белдіктерін тексеру	4-24
Пассив қауіпсіздіктің қосымша құралдар жүйесі (SRS): қауіпсіздік жастығы	4-25

Орындықтарды реттеу

E00400302187

Педальдарға, рөл дөңгелегіне, ауыстырғыштарға және т.б. жететіндей етіп, жүргізушінің орнын ыңғайлы реттеңіз, жақсы шолуды қамтамасыз етіңіз.

4

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қозғалыс кезінде орындықтың орналасуын реттеуге тыйым салынады. Бұл автомобильдің үстінен бақылаудың жоғалуы мен аварияға әкелуі мүмкін.
- Реттеуден кейін реттеу механизмнің элементтері (тұтқалар, тұтқалар және т.б.) бастанқы күйіне оралғанына және реттеу механизмне әсер етпей, оны алға және артқа жылжытуға тырысқанына көз жеткізіңіз.
- Сапар кезінде багажға арналған орында тұру өте қауіпті. Сондай-ақ балалардың жүк бөлігінде немесе артқы орындықта ойнауына мүмкіндік беруге тыйым салынады. Соқтығысқан кезде онда тұрған жолаушылар (ересектер немесе балалар) үлкен қауіпке ұшырайды, олар ауыр жарақат алуы немесе опат болуы мүмкін.
- Сапар кезінде барлық жолаушылардың орындықтарда болуын және қауіпсіздік белдіктерімен бекітілуін қамтамасыз ету қажет. Балаларды тасымалдау үшін әрқашан балалар орындықтарын пайдалану қажет.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Соқтығысу немесе бірден тоқтау кезінде, адамдардың жарақат алу қаупін барынша азайту үшін, орындықтың арқабеті автомобильдің қозғалысы кезінде тік орналасымға жақын орналасымда болуы керек. Орындық арқабеті артқа ауытқыған болса, қауіпсіздік белдігінің қорғаныстық әрекеті маңызды шамада азая түседі. Егер орындық арқабеті артқа қарай ауытқыса, жолаушының қауіпсіздік белдігінің астына түсу қаупі артады, бұл ауыр жарақат алу қаупін арттырады.
- Автомобиль орындықтарының астына әлдебір заттарды қоюға тыйым салынады. Бұл орындықтың толық бекітілуіне кедергі жасап, жазатайым оқиғаға әкелуі мүмкін. Бұл сонымен қатар орындықтың немесе интерьердің басқа элементтерінің зақымдалуын тудыруы мүмкін.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қауіпсіздік мақсатында орындықтарды ересектер дұрыс реттеуі немесе олардың бақылауында болуы керек.
- Автомобильді басқару кезінде, жастықтар мен басқа да ұқсас заттарды арқа орындықтың арқасы мен арқабеті жағына қоюға болмайды. Бұл ретте соқтығысу жағдайында басжастанғылардың қорғаныстық әрекетінің тиімділігі төмендейді.


⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Алдыңғы орындық арқабетінің еңкею механизмі серіппемен жүктелген, серіппе артқы арқабетін бекіту интiрегiнiң көтеруi жағдайында, арқабетiн тiк орналасымға қайтаруға тырысады. Арқабеттi бекiту интiрегiн көтере отырып, арқабеттiң бiрден тiк орналасымға оралуын болдырмау үшін, орындық арқабетiне арқамен еңкейтiңiз немесе немесе оны қолмен ұстап тұрыңыз.
- Орындықтарды жылжитқанда, қол мен аяқты қысып қалмау үшін, мұқият болыңыз.
- Орындықты артқа жылжыта отырып немесе орындық арқабетiн еңкейте отырып, артқы орындықта отырған жолаушыларға тиiп кетпеуге тырысу керек.

Алдыңғы орындықтар

E00400401745

Механикалық реттеу*



AFA113629

- 1 — бойлық бағытта реттеу орындықты реттеу. Тұтқасын тартып, орындықты қажетті орналасымға дейін алға немесе артқа жылжытыңыз, содан кейін орындықты бекіту үшін, иінтіректі босатыңыз.
- 2 — арқаның еңкею бұрышын реттеу. Арқабетті реттеу иінтірегін жоғары қарай тартыңыз, содан кейін арқабетке сүйеніп, оны қалаған бұрышқа еңкейтіп, иінтіректі босатыңыз.
- 3 — бойлық биіктігі бойынша реттеу (тек жүргізуші орындығы үшін). Орындық биіктігін реттеу үшін, қосқышты жебелермен көрсетілген бағыттарда жылжытыңыз.

- 2 — арқабеттің еңкею бұрышын реттеу. Арқабеттің еңкею бұрышын реттеу үшін, қосқышты жебелермен көрсетілген бағыттарда жылжытыңыз.
- 3 — бойлық биіктігі бойынша реттеу. Орындық биіктігін реттеу үшін, қосқышты жебелермен көрсетілген бағыттарда жылжытыңыз.
- 4 — орындық жастығының еңкею бұрышын реттеу. Орындық еңкею бұрышын реттеу үшін, қосқышты жебелермен көрсетілген бағыттарда жылжытыңыз.

Артқы реттеу иінтірегін жоғары қарай тартыңыз, содан кейін қолыңызбен артқы жағын қалаған жағдайға орнатыңыз және иінтіректі босатыңыз.


⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер автомобиль шынтаққойғышпен жабдықталған болса, онда арқабетті еңкейткенде, стакан қойғыштағы сусын төгілуі мүмкін. Егер сусын өте ыстық болса, сіз күйіп қалуыңыз мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Екі жағындағы орындықтардың артқы жағы әртүрлі еңіс бұрышқа реттелуі мүмкін.

Электржетекті орындық*




- 1 — бойлық бағытта реттеу. Орындық орнын реттеу үшін, қосқышты көрсеткілермен көрсетілген бағыттарда жылжытыңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Аккумуляторлық батарея зарядының таусылуын болдырмау үшін, орындықтардың электр жетегін қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде ғана пайдаланыңыз.

Артқы орындықтар


E00402001732



Шынтаққойғыш*

E00402401811

Шынтаққойғышты пайдалану үшін, оны көлденеңінен орнату керек. Шынтаққойғышты бастапқы күйіне қайтару үшін, орындықтың арқабетіне асылып, оны тігінен көтеріңіз.



4

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Шынтаққойғыштың үстіне шықпаңыз және отырмаңыз. Кері жағдайда күйіп қалуыңыз мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Шынтаққойғыштың үстіңгі жағында артқы орындық жолаушыларына арналған стакан қойғыш бар. “Стакан қойғыш” тарауын қараңыз, бет 7-87.

Орындықтарды жылыту*

E00464900084

Орындықтарды жылытуды тек оталдыру қосылған немесе ON жұмыс режимі қосылған кезде ғана қосуға болады.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер орындықты жылыту қажет болмаса, оны өшіріңіз.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- HI режимін орындықтарды тез жылыту үшін пайдалануға болады. Орындық жылыған соң, орташа температураны ұстап тұру үшін, LO режимін қосыңыз. Жылыту қосулы кезде, орындық температурасы елеусіз ауытқуы мүмкін. Бұл жылыту жүйесіне орнатылған термостаттың жұмысы нәтижесінде пайда болады және ақаулықтың белгісі болып табылмайды.
- Жылытылатын орындықтарды пайдаланған кезде, кейбір адамдар қатты ыстықты сезінуі немесе біршама күйіп қалуы мүмкін (терінің қызаруы, күлдіреу және т. б.):
 - балалар, егде адамдар, науқастар;
 - терісі сезімтал адамдар;
 - шамадан тыс қалжыраған адамдар;
 - спирт немесе ұйықтату әсеріне ие дәрі-дәрмектер әсеріндегі адамдар (суық тиюге қарсы және т.б.).
- Орындыққа ауыр заттарды қоймаңыз және оларға инелер, түйреуіштер және басқа да үшкір заттарды сұқпаңыз.
- Жылытуды пайдалану кезінде, орындыққа жылу оқшаулағыш материалдардан дайындалған жастықтарды, көрпелер мен басқа заттарды қоймаңыз: бұл жылыту элементінің қызып кетуіне әкелуі мүмкін.
- Орындықтарды тазалау үшін бензин, керосин, спирт және өзге де органикалық еріткіштерді пайдалануға тыйым салынады. Олар орындықтардың қаптамасын ғана емес, сонымен қатар жылыту элементін де зақымдауы мүмкін.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Орындыққа су мен басқа сұйықтықтар тиген кезде, жылытуды қоспай тұрып, олардың толық кебуін күтіңіз.
- Орындықтарды жылыту ақаулығы орын алған жағдайда, таз арада оны өшіріңіз.




ЕСКЕРТПЕ

- Егер қозғалтқыш жұмыс істемесе, жылытылатын орындықтарды ұзақ уақытқа қалдырмаңыз, себебі бұл батарея зарядының таусылуына әкелуі мүмкін.

Алдыңғы орындықтар үшін

Көрсеткілермен көрсетілгендей, қосқышты басыңыз. Жылытуды қосқан кезде, бақылау шамы (A) қосылады.




1 (HI) — жоғары қуат
(орындықтарды тез жылыту үшін)

- 2 (OFF) — жылыту өшірулі
 3 (LO) — шағын қуат
 (орындықтардың орташа температурасын ұстап тұру үшін)

Артқы орындықтар үшін

Қосқышты әр басқан сайын орындықты жылыту режимдері келесі ретпен өзгереді: OFF → HI → LO → OFF.



AF3101712

- OFF — жылыту өшірулі
 HI — жоғары қуат (орындықтарды тез жылыту үшін)
 LO — шағын қуат (орындықтардың орташа температурасын ұстап тұру үшін)

ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқыш тоқтағаннан кейін артқы орындықтарды жылыту автоматты түрде өшеді.

Басжастанғылар


E00403303101

⚠ ЕСКЕРТУ

- Егер басжастанғылар орнатылмаған болса, онда авария болған жағдайда, бұл ауыр жарақатқа немесе жүргізуші мен жолаушылардың өліміне әкелуі мүмкін. Авария жағдайында жарақат алу қаупін азайту үшін, орындыққа отырып, басжастанғының дұрыс орнатылғанына көз жеткізу керек.
- Орындық арқасы мен арқабетіне жастық немесе басқа ұқсас заттарды қоюға тыйым салынады, өйткені бұл бас пен басжастанғы арасындағы қашықтықтың артуына байланысты басжастанғының қорғаныс әсерінің тиімділігін төмендетеді.

оның құлағының деңгейінде орнату мүмкін болмаса, басжастанғыны максималды биіктікке орнату керек.

Басжастанғыны көтеру үшін, оны жоғарыға тартыңыз. Төмен түсіру үшін, биіктікті реттеу түймесін (A) жебе көрсеткен бағытта жылжытып, төмен басыңыз. Реттеп болған соң, басжастанғының бекітілгеніне көз жеткізу үшін, басжастанғыны басыңыз.



AFA113690

Артқы орындықтар


Авария болған жағдайда, жарақат алу қаупін азайту үшін, басжастанғының биіктігін реттеп, оны бекітіңіз.

Басжастанғыны көтеру үшін, оны жоғарыға тартыңыз. Төмен түсіру үшін, биіктікті реттеу түймесін (A) жебе көрсеткен бағытта жылжытып, төмен басыңыз. Реттеп болған соң, басжастанғының бекітілгеніне көз жеткізу үшін, басжастанғыны басыңыз.

Биіктікті реттеу

Алдыңғы орындықтар

Басжастанғының биіктігін басжастанғының ортасы шамамен құлақ деңгейінде болатындай етіп реттеңіз: бұл жағдайда авария кезінде жарақат алу ықтималдығы төмендейді. Егер адам өте ұзын болса және басжастанғының ортасын




Шешіп алу

Биіктікті реттеу (А) түймесін басып, басжастанғыны көтеріңіз.


ЕСКЕРТПЕ

- Егер басжастанғы төбеге тірелсе және шешілмесе, артқы жағын аздап артқа еңкейтіңіз. “Алдыңғы орындықтар” тарауын қараңыз, бет 4-2.
- Артқы бүйір орындықтың басжастанғысын шешіп алу үшін, басжастанғы төбеге тірелмейтіндей етіп арқабетін алға еңкейтіңіз. “Алдыңғы орындықтар” тарауын қараңыз, бет 4-3.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Артқы орындыққа отырып, басжастанғының биіктігін реттеңіз және оны бекітіңіз. Сапар алдында міндетті түрде басжастанғыны реттеңіз. Кері жағдайда соқтығысқан кезде ауыр жарақат алуы мүмкін.



Орнату

ЕСКЕРТПЕ


- Артқы бүйір орындықтың басжастанғысын шешіп алу үшін, басжастанғы төбеге тірелмейтіндей етіп арқабетін алға еңкейтіңіз. “Алдыңғы орындықтар” тарауын қараңыз, бет 4-3.

Басжастанғының дұрыс бағытталғанына көз жеткізіңіз, содан кейін оны көрсеткі көрсеткен бағытта биіктікті реттеу (А) түймесін басып, орындықтың арқабетіне салыңыз.

Реттеу ойықтары (В) бар басжастанғылардың өзектері биіктікті реттеу (А) түймесі басулы кезде орнатылуы тиіс.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Биіктікті реттеу түймесінің (А) орнын тексеру керек, суретте көрсетілгендей, түйменің дұрыс орналасқанына көз жеткізіп, орындықтың арқабетіне бекітілгеніне көз жеткізу үшін, басжастанғыны жоғары қарай тартып көріңіз.



⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Түрлі орындық басжастанғыларының пішіндері мен өлшемдері ерекшеленеді. Салонда орнатылған орындықтарға сәйкес келетін басжастанғыларды ғана пайдалану керек. Басжастанғыларды орнатқан кезде, олардың бағдарын бұзуға жол берілмейді.

**Бағаж бөлімінің ауданын ұлғайту**

E00403401599

Бағаж бөлімінің ауданын ұлғайту үшін, Сіз артқы орындықты жинай аласыз.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ


- Бағаж бөлімін орындықтардың арқабеті деңгейінен биік жүктемеңіз. Бағажды сенімді етіп бекітіңіз. Кенеттен тежеу кезінде бекітілмеген заттар бағаж бөлімінен салонға құлап, жолаушыларды ауыр жарақаттауы мүмкін.
- Орындықтарды жинағанда, қол мен аяқты қысып қалмау үшін, мұқият болыңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Артқы орындықтар жеке-жеке жиналуы мүмкін.

Жинау

1. Артқы орындықтардың басжастағыларын соңына дейін түсіріңіз. “Басжастанғы” тарауын қараңыз, бет 4-5.
2. Артқы орындықтардың орталық қауіпсіздік белдігін алып тастаңыз. “Артқы орындықтардың орталық үш нүктелі қауіпсіздік белдігі” тарауын қараңыз, бет 4-12.
3. Құлыптарды орындық жастығындағы арнайы тереңдіктерге салыңыз. “Артқы орындықтардың қауіпсіздік белдіктерін сақтау” тарауын қараңыз, бет 4-13.
4. Иінтіректі (А) тартыңыз, содан кейін орындықтың артқы жағын алға қарай бүктеңіз.

**Орындықты бастапқы жағдайға қайтару**

Орындық арқабетін сенімді бекітілгенге дейін көтеріңіз.

Сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін, орындықтың арқабетін аздап тартыңыз.

Қауіпсіздік белдіктері

E00404802483

Сапар кезінде қауіпсіздік белдіктерін дұрыс пайдалану авария болған жағдайда, жүргізуші мен жолаушыларды қорғаудың аса маңызды шарасы болып табылады.

Жүргізуші мен жолаушының қауіпсіздік жастықтары бар автомобильдерде алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік белдіктері алдын ала тартқыштармен, ал екі сағатылы қауіпсіздік жастықтары бар автомобильдерде артқы орындықтардың қауіпсіздік белдіктері алдын ала тартқыштармен жабдықталған. Осы белдіктерді пайдалану ережелері кәдімгі қауіпсіздік белдіктерін пайдалану ережелеріне ұқсас. “Қауіпсіздік белдіктерін алдын ала тарту және тарту күштерін шектеу жүйесі” тарауын қараңыз, бет 4-14.

⚠️ ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік белдіктерін барлық ересек жолаушылар мен бойы белдікті дұрыс бекітуге мүмкіндік беретін барлық балалар пайдалануға тиіс. Қауіпсіздік белдігімен қауіпсіз бекіту мүмкін болмаған балаларды арнайы балалар орындықтарына отырғызу керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Белдіктің нық тармағы тек нық пен кеудеде ғана орналасуы керек. Оны арқаға немесе қолтыққа кименіз.
- Бір қауіпсіздік белдігімен бір жолаушы ғана бекітілуі тиіс. Ересек жолаушы мен оның тізесінде отырған баланы бір белдікпен бекіту қауіпті.
- Орындықтың арқабеті тік орналасқан жағдайда, қауіпсіздік белдігі жолаушыны барынша қорғауды қамтамасыз етеді. Егер арқабет артқа қарай ауытқыса, әсіресе, фронтальды соққы кезінде, жолаушының қауіпсіздік белдігінің астына сырғып кету қаупі артады: жолаушы белдіктен жарақат алуы немесе бақылау панеліне немесе орындықтың арқабетіне соққы тиюі салдарынан жарақат алуы мүмкін.
- Қауіпсіздік белдігін таға отырып, оның бұралмауын қадағалау керек.
- Қауіпсіздік белдіктерінің конструкциясына белдікті босататын немесе белдікті тарту механизмімен тартуға кедергі келтіретін өзгерістер мен толықтырулар енгізуге тыйым салынады.
- Автомобильмен сапарлау кезінде, бала қауіпсіздік белдігімен бекітілсе де, баланы қолында немесе тізесінде ұстап отыруға тыйым салынады. Ересек адамның қолындағы бала соқтығысу немесе автомобильдің кенеттен тоқтату кезінде опат болуы немесе ауыр жарақат алуы мүмкін.
- Белдікті дене тығыз жуысып тұратындай етіп реттеу қажет.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Белдіктің бел тармағы әрқашан бөксе денгейінде орналасуы тиіс.
- Балалардың қауіпсіздік белдігімен ойнауына мүмкіндік бермеңіз. Егер балалар қауіпсіздік белдігімен ойнап, оны денеге орап алса, тарту кезінде қауіпсіздік белдігі тым қатты тартылып кетуі мүмкін. Бұл денсаулыққа ауыр зиян келтіруі немесе өлімге, мысалы, тұншығып өлу сияқты өлімге әкелуі мүмкін. Бұл жағдайда, тіпті, автомобиль тұрақта тұрса да болуы мүмкін. Егер баланы оралған қауіпсіздік белдігінен босату мүмкін болмаса, қауіпсіздік белдігін кесу үшін пышақ немесе қайшы сияқты қолайлы құралды пайдаланыңыз.

Үш нүктелі қауіпсіздік белдіктері (инерциялық бұғаттау механизмімен)

E00404903423


Осы үлгідегі белдіктер ұзындықты реттеуді қажет етпейді. Белдікті таққан соң, белдіктің ұзындығы жолаушының қозғалысына байланысты автоматты түрде реттеледі, алайда кенеттен немесе күшті серпілу жағдайында белдік адам денесін ұстап тұрып бекітіледі.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Белдіктің бекітілуін тексеру үшін, бірден алға тартып көруге болады.

Белдік тағу

1. Артқы қауіпсіздік белдіктерін пайдалану үшін, олардың құлпытарын орындық жастығындағы арнайы тереңдіктерден шығарыңыз.




2. Ысырма тілшесін ұстап тұрып, белдікті баяу тартыңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер белдікті бұғаттаудан босату мүмкін болмаса, оны қатты тартып, босатыңыз. Содан кейін белдікті баяу тартуды қайта бастаңыз.

3. Ысырма тілшесін құлыпқа сырт еткізіп салыңыз.



AA0008466


⚠ ЕСКЕРТУ

- Белдіктің бел тармағын ішке көтеруге тыйым салынады. Соқтығысқан кезде белдік жаракат алу қаупін ұлғайтып, іш қуысын бірден басып қалуы мүмкін.
- Қауіпсіздік белдіктерін таға отырып, олардың бұралмауын қадағалау керек.

4. Белдіктің денеге жайлы жуысып тұруын қамтамасыз ете отырып, оны біршама тартыңыз.

Белдікті шешу

1. Ысырма тілшесін қолмен ұстап тұрып, құлыптағы түймені басыңыз.



AA0008293


2. Артқы қауіпсіздік белдіктерін пайдаланған соң, олардың құлыптарын орындық жастығындағы арнайы тереңдіктерге салыңыз.
“Артқы орындықтардың қауіпсіздік белдіктерін сақтау” тарауын қараңыз, бет 4-13.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Белдік автоматты түрде тартылғандықтан, белдік баяу тартылуы үшін, ысырма тілшесін ұстап тұрыңыз. Егер ысырма тілшесін босатса, ол автомобильдің әлдебір затына соғылып, оларды зақымдауы мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер қауіпсіздік белдігі (А) немесе қауіпсіздік белдігінің сақинасы (В) ластанса, белдік әрең тартылуы мүмкін. Егер қауіпсіздік белдігі немесе қауіпсіздік белдігінің сақинасы ластанса, оларды сабын ерітіндісімен немесе бейтарап жуғыш зат ерітіндісімен тазалаңыз.




AFZ102060

Тағылмаған қауіпсіздік белдігінің бақылау шамы мен сигнализациясы


E00409802882

4 Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының орындығы үшін

Жүргізушінің орындығы үшін



Алдыңғы жолаушының орындығы үшін



Егер оталдыру құлпындағы кілтті ON күйіне бұрсаңыз немесе жүргізушінің және/немесе алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белдігі бекітілмеген кезде, ON жұмыс режимін қоссаңыз, бақылау шамы жыпылықтай бастайды және дыбыстық сигнал шамамен 6 секундқа қосылады, бұл жүргізушіге және/немесе алдыңғы жолаушыға белдік тағу керектігін еске салады.

Егер қауіпсіздік белдігін тақпай қозғала бастаса, онда бақылау шамы жыпылықтай бастайды және қауіпсіздік белдігі тағылғанға дейін дыбыстық сигнал шамамен 90 секунд бойы үздіксіз шығады. Бұл ретте көпфункционалдық дисплейде ескертуші хабарлама пайда болады: FASTEN SEAT BELT.

⚠ ЕСКЕРТУ


- Қосымша жабдықты орнатуға немесе бақылау шамын жауып тұратын жапсырмаларды желімдеуге тыйым салынады.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер белдікті бұрынғысынша бекітпесе, шам мен дыбыстық сигнал автомобиль орнынан қозғалған сайын іске қосылады.
- Алдыңғы жолаушы үшін бұл функция орындықта жолаушы отырған кезде ғана жұмыс істейді.
- Алдыңғы жолаушының орындығында едәуір үлкен көлемдегі және белгілі бір түрде орналасқан багажды тасымалдаған кезде, орындық жастығындағы датчик бақылау шамын және тағылмаған қауіпсіздік белдігі туралы ескертетін дыбыс сигналын іске қосуы мүмкін.

Артқы орындықтар үшін*

E00415501177



AFA113759

Егер оталдыру құлпындағы кілтті ON күйіне бұрсаңыз немесе қауіпсіздік белдігін байламай ON режимін қосса, артқы жолаушыға белдік тағу керектігін еске салып, шамамен 60 секундқа басқару шамы іске қосылады. Егер автомобиль қауіпсіздік белдігі тағылмаған күйде қозғала бастаса, бақылау шамдары шамамен 60 секундқа қосылады (бақылау шамдары автомобиль қауіпсіздік белдігі алғаш рет тағылмай қозғала бастағанда ғана қосылады). Белдік тағылған соң, бақылау шамдары өшеді.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қосымша жабдықты орнатуға немесе бақылау шамын жауып тұратын жапсырмаларды желімдеуге тыйым салынады.


📖 ЕСКЕРТПЕ

- Артқы орындықтарда жолаушылар болмаса да, бақылау шамы қосылады.
- Егер қозғалыс кезінде қауіпсіздік белдігі ашылмаса, дыбыстық сигнал шамамен 30 секундқа қосылады және басқару шамы шамамен 30 секунд жыпылықтайды. Сонымен бір мезгілде қауіпсіздік белдіктері бекітілмеген орындықтардың бақылау шамдары жыпылықтай бастайды.
- Егер алдымен қауіпсіздік белдіктері тағылған болса, содан кейін бір қауіпсіздік белдігі қозғалмайтын автомобиль жағдайында шешілсе, онда тағылмаған қауіпсіздік белдігімен қозғалыс басталған соң, белдігі тағылмаған барлық орындықтар үшін бақылау шамы шамамен 60 секундқа қайта қосылады.

Қауіпсіздік белдігінің реттелетін кронштейні (алдыңғы орындықтар үшін)

E00405001746

Қауіпсіздік белдіктері кронштейндерінің биіктігін реттеуге болады. Бекіту түймесін (B) созып, кронштейнді (A) жоғары немесе төмен жылжытуға болады.



AFA113762

⚠ ЕСКЕРТУ


- Қауіпсіздік белдігі кронштейнін белдіктің ныққа мықтап жабысып тұруы, бірақ мойынға тимеуі үшін, жеткілікті биіктікте орнату керек.

Артқы орындықтардың орталық үш нүктелі қауіпсіздік белдігі

E00405201331

Артқы орындықтардың орталық үш нүктелі қауіпсіздік белдігі суретте көрсетілген күйде сақталуы керек.

4




⚠ ЕСКЕРТУ


- Ысырманың қос тілшесі (А және В) сенімді бекітілуі тиіс. Бұл талапты сақтамау қорғану тиімділігін едәуір төмендетеді, авария немесе кенеттен тежеу кезінде, ауыр жарاقاتқа әкелуі мүмкін.

Белдік тағу


1. Құлыптарды (С) және (D) жастықтағы арнайы тереңдіктерден шығарыңыз.



2. Ысырманың (А) тілін шығарыңыз, содан кейін суретте көрсетілгендей жағына қарай тартыңыз және ысырманың (В) кіші тілшесін шығарыңыз.




3. Қауіпсіздік белдігін баяу тартыңыз және ілгектің (А) тілшесі алға қарауы үшін, оны бағыттаушы (Е) арқылы өткізіңіз.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер белдікті бұғаттаудан босату мүмкін болмаса, оны қатты тартып, босатыңыз. Содан кейін белдікті баяу тартуды қайта бастаңыз.
4. Қауіпсіздік белдігін тартып, ілгектің кіші тілшесін (В) құлыпқа (С) салыңыз.
 5. Ысырма тілшесін (А) құлыпқа (D) салыңыз.




- Белдіктің денеге жайлы жуысып тұруын қамтамасыз ете отырып, оны біршама тартыңыз.

Белдікті шешу


⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Белдік автоматты түрде тартылғандықтан, белдік баяу тартылуы үшін, ысырма тілшесін ұстап тұрыңыз. Егер ысырма тілшесін босатса, ол автомобильдің әлдебір затына соғылып, оларды зақымдауы мүмкін.


- Ысырма тілшесін қолмен ұстап (А) тұрып, құлыптағы түймені (D) басыңыз.




- Құлыпты (С) бұғаттан шығару үшін (F) түймесін басыңыз және ысырманың тілін (А) шығарыңыз.



- Қауіпсіздік белдігін шарғыға орап, оны бағыттаушыдан (Е) шығарыңыз.



- Қауіпсіздік белдігі шарғыға толық оралған соң, ілгектің кіші тілшесін (В) жоғарғы ұяға (G), ал ілгектің тілін (А) төменгі ұяға (H) салыңыз.




- Артқы қауіпсіздік белдіктерін пайдаланған соң, олардың құлыптарын орындық жастығындағы арнайы тереңдіктерге салыңыз. “Артқы орындықтардың қауіпсіздік белдіктерін сақтау” тарауын қараңыз, бет 4-13.

Артқы орындықтардың қауіпсіздік белдіктерін сақтау

E00405301752


Егер екінші қатардағы орындықтың қауіпсіздік белдігі қолданылмаса, оны суретте көрсетілген жерде сақтаныз.



Сақтау кезіндегі қауіпсіздік белдігінің орналасуы

Бүйір орындықтар үшін

Белдікті артқы ойыққа (А) өткізгеннен кейін, ілгекті алдыңғы ойыққа (В) салыңыз.



Орталық орын үшін

“Артқы орындықтардың орталық үш нүктелі қауіпсіздік белдігі” тарауын қараңыз, бет 4-12.

Жүкті әйелдердің қауіпсіздік белдіктерін пайдалануы

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік белдіктері бәрі, тіпті, жүкті әйелдер де пайдалана алады. Жүкті әйелдер автомобильде орнатылған белдіктерді ғана пайдалануы тиіс. Бұл әйелдер үшін, сондай-ақ оның болашақ баласы үшін жаракат алу қаупін азайтады. Белдіктің бел тармағын белге емес, бөксе айналасындағы, мүмкіндігінше тығыз бекітуді қамтамасыз етуге тырысу қажет. Қосымша сұрақтар мен күдіктер болған жағдайда, дәрігермен кенесіңіз.

Қауіпсіздік белдіктерін алдын ала тарту және тарту күштерін шектеу жүйесі

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белдіктері, сондай-ақ артқы бүйір орындықтарындағы қауіпсіздік белдіктері тартқыштармен және тарту күшін шектегіштермен жабдықталған.

Алдын ала тарту жүйесі

E00W5802581

Егер фронтальды немесе бүйірлі соқтығысы кезінде (бүйірлік қауіпсіздік жастығы бар және перде түріндегі қауіпсіздік жастығы бар автомобильдерде), соккы жеткілікті күшті болса және жүргізушінің, алдыңғы жолаушының және/немесе артқы орындықтардағы жолаушының жаракат алу қаупі болса, ал оталдыру кілті төменде көрсетілген орналасымдардың бірінде болса немесе төменде көрсетілген жұмыс режимі қосылса, алдын ала тартқыштар лезде қауіпсіздік белдіктерін тартады, олардың әрекеттерінің тиімділігін барынша арттырады.

Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер

Оталдыру кілті ON немесе START орналасымында орналасқан..

Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер

ON жұмыс режимі қосулы.

“ЭРА-ГЛОНАСС” авариялары кезінде шұғыл мән беру жүйесімен жабдықталған автомобильдерде қауіпсіздік белдіктерін тартқыштар автомобильді аударылу немесе аудару жүйесі айқындаған жағдайда да іске қосылады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік белдіктерінің алдын-ала тартқыштарының тиімділігі орындықтарды дұрыс реттеуге және қауіпсіздік белдіктерін дұрыс пайдалануға байланысты.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Дыбыс аппаратурасын орнату немесе қауіпсіздік белдігінің немесе едендік консольдің алдын ала тартқыштарына тікелей жақын жерде жөндеу жұмыстары MITSUBISHI MOTORS техникалық құжаттамасына дәл сәйкестікте жүргізілуі тиіс. Бұл ерекше мәнге ие, өйткені жұмыс кезінде алдын-ала тарту жүйесі зақымдалуы мүмкін.
- Егер автомобильді кәдеге жаратуға тапсырғыңыз келсе, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығымен кеңесіңіз. Бұл зор маңызға ие, өйткені қауіпсіздік белдігінің алдын-ала тартқыштары күтпеген жерден жарақатқа әкелуі мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштары қауіпсіздік белдіктері тағылмаған болса да, қатты соққы кезінде іске қосылады.
- Қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштары бір рет іске қосылуға арналған. Алдын ала тартқыштар іске қосылған соң, оларды MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында ауыстыру ұсынылады.

Пассив қауіпсіздіктің қосымша құралдар жүйесінің (SRS) бақылау шамы

E00405901439

Қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштары туралы сигнализация үшін, бір ғана сол бақылау шамы пайдаланылады. “Пассив қауіпсіздіктің қосымша құралдар жүйесінің (SRS) бақылау шамы/ескертуші хабарламасы” тарауын қараңыз, бет 4-37.

Қауіпсіздік белдіктерін алдын ала тарту күштерін шектеу жүйесі

E00406001222

Соқтығысқан жағдайда, тарту күшін шектегіштер адам денесіне қысымды азайту үшін, қауіпсіздік белдіктеріне түсетін жүктемені қарқынды жұтады.

Балалар орындқтары

E00406403842

Балаларды автомобильде тасымалдау кезінде баланың жасына және салмағына сәйкес келетін белгілі бір үлгідегі балалар орындқтарын пайдалану қажет. Көпшілік елдерде мұны заң талап етеді. Балаларды алдыңғы орындққа тасымалдауға қатысты ережелер әр түрлі елдерде түрліше болуы мүмкін. Жергілікті заңнама талаптарын қатаң сақтау қажет.


⚠️ ЕСКЕРТУ

- Балаларды мүмкіндігінше артқы орындққа отырғызыңыз. Жол-көлік оқиғаларының статистикасы көрсеткендей, кез-келген жастағы балаларды жақсы қорғау үшін, оларды артқы орындққа отырғызу және тиісті балалар орындқтарын пайдалану керек.
- Баланы қолда ұстап отыруға болмайды, бұл балалар орындқының орнын ауыстыра алмайды. Қажетті балалар орындқтарын пайдаланудан бас тарту баланың ауыр жарақатына немесе өліміне әкелуі мүмкін.
- Әр балалар орындқы немесе орындқ бекіткіші тек бір балаға ғана пайдалануылуы тиіс.
- Балалар орындқын автомобильдің артқы орындқына орналастыра отырып, алдыңғы орындқтың орналасымын баланың аяғы мен балалар орындқына тимейтіндей етіп реттеу керек. Кері жағдайда, бала кенеттен тежегішті басу немесе соқтығысу кезінде ауыр жарақат алуы мүмкін.

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы бар автомобильдерге балалар орындықтарын орнатуға қарсы алдын ала сақтандыру

4

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығымен жабдықталған автомобильдер суретте көрсетілген заттанбамен жабдыкталады.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Өте қауіпті! **ҚАУІПСІЗДІК БЕЛДІГІ АЖЫРАТЫЛМАҒАН** алдыңғы орындыққа балалар орындығын арқабетін алға қарата орнатуға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**, **БАЛА ОПАТ БОЛУЫ** немесе **АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУЫ** мүмкін!

Арқабеті алға қарата орнатылған балалар орындықтарын артқы орындықтарға қою ұсынылады, ал алдыңғы орындыққа орнатқан кезде, алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығын өшіру керек. “Қауіпсіздік жастығын “өшіру” тарауын қараңыз, бет 4-29.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Егер жолаушының қауіпсіздік жастығы өшірілмеген болса, **АРҚАБЕТІ АЛҒА ҚАРАТА ОРНАТЫЛАТЫН БАЛАЛАР ОРЫНДЫҒЫН** алдыңғы жолаушының орындығына орналастыруға тыйым салынады. Қауіпсіздік жастығы үлкен күшпен ашылады және баланы өлтіріп қоюы немесе ауыр жарақаттауы мүмкін. Арқабеті алға қарата орнатылатын балалар орындығын автомобильдің артқы орындығына орнату керек.


⚠ ЕСКЕРТУ

- **АРҚАБЕТІ АРТҚА ҚАРАТА ОРНАТЫЛАТЫН БАЛАЛАР ОРЫНДЫҚТАРЫН** автомобильдің артқы орындыққа қою ұсынылады, оларды алдыңғы орындыққа орнатқан кезде, алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығын өшіріңіз. Осы талаптарды сақтамау баланың опат болуына немесе ауыр жарақат алуына әкелуі мүмкін.
- **АРҚАБЕТІ АЛҒА ҚАРАТА ОРНАТЫЛҒАН БАЛАЛАР ОРЫНДЫҒЫН**, егер бұл жүргізушінің шолуын нашарлатса, алдыңғы жолаушы орындығына орналастыруға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**.

Емшек жасындағы және кіші жастағы балалар

E00W6602371

Емшек жасындағы және кіші жастағы балаларды автомобильде тасымалдау кезінде, төменде келтірілген ережелерді сақтаңыз.



Ережелер

- Емшек жасындағы балаларды тасымалдау кезінде, арнайы сөмке-кереуетті пайдалану керек. Бойы қауіпсіздік белдігін тағуға мүмкіндік бермейтін жас балаларды тасымалдау кезінде, балалар орындықтарын пайдалану керек.
- Балалар орындығы баланың бойы мен салмағына сәйкес келуі, сонымен қатар автомобильді бекіту жүйесіне лайық болуы керек.
Қауіпсіздікті арттыру мақсатында, АВТОМОБИЛЬДІҢ АРТҚЫ ОРЫНДЫҒЫНА БАЛАЛАР ОРЫНДЫҒЫН ОРНАТУ КЕРЕК.
- Балалар орындығын сатып алар алдында, оның мықтап бекітілгеніне көз жеткізу үшін, оны автомобильдің орындығына орнатып көріңіз. Кейбір дайындаушылар шығарған балалар орындықтарын орнату қауіпсіздік белдіктері құлыптарының орналасу ерекшеліктеріне немесе автомобиль орындықтары жастығының пішініне қарай қиындықтар тудыруы мүмкін. Егер қауіпсіздік белдігін таққан соң, балалар орындығын алға немесе бүйірге оңай жылжытуға болатын болса, басқа өндірушінің балалар орындығын таңдаңыз.

ЕСКЕРТУ

- Орнату кезінде балалар орындығын дайындаушының нұсқаулығын сақтау керек. Нұсқаулық талаптарын орындамау баланың ауыр жарақатына немесе опат болуына әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ

- Балалар орындығын орнатқан соң, оның сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін, оны бойлық және көлденең бағытта жылжытуға болады. Егер орындық дұрыс бекітілмеген болса, соқтығысу немесе кенеттен тежеу жағдайында, орындық балаға немесе басқа жолаушыларға ауыр жарақат әкелуі мүмкін.
- Егер балалар орындығы пайдаланылмаса, соқтығысқан жағдайда, салон бойымен ерсілі-қарсылы қозғалуды болдырмау үшін, орындықты бекіту немесе көліктен шығарып тастау керек.



ЕСКЕРТПЕ

- Автомобильдегі орындықтардың пішініне және балалар орындықтарының түріне қарай, балалар орындықтарын автомобильге бекітудің екі әдісі болуы мүмкін:
 - Артқы орындықтағы төменгі бекітпелерде: Егер балалар орындығында ISOFIX типті бекітпелер болса FАНА (4-22 беттерді қараңыз).
 - Қауіпсіздік белдігімен бекіту (4-23 беттерді қараңыз).

Үлкен жастағы балалар

E00406701391

Балалар орындығы өлшемі бойынша лайық келмейтін балаларды автомобильдің артқы орындығында тасымалдау және құрамдастырылған бел-иық белдігін тағу керек. Белдіктің бел тармағы жамбас сүйегінің жоғарғы бөлігінен төмен орналасатындай етіп, іштің төменгі бөлігіне жуысып тұруы тиіс. Кері жағдайда жағдайда, соқтығысу кезінде белдік баланың іш қуысына тиіп, жарақат келтіруі мүмкін.

Салондағы әртүрлі орындарда ISOFIX бекітпелері бар балалар орындықтарын орналастыру мүмкіндігі

E00411402768

Салмақ тобы	Өлшем тобы	Бекіткіш айлабұйым	Автомобильде ISOFIX орындығының орналасуы		Ұсынылған балалар орындығы*1	Мақұлдау нөмірі UN-R44	Мақұлдау нөмірі UN-R129
			Артқы бүйір орындық				
			Сол жақ	Оң жақ			
Балалар сөмке-кереуеті	F	ISO/L1	IL*2	X	—	—	
	G	ISO/L2	X	IL*2	—	—	
0 10 кг дейін	E	ISO/R1	IL	IL	—	—	—
0+ 13 кг дейін	E	ISO/R1	IL	IL	—	—	—
	—	ISO/R2X	IL	IL	—	—	—
	D	ISO/R2	IL, IL [#]	IL, IL [#]	BABY-SAFE i-SIZE: MZ315055 BABY-SAFE i-SIZE FLEX НЕГІЗІМЕН: MZ315056	—	EI-000008
	C	ISO/R3	IL	IL	—	—	—
I 9-дан 18 кг дейін	—	ISO/R2X	IL	IL	—	—	—
	D	ISO/R2	IL	IL	—	—	—
	C	ISO/R3	IL	IL	—	—	—
	B	ISO/F2	IUF	IUF	—	—	—
	B1	ISO/F2X	IUF, IL [#]	IUF, IL [#]	DUO plus: MZ313045	EI-04301133	—
	A	ISO/F3	IUF	IUF	—	—	—
II және III 15-тен 36 кг дейін	—	—	IL [#]	IL [#]	KIDFIX XP: MZ315025	EI-04301304	—

*1 MITSUBISHI MOTORS алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Барынша толық ақпаратты MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан алуға болады.

*2 Егер L1, L2 санатындағы балалар орындығы орнатылса, артқы орталық немесе артқы орындықтың қарама-қарсы орнына отыруға тыйым салынады.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Автомобиль орындығына балалар орындығын орнату кезінде, осы орындықтан басжастанғыны шешіп алыңыз.
- Балалар орындығын автомобильдің артқы орындығына орналастыра отырып, алдыңғы орындықтың орналасымын баланың аяғы мен балалар орындығына тимейтіндей етіп реттеу керек.
- Егер сол жақта балалар отыратын орын болса, артқы орталық орындыққа отыруға тыйым салынады.
- BABY-SAFE i-SIZE және BABY-SAFE i-SIZE FLEX HEГГЗИМЕН орындықтары бойы 40-тан 83 см дейінгі балаларға арналған.

Алдыңғы кестедегі аббревиатуралардың мәні

- IUF — осы салмақ санатындағы балаларды тасымалдау кезінде пайдалануға мақұлданған “эмбебап” ISOFIX балалар орындықтарын орнатуға жарамды.
- IL — осы салмақ санатындағы балаларды тасымалдау кезінде пайдалануға мақұлданған “жартылай эмбебап” ISOFIX балалар орындықтарын орнатуға жарамды.
- IL# — белгілі бір ISOFIX балалар орындықтарын орнатуға жарамды. “Ұсынылған балалар орындығы” кестесін қараңыз.
- X — осы салмақ тобындағы балаларға арналған ISOFIX балалар орындықтарын орнатуға жарамсыз.

Салондағы түрлі жерлерде балалар орындықтарын орнату мүмкіндігі

E00406803787

Салмақ тобы	Орындықтардың орналасуы				Ұсынылған балалар орындығы*2	Мақұлдау нөмірі UN-R44	Мақұлдау нөмірі UN-R129
	Алдыңғы жолаушының орны		Артқы бүйір орындық	Артқы орталық орындық			
	Қауіпсіздік жастығы қосулы	Қауіпсіздік жастығы өшірулі*1					
0 10 кг дейін	X	U	U	X	—	—	—
0+ 13 кг дейін	X	U, L#	U, L#	L#	BABY-SAFE i-SIZE: MZ315055	—	EI-000008
I 9-дан 18 кг дейін	X	U, L#	U, L#	L#	DUO plus: MZ313045	EI-04301133	—
II және III 15-тен 36 кг дейін	X	U*3, L#	U*3, L#	L#	KIDFIX XP: MZ315025	EI-04301304	—

*1 Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы арнайы ажыратқышпен ажыратылған жағдайда.

*2 MITSUBISHI MOTORS алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Барынша толық ақпаратты MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан алуға болады.

*3 Орнатылған орындық-бустер жағдайында басжастанғыны шешіп алмаңыз.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Автомобиль орындығына балалар орындығын орнату кезінде, осы орындықтан басжастанғыны шешіп алыңыз. Орнатылған орындық-бустер жағдайында басжастанғыны шешіп алмаңыз (4-23 беттерді қараңыз).
- Балалар орындығын алдыңғы жолаушының орындығына орнатқан кезде, алдыңғы жолаушының орындығын шеткі артқы жағына жылжытыңыз. Сонымен қатар, орындықты ең жоғарғы орналасымға орнатыңыз (орындықтың биіктігі реттелген болса).
- Балалар орындығын автомобильдің артқы орындығына орналастыра отырып, алдыңғы орындықтың орналасымын баланың аяғы мен балалар орындығына тимейтіндей етіп реттеу керек.
- Егер сол жақта балалар орындығы орнатылған болса, артқы орталық орындыққа отыруға немесе оған балалар орындығын орнатуға тыйым салынады.
- Егер орталық орынға балалар орындығы орнатылған болса, сол жақ бүйір орындыққа отыруға немесе оған балалар орындығын орнатуға тыйым салынады.
- BABY-SAFE i-SIZE орындығы бойы 40-тан 83 см дейінгі балаларға арналған.

Алдыңғы кестедегі аббревиатуралардың мәні

- U — осы салмақ тобындағы балаларды тасымалдау мақұлданған “әмбебап” санатты балалар орындықтарын орнатуға жарамды.
- L# — белгілі бір ISOFIX балалар орындықтарын орнатуға жарамды. “Ұсынылған балалар орындығы” кестесін қараңыз.
- X — осы салмақ тобындағы балаларға арналған балалар орындықтарын орнатуға жарамсыз.

Орындық-бустер

E00465200071

	Салондағы орналасуы			
	Алдыңғы жолаушының орны		Артқы бүйір орындық	Артқы ортаңғы орындық
	Қауіпсіздік жастығы қосулы	Қауіпсіздік жастығы өшірулі*		
Бустердің бекітпесі	X	B2, B3	B2, B3	X

*Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы арнайы ажыратқышпен ажыратылған жағдайда.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Автомобиль орындығына балалар орындығын орнату кезінде, осы орындықтан басжастанғыны шешіп алыңыз.

 АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Бустерді алдыңғы жолаушының орындығына орнатқан кезде, алдыңғы жолаушының орындығын шеткі артқы жағына жылжытыңыз. Сонымен қатар, орындықты ең жоғарғы орналасымға орнатыңыз (орындықтың биіктігі реттелген болса).

Алдыңғы кестедегі аббревиатуралардың мәні

B2 — ISO/B2 бустер орнату үшін жарамды.

B3 — ISO/B3 бустер орнату үшін жарамды.

X — автомобиль орындығы бустер орнатуға жарамсыз.


Балалар орындығын төменгі бекітпелерге (ISOFIX бекіту жүйесі) және ұстап тұратын белдіктерді бекітпеге орнату

E00408902769

4


Төменгі бекітпелердің орналасуы

Автомобильдің артқы орындығы ISOFIX бекітпе жүйесі бар балаларға арналған орындықтарды орнатуға арналған төменгі бекітпелермен жабдықталған.



Ұстап тұратын белдіктерді бекіту нүктелерінің орналасуы

Артқы орындықтардың артқы жағында ұстап тұратын белдіктердің екі бекіту нүктесі бар. Олар автомобильдің артқы орындығындағы екі орынға балалар орындығын ұстап тұратын белдіктерді бекітуге арналған.



⚠ ЕСКЕРТУ


- Балалар орындықтарының бекітпелері дұрыс орнатылған орындықтардан туындайтын жүктемеге ғана арналған. Оларды ересектерге арналған қауіпсіздік белдіктерін орнату, автомобильдің басқа заттары мен жабдықтарын бекіту үшін пайдалануға тыйым салынады.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер сол жақта балалар отыратын орын болса, артқы орталық орындыққа отыруға болмайды. Балалар орындығы қауіпсіздік белдігін дұрыс бекітуге кедергі жасайды.

ISOFIX бекітпе жүйесі бар балалар орындығы

Мұндай балалар орындықтары төменгі бекітпелері бар автомобиль орындықтарына орнатуға ғана арналған. Балалар орындығын төменгі бекітпеге орнатыңыз. Мұндай орындықтарды автомобиль қауіпсіздік белдіктерімен бекітудің қажеті жоқ.




A — балалар орындықтарының бекітпелері.

Орнату

1. Бекітпелерден бөгде заттарды алып тастаңыз; автомобильдің қауіпсіздік белдіктері жиналуы тиіс.
2. Балалар орындығы орнатылуы тиіс жолаушылар орнынан басжастанғыны шешіп алыңыз.
“Басжастанғы” тарауын қараңыз, бет 4-5.


3. Балалар орындығының кронштейндерін (А) балалар орындығын дайындаушының нұсқауларына сәйкес төменгі бекітпелерге (В) салыңыз.



А — кронштейн
В — төменгі кронштейн

Егер балалар орындығының тірегі бар болса, оның еденге сенімді етіп тірелгеніне көз жеткізіңіз. Егер балалар орындығын орнату үшін бекіту белдігін пайдалану қажет болса, белдікті 4-тармаққа сәйкес бекітіңіз.

4. Балалар орындығының (С) бекіткіш белдігінің ілгегін бекіту кронштейніне (D) тағыңыз және орындықты мықтап бекіту үшін бекіту белдігін қатайтыңыз.



5. Балалар орындығының сенімді етіп бекітілгеніне көз жеткізу үшін, оны әртүрлі бағытта жылжытуға тырысыңыз.

Шешіп алу

Балалар орындығын оны дайындаушының нұсқаулығына сәйкес шешіп алыңыз.

Балалар орындығын үш нүктелі қауіпсіздік белдіктерінің көмегімен бекіту (бұғаттаудың инерциялық механизмімен)

E00407102331

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ


- Егер сол жақта балалар орындығы орнатылған болса, артқы орталық орындыққа отыруға немесе оған балалар орындығын орнатуға тыйым салынады. Орталық орындықта балалар орындығы қауіпсіздік белдігін дұрыс бекітуге кедергі жасайды.
- Егер орталық орынға балалар орындығы орнатылған болса, сол жақ бүйір орындыққа отыруға немесе оған балалар орындығын орнатуға тыйым салынады. Сол жақ орындықта балалар орындығы қауіпсіздік белдігін дұрыс бекітуге кедергі жасайды.

Балалар орындығын орнату

1. Өзіңіз таңдаған автомобиль орындығына балалар орындығын орнатып, осы орындықтан басжастанғыны шешіп алыңыз. “Басжастанғы” тарауын қараңыз, бет 4-5.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ


- Орнатылған орындық-бустер жағдайында басжастанғыны шешіп алмаңыз.



2. Балалар орындығын алдыңғы жолаушының орындығына орнатқан кезде, алдыңғы жолаушының орындығын шеткі артқы жағына жылжытыңыз. Сонымен қатар, орындықты ең жоғарғы орналасымға орнатыңыз (орындықтың биіктігі реттелген болса).
3. Қауіпсіздік белдігін баланың орындығы арқылы дайындаушының нұсқаулықтарына сәйкес тартыңыз және ысырманың тілшесін құлыпқа салыңыз.
4. Арнайы бекіту қысқышын пайдаланып, белдік босап кетпеуі үшін, белдікті тартыңыз.

⚠️ ЕСКЕРТУ

- Балалар орындықтарының кейбір түрлерін орнату кезінде, соқтығысу немесе күрт маневр жасау жағдайында, жарақаттанудың алдын алуға көмектесетін арнайы бекіткіш қысқышын (А) пайдалану қажет. Бекіткіш қысқышты балалар орындығын дайындаушының нұсқауларына сәйкес орнату және пайдалану қажет. Балалар орындығын шешіп алу кезінде, бекіткіш қысқышты да алып тастау қажет.



5. Егер балалар орындығының тірегі бар болса, оның еденге сенімді етіп тірелгеніне көз жеткізіңіз.
6. Баланы балалар орындығына отырғызудан бұрын, балалар орындығының сенімді етіп бекітілгеніне көз жеткізу үшін, оны әртүрлі бағытта жылжытуға тырысыңыз. Балалар орындығын әр пайдаланған сайын осылай етіңіз.

Балалар орындығын шешіп алу

Қауіпсіздік белдігінің құлыпынан ілмектің тілшесін алыңыз, содан кейін қауіпсіздік белдігін балалар орындығындағы бекіткіштерден шығарыңыз.

Қауіпсіздік белдіктерін тексеру

E00W6301690


Белдіктердің зақымдалмағанына, тозбағанына және олардың кесілмегеніне және белдіктердің металл бөліктерінде ақаулар жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Ақаулықтар анықталған кезде, белдікті толық ауыстырыңыз.

⚠️ ЕСКЕРТУ

- Кез келген соқтығысудан кейін инерциялық механизмді және бекітпе бөлшектерін тексеруді қоса алғанда, қауіпсіздік белдіктерін қарап тексеру керек. Соқтығысқан соң, пайдаланылған қауіпсіздік белдіктерін ауыстыру ұсынылады (соқтығысу күшті болмаған жағдайларды қоспағанда, белдік қалыпты жұмысын жалғастырады және көзге көрінетін зақымдары жоқ).

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік белдіктерінің кез-келген түйіндері мен бөлшектерін өздігінен жөндеуге немесе ауыстыруға тырысудың қажеті жоқ; бұл жұмыстарды MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында орындауды ұсынамыз. Дұрыс жөндемеу немесе бөлшектерді ауыстыру белдіктердің тиімділігін төмендетуі мүмкін, мұның өзі авария кезінде ауыр жарақатқа себеп болуы мүмкін.
- Алдын ала тартқыш іске қосылған соң, оны ауыстыру қажет. Алдын ала тартқышты инерциялық шарғымен бірге ауыстыру керек.
- Қауіпсіздік белдігінің құлыпына немесе шарғысына бөгде заттарды (пластмасса бөліктерін, қыстырғыштарды, түймелерді және т.б.) салуға тыйым салынады. Сонымен қатар конструкцияны өзгертуге, қауіпсіздік белдіктерін бөлшектеуге немесе оларды өздігінен орнатуға тыйым салынады. Олай болмаған жағдайда, қауіпсіздік белдігі соқтығысу немесе басқа авариялық жағдайлар кезінде, қажетті қорғауды қамтамасыз ете алмайды.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Белдіктерді бейтарап жуғыш затты пайдалана отырып, жылы сумен жуыңыз. Белдікті шайып, оны көленкеде құрғатыңыз. Ағартқыштарды немесе бояғыштарды пайдалануға тыйым салынады, өйткені бұл белдіктердің беріктігіне теріс әсер етуі мүмкін.

Пассив қауіпсіздіктің қосымша құралдар жүйесі (SRS): қауіпсіздік жастығы

E00407203876

Пассив қауіпсіздіктің қосымша құралдары жүйесіне (SRS) арналған бұл тарауда жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықтары, жүргізушінің тізесіндегі қауіпсіздік жастығы, бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары туралы маңызды ақпарат бар. Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықтары негізгі қорғаныс құралы болып табылатын қауіпсіздік белдіктерін толықтырады. Олар орташа және үлкен күшпен маңдайлық соқтығысулар кезінде, жүргізуші мен алдыңғы жолаушының басы мен кеудесін қорғайды.

Жүргізушінің тізесіндегі қауіпсіздік жастығы (бар болса) жүргізушінің қауіпсіздік белдігімен ұсынылған негізгі қорғаныс жүйесін толықтыруға арналған. Бұл жүргізушінің тізелері мен аяқтарының алға жылжуын шектейді және белгілі бір орта және үлкен күшпен фронтальды соқтығысуларда дененің жалпы қорғанысын жақсартады.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары (егер бар болса) қауіпсіздік белдіктерін толықтыратын және жүргізуші мен алдыңғы жолаушыны орташа және үлкен күшпен бүйірлік соқтығысуының кейбір түрлерінде кеуде жасушасы жарақатынан қорғайтын құрал болып табылады.

Перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары (бар болса) қауіпсіздік белдіктерін толықтыратын және жүргізуші мен жолаушыларды орташа және үлкен күшті бүйірлік қақтығыстардың кейбір түрлерінде бас жарақаттарынан қорғайтын құрал болып табылады.

Авария кезінде шұғыл мән беруге арналған “ЭРА-ГЛОНАСС” жүйесімен жабдықталған автомобильдерде перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары автомобиль аударылғанда да іске қосылады, себебі перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары адамдардың есік терезелері арқылы бүйірлік соқтығысулар жағдайында, автомобиль аударылғанда, адамдардың автомобильден толық немесе ішінара түсіп қалу қаупін азайтуға арналған.

Қауіпсіздік жастықтары өзі арқылы қауіпсіздік белдіктерін АУЫСТЫРМАЙДЫ. Кез-келген жол-көлік оқиғасы кезінде адамдардың барынша қорғалуын қамтамасыз ету үшін, автомобильдегі барлық адамдар қауіпсіздік белдіктерімен бекітілуі керек.


ЕСКЕРТПЕ

- Авария кезінде шұғыл мән беруге арналған “ЭРА-ГЛОНАСС” жүйесі (бар болса) кез келген қауіпсіздік жастығын ашу кезінде немесе автомобиль қатты соқтығысқанда іске қосылуға арналған. “Авариялар кезінде шұғыл мән беруге арналған “ЭРА-ГЛОНАСС” жүйесі” тарауын қараңыз, бет 8-2.

Пассив қауіпсіздіктің қосымша құралдар жүйесінің (SRS) жұмысы


E00407303590

Пассив қауіпсіздіктің қосымша құралдар жүйесінің (SRS) құрамына келесі элементтер кіреді:



- 1 — жүргізушінің қауіпсіздік жастығының модулі
- 2 — алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығын өшіруді бақылау шамы

- 3 — алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы модулі
- 4 — жүргізушінің тізесіндегі қауіпсіздік жастығының модулі*
- 5 — алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығын ажыратқыш



- 6 — бүйірлік қауіпсіздік жастығының модульдері*
- 7 — перде түріндегі қауіпсіздік жастықтарының модульдері*

Қауіпсіздік жастықтары оталдыру кілті төменде көрсетілген орналасымдардың бірінде болғанда немесе төменде көрсетілген жұмыс режимі қосылған кезде ғана жұмыс істейді.

Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер

Оталдыру кілті ON немесе START орналасымында орналасқан..

Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер

ON жұмыс режимі қосылу.

Авария кезінде шұғыл мән беруге арналған “ЭРА-ГЛОНАСС” жүйесімен жабдықталған автомобильдерде қауіпсіздік жастықшаларын

басқару блогы автомобильдің аударылуын тіркеген кезде, ол перде түріндегі қауіпсіздік жастықшаларын іске қосады.

Қауіпсіздік жастықтарын толтырған кезде қатты дыбыс шығады, аздап түтін мен шаң бөлінеді, бірақ бұл зиянсыз және автомобильдің өртенуіне әкелмейді. Тыныс алу органдарының ауруларына шалдыққан адамдар жастықтарды толтыру үшін пайдаланылатын химиялық заттардан уақытша тітіркенуді сезінуі мүмкін; жастықтардан газ шыққан соң, егер ол қауіпсіз болса, терезені ашыңыз.

Іске қосылған соң қауіпсіздік жастықтары өте тез үрленеді, сондықтан көруді шектеу қаупі үлкен емес.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ


- Қауіпсіздік жастықтары шамадан тыс тез ашылады. Кейбір жағдайларда ашылатын жастықпен жанасу сызаттарға, кішігірім тілінуге, көгеруге және т.б. әкелуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

- **ОРЫНДЫҚТА ДҰРЫС ОРНАЛАСЫМҒА ИЕ БОЛУ ЗОР МАҢЫЗҒА ИЕ.**
Қауіпсіздік жастықшаларын ашу кезінде рөл мен алдыңғы панельге өте жақын орналасқан жүргізуші мен алдыңғы жолаушы өліп кетуі немесе ауыр жарақат алуы мүмкін. Қауіпсіздік жастықтары өте тез және үлкен күшпен ашылады. Егер жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы дұрыс емес қалыпта отырса немесе қауіпсіздік белдіктерімен дұрыс бекітілмеген болса, қауіпсіздік жастықтары оларды қорған қана қоймай, іске қосылған кезде ауыр немесе өлім жарақатына әкелуі мүмкін.
- Орындықтың шетінде отырмаңыз, тізеңізді аспаптар тақтасына тым жақын қоймаңыз және басыңызды немесе кеудеңізді рөл доңгелегіне немесе аспаптар панеліне жақындатпаңыз. Аяқтв аспаптар панеліне қоймаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Емшек жасындағы және кіші жастағы балаларды артқы орындыққа тиісті балалар орындығына орналастыру керек. Артқы орындық — емшек жасындағы және кіші жастағы балалар үшін барынша қауіпсіз орын.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Кіші жастағы балаларды белдік тағылмаған күйінде тасымалдауға, олардың аспаптар панеліне сүйеніп тұруына немесе қолмен ұстап отыруына немесе тізделерінде отырғызуына тыйым салынады. Соқтығысқан кезде, оның ішінде қауіпсіздік жастықшалары іске қосылған кезде, олар ауыр жарақат алуы немесе опат болуы мүмкін. Олар автомобильдің артқы орындығына тиісті балалар орындықтарына дұрыс орналастырылуы керек. “Балалар орындықтары” тарауын қараңыз, бет 4-15.




- Үлкен жастағы балаларды автомобиль орындығында тасымалдау, қауіпсіздік белдігін тағу керек, қажет болған жағдайда, лайықты орындық-бустерді пайдалану керек.

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы бар автомобильдерге балалар орындықтарын орнатуға қарсы алдын ала сақтандыру

E00408802423

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығымен жабдықталған автомобильдер суретте көрсетілген заттанбамен жабдыкталады.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Өте қауіпті!
ҚАУІПСІЗДІК БЕЛДІГІ АЖЫРАТЫЛМАҒАН алдыңғы орындыққа балалар орындығын арқабетін алға қарата орнатуға **ТҰЙЫМ САЛЫНАДЫ**, БАЛА ОПАТ БОЛУЫ немесе АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУЫ мүмкін!


Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығын ажыратқыш

E00410101543

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы арнайы ажыратқышпен ажыратылған жағдайда пайдаланылады. Егер Сіз алдыңғы жолаушылар орындығынан басқа орындықтарға бекітілмейтін, арқабеті алға орнатылатын балалар орындығын сатып алсаңыз, оны орнатар алдында, қауіпсіздік жастығын арнайы ажыратқышпен өшіргеніне көз жеткізіңіз.

“Қауіпсіздік жастығын “өшіру” тарауын қараңыз, бет 4-29.


Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының ажыратқышы суретте көрсетілген жерде орналасқан.



Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығын өшіруді бақылау шамы

E01M10201573

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығын өшіруді бақылау шамы аспаптар панелінде орналасқан.



Бақылау шамы оталдыру кілтін ON күйіне бұрған кезде немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде қосылып, бірнеше секундтан кейін өшуге тиіс. Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықшасын OFF (өшірулі) күйіне орнатқан соң, өшірудің бақылау шамы қосылып, жастықтың өшірілгенін еске салады. Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықшасын ON (қосулы) күйіне орнатқаннан кейін, өшіру шамы сөніп, қосылған жастықтың басқару шамы шамамен 1 минутқа қосылады; бұл жастықтың қосылғанын көрсетеді.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік жастықшасын өшірудің бақылау шамын жаба алатын автомобильге қосымша жабдық орнатпаңыз және бақылау шамын жапсырмалармен жауып қоймаңыз. Бұл жағдайда Сіз қауіпсіздік жастығын қоса алмайсыз және өшіре алмайсыз.

Қауіпсіздік жастығын өшіру

E00412301291

⚠ ЕСКЕРТУ

- Ауыр немесе өлімге әкелетін жарақат алу қаупін азайту үшін:
- Қауіпсіздік жастығының ажыратқышын ауыстыру алдында, оталдыру құлпынан кілтті суырып алыңыз немесе OFF жұмыс режимін қосыңыз. Бұл талапты орындамау қауіпсіздік жастығының кездейсоқ іске қосылуына әкелуі мүмкін.
- Оталдыру құлпын ON күйінен LOCK күйіне ауыстырған соң немесе OFF режимін қосқан соң, қауіпсіздік жастығының ажыратқышын қолданар алдында, шамамен 60 секунд күте тұру керек. Қауіпсіздік жастықтары жүйесі жастықтарды іске қосу үшін жеткілікті қорек кернеуін біраз уақыт ұстап тұруға арналған.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік жастығын өшірген соң, қауіпсіздік жастығының ажыратқышынан кілтті міндетті түрде суырып алыңыз. Осы талап орындалмаған жағдайда, қауіпсіздік жастығының ажыратқышы дұрыс емес жерде орнатылуы мүмкін.
- Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығын балалар орындығының алдыңғы орындығына орнатар алдында ғана ажыратыңыз және басқа ешбір жағдайда ажыратпаңыз.
- Егер қауіпсіздік жастығын ажыратқыштың көмегімен ажыратқан соң, аспаптар панелінде бақылау шамы қосылмаса, алдыңғы жолаушылар орындығына балалар орындығын орнатпаңыз. Жүйені тексеру үшін, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.
- Егер қауіпсіздік жастығын ажыратқыштың көмегімен қосқан соң, жастықтың өшірілуін бақылау шамы жануды жалғастырса, алдыңғы жолаушының орындығына ешкімнің отыруына жол бермеңіз. Жүйені тексеру үшін, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.


Қауіпсіздік жастығын өшіру үшін, келесі әрекетті орындаңыз:

1. Алдымен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығын ажыратқышқа кілтті салып, оны OFF күйіне бұраңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер автомобиль қашықтан басқару жүйесімен жабдықталған болса, қосымша кілтті пайдаланыңыз. “Қосымша кілт” тарауын қараңыз, бет 3-17.

2. Қауіпсіздік жастығы ажыратқышынан кілтті суырып алыңыз.
3. Оталдыру құлпындағы кілтті ON күйіне бұраңыз немесе ON жұмыс режимін қосыңыз. Қауіпсіздік жастығын өшіруді бақылау шамы қосылуы және өшпеуі тиіс.




Енді алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы өшірілген және осы ажыратқышты қайта қосқанша іске қосыла алмайды.

Жүргізуші мен жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықтары жүйесі

E00407402129

Жүргізушінің қауіпсіздік жастығы рөл дөңгелегінің ортасында дөңес қақпақтың астында орналасқан. Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы киім қорабының үстіндегі аспаптар панелінде орналасқан.

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықтары, тіпті, алдыңғы орындықта жолаушы болмаса да, бір уақытта ашылатындай етіп құрастырылған.




AFA113951

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары мен жүргізуші тізесіндегі қауіпсіздік жастықтарының ашылуы

E00407502902

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары келесі жағдайларда ІСКЕ ҚОСЫЛУҒА АРНАЛҒАН...

Алдыңғы қауіпсіздік жастығы, сондай-ақ жүргізушінің тізесіндегі қауіпсіздік жастығы орташа немесе күшті фронтальды соққылар кезінде іске қосуға арналған. Кейбір өзіне тән жағдайлар суретте көрсетілген:




AFA113948

Жүргізушінің тізесіндегі қауіпсіздік жастығы*

E00412401322

Жүргізушінің тізесіндегі қауіпсіздік жастығы рөл бағанының астында орналасқан және жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығымен бір мезгілде жұмыс істейді.



AG0004684

- 1 — шамамен 25 км/сағ. және одан жоғары жылдамдықта қозғалмайтын кедергіге фронтальды соққы
- 2 — көрсеткілер арасындағы көлеңкелі аймақта орташа немесе күшті фронтальды соққы


Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары мен жүргізуші тізесіндегі қауіпсіздік жастығы соққы деформацияланбайтын қатты жылжымайтын кедергіге ие 25 км/сағ. жылдамдықта соқтығысумен салыстырылатын белгілі бір шекті деңгейден асқан жағдайда іске қосылады. Егер соққы энергиясы шекті мәннен аз болса, қауіпсіздік жастықтары іске қосылмауы мүмкін. Алайда, автомобиль деформациялау немесе орын ауыстыру арқылы энергия жұтатын заттармен (мысалы, басқа тұрған автомобильмен, бағанмен немесе қоршау таянышымен) соқтығысқанда, жастықтар іске қосылатын жылдамдық едәуір жоғары болады.

Маңдайлық соққы жағдайында жүргізуші немесе жолаушы өз орнынан қозғала алатындықтан, қауіпсіздік белдіктерін дұрыс пайдалану зор маңызға ие. Қауіпсіздік жастықтары іске қосылған бастапқы сәтті, қауіпсіздік белдігі адамды рөл дөңгелегінен және аспаптар панелінен қауіпсіз

қашықтықта ұстайды. Іске қосудың бастапқы сатысында қауіпсіздік жастығы ең үлкен қуатқа ие, мұның өзі байланыс кезінде ауыр жарақатқа немесе өлімге себеп болуы мүмкін. Сондай-ақ қауіпсіздік белдігі соқтығысу кезінде қорғаудың негізгі құралы болып табылады. Қауіпсіздік жастықтары қосымша қорғану құралы ретінде әзірленген. Сондықтан өз қауіпсіздігіңізді және жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, қауіпсіздік белдіктерін дұрыс пайдалану қажет.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары мен жүргізушінің тізесіндегі қауіпсіздік жастықтары келесі жағдайларда ІСКЕ ҚОСЫЛМАУЫ МҮМКІН...

Фронтальды соққылардың кейбір түрлерінде автомобиль шанағы жолаушыларды қорғай отырып, соққы энергиясын жұта алады (автомобиль шанағының алдыңғы жағы соққы энергиясын жұту арқылы қатты деформациялануы мүмкін). Бұл жағдайда алдыңғы қауіпсіздік жастықтары, сондай-ақ жүргізушінің тізесіндегі қауіпсіздік жастықтары автомобильдің деформациясы мен зақымдалуына қарамай, іске қосылмауы мүмкін. Кейбір өзіне тән жағдайлар суретте көрсетілген:




- 1 — бағанға, ағашқа немесе басқа тар затқа соғылу
- 2 — жүк көлігінің артқы жағына автомобильді әкелу
- 3 — автомобильдің алдыңғы бөлігінің бұрышпен соғылуы

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары мен жүргізушінің тізесіндегі қауіпсіздік жастықтары соқтығысудың барлық жағдайларында қорғалмайтындықтан, қауіпсіздік белдігін міндетті түрде тағып алыңыз.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары келесі жағдайларда ІСКЕ ҚОСЫЛУҒА АРНАЛМАҒАН...

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары мен жүргізушінің тізесіндегі қауіпсіздік жастықтары адамды қорғай алмайтын жағдайларда іске қосылуға арналмаған.

Мұндай жағдайлар суретте көрсетілген:




- 1 — ілеспе соқтығысулар (автомобильдің артқы жағына соққы берілуі)
- 2 — бүйір соққылар
- 3 — автомобильдің бортқа немесе шатырға аударылуы

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары мен жүргізушінің тізесіндегі қауіпсіздік жастықтары соқтығысудың барлық жағдайларында қорғалмайтындықтан, қауіпсіздік белдігін міндетті түрде тағу керек.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары мен жүргізушінің тізесіндегі қауіпсіздік жастықтары келесі жағдайларда ІСКЕ ҚОСЫЛУЫ МҮМКІН...

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары мен жүргізуші тізесіндегі қауіпсіздік жастығы автомобильдің төменгі бөлігіне орташа немесе қатты соққы берілген жағдайда іске қосылуы мүмкін (шанақтың төменгі бөлігі мен жүріс бөлігінің зақымдануы).

Кейбір өзіне тән жағдайлар суретте көрсетілген:




- 4
- 1 — көтеріңкі бөлектеу жолағына, қауіпсіздік аралына немесе тасжикке соғылуы
 - 2 — автомобильдің терең шұңқырға немесе ойыққа түсуі
 - 3 — автомобильдің тік беткейге түсіп кетуі және шамақтың төменгі бөлігін жерге соғылуы

Қауіпсіздік жастықтары суретте көрсетілген күрт сокқылардың кейбір түрлерінде ашылуы мүмкін және автомобильдегі адамдар өз шараларынан ауыса алады, сондықтан қауіпсіздік белдіктерін дұрыс пайдалану зор маңызға ие. Қауіпсіздік жастықтары іске қосылған бастапқы сәтті, қауіпсіздік белдігі адамды рөл дөңгелегінен және аспаптар панелінен қауіпсіз қашықтыққа ұстайды. Іске қосудың бастапқы сатысында қауіпсіздік жастығы ең үлкен қуатқа ие, бұл байланыс кезінде ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ


- Рөл дөңгелегінің дөңес қақпағына әлдебір заттарды (әшекейлер, жапсырмалар және т.б.) бекітуге тыйым салынады. Қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде, олар адамды соғып, жарақаттауы мүмкін.
- Заттар жәшігінің үстіндегі аспаптар панеліне әлдебір заттарды қоюға немесе бекітуге тыйым салынады. Қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде, олар адамды соғып, жарақаттауы мүмкін.



- Желәйікке бекітуге немесе оның алдына әлдебір заттар қоюға тыйым салынады. Олар қауіпсіздік жастықшаларын ашуға кедергі келтіруі мүмкін немесе қауіпсіздік жастықтарын ашқан кезде, жүргізуші мен жолаушыны соғып, жарақаттауы мүмкін.
- Оталдыру кілтін қосымша кілттерді немесе аксессуарларды (қатты, үшкір немесе ауыр заттар) бекітуге тыйым салынады. Бұл заттар жүргізушінің тізесіндегі қауіпсіздік жастығының қалыпты толтырылуына жол бермейді немесе оны ашқан кезде жарақатқа әкелуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Аспаптар панелінің төменгі бөлігіне жүргізуші тарапынан әлдебір заттарды немесе аксессуарларды бекітуге тыйым салынады. Бұл заттар жүргізушінің тізесіндегі қауіпсіздік жастығының қалыпты толтырылуына жол бермейді немесе оны ашқан кезде жарақатқа әкелуі мүмкін.



- Қауіпсіздік жастығы мен жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының арасына сөмкелерді, жануарларды немесе әлдебір заттарды салуға тыйым салынады. Олар қауіпсіздік жастықшаларын ашуға кедергі келтіруі мүмкін немесе жастықтарды ашқан кезде, жүргізуші мен жолаушыны соғып, жарақаттауы мүмкін.
- Қауіпсіздік жастықтарын бірден ашқан соң, олардың кейбір бөліктері ыстық болуы мүмкін. Оларға қол тигізбеніз. Күйін қалу қаупі бар.


⚠ ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік жастықтары жүйесі бір рет іске қосылуға арналған. Іске қосылған соң, қауіпсіздік жастықтары қайта пайдаланылмайды. Оларды мүмкіндігінше тезірек ауыстыру керек, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында қауіпсіздік жастықшаларының бүкіл жүйесін тексеру ұсынылады.


Бүйірлік қауіпсіздік жастықтар жүйесі*

E00407601980

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары (А) алдыңғы орындықтардың арқабеттеріне орнатылған. Бүйірлік қауіпсіздік жастығы, тіпті, алдыңғы орындықта адам болмаса да, тиісті жағынан бүйірлік соққы берілген кезде ғана ашылады.




Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған орындықтарда символ бар.



Перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары жүйесі*

E00409102090

Перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары шатыр қаңқасының бүйір элементтерінде орналасқан. Перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары, тіпті, алдыңғы немесе артқы орындықта адам болмаса да, тиісті жағынан бүйірлік соққы берілген кезде ғана ашылады.




Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтарының ашылуы

E00407702773

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары келесі жағдайларда ІСКЕ ҚОСЫЛУҒА АРНАЛҒАН...


Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары, сондай-ақ перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары салонның ортаңғы бөлігіне орташа немесе үлкен күшпен бүйірлік соққы берілген жағдайда іске қосылуға арналған. Кейбір өзіне тән жағдайлар суретте көрсетілген:

4



AA0042831

Авария кезінде шұғыл мән беруге арналған “ЭРА-ГЛОНАСС” жүйесімен жабдықталған автомобильдерде қауіпсіздік жастықтарын басқару блогы автомобильдің аударылуын тіркеген кезде, ол перде түріндегі қауіпсіздік жастықшаларын іске қосады.




AJA116677

Атап айтқанда, қауіпсіздік белдіктері соқтығысу кезінде қорғаудың негізгі құралы болып табылады. Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары, сондай-ақ перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары қосымша қорғау құралы ретінде әзірленген.

Сондықтан өз қауіпсіздігіңізді және жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, қауіпсіздік белдіктерін дұрыс пайдалану қажет.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары келесі жағдайларда ІСКЕ ҚОСЫЛА АЛМАЙДЫ...


Бүйірлік соққылардың кейбір түрлерінде автомобиль шанағы жолаушыларды қорғай отырып, соққы энергиясын жұта алады (автомобиль шанағының бүйірлік бөлігінің соққы күшін жұта отырып, қатты деформациялануы мүмкін). Бұл жағдайда бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары автомобильдің деформациясы мен зақымдалуына қарамай, іске қосылмауы мүмкін. Кейбір өзіне тән жағдайлар суретте көрсетілген:



AG0007933

1 — салоннан тыс аймақтарда орналасқан бүйірлік соққылар

- 2 — мотоцикл автомобилінің немесе өзге де осыған ұқсас шағын көлемді көлік құралының бүйіріне берілген соққылар
- 3 — бағанға, ағашқа немесе басқа тар затқа бүйірлік соққы



AG0007946


- 4 — сырғушы бүйірлік соққылар
- 5 — автомобильдің бортқа немесе шатырға аударылуы*

* Авария кезінде шұғыл мән беруге арналған “ЭРА-ГЛОНАСС” жүйесімен жабдықталған автомобильдерде автомобильді бортымен немесе шатырымен аударылғанда, перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары іске қосылады.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары бүйірлік соққылардың барлық жағдайларында қорғалмайтындықтан, қауіпсіздік белдігін тағу керек.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары келесі жағдайларда ІСКЕ ҚОСЫЛУҒА АРНАЛМАҒАН...

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары, сондай-ақ перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары адамды қорғай алмайтын жағдайларда жұмыс істеуге арналмаған. Мұндай жағдайлар суретте көрсетілген:



- 1 — маңдайлық соқтығысулар
- 2 — ілеспе соқтығысулар (автомобильдің артқы жағына соққы берілуі)
- 3 — автомобильдің алдыңғы жағы арқылы аударылу

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары бүйірлік соққылардың барлық жағдайларында қорғалмайтындықтан, қауіпсіздік белдігін міндетті түрде тағу керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белдіктерін толықтыратын және бүйір соққылардың кейбір түрлерінде жүргізуші мен жолаушыны қорғайтын құрал болып табылады. Қауіпсіздік белдіктері дұрыс тағылған жүргізуші мен жолаушылар орындықтардың арқабетіне шалқайып, әйнекке немесе есікке сүйенбей, тік отыруы керек.
- Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары үлкен күшпен ашылады. Жүргізуші мен жолаушыларға бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде, ауыр немесе өлімге әкелетін жарақатты болдырмау үшін, қолдарын терезеден шығару, есіктерге сүйену ұсынылмайды.




- Артқы жолаушылардың алдыңғы орындықтардың арқабетіне сүйенуіне жол бермеңіз, кері жағдайда бүйірлік қауіпсіздік жастықтарын ашқан кезде, жарақат алуы мүмкін. Балаларға ерекше назар аудару керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Алдыңғы орындықтардың арқабетіне немесе олардың алдына әлдебір заттарды қоюға тыйым салынады. Ашылған кезде бүйірлік қауіпсіздік жастығы оларға соғылып, жарақат келтіруі мүмкін. Сондай-ақ олар бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының ашылуына кедергі жасауы мүмкін.
- Алдыңғы орындықтардың арқабетіне заттаңбалар мен өзге де заттарды жапсыруға тыйым салынады. Олар бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының ашылуына кедергі жасауы мүмкін.
- Тысқаңтарды киізуге және бүйірлік қауіпсіздік жастықтары бар орындықтарға жамылғы төсеуге тыйым салынады. Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары бар орындықтардың арқабетіне жамылғы төсеменіз. Олар бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының ашылуына кедергі жасауы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Перде түріндегі (A) қауіпсіздік жастықтары ашу аймақтарында микрофонды (B) немесе өзге де құрылғыларды: желәйнекке, есік әйнегіне, алдыңғы және артқы бағандарға, шатырдың бүйір бөліктеріне және қосалқы тұтқаларға орнатуға тыйым салынады. Перде түріндегі қауіпсіздік жастықшаларын ашқан кезде, микрофон мен басқа заттар үлкен күшпен лақтырылуы немесе қауіпсіздік жастықшаларының ашылуына кедергі келтіруі мүмкін, бұл өлімге немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.




- Киімге арналған ілгектерге ілгіштерді, сондай-ақ ауыр және үшкір заттарды ілуге тыйым салынады. Перде түріндегі қауіпсіздік жастықшалары іске қосылғанда, бұл заттар үлкен күшпен тасталады және қауіпсіздік жастықшаларының қалыпты ашылуына жол бермейді. Киімді тікелей ілмекке (киім ілгісін) іліңіз. Ілмекке ілінген киім қалтасында ауыр және үшкір заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Сәби балалар орындығында отырса да, балалардың алдыңғы есікке сүйенуіне немесе оған жақын болуына жол берменіз. Сондай-ақ, балалардың басын бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтарының ашылу аймағына еңкеюіне жол берменіз. Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтарын ашқанда, бала жарақат алуы мүмкін. Осы ережелерді сақтамау баланың маңызды жарақат алуы мен опат болуына себеп болуы мүмкін.
- MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтарының жанында орналасқан бөлшектерде кез-келген жұмысты орындау ұсынылады.

Пассив қауіпсіздіктің қосымша құралдар жүйесінің (SRS) бақылау шамы/ескертуші хабарламасы

E00407803250



SRS бақылау шамы аспаптық панелде орналасқан. Жүйе өзін-өзі диагностикалауды жүзеге асырады, ал шам ақаулардың бар екендігі туралы хабарлайды. Бақылау шамы оталдыру кілтін ON күйіне бұрған кезде немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде, бірнеше секундқа қосылып, соңынан өшуге тиіс. Бұл жүйенің жұмысқа дайын екенін білдіреді.

Егер қосымша пассив қауіпсіздік құралдары (SRS) немесе қауіпсіздік белдігінің алдын-ала тартқышында ақаулар болса, бақылау шамы қосылады және жыпылықтамай жанады. Бұл ретте көпфункционалдық дисплейде ескертуші хабарлама пайда болады.

Қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштарының ақаулығы туралы сигнализация үшін, пассив қауіпсіздіктің қосымша құралдар жүйесінің (SRS) бақылау шамы/ескертуші хабарламасы пайдаланылады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Келесі белгілердің бірінің болуы пассив қауіпсіздіктің қосымша құралдары (SRS) жүйесі және/немесе қауіпсіздік белдігінің алдын-ала тартқыштары дұрыс жұмыс істемейтінін және соқтығысу кезінде жұмыс істемейді немесе соқтығысу кезінде кенеттен жұмыс істемейді мүмкін екенін білдіреді:
- Оталдыру қосылғанда немесе ON (қосу) жұмыс режимі қосылғанда, пассив қауіпсіздіктің қосымша құралдар жүйесінің (SRS) бақылау шамы қосылмайды немесе қосылады, бірнеше секундтан кейін өшірілмейді.
- Қозғалыс кезінде SRS бақылау шамы және/немесе ескертуші хабарлама пайда болады.

Пассив қауіпсіздіктің қосымша құралдары және қауіпсіздік белдігінің алдын ала тартқыштары соқтығысу кезінде ауыр жарақат немесе өлім қаупін азайтуға арналған. Жоғарыда сипатталған жағдайлар анықталса, тез арада тексеру үшін MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- “ЭРА-ГЛОНАСС” жүйесі іске қосылған кезде “ЭРА-ГЛОНАСС” авариялары жағдайында, шұғыл ден қою жүйесімен жабдықталған автомобильдерде қосымша пассив қауіпсіздіктің қосымша құралдар жүйесінің (SRS) бақылау шамы қосылады.

4

Пассив қауіпсіздіктің қосымша құралдар жүйесіне (SRS) техникалық қызмет көрсету

E00407902922

⚠ ЕСКЕРТУ

- MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервис орталығында SRS жүйесіне және оның жанында орналасқан тораптарға техникалық қызмет көрсету бойынша барлық жұмыстарды жүргізу ұсынылады. SRS жүйесінің тораптары мен бөлшектерінде және электр сымдарында дұрыс орындалмаған жұмыстар қауіпсіздік жастықтарының күтпеген жерден іске қосылуына немесе жүйенің істен шығуына әкелуі мүмкін; осындай жағдайлардың кез келгені ауыр жарақатқа себеп болуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ

- Рөл дөңгелегінің, қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштардың және SRS жүйесінің басқа элементтерінің конструкциясына өзгерістер енгізуге тыйым салынады. Мысалы, рөл дөңгелегін ауыстыру, алдыңғы бампердің немесе шанақтың конструкциясын өзгерту SRS жүйесінің жұмысына теріс әсер етуі және жарақатқа себеп болуы мүмкін.
- Автомобильдің кез-келген зақымдану жағдайында, оның жұмысына көз жеткізу үшін, SRS жүйесін тексеру ұсынылады.
- Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған алдыңғы орындықтардың, шанақтың орталық тіректерінің немесе автомобильдердің орталық консолінің конструкциясына өзгерістер енгізуге тыйым салынады. Бұл SRS жүйесінің жұмыс қабілетіне теріс әсер етуі және жарақатқа себеп болуы мүмкін.
- Қауіпсіздік жастықтарының жанында жыртылған жерлер, кесіктер, жарықтар және қаптаманың өзге де зақымданулары анықталған жағдайда, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында SRS жүйесін тексеру қажет.

ЕСКЕРТПЕ


- Автомобильді кәдеге жаратуды өз еліңіздегі қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүргізіңіз. Қауіпсіздік жастықтарын қауіпсіз бөлшектеу үшін, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.

Басқару органдары және бақылау-өлшеу аспаптары

Бақылау-өлшеу аспаптары	5-2
Көпфункционалдық дисплей	5-3
Бақылау шамдары, ақаулар туралы ескертуші шамдар, ақпараттық терезе хабарламаларының тізімі	5-21
Бақылау шамдары	5-43
Ақаулар туралы ескертуші шамдар	5-44
Ақпараттық терезенің хабарламалар тізімі	5-46
Проекциялық дисплей (HUD)*	5-48
Жарық аспаптарын қосқыш	5-51
Фара жарығын түзеткіш	5-58
Бұрылыс көрсеткіштерін ауыстырғыш	5-60
Авариялық жарық сигнализациясын қосқыш	5-60
Тұманға қарсы фаралардың және артқы тұманға қарсы фаралардың қосқышы	5-61
Желәйнекті тазартқыш пен шайғышты ауыстырып қосқыш	5-62
Артқы әйнекті қыздыруды қосқыш	5-67
Желәйнекті қыздыруды қосқыш*	5-68
Рөл дөңгелегі жиегін жылытуды қосқыш*	5-68
Дыбыстық сигналды қосқыш	5-69

Бақылау-өлшеу аспаптары

E00500102984



AFA114004

1 — тахометр

Тахометр қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігін көрсетеді (айн/мин). Тахометр үнемді қозғалыс режимін таңдауға мүмкіндік береді және қозғалтқыштың тым жоғары жылдамдығына (қызыл аймақ) жету туралы ескертеді.


2 — көпфункционалдық дисплей → бет 5-3; ақпараттық терезенің хабарламасы → бет 5-23

3 — спидометр (км/сағ. немесе миль/сағ. + км/сағ.)

4 — жарықты реттеу түймесі → бет 5-2

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қозғалыс кезінде тахометр көрсеткісінің қызыл аймаққа (қозғалтқыштың тым жоғары жылдамдығы) кіруіне жол бермеңіз .




AA0110510

Аспаптар панелі жарығының жарықтығын реттеу

E00531301666

Осы жарықтық реттегішінің түймесін басқан сайын, дыбыстық сигнал шығады және аспаптар панелінің жарықтығы өзгереді.



AFA114017

1 — жарық жарықтығы

2 — жарықты реттеу түймесі

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Сәйкес ретте қосулы және өшірулі габариттік шырақтар жағдайында, 8 жарықтық деңгейге ие.
 - Аспаптық панельдің жарықтығы көшедегі жарыққа қарай автоматты түрде реттеледі.
 - Оталдыру кілтін OFF күйіне бұрған кезде немесе OFF жұмыс режимін қосқан кезде, жарықтандырудың белгіленген деңгейі сақталады.
 - Егер габариттік шырақтар қосылған кезде, түймені шамамен 2 секунд басып тұрсаңыз, жарықтандырудың жарықтығы максималды жарыққа өзгереді. Егер сіз түймені шамамен 2 секунд немесе одан көп уақыт басып тұрсаңыз, алдыңғы жарық деңгейі қалпына келеді.
- Бұл функцияны жалпы шамдар қосылған кезде артқы жарықтың жарықтылық деңгейінің төмендеуіне байланысты аспаптар панеліндегі көрсеткіштерді ашық жарықта оқу қиын болған кезде пайдалану ұсынылады. Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесімен жабдықталған автомобильдерде SDA байланыс жүйесінің техникалық сипаттамаларына байланысты құралдар тақтасының жарықтылығының максималды жарықтығы таңдалса, экранның фондық экраны мен кілт жарығы өзгереді.


Көпфункционалдық дисплей



E00519903738

Баптауды орындау үшін, автомобильді қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.


Көпфункционалдық дисплейде келесі терезелер көрсетіледі: ескертуші хабарламалар терезесі, одометр, күнделікті жүріс есептегіші, отынның орташа және лездік шығыны, орташа жылдамдық және т.б.

Оталдыру кілтін OFF күйіне бұрған кезде немесе OFF жұмыс режимін қосқан кезде



- 1 — символ  → бет 5-7
- 2 — ақпараттық терезе → бет 5-5;
ескертуші хабарлама → бет 5-6
- 3 — жабылмаған есіктер индикациясы терезесі
→ бет 5-7
- 4 — одометр → бет 5-9
- 5 — символ  → бет 5-7

Оталдыру килтін ON күйіне бұрған кезде немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде.



AF1102890

- 1 — S-AWC (Super-All Wheel Control) толық жетекті және бағыттық тұрақтылықты бақылау жүйесінің жұмыс жағдайының терезесі* → бет 6-36.
- 2 — символ → бет 5-7
- 3 — ECO режимінің индикация терезесі*
- 4 — суытқыш сұйықтық температурасының индикациясы → бет 5-8
- 5 — одомер → бет 5-9
- 6 — берілістерді ауыстыру иінірегі жағдайы индикациясының терезесі* → бет 6-30
- 7 — селектор иінірегінің орналасу индикациясы терезесі → бет 6-29
- 8 — круиз-бақылау индикациясының терезесі → бет 6-56
- 9 — адаптивті круиз-бақылау жүйесі индикациясының терезесі (ACC)*

- 10 — жылдамдықты шектеу жүйесі индикациясының терезесі*
- 11 — ECO режимінің индикаторы* → бет 5-12
- 12 — символ → бет 5-7
- 13 — ақпараттық терезе → бет 5-6
- 14 — бақтағы отын деңгейінің индикация терезесі → бет 5-8
- 15 — сыртқы ауа температурасының индикациясы → бет 5-9
- 16 — қозғалтқышты автоматты түрде тоқтату және іске қосу жүйесі индикациясы терезесі (AS&G)*;
қозғалтқышты автоматты түрде тоқтату және іске қосу жүйесінің өшірулі жағдайының индикация терезесі (AS&G)*


ЕСКЕРТПЕ

- Отын деңгейі мен сыртқы температура бірліктерін, хабарлама тілін және басқа дисплей параметрлерін өзгертуге болады. “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.

Көпфункционалдық дисплейді ауыстыру түймесі

E00520001966

Бұл түймелерді басқан сайын дыбыстық сигнал беріледі және терезелер өзгереді, мысалы, ескерту терезесі, тәуліктік жүріс есептегіші, орташа және лездік отын шығысы, жүріс қоры. Сондай-ақ, көпфункционалдық дисплейді ауыстыру түймелерінің көмегімен хабарлама тілі мен өлшем бірліктері таңдалады.




AFA114033

Ақпараттық терезе (өшірулі оталдыру немесе OFF қосулы жұмыс режимінде орындауға болады)

E00520202109

Ақпараттық терезені көрсету үшін түймесін басыңыз. Терезелерді келесі тәртіпте ауыстыру үшін, одан әрі немесе түймелерін басыңыз.



AFA114046

*1 Ескертуші хабарлама жоқ кезде


*2 Ескертуші хабарлама бар кезде.

- 1 — тәуліктік жүріс есептегіші → бет 5-19
- 2 — тәуліктік жүріс есептегіші → бет 5-19
- 3 — қозғалтқышты автоматты түрде тоқтату және іске қосу жүйесінің терезесі (AS&G)*; үнемділік дәрежесінің экраны * → бет 5-13
- 4 — техникалық қызмет көрсетуді бақылау → бет 5-9
- 5 — ескертуші хабарламаның қайталап көрінуі → бет 5-7

Ақпараттық терезе (оталдыру кілтін LOCK жағдайынан ON жағдайына ауыстыру немесе жұмыс режимін OFF-тен ON-ға өзгерту кезінде)

E00520702537

Оталдыру кілтін ON күйіне бұрған кезде немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде, дисплей терезелері төменде көрсетілген түрде ауысады.





AFA134417


* кезекті техникалық қызмет көрсетуді орындау қажет болғанда

- 1 — оталдыру кілтін OFF күйіне бұрған кезде немесе OFF жұмыс режимін қосқан кезде
- 2 — жүйені тексеру терезесі → бет 5-11
- 3 — оталдыру кілтін ON күйіне бұрған кезде немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде көрінетін терезе
- 4 — техникалық қызмет көрсетуді бақылау → бет 5-9

Ақпараттық терезе (оталдыру қосулы немесе ON қосулы жұмыс режимінде)



E00521102583

Терезелерді келесі тәртіпте ауыстыру үшін, одан әрі  немесе  түймелерін басыңыз.



*1 Ескертуші хабарлама жоқ кезде.

*2 Ескертуші хабарлама бар кезде.

- 1 — тәуліктік жүріс есептегіші  → бет 5-9
- 2 — тәуліктік жүріс есептегіші  → бет 5-9
- 3 — жүріс қоры → бет 5-11;
үнемді жүріс индикаторы* → бет 5-12
- 4 — орташа отын шығысы → бет 5-11;
үнемді жүріс индикаторы* → бет 5-12;
лездік отын шығысы → бет 5-12
- 5 — орташа жылдамдық → бет 5-12;
өнімділік индикаторы* → бет 5-13
- 6 — қозғалтқышты автоматты түрде тоқтату және іске қосу жүйесінің терезесі (AS&G)*; үнемділік индикаторы* → бет 5-13
- 7 — АҰС жүйесі жағдайының индикациясы терезесі (белсенді артқы дөңгелекаралық дифференциал)* → бет 6-48
- 8 — S-AWC (Super-All Wheel Control) толық жетекті және бағыттық тұрақтылықты бақылау жүйесінің жұмыс жағдайының терезесі*, → бет 6-37
- 9 — техникалық қызмет көрсетуді бақылау → бет 5-9
- 10 — баптаулар терезесі → бет 5-13
- 11 — ескертуші хабарламаның қайталап көрінуі → бет 5-7

ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалыс кезінде техникалық қызмет көрсетуді бақылау терезесі көпфункционалдык дисплейді түймелерін басқанда да көрсетілмейді. Баптауды орындау үшін, автомобильді қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалыс кезінде баптаулар терезесі көпфункционалдык дисплейдің түймесін басқанда да қолжетімді емес. Автомобильді міндетті түрде қауіпсіз жерде тоқтатыңыз, тұрақ тежегішін қосыңыз, берілістерді ауыстыру иніптерігін М/Т автомобильдегі N (бейтарап) күйіне орнатыңыз немесе селектор иніптерігін CVT автомобильдегі P (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз. “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.
- Дисплейде ескертуші хабарлама пайда болысымен (мысалы, әлдебір жүйенің ақаулығы туралы ескерту), дыбыстық сигнал беріледі. “Ескертуші хабарлама” тарауын қараңыз, бет 5-6.

Ескертуші хабарлама

E00522002000



Ескертуші хабарлама


Дисплейде ескертуші хабарлама пайда болысымен (мысалы, әлдебір жүйенің ақаулығы туралы ескерту), дыбыстық сигнал беріледі. Ескертуші хабарламалар тізімі бар нұсқаулықтың тиісті бетін оқып, қажетті шараларды қабылдаңыз. “Ескертуші хабарламалар тізімі” тарауын қараңыз, бет 5-23.

Пайда болу себебін жойған соң, ескертуші хабарлама автоматты түрде жоғалады.

Ескертуші хабарлама терезесінен алдыңғы терезеге оралу


Ескертуші хабарлама пайда болғанға дейін туындаған терезеге оралу ескертудің пайда болу себебін жойғанға дейін мүмкін болады.

Ескертуші хабарламасы терезесінен алдыңғы терезеге оралу үшін,  түймесін басыңыз, бұл ретте дисплейде символ  (A) пайда болады.






Егер сіз басқа терезеге өткіңіз келсе

Жоғары бұрышында  символы пайда болатын ескертуші хабарламасы бар терезеден басқа терезеге ауысуға болады.

Бұл үшін  түймесін басып, оны кемінде 2 секунд ұстап тұрыңыз.

Ескертуші хабарламаның қайталап көрінуі



Егер дисплейде символ  көрінсе,  немесе  түймесін бірнеше рет басқан кезде, дисплейде ескертуші хабарламасы бар терезе қайта пайда болады.

Басқа ескертуші хабарламалар


Ақпараттық дисплей әр жүйенің жұмыс режимі көрсетіледі. Ескертуші хабарламалардың тізімін қараңыз. “Басқа ескертуші хабарламалар” тарауын қараңыз, бет 5-40.

Символ

E00533901116

Бұл символ ауысу түймесін басқан кезде  және ескертуші хабарлама терезесінен алдыңғы терезеге оралған кезде көрсетіледі. Бұл символ сондай-ақ қазіргі уақытта көрсетілгеннен басқа ескертуші хабарламалар болған кезде де көрсетіледі. Ескертуші хабарламаның пайда болу себебін жойған соң,  символы автоматты түрде өшіріледі.

ЕСКЕРТПЕ

-  символы пайда болғанда, ескертуші хабарлама қайта көрінуі мүмкін. “Ақпараттық терезе (өшірулі оталдыру немесе OFF қосулы жұмыс режимінде)” тарауын қараңыз, бет 5-5. “Ақпараттық терезе (оталдыру қосулы немесе ON қосулы жұмыс режимінде)” тарауын қараңыз, бет 5-6.

Жабылмаған есіктер индикациясы терезесі

E00522602051



Бұл терезе есіктердің бірі (немесе багаж бөлімінің есігі) ашық немесе бос болса көрсетіледі. Егер оталдыру қосулы кезде автомобиль шамамен 8 км/сағ жылдамдыққа жетсе және есік ашық немесе жабық болса, жүргізушіге есікті мықтап жабу керектігін еске салатын зуммер сигналы төрт рет дыбысталады.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Автомобиль орнынан қозғалар алдында, жабық есіктер көрсеткішінің өшірілгеніне көз жеткізу керек.

5 Суытқыш сұйықтық температурасының индикация терезесі

E00521401752



Дисплейде суытқыш сұйықтық температурасы көрінеді. Суытқыш сұйықтық шамадан тыс қызғанда, символ жыпылықтай бастайды. Қозғалыс кезінде суытқыш сұйықтық температурасын қадағаланыз.


⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қозғалтқыш қызып кеткенде, символы жыпылықтай бастайды. Температура көрсеткішінің бағаналы индикаторы қызыл аймақта тұратын болады. Автомобильді тез арада қауіпсіз жерде тоқтатып, қажетті шараларды қабылдаңыз. “Қозғалтқыштың қызып кетуі” тарауын қараңыз, бет 8-9.

Бақтағы отын деңгейінің индикация терезесі

E0052220191M

Терезеде бактағы отын мөлшері көрсетіледі.



AFA114075

F — толық бак
E — бос бак


📖 ЕСКЕРТПЕ

- Отын құюдан кейін көрсеткіштерді тұрақтандыру үшін, бірнеше секунд қажет болуы мүмкін.
- Егер отын құю оталдыру немесе ON жұмыс режимі қосулы кезде жүргізілсе, отын деңгейі дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- Көрсеткіш (A) отын бағының құю мойнының қақпағы автомобильдің сол жағында тұрғанын көрсетеді.

Бақтағы отынның шағын мөлшері туралы ескертуші хабарлама

E00522402642

Егер бакта шамамен 8 литр отын қалса, ақпараттық терезеде бактағы отынның аз мөлшері туралы ескертуші хабарлама пайда болады; бұл ретте шағын жиілікпен (секундына шамамен 1 рет) символ (B) жыпылықтай бастайды. Бірнеше секундтан соң, ақпараттық дисплейде тағы да алдыңғы терезе пайда болады. Егер бактағы отын деңгейі төмендеуін жалғастырса, ақпараттық терезеде бактағы отынның аз мөлшері туралы ескертуші хабарлама пайда болады; бұл ретте шағын жиілікпен (секундына шамамен 2 рет) символы (B) жыпылықтай бастайды.



AFA114206

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Отынды соңына дейін пайдаланбаңыз, өйткені катализдік бейтараптауыш зақымдалуы мүмкін. Егер дисплейде ескертуші хабарлама пайда болса, тез арада отын құйыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Бақтағы отынның қозғалуына байланысты бұл символ еністерде немесе бұрылыстарда жалған жыпылықтауы мүмкін.

Сыртқы ауа температурасының индикация терезесі

E0052210(M98)



Терезеде автомобильдің сыртқы ауа температурасы көрінеді.

ЕСКЕРТПЕ

- Өлшем бірліктерін таңдауға болады (°C немесе °F). “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.
- Жол жағдайларына байланысты дисплейде көрсетілетін қоршаған орта температурасының мәні нақты мәннен өзгеше болуы мүмкін.

Одометр

E00527800083

Одометр автомобильдің жалпы жүрісін көрсетеді.

Тәуліктік жүріс есептегіші

E00527901179

Тәуліктік жүріс есептегіші жеке сапар кезінде жүріп өткен қашықтықты көрсетеді.

Тәуліктік жүріс есептегіші **[A]** мен тәуліктік жүріс есептегішін **[B]** пайдалану мысалы.

Бір мезгілде тәуліктік жүрісінің екі есептеуішін пайдалануға болады: бірі **[A]** — жүріп өткен қашықтықты өлшеу үшін ағымдық сапар басталған сәттен бері, екіншісі **[B]** — әлдебір аралық кезең қашықтығын өлшеу үшін.

Тәуліктік жүріс есептегішінің көрсетпелерін түсіру

Есептегіштің көрсеткіштерін 0-ге түсіру үшін, ауыстыру түймесін **[E]** кемінде 2 секунд басып, ұстап тұрыңыз. Осы сәтте көрсетілетін көрсетпелер ғана түсіріледі.

Мысал

Егер дисплейде есептегіш көрсетпелері көрінетін болса **[A]**, тек қана есептегіш көрсетпелері ғана түсіріледі **[A]**.

ЕСКЕРТПЕ

- Аккумуляторлық батарея сымдары ажыратылғанда, жүріс есептегішінің жадындағы деректер **[A]** мен **[B]** дисплей көрсетпелері нөлге түсіріледі.


Техникалық қызмет көрсетуді бақылау

E00522502324

MITSUBISHI MOTORS ұсыныстарына сәйкес, келесі техникалық қызмет көрсетуге дейінгі жуық шамадағы жүріс пен уақытты көрсетеді. Дисплейде «---» индикациясы техникалық қызмет көрсетуді орындау керектігін көрсетеді.

ЕСКЕРТПЕ

- Автомобильдің модификациясы мен жинақталымына байланысты, келесі техникалық қызмет көрсетуге дейінгі көрсетілген жүріс пен уақыт MITSUBISHI MOTORS ұсынғаннан өзгеше болуы мүмкін. Сонымен қатар, келесі техникалық қызмет көрсетуге дейін жүріс пен уақытты көрсету параметрлерін өзгертуге болады. Бұл үшін MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгініңіз. Барынша толық ақпаратты MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан алуға болады.



TA0066485

1. Келесі техникалық қызмет көрсетуге дейін қалған айлар мен жүрістер саны.

ЕСКЕРТПЕ

- Жүріс 100 км (100 миль) жиілікпен көрсетіледі, қалған айлар саны — 1 айлық есеелеумен көрсетіледі.
2. Терезенің бұл түрі келесі техникалық қызмет көрсету мерзімінің басталғаны туралы хабарлайды. MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады.

Бұл жағдайда оталдыру кілтін LOCK күйінен ON күйіне ауыстыру немесе OFF-тен ON-ге жұмыс режимін өзгерту кезінде, ақпараттық терезеде бірнеше секундқа ескертуші хабарлама пайда болады.






3. Келесі техникалық қызмет көрсетуге дейін қалған айлар мен жүрістер MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында техникалық қызмет көрсетуден кейін қайта қойылады.

Нөлдендіру




Нөлдендіруді «---» өшірулі оталдыру немесе OFF қосулы жұмыс режимінде орындауға болады. Көрсеткіштер есептің басында орнатылған кезде, дисплейде айлар саны және келесі техникалық қызмет көрсетуге дейін қалған жүгіріс


көрсетіледі. Оталдыру режимін немесе ON жұмыс режимін қосқанда, ескертуші хабарлама басқа көрсетілмейді.

1. Түймесін бірнеше рет қысқа мерзімге басқанда  немесе  ақпараттық терезеде техникалық қызмет көрсетуді бақылау индикациясының терезесі



көрсетіледі.

2.  символы пайда болып, жыпылықтай бастағанша,  түймесін кемінде 2 секунд ұстап тұрыңыз. Егер шамамен 10 секунд ішінде ешқандай түйме басылмаса, дисплейде алдыңғы терезе көрінеді.
3. Символ жыпылықтай бастаған соң, «---» орнына CLEAR жазуы пайда болуы үшін,  түймесін басыңыз. Дисплейде келесі техникалық қызмет көрсетуге дейін қалған айлар мен жүрістер көрсетіледі



АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Автомобиль иесі уақтылы техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге міндетті. Уақтылы техникалық қызмет көрсету және тексеру автомобильдің дұрыс күйін және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет.

ЕСКЕРТПЕ

- Өшірулі оталдыру немесе ON қосулы жұмыс режимінде нөлденуді орындауға болмайды.
- Егер дисплейде «---» көрінсе, белгілі бір жүрістен кейін және белгілі бір уақыттан кейін параметр нөлденеді және дисплейде келесі техникалық қызмет көрсетуге дейін қалған айлар мен жүрістердің саны көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Осы параметр кездейсоқ нөлденген жағдайда, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады.

Жүйені тексеру терезесі


E00531001197

Оталдыру қосылғанда немесе жұмыс режимі қосылғанда ON, жүйені тексеру терезесі шамамен 4 секунд ішінде көрсетіледі.

Ақаулықтар болмаған жағдайда, дисплейде ақпараттық терезе көрінеді (оталдыру қосылған немесе ON жұмыс режимі қосылған кезде).

Егер ақаулық болса, дисплейде ескертуші хабарлама көрінеді.

“Ескертуші хабарламалар тізімі” тарауын қараңыз, бет 5-23.



Жүріс қоры

E00538000027

Дисплейде жуық шамадағы жүріс қоры көрсетіледі (қалған отынмен қанша шақырым жүруге болады). Егер жүріс қоры 50 км кем болса, дисплейде «---» көрінеді. Мүмкіндігінше тезірек отын құйып алу керек.



ЕСКЕРТПЕ


- Көрінетін жүріс қоры отын шығысы туралы деректерді есептейді. Көрсетпелер қозғалыс жағдайы мен жүру мәнеріне қарай өзгеруі мүмкін. Жүріс қорының мәні бағдарлық мән болып табылады.
- Отын құйған соң, жүріс қорының мәні жаңарады. Алайда, егер бакқа аз мөлшерде отын құйылса, көрсеткіштер дәл болмауы мүмкін. Мүмкіндігінше, бакты толтыра құйыңыз.
- Кейбір жағдайларда қиябет еңісте тұрған кезде, жүріс қорының мәні өзгеруі мүмкін. Бұл бактағы отынның қозғалуына байланысты орын алады, және ақаулықтың белгісі болып табылмайды.
- Өлшем бірліктерін таңдауға болады (километрлер немесе мильдер) “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.

Орташа отын шығысы

E00531201287

Дисплейде соңғы түсірілген сәттен бастап отынның орташа шығысы көрсетіледі.

Нөлдендіру режимін орнатудың екі түрі бар: [1] автоматты режим және [2] қол режимі. “Орташа отын шығысы мен орташа жылдамдықты нөлдендіру режимін таңдау” тарауын қараңыз, бет 5-15. Осы параметрдің баптауларын өзгертуді “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.



ЕСКЕРТПЕ

- Автоматты режимде немесе қол режимінде отынның орташа шығысының көрсеткіштері бөлек нөлденеді.
- Егер орташа отын шығысын есептеу мүмкін болмаса, дисплейде «---» көрінеді.
- Бұл параметр әдепкі бойынша автоматты нөлдендіру режиміне орнатылады.
- Орташа отын шығысы қозғалыс жағдайына байланысты болады (жол жағдайы, жүргізу стилі және т.б.). Көрсетілген отын шығысының мәні нақты отын шығысынан өзгеше болуы мүмкін. Отын шығысының мәні бағдарлық мән болып табылады.
- Аккумуляторлық батареяны ажыратқан кезде, қолмен нөлдендіру режимінде, сондай-ақ автоматты режимде орындалған баптаулар өшіріледі.

ЕСКЕРТПЕ


- Өлшем бірліктерін таңдауға болады (км/л, мили/галлон (амер. галлон), мили/галлон (ағылш. галлон), л/100 км). “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.

Орташа жылдамдық

E00533701169

Дисплейде көрсетпелердің соңғы түсірілген сәтінен бастап қозғалыстың орташа шығысы көрсетіледі. Нөлдендіру режимін орнатудың екі түрі бар: [1] автоматты режим және [2] қол режимі.

“Орташа отын шығысы мен орташа жылдамдықты нөлдендіру режимін таңдау” тарауын қараңыз, бет 5-15. Осы параметрдің баптауларын өзгертуді “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.



ЕСКЕРТПЕ

- Қолмен және автоматты режимдерде қозғалыстың орташа жылдамдық көрсетпелері бөлек нөлденеді.
- Егер орташа жылдамдықты есептеу мүмкін болмаса, дисплейде «---» көрінеді.
- Бұл параметр әдепкі бойынша автоматты нөлдендіру режиміне орнатылады.


ЕСКЕРТПЕ

- Өлшем бірліктерін таңдауға болады (км/сағ. немесе миль/сағ.). “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.
- Аккумуляторлық батареяны ажыратқан кезде, қолмен нөлдендіру режимінде, сондай-ақ автоматты режимде орындалған баптаулар өшіріледі.

Лездік отын шығысы

E00533601139

Қозғалыс кезінде лездік отын шығысы көлденең индикатор түрінде көрінеді.



Лездік отын шығысы көрсеткішіндегі символ (A) орташа отын шығысын көрсетеді.

Егер лездік отын шығысы орташа отын шығысынан асып кетсе, лездік отын шығысы жасыл көлденең индикатормен көрсетіледі. Егер лездік отын шығысы орташа отын шығысынан асып кетсе, абай болыңыз, едәуір үнемді режимде қозғалуға болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер лездік отын шығысын есептеу мүмкін болмаса, бағаналы индикатор көрінбейді.
- Өлшем бірліктерін таңдауға болады (км/л, мили/галлон (амер. галлон), мили/галлон (ағылш. галлон), л/100 км). “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.
- Жасыл көлденең индикаторды өшіріп қоюға болады. “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.

ECO үнемді жүргізу индикаторы*

E00529300200



Бұл индикатор жүргізудің үнемділік стиліне қол жеткізгенде көрсетіледі.

ECO жүргізу көмегі жүйесі*

E00531501352

Бұл функция әртүрлі қозғалыс жағдайларында Сіздің жүргізу стиліңіздің үнемділігін көрсетеді.

Егер Сіз үнемді жүргізу тәсілін қолдансаңыз, акселератор педалін басып, ақылға қонымды жылдамдықпен қозғалсаңыз, ECO жүргізуге көмек көрсету жүйесінің дисплейіндегі көрсеткіштер өзгереді



ЕСКЕРТПЕ

- CVT автомобильдерде ECO үнемді жүргізу индикаторы тек селектор иіңтірегі D (қозғалыс) күйінде болғанда немесе қолмен ауыстыру кезінде (sports mode) көрсетіледі.


Үнемділік рейтингі*

E00531601294

Үнемділік индикаторы төменде көрсетілген түрде жапырақ түрінде Сіздің үнемді жүргізгеніңіз үшін алған ұпайларыңызды көрсетеді.

Оталдыру кілтін ON күйіне бұрған кезде немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде. Индикатор соңғы бірнеше минутта жинаған ұпайларыңызды көрсетеді.

Оталдыру кілтін OFF күйіне бұрған кезде немесе OFF жұмыс режимін қосқан кезде. Индикатор оталдыру кілтін ON күйіне бұрған сәттен бастап, оталдыру кілтін LOCK немесе ACC күйіне бұрғанға дейін немесе ON жұмыс режимін қосқан сәттен бастап, OFF жұмыс режимін қосқан сәтке дейін есептелген жалпы үнемділік рейтингін көрсетеді.




Баптауларды өзгерту

E00522702544

Қалауыңыз бойынша келесі баптауларды өзгертуге болады: “Хабарламалар тілі”, “Температураны өлшеу бірліктері”, “Отын шығысын өлшеу бірліктері” және “Орташа отын шығысы мен орташа жылдамдық көрсеткіштерін нөлдендіру әдісі” және басқалары.


1. Автомобильді қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Тұрақ тежегішін қосыңыз, МБК беріліс ауыстырып қосу иіңтірегін бейтарап күйге қойыңыз немесе CVT селектор иіңтірегін P (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.
2. Баптаулар терезесіне өту үшін, ✓ немесе ▲ түймесін қысқа уақыт бірнеше рет басыңыз. “Аппараттық терезе (оталдыру қосуы немесе ON қосуы жұмыс режимінде)” тарауын қараңыз, бет 5-6.



⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қауіпсіздік мақсатында, баптаулар тұрақ кезінде ғана орындалады. Қозғалыс кезінде баптаулар терезесі көпфункционалдық дисплей түймесін басқанда да қолжетімді емес (⏏, ✓, ▲).

3. Мәзір терезесінің негізгі мәзіріне (A) өту үшін, ⏏ түймесін басыңыз. Содан кейін мәзір терезесіне өту үшін, ✓ немесе ▲ түймесін басыңыз (B).



AFL100592

⇔ — түйме
 ⇔ — түйме немесе


- 1 — Орташа отын шығысы мен орташа жылдамдықты нөлдендіру режимін таңдау → бет 5-15
- 2 — Отын шығысын өлшеу бірліктерін таңдау → бет 5-16
- 3 — Отын шығысын өлшеу бірліктерін таңдау → бет 5-16
- 4 — хабарламалар тілін таңдау → бет 5-17
- 5 — Дауыстық хабарламалар тілін таңдау* → бет 5-17
- 6 — зуммер режимінің жұмысын таңдау → бет 5-18

- 7 — Демалыс қажеттілігі туралы еске салу мерзімділігін таңдау (REST REMINDER) → бет 5-18
- 8 — Бұрылыс көрсеткіштерін қосу дыбысын өзгерту → бет 5-19
- 9 — Лездік отын шығысын көрсету параметрлерін өзгерту → бет 5-19
- 10 — навигация жүйесінің ақпараттық терезесінің параметрлерін өзгерту*
- 11 — өлі аймақтарда кедергілердің бар екені туралы ескерту жүйесін бақылау шамы (BSW)*: қосу → бет 6-66
- 12 — Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ескертуші хабарламасына арналған шекті мәнді нөлдендіру → бет 6-75.

- 13 — қысым датчиктерінің сәйкестендіру кодтарының жиынтығын ауыстыру → бет 6-75
- 14 — өздігінен мәндерді орнату → бет 5-19

ЕСКЕРТПЕ

- Егер шамамен 30 секунд ішінде ешбір операция орындалмаса, дисплей баптаулар терезесін қайта көрсетеді.

4. Баптауларды өзгерту үшін мәзір терезесіне (B) өткен соң, баптаулар экранын таңдау үшін  түймесін басыңыз. Бұдан әрі баптауларды өзгерту тәртібі егжей-тегжей сипатталған.




ЕСКЕРТПЕ


- Аккумуляторлық батарея өшірілгенде, бұл баптаулар автоматты түрде өшіріліп, зауыттық баптауларға ауыстырылады (ерекшеліктер: “Өлі аймақтарда кедергілердің болуы туралы ескерту жүйесі (BSW): қосу”, “Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ескертуші хабарламасына арналған шекті мәнді нөлдендіру” және “Қысым датчиктерінің сәйкестендіру кодтарының жиынтығын ауыстыру”).




Орташа отын шығысы мен орташа жылдамдықты нөлдендіру режимін таңдау

E00522902328


Орташа отын шығысы мен орташа жылдамдық көрсетпелерін нөлдендірудің автоматты немесе кол режимін таңдау мүмкіндігі бар.

1. Баптау терезесіне өтіңіз. “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.
2. AVERAGE FUEL CONSUMPTION RESET MODE (ОТЫННЫҢ ОРТАША ШЫҒЫСЫН НӨЛДЕНДІРУ РЕЖИМІ) терезесіне өту үшін,  немесе  түймесін бірнеше рет басыңыз. Содан кейін мәзір терезесіне өту үшін,  түймесін басыңыз.




3. Нөлдендіру режимін таңдау үшін,  немесе  түймесін басыңыз, содан кейін таңдауды растау үшін,  түймесін басыңыз. Нөлдендіру режимі өзгертіледі.

Нөлдендірудің кол режимі

- Егер орташа отын шығысын немесе орташа жылдамдықты көрсету кезінде,  ауыстырып қосу түймесін басып, ұстап тұрсаңыз, осы параметрдің көрсеткіштері нөлденеді.
- Келесі операцияларды орындау кезінде, автоматты түрде қолмен автоматты режимге ауысу орын алады.
Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер.
Оталдыру құлпындағы кілтті ACC немесе LOCK күйінен ON күйіне бұраңыз.
Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер
Жұмыс режимін ACC немесе OFF жұмыс режимінен ON-ге өзгерту

Автоматты нөлдендіру режиміне ауысу автоматты түрде жүреді. Алайда, егер қол режиміне өтетін болса, соңғы нөлдендіру сәтінен бастап көрсетпелер көрсетіледі.

Автоматты нөлдендіру режимі

- Егер орташа отын шығысын немесе орташа жылдамдықты көрсету кезінде,  ауыстырып қосу түймесін басып, ұстап тұрсаңыз, осы параметрдің көрсеткіштері нөлденеді.
- Орташа отын шығысының және қозғалыстың орташа жылдамдығының көрсетпелерін нөлдендіру оталдыру кілті төменде көрсетілген ережелердің бірінде болғанда немесе төменде көрсетілген жұмыс режимдерінің бірі қосылған кезде, автоматты түрде жүргізіледі.

Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер.
Оталдыру құлпындағы кілт ACC немесе LOCK күйінде кемінде 4 сағаттан бері тұр.
Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер
ACC немесе OFF жұмыс режимі кемінде 4 сағаттан бері қосулы

ЕСКЕРТПЕ

- Қолмен, сондай-ақ автоматты түрде нөлдендіру режимінде орташа отын шығысы мен орташа жылдамдық көрсетпелері жеке түсірілуі мүмкін.
- Аккумуляторлық батареяны ажыратқан кезде, қолмен нөлдендіру режимінде, сондай-ақ автоматты режимде орындалған баптаулар өшіріледі.


Отын шығысын өлшеу бірліктерін таңдау

E00523001912

Отын шығысын өлшеу бірліктерін таңдау мүмкіндігі бар. Бұл ретте қашықтықтың, жылдамдықтың және отын мөлшерінің өлшем бірліктері тиісінше өзгертіледі.

5

1. Баптау терезесіне өтіңіз. “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.
2. FUEL CONSUMPTION UNIT (ОТЫН ШЫҒЫСТАРЫН ӨЛШЕУ БІРЛІКТЕРІ) терезесіне өту үшін, **▼** немесе **▲** түймесін бірнеше рет басыңыз. Содан кейін мәзір терезесіне өту үшін, **☰** түймесін басыңыз.



3. Нөлдендіру режимін таңдау үшін, **▼** немесе **▲** түймесін басыңыз, содан кейін таңдауды растау үшін, **☰** түймесін басыңыз. Өлшем бірліктері өзгереді.

ЕСКЕРТПЕ

- Жүріс қорының, орташа отын шығысының, орташа жылдамдықтың және лездік отын шығысының өлшем бірліктері өзгереді, бірақ жылдамдықты спидометрде, одометрде және тәуліктік жүріс есептегішінде көрсету бірліктері өзгеріссіз қалады.

Таңдалған отын шығысын өлшеу бірліктеріне сәйкес, қашықтық пен жылдамдықты өлшеу бірліктері өзгереді.

Отын шығысы	Қашықтық (жүріс қоры)	Қозғалыс жылдамдығы (орташа жылдамдық)
км/л	км	км/сағ.
л/100 км	км	км/сағ.
миль/галлон (амер. галлон)	миль	миль/сағ.
миль/галлон (ағыл. галлон)	миль	миль/сағ.


Отын шығысын өлшеу бірліктерін таңдау

E00523102402

Отын шығысын өлшеу бірліктерін таңдау мүмкіндігі бар.

1. Баптау терезесіне өтіңіз. “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.

2. TEMPERATURE UNIT (ТЕМПЕРАТУРАНЫ ӨЛШЕУ БІРЛІКТЕРІ) терезесіне өту үшін, **▼** немесе **▲** түймесін бірнеше рет басыңыз. Содан кейін мәзір терезесіне өту үшін, **☰** түймесін басыңыз.





3. Өлшеу бірліктерін таңдау үшін, **▼** немесе **▲** түймесін басыңыз, содан кейін таңдауды растау үшін, **☰** түймесін басыңыз. Температураның өлшем бірліктері өзгереді.

ЕСКЕРТПЕ

- Кондициялау жүйесінің дисплейіндегі температураны өлшеу бірліктері көпфункционалдық дисплейдегі сыртқы температураны көрсету бірліктеріне сәйкес келеді. Бұл ретте кондициялау жүйесінің дисплейіндегі “°C” немесе “°F” символдары көрінбейді.

ЕСКЕРТПЕ

- Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесімен жабдықталған автомобильдерде кондициялау жүйесінің дисплейіндегі температураны өлшеу бірліктері көпфункционалдық дисплейдегі сыртқы температураны көрсету бірліктеріне сәйкес келеді. Бұл ретте кондициялау жүйесінің дисплейіндегі “°C” немесе “°F” символдары көрінбейді.

3. Тілді таңдау үшін,  немесе  түймесін басыңыз, содан кейін таңдауды растау үшін, түймесін басыңыз. Тіл өзгереді.




ЕСКЕРТПЕ


- «-->» таңдау кезінде, ескертуші хабарлама көрінбейді.

Дауыстық хабарламалар тілін таңдау*




E00523301999

Bluetooth® 2.0 жүйесінде, айнала шолу камерасы жүйесінде немесе проекциялық дисплейде (HUD) (бар болса) пайдаланылатын тіл хабарламаларды көпфункционалдық дисплейге шығару үшін қолданылатын тілге автоматты түрде өзгеруі мүмкін.

1. Функцияларды баптау терезесіне өтіңіз. “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.
2. LANGUAGE SYNC (ТІЛДІ СИНХРОНДАУ) терезесіне өту үшін,  немесе  түймесін бірнеше рет басыңыз. Содан кейін мәзір терезесіне өту үшін,  түймесін басыңыз.



5

3. Баптауды таңдау үшін,  немесе  түймесін басыңыз, содан кейін таңдауды растау үшін,  түймесін басыңыз. Тісті режим таңдалатын болады.




ЕСКЕРТПЕ


- Дауыстық хабарламалар тілі келесі түрде өзгереді:
 - Егер ON (ҚОСУ) мәні таңдалса (дауыстық хабарлар тілі қосулы), Bluetooth® 2.0 жүйесінің тілі, айналаны шолу камералары немесе проекциялық дисплей жүйесі (HUD) (бар болса) автоматты түрде көпфункционалдық дисплейдің хабарламалар тіліне ауысады. Алайда, тілді ауыстырудың бұл функциясы көпфункционалдық дисплейдің хабарламалар тіліне байланысты жұмыс істемейі мүмкін.

Хабарламалар тілін таңдау

E00523201826


Хабарламалардың тілін таңдау мүмкіндігі бар.

1. Функцияларды баптау терезесіне өтіңіз. “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.
2. LANGUAGE (ТІЛ) терезесіне өту үшін,  немесе  түймесін бірнеше рет басыңыз. Содан кейін мәзір терезесіне өту үшін,  түймесін басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер OFF (ӨШІРУ) мәні таңдалса (дауыстық хабарлар тілі өшірулі), Bluetooth® 2.0 жүйесінің тілі, айналаны шолу камералары немесе проекциялық дисплей жүйесі (HUD) (бар болса) автоматты түрде көпфункционалдык дисплейдің хабарламалар тіліне ауыспайды.
- Тіпті, дауыстық хабарламалар тілін баптауда “ҚОСУ” мәні таңдалса да (дауыстық хабарлама тілі қосулы), аудиожүйенің дисплей тілі (бар болса) автоматты түрде өзгермейді.



AFA114134

3. Дыбысты таңдау үшін, **✓** немесе **▲** түймесін басыңыз, содан кейін таңдауды растау үшін, **☑** түймесін басыңыз. Тиісті режим таңдалатын болады.

ЕСКЕРТПЕ


- Зуммер сигналы көпфункционалдык дисплейдің қосу түймесін және аспаптар жарықтығын реттегіш түймесін басу үшін ғана берілмейді. Ескертуші хабарламалар мен басқа дыбыстық сигналдарды өшіру мүмкін емес.

Демалыс қажеттілігі туралы еске салу мерзімділігін таңдау (REST REMINDER)

E00523501858

Демалыс қажеттілігі туралы еске салу мерзімділігі.

1. Функцияларды баптау терезесіне өтіңіз. “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.
2. REST REMINDER (ДЕМАЛЫС ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ ЕСКЕ САЛУ) терезесіне өту үшін, **✓** немесе **▲** түймесін бірнеше рет басыңыз. Содан кейін мәзір терезесіне өту үшін, **☑** түймесін басыңыз.



AFA114147

3. Уақытты таңдау үшін, **✓** немесе **▲** түймесін басыңыз, содан кейін таңдауды растау үшін, **☑** түймесін басыңыз. Уақыт өзгереді.

ЕСКЕРТПЕ

- Оталдыруды өшірген немесе OFF жұмыс режимін қосқан соң, кері санақ қайта басталады.

Зуммер режимінің жұмысын таңдау

E00523401815




Көпфункционалдык дисплейдің түймелерін және аспаптардың жарықтығын реттеу түймесін басу арқылы дыбысты өзгертуге болады.


1. Функцияларды баптау терезесіне өтіңіз. “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.
2. OPERATION SOUND (ЖҰМЫС ДЫБЫСЫ) терезесіне өту үшін, **✓** немесе **▲** түймесін бірнеше рет басыңыз. Содан кейін мәзір терезесіне өту үшін, **☑** түймесін басыңыз.




Бұрылыс көрсеткіштерін қосу дыбысын өзгерту

E00529101508

Бұрылыс көрсеткіштерін қосу дыбысын өзгертуге болады.

1. Функцияларды баптау терезесіне өтіңіз. “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.
2. TURN SIGNAL (БҰРЫЛЫС КӨРСЕТКІШТЕРІН ҚОСУ ДЫБЫСЫ) терезесіне өту үшін,  немесе  түймесін бірнеше рет басыңыз. Содан кейін баптаулар терезесіне өту үшін,  түймесін басыңыз.







3. Дыбысты таңдау үшін,  немесе  түймесін басыңыз, содан кейін таңдауды растау үшін,  түймесін басыңыз. Бұл баптау бұрылыс сигналдарын қосу дыбысын өзгертуге мүмкіндік береді.




Лездік отын шығысын көрсету параметрлерін өзгерту

E00529201424

Лездік отын шығысының көлденең индикаторын баптауды өзгертуге болады.

1. Функцияларды баптау терезесіне өтіңіз. “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.
2. INSTANT FUEL CONSUMPTION DISPLAY (ЛЕЗДІК ОТЫН ШЫҒЫСТАРЫ) терезесіне өту үшін,  немесе  түймесін бірнеше рет басыңыз. Содан кейін баптаулар терезесіне өту үшін,  түймесін басыңыз.







3. Баптауды таңдау үшін,  немесе  түймесін басыңыз, содан кейін таңдауды растау үшін,  түймесін басыңыз. Сөйтіп, лездік отын шығысының көлденең индикаторын баптауды өзгертуге болады.




Өздігінен мәндерді орнату

E00523602322

Барлық параметрлер мен функциялардың баптаулары өздігінен орнатылуы (зауыттық орнату) мүмкін.

1. Функцияларды баптау терезесіне өтіңіз. “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.
2. FACTORY RESET (ЗАУЫТТЫҚ БАПТАУЛАРДЫ ОРНАТУ) терезесіне өту үшін,  немесе  түймесін бірнеше рет басыңыз. Содан кейін мәзір терезесіне өту үшін,  түймесін басыңыз.



3. “RESET” (мәндерді өздігінен орнату) таңдау үшін  немесе  түймесін басыңыз, содан кейін таңдауды растау үшін  түймесін кемінде 5 секунд басып, ұстап тұрыңыз. Дыбыстық сигналдар және функция параметрлерінің барлық мәндері өздігінен орнатылады.

 **ЕСКЕРТПЕ**


- Келесі параметрлер өздігінен орнатылады:
 - “ОТЫННЫҢ ОРТАША ШЫҒЫСЫН НӨЛДЕНДІРУ РЕЖИМІН ӨЗГЕРТУ”: АВТОМАТТЫ.
 - “ОТЫН ШЫҒЫСЫН ӨЛШЕУ БІРЛІКТЕРІ”: л/100 км.
 - “ТЕМПЕРАТУРАНЫ ӨЛШЕУ БІРЛІКТЕРІ”: °С.
 - “ТІЛ”: АҒЫЛШЫН немесе ОРЫС.
 - “ТІЛДІ СИНХРОНДАУ”: ҚОСУ.
“ДЫБЫСТЫҚ СИГНАЛ”: ҚОСУ.
 - “ДЕМАЛЫС ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ ЕСКЕ САЛУ”: ӨШІРУ.
 - “БҰРЫЛЫС КӨРСЕТКІШТЕРІН ҚОСУ ДЫБЫСЫ”: 1 ДЫБЫС.
 - “ЛЕЗДІК ОТЫН ШЫҒЫСЫ”: ҚОСУ.
- “ӨЛІ АЙМАҚТАРДА КЕДЕРГІЛЕРДІҢ БОЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ ЖҮЙЕСІ (BSW)”, “ШИНАЛАРДАҒЫ ҚЫСЫМДЫ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕСКЕРТУШІ ХАБАРЛАМАҒА АРНАЛҒАН ШЕКТІ МӨНДІ НӨЛДЕНДІРУ” ЖӘНЕ “ҚЫСЫМ ДАТЧИКТЕРІНІҢ СӘЙКЕСТЕНДІРУ КОДТАРЫНЫҢ ЖИЫНТЫҒЫН АУЫСТЫРУ” функцияларының параметрлерін зауыттық мәндерге дейін түсіру қарастырылмаған.

Бақылау шамдары, ақаулар туралы ескертуші шамдар, ақпараттық терезе хабарламаларының тізімі

E00523701355

Бақылау шамдары және ақаулар туралы ескертуші шамдар

E00523803174



AF1102728

- | | | |
|--|--|--|
| <p>1 — габариттік оттарды қосатын бақылау шамы → бет 5-44</p> <p>2 — бұрылыс көрсеткіштерін / авариялық сигнализацияны бақылау шамдары → бет 5-43</p> <p>3 — тұманға қарсы фаралардың бақылау шамы* → бет 5-44</p> <p>4 — фаралардың алыс жарығының бақылау шамы → бет 5-43</p> <p>5 — фаралардың алыс жарығын автоматты басқару жүйелерін ажыратқыш (АНВ)* → бет 5-54</p> | <p>6 — артқы тұманға қарсы фаралардың бақылау шамы* → бет 5-44</p> <p>7 — маңдаймен соқтығысуды азайту жүйесін өшіруді бақылау шамы (FCM)*; ультрадыбыстық датчикпен (UMS) ілеспе соқтығысуды болдырмау жүйесін ажыратуды бақылау шамы* → бет 6-60</p> <p>8 — аккумуляторлық батареяны зарядтаудың бақылау шамы → бет 5-46</p> | <p>9 — иеленген қатардан шығу туралы ескерту жүйесін (LDW) бақылау шамы*</p> <p>10 — рөлмен басқарудың электр күшейткішінің бақылау шамы (EPS) → бет 6-52</p> <p>11 — өлі аймақтарда кедергілердің бар екені туралы ескерту жүйесін бақылау шамы (BSW)* → бет 6-64</p> <p>12 — ақпараттық терезенің хабарламасы → бет 5-23</p> <p>13 — электр жетекті тұрақ тежегішінің бақылау шамы* → бет 5-45</p> |
|--|--|--|

- 14 — бағыт тұрақтылығы динамикалық жүйесінің бақылау шамы (ASC) → бет 6-54
- 15 — бағыт тұрақтылығы динамикалық жүйесінің бақылау шамы (ASC) → бет 6-54
- 16 — тежегіштердің бұғаттауға қарсы жүйесі бақылау шамы (ABS) → бет 6-50
- 17 — пассив қауіпсіздіктің қосымша құралдар жүйесінің (SRS) бақылау шамы → бет 4-37
- 18 — қозғалтқышты диагностикалаудың бақылау шамы → бет 5-45
- 19 — қауіпсіздік белдігінің бақылау шамы → бет 4-10
- 20 — шиналардағы қысымды бақылау жүйесін бақылау шамы → бет 6-72
- 21 — тұрақ тежегішін автоматты түрде қосу жүйесінің бақылау шамы* → бет 6-42
- 22 — тежеу жүйесінің бақылау шамы → бет 5-44

Ақпараттық терезенің хабарламалар тізімі

E0052390151M

Дисплейде ескертуші хабарлама пайда болысымен (мысалы, әлдебір еске салу туралы), зуммердің дыбыстық сигналы беріледі.

Нұсқаулықтың тиісті бетін оқып шығып, қажетті шаралар қолданыңыз.

Пайда болу себебін жойған соң, ескертуші хабарлама автоматты түрде жоғалады.

“Ескертуші хабарламалар тізімі” тарауын қараңыз, бет 5-23.

“Басқа ескертуші хабарламалар” тарауын қараңыз, бет 5-40.



ЕСКЕРТПЕ



- Ескертуші хабарламалар мен дыбыстық сигнал төменде көрсетілген жағдайларда қосылуы мүмкін. Бұл электрлік кедергілерден немесе күшті электромагниттік сәулеленуден туындауы мүмкін және ақаулықтың белгісі болып табылмайды.
- Радиоқабылдағыш, ұшқын шығаратын сымдар немесе радиолокациялық станция сияқты көздерден күшті электромагниттік сәулеленудің болуы.
- Қалыпты емес кернеу жағдайында немесе электр жабдығының жұмысы кезінде статикалық электр разрядын жинақтау (сондай-ақ түпнұсқа емес жабдықты қоса алғанда).








Егер ескертуші хабарлама бірнеше рет пайда болса, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.

5






Ескертуші хабарламалар тізімі






E00524003346






Экран	Себеп	Ұсынылған жою тәсілі
	<ul style="list-style-type: none"> • Сіз жарықтандыруды өшіруді ұмытып кеттіңіз. 	<ul style="list-style-type: none"> • “Жарық аспаптарын автоматты түрде өшіру функциясы (фаралар, тұманға қарсы шырақтар және т.б.)” тарауын қараңыз, бет 5-52.
	<ul style="list-style-type: none"> • Әйнек шайғыштың бағында сұйықтық деңгейі төмен. 	<ul style="list-style-type: none"> • Бакқа әйнек шайғыш сұйықтығын құйыңыз. “Шайғыш сұйықтығы” тарауын қараңыз, бет 10-8. “Отын құю көлемі” тарауын қараңыз, бет 11-7.






Экран	Себеп	Ұсынылған жою тәсілі
<div style="display: flex; flex-wrap: wrap;"> <div style="width: 50%; text-align: center;">  KEY BATTERY LOW </div> <div style="width: 50%; text-align: center;">  KEY NOT DETECTED </div> <div style="width: 50%; text-align: center;">  KEY STILL IN VEHICLE </div> <div style="width: 50%; text-align: center;">  CHECK DOORS </div> <div style="width: 100%; text-align: center;">  KEYLESS OPERATION SYSTEM SERVICE REQUIRED </div> </div>	<ul style="list-style-type: none"> Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесінің ақаулығы. 	<p>“Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі” тарауын қараңыз, бет 3-9.</p>
<p>Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесі бір рет басылады</p> <div style="text-align: center;">  KEY NOT DETECTED </div> <p>Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесі кемінде екі рет басылады</p> <div style="text-align: center;">  KEY NOT DETECTED TOUCH SWITCH WITH KEY </div>	<ul style="list-style-type: none"> Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесі басылды, бірақ электрондық кілт табылған жоқ. 	<ul style="list-style-type: none"> Электрондық кілтті қозғалтқышты іске өосу және тоқтату түймесіне басыңыз. “Егер электрондық кілт ақаулы болса” тарауын қараңыз, бет 6-25.







5





Экран	Себеп	Ұсынылған жою тәсілі
 <p>PUSH ENGINE SWITCH WHILE TURNING STEERING WHEEL</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Рөл дөңгелегі бұғатталды. 	<ul style="list-style-type: none"> • Бұл жағдайда рөл дөңгелегін бұрап, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін басыңыз. “Рөл дөңгелегін бұғаттау” тарауын қараңыз, бет 6-19.
 <p>SHIFT TO P POSITION</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Қозғалтқыш өшірулі және селектор иінтірегі Р (тұрақ) күйінде тұрған жоқ. 	<ul style="list-style-type: none"> • OFF жұмыс режимін қосу үшін, селектор иінтірегін Р (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.
 <p>STEERING WHEEL UNLOCKED</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Рөл дөңгелегі бұғаттан шығарылғанда, жүргізушінің есігі ашық. 	<p>“Рөл дөңгелегін бұғаттау” тарауын қараңыз, бет 6-19.</p>
 <p>POWER STEERING SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Рөлмен басқару күшейткішінің ақаулығы 	<ul style="list-style-type: none"> • Автомобильді тексеру үшін, мүмкіндігінше тезірек MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз. “Рөлмен басқаруды электрлік күшейткіш (EPS)” тарауын қараңыз, бет 6-51.
 <p>ABS SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Тежегіштердің бұғаттауға қарсы жүйесінің ақаулығы (ABS). 	<ul style="list-style-type: none"> • Кенеттен тежеу мен жоғары жылдамдықпен жүруден аулақ болыңыз, көлікті қауіпсіз жерде тоқтатыңыз, қажетті шараларды қолданыңыз. “Бақылау шамы / ABS ақаулығы туралы ескертуші хабарлама” тарауын қараңыз, бет 6-50.






Экран	Себеп	Ұсынылған жою тәсілі
 <p>LOW TIRE PRESSURE</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Шиналардың біріндегі төмен ауа қысымы. 	<p>“Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) бақылау шамы / ескертуші хабарлама” тарауын қараңыз, бет 6-72.</p>
 <p>TIRE PRESSURE MONITOR SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> • “Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) бақылау шамы / ескертуші хабарлама” тарауын қараңыз, бет 6-72.
	<ul style="list-style-type: none"> • Есіктердің бірі немесе багаж бөлімінің есігі толық жабылмаған. Ашық есік көрсетіледі. 	<ul style="list-style-type: none"> • Есікті (немесе багаж бөлімінің есігін) жабыңыз. “Жабылмаған есіктер индикациясы терезесі” тарауын қараңыз, бет 5-7.
 <p>CLOSE HOOD</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Капот ашулы. 	<ul style="list-style-type: none"> • Капотты жабыңыз. “Капот” тарауын қараңыз, бет 10-3.
 <p>IMMOBILIZER SYSTEM SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Электрондық иммобилайзердегі ақаулық (қозғалтқыштың іске қосылуын бұғаттайтын айдап әкетуге қарсы жүйе). 	<ul style="list-style-type: none"> • OFF, жұмыс режимін қосыңыз, содан кейін қозғалтқышты қайта іске қосыңыз. Егер осы әрекетті орындағаннан кейін ескерту хабары жоғалмаса, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.





Экран	Себеп	Ұсынылған жою тәсілі
	<ul style="list-style-type: none"> • Жүргізушінің есігі ашық, OFF-тан ерекшеленетін жұмыс режимі қосулы. 	<ul style="list-style-type: none"> • OFF жұмыс режимін қосыңыз. “Қосулы ON жұмыс режимі туралы еске салу жүйесі” тарауын қараңыз, бет 6-19.
	<ul style="list-style-type: none"> • OFF-тан ерекшеленетін жұмыс режимі жағдайында, барлық есіктерді (багаж бөлімінің есігін қоса алғанда) жабуға талпыныс жасалды. 	<ul style="list-style-type: none"> • OFF жұмыс режимін қосыңыз. “OFF жұмыс режимін қосу қажеттілігі туралы ескерту жүйесі” тарауын қараңыз, бет 6-19.
	<ul style="list-style-type: none"> • Рөл дөңгелегін бұғаттау жүйесіндегі ақаулық. 	<ul style="list-style-type: none"> • Автомобильді мүмкіндігінше қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады.
	<ul style="list-style-type: none"> • Электр жабдығындағы ақаулық. 	<ul style="list-style-type: none"> • Автомобильді мүмкіндігінше қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады.
	<ul style="list-style-type: none"> • Қозғалтқыштың қызып кетуі. 	<ul style="list-style-type: none"> • Автомобильді қауіпсіз жерде тоқтатып, қажетті шараларды қабылдаңыз. “Қозғалтқыштың қызып кетуі” тарауын қараңыз, бет 8-9.
	<ul style="list-style-type: none"> • Автоматты беріліс қорабында (CVT) майдың қатты қызуы анықталды. 	<p>“INVECS-III CVT Sports Mode автоматты 8 сатылы беріліс қорабы және INVECS-III CVT Sports Mode автоматты 6 сатылы беріліс қорабы (зияткерлік және инновациялық үшінші буын автомобилін басқару жүйесі) тарауын қараңыз, бет 6-27.</p>



Экран	Себеп	Ұсынылған жою тәсілі
	<ul style="list-style-type: none"> Сіз қауіпсіздік белдігін тақпай, оталдыру құлпындағы кілтті ON күйіне бұрдыңыз немесе ON жұмыс режимін қостыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> Қауіпсіздік белдігін тағыңыз. “Тағылмаған қауіпсіздік белдігінің бақылау шамы мен сигнализациясы” тарауын қараңыз, бет 4-10.
	<ul style="list-style-type: none"> Қорек жүйесінің ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> Жүйені тексеру үшін, тез арада MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.
	<ul style="list-style-type: none"> Бакта кішігірім мөлшерде отын қалды. 	<ul style="list-style-type: none"> Мүмкіндігінше тезірек отын құйып алу керек. “Бақтағы отынның шағын мөлшері туралы ескертуші хабарлама” тарауын қараңыз, бет 5-8.
	<ul style="list-style-type: none"> Сіз тұрақ тежегіші қосулы күйде қозғалып бара жатырсыз. 	<ul style="list-style-type: none"> Тұрақ тежегішін өшіріңіз. “Тежегіш жүйенің ақаулығы туралы ескертуші хабарлама” тарауын қараңыз, бет 5-46.
	<ul style="list-style-type: none"> Бақтағы тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен. Тежегіш жүйесі ақаулы. 	<ul style="list-style-type: none"> Автомобильді мүмкіндігінше қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады. “Тежегіш жүйенің ақаулығы туралы ескертуші хабарлама” тарауын қараңыз, бет 5-46.







Экран	Себеп	Ұсынылған жою тәсілі
 <p>PARKING BRAKE SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Электржетекті тұрақ тежегіші жүйесінің ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> • Мүмкіндігінше тезірек MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады. “Электржетекті тұрақ тежегіші” тарауын қараңыз, бет 6-5.
 <p>PARKING BRAKE TEMPORARILY NOT AVAILABLE</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Электржетекті тұрақ тежегішінің ажыратқышы қысқа уақыт аралығында бірнеше рет іске қосылғандықтан, уақытша тұрақ тежегішін қосуға болмайды. 	<p>“Электржетекті тұрақ тежегіші” тарауын қараңыз, бет 6-5.</p>
 <p>BRAKE PRESS BRAKE PEDAL TO RELEASE</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Сіз тежегіш педалін баспай, электр жетекті тұрақ тежегішін өшіруге тырысып көрдіңіз. 	<p>“Электржетекті тұрақ тежегіші” тарауын қараңыз, бет 6-5.</p>
 <p>PARKING BRAKE ENGAGED</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Электржетекті тұрақ тежегіші автоматты түрде қосылды. 	<p>“Тұрақ тежегішін автоматты түрде қосу жүйесі” тарауын қараңыз, бет 6-42.</p>
 <p>BRAKE AUTO HOLD CANCELED</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Тұрақ тежегішін автоматты түрде қосу функциясы автоматты түрде өшірілді. 	<p>“Тұрақ тежегішін автоматты түрде қосу жүйесі” тарауын қараңыз, бет 6-42.</p>
 <p>BRAKE AUTO HOLD NOT AVAILABLE</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Тұрақ тежегішін автоматты түрде қосу функциясы қолжетімсіз. 	<p>“Тұрақ тежегішін автоматты түрде қосу жүйесі” тарауын қараңыз, бет 6-42.</p>

Экран	Себеп	Ұсынылған жою тәсілі
	<ul style="list-style-type: none"> • Электржетекті тұрақ тежегіші автоматты түрде қосылмайды, өйткені электржетекті тұрақ тежегіші жүйесінде ақау бар. 	<ul style="list-style-type: none"> • Егер оталдыру өшірулі немесе OFF жұмыс режимі қосулы болса, селектор интірегін Р (тұрақ) күйіне көшіріңіз және оң аяқпен тежегіш педальды әдеттегіден қатты басыңыз. Содан кейін оталдыру құлпындағы кілтті бұраңыз немесе қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін басыңыз. • Тұрақ тежегішін автоматты түрде қосу жүйесін тексеру үшін, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу ұсынылады. “Тұрақ тежегішін автоматты түрде қосу жүйесі” тарауын қараңыз, бет 6-42.
	<ul style="list-style-type: none"> • Тұрақ тежегішін автоматты түрде қосу жүйесі белсендірілмейді, өйткені жүргізушінің қауіпсіздік белдігі тағылмаған. 	<ul style="list-style-type: none"> • Жүргізушінің қауіпсіздік белдігін таққан соң, тұрақ тежегішін автоматты түрде қосу жүйесінің ажыратқышын басыңыз. “Тұрақ тежегішін автоматты түрде қосу жүйесі” тарауын қараңыз, бет 6-42.
	<ul style="list-style-type: none"> • Тұрақ тежегішін автоматты түрде қосу жүйесі өшірілген жоқ, өйткені тежегіш педалі басылмады. 	<ul style="list-style-type: none"> • Оң аяқпен тежегіш педалін басыңыз. Содан кейін тұрақ тежегішін автоматты түрде қосу жүйесін ажыратқышты басыңыз. “Тұрақ тежегішін автоматты түрде қосу жүйесі” тарауын қараңыз, бет 6-42.
	<ul style="list-style-type: none"> • Қозғалтқышты майлау жүйесінің ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> • Автомобильді мүмкіндігінше қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады. “Майлау жүйесінің ақаулығы туралы ескертуші хабарлама” тарауын қараңыз, бет 5-47.






Экран	Себеп	Ұсынылған жою тәсілі
 <p>CHARGING SYSTEM SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> Аккумуляторлық батареяны зарядтау жүйесінің ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> Автомобильді мүмкіндігінше қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады. “Аккумуляторлық батареяны зарядтау жүйесінің ақаулығы туралы ескертуші хабарлама” тарауын қараңыз, бет 5-47.
 <p>PF SYSTEM SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> Бензиндік қозғалтқыштың қатты бөлшектер сүзгісінде (GPF) қатты бөлшектердің шамадан тыс мөлшері жиналады. 	<ul style="list-style-type: none"> Жүйені тексеру үшін, тез арада MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.
 <p>CHECK PF SYSTEM</p>	<ul style="list-style-type: none"> Бензиндік қозғалтқыштың қатты бөлшектер сүзгісінде (GPF) қатты бөлшектердің шамадан тыс мөлшері жиналады. 	<p>“Бензиндік қозғалтқыштың қатты бөлшектер сүзгісі (GPF)” тарауын қараңыз, бет 6-25.</p>
 <p>AIRBAG SYSTEM SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> SRS жүйесінің немесе қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқыштарының ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> Мүмкіндігінше тезірек MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады. “Пассив қауіпсіздіктің қосымша құралдар жүйесінің (SRS) бақылау шамы” тарауын қараңыз, бет 4-37.
 <p>ASC SYSTEM SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> Бағыттық тұрақтылықтың динамикалық жүйесінің (ASC) ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады. “Бағыттық тұрақтылықтың динамикалық жүйесі (ASC)” тарауын қараңыз, бет 6-52.
	<ul style="list-style-type: none"> Көтеру кезінде көмек жүйесінің ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады. “Көтерілгенде тұрту кезінде көмек көрсету жүйесі” тарауын қараңыз, бет 6-46.


Экран	Себеп	Ұсынылған жою тәсілі
	<ul style="list-style-type: none"> • S-AWC жүйесінің ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> • Мүмкіндігінше тезірек MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады. • “S-AWC (Super-All Wheel Control) толық жетекті және бағыттық тұрақтылықты басқару жүйесі” тарауын қараңыз, бет 6-34.
	<ul style="list-style-type: none"> • CVT-да ақаулық. 	<ul style="list-style-type: none"> • Мүмкіндігінше тезірек MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады. • “INVECS-III CVT Sports Mode автоматты 8 сатылы беріліс қорабы және INVECS-III CVT Sports Mode автоматты 6 сатылы беріліс қорабы (зияткерлік және инновациялық үшінші буын автомобилін басқару жүйесі) тарауын қараңыз, бет 6-27.
	<ul style="list-style-type: none"> • S-AWC жүйесінің қызып кетуі. 	<p>“S-AWC (Super-All Wheel Control) толық жетекті және бағыттық тұрақтылықты басқару жүйесі” тарауын қараңыз, бет 6-34.</p>
	<ul style="list-style-type: none"> • Сыртқы ауа температурасы 3 °C (37 °F) немесе одан төмен температураны құрайды.. 	<ul style="list-style-type: none"> • Абайлаңыз, көктайғақ болуы мүмкін. • Ескерту болмаса да, көктайғақ болуы мүмкін, сондықтан автомобильді абайлап басқару керек.

Экран	Себеп	Ұсынылған жою тәсілі
	<ul style="list-style-type: none"> • Адаптивті круиз-бақылау жүйесі (ACC) автомобильдің алдыңғы жағынан жақындағанын анықтады. • Маңдаймен соқтығысу салдарларын жұмсарту жүйесі (FCM) қауіпті соқтығысуды анықтады. 	<ul style="list-style-type: none"> • Тежегіш педальды басу немесе автомобильдің баяулауына әкелетін басқа әрекетті орындау арқылы қашықтықты арттырыңыз. • Соқтығысуды болдырмау үшін, тиісті әрекетті орындаңыз, мысалы, тежегіш педальды басыңыз.
	<ul style="list-style-type: none"> • Электржетекті тұрақ тежегіші автоматты түрде қосылуы мүмкін. 	<ul style="list-style-type: none"> • Мүмкіндігінше, тезірек тежегіш педалін басыңыз. “Тұрақ тежегішін автоматты түрде қосу жүйесі” тарауын қараңыз, бет 6-42.







Экран	Себеп	Ұсынылған жою тәсілі
 <p>ACC READY TO RESUME</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Адаптивті круиз-бақылау жүйесі (ACC) белсенді. 	
 <p>ACC CANCELLED</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Адаптивті круиз-бақылау жүйесінің (ACC) жұмысы автоматты түрде тоқтатылып, жүйе күту режиміне ауыстырылды. 	
 <p>ACC NOT AVAILABLE NOW</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Адаптивті круиз-бақылау жүйесінің (ACC) жұмыс істеу шарттары сақталмаған, жүйе басқаруды өз мойнына ала алмайды. 	
 <p>ACC OUT OF SPEED RANGE</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Адаптивті круиз-бақылау жүйесі (ACC) басқаруды өз мойнына ала алмайды, өйткені қозғалыс жылдамдығы белгіленген шектен төмен. 	
 <p>ACC NO FORWARD VEHICLE</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Адаптивті круиз-бақылау жүйесі (ACC) басқаруды өз мойнына ала алмайды, өйткені ол көліктің алдыңғы жағынан жақындағанын байқамады. 	
 <p>ACC TEMPORARILY NOT AVAILABLE</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Адаптивті круиз-бақылау жүйесі (ACC) датчикке балшық жабысып қалуына орай уақытша жұмысқа жарамсыз. Бұл ақаулық белгісі болып табылмайды. 	






5






Экран	Себеп	Ұсынылған жою тәсілі
 <p>ACC SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> Адаптивті круиз-бақылау жүйесінің (ACC) ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> МITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады.
 <p>ACC RADAR BLOCKED</p>	<ul style="list-style-type: none"> Балшық, қар немесе мұз сияқты бөгде заттар датчик айналасындағы бамперге жабысып қалды. 	<ul style="list-style-type: none"> Датчик айналасындағы бампер бетінен бөгде заттарды алып тастаңыз. Егер датчиктің айналасындағы бампер бетінен бөгде заттарды алып тастаған соң, ескертуші хабарлама жоғалмаса, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгініңіз.
 <p>FCM SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> Маңдаймен соқтығысу салдарларын жұмсарту жүйесінің (FCM) ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> МITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады.
 <p>FCM RADAR BLOCKED</p>	<ul style="list-style-type: none"> Балшық, қар немесе мұз сияқты бөгде заттар датчик айналасындағы бамперге жабысып қалды. 	<ul style="list-style-type: none"> Датчик айналасындағы бампер бетінен бөгде заттарды алып тастаңыз. Егер датчиктің айналасындағы бампер бетінен бөгде заттарды алып тастаған соң, ескертуші хабарлама жоғалмаса, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгініңіз.
 <p>FCM BRAKE ACTIVATED</p>	<ul style="list-style-type: none"> Маңдаймен соқтығысу салдарларын жұмсарту жүйесін (FCM) тежеу функциясы. 	

Экран	Себеп	Ұсынылған жою тәсілі
	<ul style="list-style-type: none"> • Маңдайлық соқтығысу салдарларын жұмсарту жүйесі (FCM) әлдебір себептермен уақытша жұмыс істемейді. Бұл ақаулық белгісі болып табылмайды. 	
	<ul style="list-style-type: none"> • Иеленген қатардан шығу туралы ескерту жүйесі (LDW) сіздің автомобиліңіздің шығып кеткенін немесе орналасқан жолақтан шығатынын анықтады. 	
	<ul style="list-style-type: none"> • Иеленген қатардан шығу туралы ескерту жүйесінің (LDW) ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> • MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады.
  	<ul style="list-style-type: none"> • Жол-жөнекей соқтығысуды болдырмау жүйесінің ультрадыбыстық датчигі (UMS) қоршаған орта жағдайына немесе датчиктің жоғары температурасына байланысты уақытша жұмыс істемейді. 	<ul style="list-style-type: none"> • Егер біршама уақыттан кейін ескертуші хабарлама жоғалмаса, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз. “Ескертуші хабарлама” тарауын қараңыз, бет 6-64.

5



Экран	Себеп	Ұсынылған жою тәсілі
  	<ul style="list-style-type: none"> Ультрадыбыстық датчигі бар жол-жөнекей соқтығысуды болдырмау жүйесі (UMS) датчиктің ақаулығынан дұрыс жұмыс істемейді. 	<ul style="list-style-type: none"> Мүмкіндігінше тезірек MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады. “Ескертуші хабарлама” тарауын қараңыз, бет 6-64.
 	<ul style="list-style-type: none"> Ультрадыбыстық датчигі бар жол-жөнекей соқтығысуды болдырмау жүйесі (UMS) қосулы. 	<p>“Ультрадыбыстық датчигі бар жол-жөнекей соқтығысуды болдырмау жүйесі (UMS)” тарауын қараңыз, бет 6-60.</p>
	<ul style="list-style-type: none"> Өлі аймақтардағы кедергілердің болуы туралы ескерту жүйесінің датчигі (BSW) қоршаған орта жағдайына немесе датчиктің жоғары температурасына байланысты уақытша жұмыс істемейді. 	<ul style="list-style-type: none"> Егер біршама уақыттан кейін ескертуші хабарлама жоғалмаса, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз. “Датчик уақытша жұмыс істемейді” тарауын қараңыз, бет 6-68.

Экран	Себеп	Ұсынылған жою тәсілі
	<ul style="list-style-type: none"> Өлі аймақтардағы кедергілердің болуы туралы ескерту жүйесі (BSW) ақаулардың болуынан дұрыс жұмыс істемейді. 	<ul style="list-style-type: none"> Мүмкіндігінше тезірек MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады. “Жүйеде ақаулықтардың болуы туралы ескерту” тарауын қараңыз, бет 6-68.
	<ul style="list-style-type: none"> Балшық, қар немесе мұз сияқты бөгде заттар датчик айналасындағы бамперге жабысып қалды. 	<ul style="list-style-type: none"> Датчик айналасындағы бампер бетінен бөгде заттарды алып тастаңыз. Егер датчиктің айналасындағы бампер бетінен бөгде заттарды алып тастаған соң, ескертуші хабарлама жоғалмаса, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгініңіз. “Датчикте бөгде заттар орналасқан” тарауын қараңыз, бет 6-68.
	<ul style="list-style-type: none"> Артынан соғу қаупі туралы ескерту жүйесі (RCTA) сіздің автомобиліңізге жақындап келе жатқан автомобильді анықтады. 	<ul style="list-style-type: none"> Автомобильдің артындағы жағдайға ерекше назар аударыңыз. “Артынан соғу қаупі туралы ескерту жүйесі (RCTA)” тарауын қараңыз, бет 6-68.
	<ul style="list-style-type: none"> Датчиктің ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады. “Жүйеде ақаулықтардың болуы туралы ескерту” тарауын қараңыз, бет 5-56.
	<ul style="list-style-type: none"> Маңдайлық соқтығысу салдарларын жұмсарту жүйесі (FCM), иеленген қатардан шығу туралы ескерту жүйесі (LDW) және фаралардың алыс жарығын автоматты басқару жүйесі (АНВ) датчиктің тым жоғары немесе төмен температурасына байланысты уақытша жұмыс істемейді. 	<ul style="list-style-type: none"> Датчик температурасы қалыпты диапазонға оралғаннан кейін, жүйе автоматты түрде қалыпты жұмысқа оралады. “Жүйеде ақаулықтардың болуы туралы ескерту” тарауын қараңыз, бет 5-56.


Экран	Себеп	Ұсынылған жою тәсілі
 <p>DRIVER ASSISTANCE CAMERA BLOCKED</p>	<ul style="list-style-type: none"> Ластанудың датчикке немесе әйнекке жабысып қалуына байланысты, датчик уақытша жұмыс істемейді. Бұл ақаулық белгісі болып табылмайды. 	<p>“Жүйеде ақаулықтардың болуы туралы ескерту” тарауын қараңыз, бет 5-56.</p>
 <p>AHB SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> Алыс жарық фараларын автоматты басқару жүйелерінің ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады. “Жүйеде ақаулықтардың болуы туралы ескерту” тарауын қараңыз, бет 5-56.
 <p>AS&G SYSTEM SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> Қозғалтқышты автоматты түрде тоқтату және іске қосу жүйесінің (AS&G) ақаулығы анықталды. 	
 <p>SHIFT TO P POSITION THEN RESTART ENGINE</p>	<ul style="list-style-type: none"> CVT автомобильде қозғалтқышты автоматты түрде тоқтату және қозғалтқышты іске қосу жүйесі (AS&G) іске қосылмады. 	
 <p>RESTART ENGINE</p>	<ul style="list-style-type: none"> M/T автомобильде қозғалтқышты автоматты түрде тоқтату және қозғалтқышты іске қосу жүйесі (AS&G) іске қосылмады. 	







Басқа ескертуші хабарламалар





E00524202891

Экран	Себеп	Ұсынылған жою тәсілі
	<ul style="list-style-type: none"> Қозғалтқышты іске қосқан кезде, ілінісу педалін баспай, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін басыңыз (М/Т автомобильдерде). 	<ul style="list-style-type: none"> Бейтарап берілісті қосыңыз, іліністі толық сығып, тежегіш педалін оң аяқпен басыңыз. Содан кейін қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін басыңыз. “Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату” тарауын қараңыз, бет 6-21.
	<ul style="list-style-type: none"> Қозғалтқышты іске қосқан кезде селектор интірегін Р (тұрақ) немесе N (бейтарап беріліс) күйінде болмайды немесе тежегіш педалін баспай, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесі басылады (CVT автомобильдерде). Электрондық кілтпен қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін басқан соң, деректерді сәтті тарату. 	<ul style="list-style-type: none"> Селектор интірегін Р (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз және тежегіш педалін оң аяқпен басыңыз. Содан кейін қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін басыңыз. “Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату” тарауын қараңыз, бет 6-21. “Егер электрондық кілт ақаулы болса” тарауын қараңыз, бет 6-25.


Ақпараттық дисплей әр жүйенің жұмыс режимі көрсетіледі. Әр жүйенің егжей-тегжейлі сипаттамасын нұсқаулықтың тиісті бетінен қараңыз.

 ЕСКЕРТПЕ
<ul style="list-style-type: none"> Әрбір жүйені пайдаланар алдында, ақпараттық дисплейдегі жүйенің жұмыс режимі өзгергеніне көз жеткізіңіз. Дегенмен, ескертуші хабарлама пайда болған соң, жүйенің жұмыс режимі, тіпті, жүйе іске қосылған болса да, бірден көрінбеуі мүмкін.


Экран түрі	Режим	Ескертпе
	<ul style="list-style-type: none"> S-AWC толық жетекті және бағыттық тұрақтылықты басқару жүйесінің NORMAL режимі қосылғанда. 	<p>“S-AWC (Super-All Wheel Control) толық жетекті және бағыттық тұрақтылықты басқару жүйесі” тарауын қараңыз, бет 6-34.</p>
	<ul style="list-style-type: none"> S-AWC толық жетекті және бағыттық тұрақтылықты басқару жүйесінің SNOW режимі қосылғанда. 	
	<ul style="list-style-type: none"> S-AWC толық жетекті және бағыттық тұрақтылықты басқару жүйесінің GRAVEL режимі қосылғанда. 	
	<ul style="list-style-type: none"> Межелі нүктеге жақындағанда және т.б. 	
	<ul style="list-style-type: none"> Тұрақ датчигі кедергіні тапқанда. 	<p>“Тұрақ датчиктері (алдыңғы/артқы)” тарауын қараңыз, бет 6-76.</p>
	<ul style="list-style-type: none"> ECO режимі қосылғанда. 	

Экран түрі	Режим	Ескертпе
<div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div style="text-align: center;">  <p>FCM NEAR</p> </div> <div style="text-align: center;">  <p>FCM MIDDLE</p> </div> </div> <div style="text-align: center; margin-top: 20px;">  <p>FCM FAR</p> </div>	<ul style="list-style-type: none"> Егер маңдайлық соқтығысу салдарларын жұмсарту жүйесі (FCM) қосулы немесе ескерту уақыты өзгертілген болса. 	
<div style="text-align: center;">  <p>OFF</p> </div>	<ul style="list-style-type: none"> Маңдаймен соқтығысу салдарларын жұмсарту жүйесі (FCM) өшірулі болса. Егер ультрадыбыстық датчигі бар жол-жөнекей соқтығысуды болдырмау жүйесі (UMS) өшірулі болса. 	<p>“UMS жүйесін қосу/өшіру” тарауын қараңыз, бет 6-64.</p>

Терезенің бұл түрі келесі техникалық қызмет көрсету мерзімінің басталғаны туралы хабарлайды.

Экран түрі	Әрекеттер
<div style="text-align: center;">  <p>ROUTINE MAINTENANCE REQUIRED</p> </div>	<p>MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады. “Техникалық қызмет көрсетуді бақылау” тарауын қараңыз, бет. 5-9.</p>

Демалыс қажеттілігі туралы еске салу мерзімділігі.


Экран түрі	Әрекеттер
	<p>Автомобильді қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және қозғалтқышты өшіріп, демалыңыз. Ұзақ сапарларда демалу үшін тоқтау қажет болған жағдайда, бұл функцияны индикативті уақыт көрсеткіші ретінде пайдалану керек. Еске салудың мерзімділігін таңдауға болады. «Демалыс қажеттілігі туралы еске салу мерзімділігін таңдау (REST REMINDER)» тарауын қараңыз, бет 5-18.</p> <p>Белгілі бір уақыттан кейін дисплейде ескерту пайда болады және зуммер сигналы беріледі. Егер сіз қозғалысты тоқтаусыз жалғастырмақ болсаңыз, демалу қажеттілігі туралы ескерте отырып, зуммер сигналы әр 5 минут сайын беріледі,</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жаңа кезеңнің басталуы және алдыңғы терезеге оралу төменде көрсетілген жағдайларда орын алады. Жаңа кезең аяқталғаннан кейін ескертуші хабарлама қайта пайда болады және зуммер сигналы беріледі: • Зуммер дыбыстық сигналы үш рет берілген соң. • Оталдыру құлпындағы кілтті LOCK күйіне бұраңыз немесе OFF жұмыс режимін қосыңыз. • Егер көпфункционалдық дисплейдің түймелері кемінде 2 секунд басылса.

Бақылау шамдары

E00501600100

Бұрылыс көрсеткіштерін / авариялық сигнализацияны бақылау шамдары

E00501701746




Бұл бақылау шамдары келесі жағдайларда жыпылықтайды.

- Егер бұрылу көрсеткіштерін қосу үшін, рөл астындағы ауыстырып қосқыш жылжытылса. “Бұрылыс көрсеткіштерін ауыстырғыш” тарауын қараңыз, бет 5-60.
- Егер авариялық сигнализацияны қосу түймесі басулы болса. “Авариялық жарық сигнализациясын қосқыш” тарауын қараңыз, бет 5-60.
- Егер авариялық сигнал қозғалыс кезінде кенеттен тежеу кезінде автоматты түрде қосылса. “Шұғыл тежеу кезіндегі авариялық сигнализация” тарауын қараңыз, бет 6-49.

Фаралардың алыс жарығының бақылау шамы

E00501800173



Бұл бақылау шамы фаралардың алыс жарығы қосылғанда қосылады.

Тұманға қарсы фаралардың бақылау шамы*

E00501900493




Бұл бақылау шамы тұманға қарсы фаралар қосылғанда қосылады.

5

Артқы тұманға қарсы фаралардың бақылау шамы


E00502001241



Бұл бақылау шамы артқы тұманға қарсы фаралар қосылғанда қосылады.

Габариттік оттарды қосатын бақылау шамы*

E00508900173



Бұл бақылау шамы габариттік оттар қосылғанда қосылады.

Ақаулар туралы ескертуші шамдар

E00502400147

Тежеу жүйесінің бақылау шамы

E00502504159



Бұл бақылау шамы оталдыру кілтін ON күйіне бұрған кезде немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде қосылып, бірнеше секундтан соң өшеді.

Қозғалысты бастар алдында,

міндетті түрде бақылау шамының өшкеніне көз жеткізіңіз.

Егер оталдыру кілті ON күйінде болса немесе ON жұмыс режимі қосулы болса, бұл шам келесі жағдайларда қосылады:

- тұрақ тежегішін қосқанда;
- бақтағы тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болғанда;
- тежегіш күштерді тарату жүйесі істен шыққанда.

Егер оталдыру немесе ON жұмыс режимі қосулы болса, тұрақ тежегіші қосылған автомобиль 8 км/сағ. жылдамдықтан асып кетсе, ескертуші зуммер сигналы беріледі.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Төменде көрсетілген жағдайларда тежегіш жүйесінің тиімділігі төмендеуі мүмкін немесе автомобиль кенеттен тежеу кезінде тұрақтылықты жоғалтуы мүмкін. Сондықтан жоғары жылдамдықпен қозғалудан және кенеттен тежелуден аулақ болыңыз. Көлікті қауіпсіз жерде тоқтатып, оны MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында тексеріңіз.
- Тежегіш жүйесінің бақылау шамы тұрақ тежегіші қосылған кезде қосылмайды немесе тұрақ тежегіші өшірілген кезде өшірілмейді.
- Егер ABS бақылау шамдары мен тежегіш жүйесі бір уақытта қосылса. “Бақылау шамы / ABS ақаулығы туралы ескертуші хабарлама” тарауын қараңыз, бет 6-50.
- Тежеу жүйесінің бақылау шамы қозғалыс кезінде жануын жалғастырады.
- Тежегіштер әсерінің тиімділігі төмендегенде, келесі ережелерді сақтай отырып, тұрақ орнына абайлап жылжу қажет:
- Тежегіш педалін бұрынғыдан күштірек басу керек.
Егер тежегіш педалінің соққысы тиімді тежеуге жеткіліксіз болса, оны үлкен күшпен басуды жалғастырыңыз.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Тежегіш жүйесі істен шықса, автомобильдің жылдамдығын төмендету үшін қозғалтқышты тежеуді қолданыңыз және келесіні орындаңыз:

Механикалық жетекті тұрақ тежегіші бар автомобильдер

Тұрақ тежегішінің иіптірегін мұқият жоғарыға тартыңыз.

Электржетекті тұрақ тежегіші автомобильдер

Электржетекті тұрақ тежегішінің ажыратқышын тартуды жалғастырыңыз. “Электр жетекті тұрақ тежегіші” тарауын қараңыз, бет 6-5.

Стоп-сигналдарды қосу және артта келе жатқан автомобиль жүргізушілерін тежеу туралы ескерту үшін, тежегіш педалін басыңыз.

Электр жетекті тұрақ тежегішінің бақылау шамы*

E00568900184



Бұл бақылау шамы электржетекті тұрақ тежегішінің ақаулығы болған кезде қосылады. Әдетте, бұл бақылау шамы оталдыру кілтін ON күйіне бұрғанда немесе ON жұмыс


режимін қосқанда қосылып, бірнеше секундтан соң өшеді.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер бақылау шамы сөнбесе немесе қосылмаса, тұрақ тежегіші жұмыс істемеуі немесе өшірілмеуі мүмкін. Бұл жағдайда тез арада MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу керек. Егер бұл бақылау шамы автомобильдің қозғалысы кезінде қосылса, автомобильді тез арада қауіпсіз жерге тоқтатып, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз. Өте қажет болған жағдайда, автомобильді тегіс, қатты жерге қойыңыз, селектор иіптірегін P (тұрақ) орнына жылжытыңыз және дөңгелектердің тіреу табандықты немесе қалыптарды орнатыңыз.

Қозғалтқышты диагностикалауды бақылау шамы

E00502603502



Бұл шам пайдаланылған газдардың құрамын және қозғалтқышты басқару жүйелерінің немесе CVT жұмысын бақылайтын боргтық өзін-өзі диагностикалау

жүйесінің бөлігі болып табылады.

Егер осы жүйелердің бірінде ақаулық анықталса, осы шам қосылады.

Бұл жағдайда автомобиль, әдетте, қозғалыс қабілетін сақтайды және сүйреуге жүгінудің қажеті жоқ екеніне қарамай, автомобильдің басқару жүйелерін мүмкіндігінше тезірек тексеру ұсынылады.

Бұл шам оталдыру қосылған кезде немесе ON жұмыс режимі қосылған кезде қосылып, қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін өшетініне көз жеткізіңіз. Егер бақылау шамы қозғалтқыш іске қосылған соң өшпесе, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында автомобильді тексеру ұсынылады.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қозғалтқышты диагностикалау шамы қосулы күйінде ұзақ қозғалу пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесіне елеулі зақым келтіруі мүмкін. Бұл ретте автомобильдің отын үнемділігі мен пайдаланушылық сипаттамалары нашарлауы мүмкін.
- Егер бұл шам оталдыру кілтін ON күйіне бұрған кезде немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде, қосылмаса, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады.
- Егер қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде шам қосулы болса, жоғары жылдамдықпен қозғалудан аулақ болу керек және MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында жүйені тезірек тексеру керек. Мұндай жағдайларда автомобильдің үдеткіш немесе тежегіш педалін басуға немесе босатуға реакциясы жеткіліксіз болуы мүмкін.


ЕСКЕРТПЕ

- Өздігінен диагностикалаудың борттық жүйесінің жұмысын бақылайтын қозғалтқыштың электрондық басқару блогы әртүрлі ақаулар туралы (әсіресе, пайдаланылған газдардың құрамын бақылау жүйесінің ақаулары туралы) деректерді сақтайды.

5 Аккумуляторлық батарея өшірілгенде, бұл деректер жадыдан жойылады, бұл диагностикалауды қиындатады және оның ұзақтығын ұлғайтады. Сондықтан, егер қозғалтқышты диагностикалауды бақылау шамы қосылса, аккумуляторлық батареяны өшіру керек.

Аккумуляторлық батареяны зарядтаудың бақылау шамы

E00502702418



Бұл шам аккумуляторлық батареяны зарядтау жүйесінде ақаулық болған кезде қосылады. Бұл шам оталдыру қосылған кезде немесе ON жұмыс режимі қосылған кезде қосылып, қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін өшеді. Бұл ретте көпфункционалдық дисплейде ескертуші хабарлама пайда болады.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер бұл шам қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда қосылса, бұл аккумулятордың зарядтау тізбегіндегі ақаулықты көрсетеді. Бұл жағдайда тез арада қауіпсіз жерге тоқтап, жақын маңдағы MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу керек.

Ақпараттық терезенің хабарламалар тізімі

E00524601247

Тежегіш жүйенің ақаулығы туралы ескертуші хабарлама

E00524701684



Егер сіз тұрақ тежегішін өшірмей қозғала бастаған болсаңыз, бұл хабарлама көрсетіледі. Егер тұрақ тежегіші қосулы болса ғана, аспаптар панелінде тежеу жүйесінің бақылау шамы жанады. “Тежеу жүйесінің бақылау шамы” тарауын қараңыз, бет 5-44.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Тұрақ тежегіші қосулы автомобиль қозғалған кезде, тежегіш механизмдері қызып кетеді, бұл ретте олардың жұмыс тиімділігі төмендейді және істен шығу ықтималдығы артады. Осы ескерту пайда болғанда, тұрақ тежегішін босатыңыз.



Бұл хабарлама резервуардағы тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болса, оталдыру қосылғанда немесе ON жұмыс режимі қосылғанда көрсетіледі. Сондай-ақ, аспаптар панеліндегі тежегіш жүйенің бақылау шамы қосылады. “Тежеу жүйесінің бақылау шамы” тарауын қараңыз, бет 5-44.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер бұл хабарлама қозғалыс кезінде пайда болса және жоғалмаса, тежегіштер тиімділігінің төмендеуі қауіп бар. Бұл жағдайда тез арада қауіпсіз жерге тоқтап, жақын маңдағы MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу керек.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер дисплейде тежегіш жүйесінің ақаулығы туралы ескертуші хабарлама көрсетілсе және сонымен бірге тежегіш жүйесі мен ABS басқару шамдары қосылса, бұл тежеу күшін тарату жүйесінің істен шыққанын білдіреді, бұл кенеттен тежеу кезінде тұрақтылықтың жоғалуына әкелуі мүмкін. Жоғары жылдамдықпен қозғалудан және кенеттен тежелуден аулақ болыңыз. Автомобильді қауіпсіз жерге тоқтатып, жақын маңдағы MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.
- Тежегіштер әсерінің тиімділігі төмендегенде, келесі ережелерді сақтай отырып, тұрақ орнына абайлап жылжу қажет:
- Тежегіш педалін бұрынғыдан күштірек басу керек.
Егер тежегіш педалінің соққысы тиімді тежеуге жеткіліксіз болса, оны үлкен күшпен басуды жалғастырыңыз.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Тежегіш жүйесі істен шықса, автомобильдің жылдамдығын төмендету үшін қозғалтқышты тежеуді қолданыңыз және келесіні орындаңыз:

Механикалық жетекті тұрақ тежегіші бар автомобильдер

Тұрақ тежегішінің иінтірегін мұқият жоғарыға тартыңыз.

Электржетекті тұрақ тежегіші автомобильдер

Электржетекті тұрақ тежегішінің ажыратқышын тартуды жалғастырыңыз. “Электржетекті тұрақ тежегіші” тарауын қараңыз, бет 6-5.

Стоп-сигналдарды қосу және артта келе жатқан автомобиль жүргізушілерін тежеу туралы ескерту үшін, тежегіш педалін басыңыз.

Аккумуляторлық батареяны зарядтау жүйесінің ақаулығы туралы ескертуші хабарлама

E00524801353



Аккумуляторлық батареяны зарядтау жүйесінде ақаулық туындағанда, көпфункционалдық дисплейде ескертуші хабарлама көрінеді. Сондай-ақ, аспаптар панеліндегі зарядтаудың бақылау шамы қосылады.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер бұл хабарлама қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде пайда болса, автомобильді тез арада қауіпсіз жерде тоқтатып, жүйені тексеріңіз.

Майлау жүйесінің ақаулығы туралы ескертуші хабарлама

E00524901442



Майлау жүйесінде ақаулық туындаған кезде, көпфункционалдық дисплейде ескертуші хабарлама көрінеді.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қозғалтқыштағы майдың төмен деңгейімен немесе оның қалыпты деңгейінде ескертуші хабарламасымен қозғалу қызып кетуге және қозғалтқыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін.


⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер бұл хабарлама қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде пайда болса, автомобильді тез арада қауіпсіз жерде тоқтатып, жүйені тексеріңіз.
- Егер қозғалтқышта май мөлшері жеткілікті болса, хабарлама пайда болса, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.

Проекциялық дисплей (HUD)*

E00569600221

Жүргізуші келесі көрсеткіштерді жолдан көз алмай-ақ оқи алуы үшін, проекциялық дисплей (HUD) аспаптардың маңызды көрсеткіштерін (автомобиль жылдамдығы және т.б.) мөлдір экранға шығарады.



1 — дисплей

2 — жылдамдық индикациясы терезесі

3 — ақпараттық терезе

4 — навигация жүйесінің ақпараттық терезесі*

Көрінетін ақпарат:

- автомобиль жылдамдығы;
- навигация жүйесінің ақпараты*;
- круиз-бақылау ақпараты*;
- жылдамдықты шектеу жүйесінің ақпараты*;
- адаптивті круиз-бақылау жүйесінің (ACC) ақпараты*.

Дисплейдің ақпараттық терезесінде көрсетілетін ескертуші хабарлама проекциялық дисплейде (HUD) қайталанады.

Көрінетін ескертуші хабарламалардың мысалдары:

- жабылмаған есік туралы ескерту;
- тағылмаған қауіпсіздік белгісі туралы ескертуші хабарлама;
- адаптивті круиз-бақылау жүйесінің (ACC) ескертуші хабарламасы*;
- Маңдаймен соқтығысу салдарларын жұмсарту жүйесінің (FCM) ескертуші хабарламасы*;
- иеленген қатардан шығу туралы ескерту жүйесі (LDW)*.

“Бақылау шамдары, ақаулар туралы ескертуші шамдар, ақпараттық терезе хабарламаларының тізімі” тарауын қараңыз, бет 5-21.

⚠️ ЕСКЕРТУ


- Проекциялық дисплейді қосу/өшіру үшін, автомобильді қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Қозғалыс кезінде бұл операцияны орындау автомобиль жүргізуден назарды аударуы мүмкін, бұл жазатайым оқиғаға себеп болуы мүмкін.
- HUD жүйесінің блогына су мен сусындарды төгіп алмаңыз. Егер ауыстырып қосқыштар, сымдар немесе электр компоненттері дымқыл болса, олар жұмысын тоқтатуы немесе автомобильден өрт шығуы мүмкін. Егер автомобиль салонына су немесе сусындар кездейсоқ төгіп алсаңыз, сұйықтықтың ең көп мөлшерін алып тастап, тез арада MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Дисплейді ашып-жапқан кезде, қолдарыңызды және т.б. қозғалмалы бөлшектерден алыс ұстаңыз. Кері жағдайда қысып қалуы, соның салдарынан жарак алынуы мүмкін.
- Заттарды проекциялық дисплейге және оның жанына қоймаңыз. Олар дисплейдің ашылуына немесе механизмнің істен шығуына себеп болуы мүмкін.
- Дисплейді ашып-жаппаңыз, сондай-ақ оның бұрышын қолмен реттемеңіз. Дисплейге шамадан тым күш салу оның істен шығуына әкелуі мүмкін.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Дисплейге жапсырма, үлдір және т.б. жабыстырмаңыз. Олар дисплейді жауып тастауы немесе оның ашылуы мен жабылуын бұзуы мүмкін, бұл өз кезегінде оның бұзылуына әкелуі мүмкін. Сондай-ақ дисплейдің жарықтығын анықтайтын датчиктің (А) жұмыс қабілеті бұзылуы мүмкін, содан кейін дисплейден ақпаратты оқу қиынға соғады.




- Жарық сәулесін датчиктің (А) жарық қабылдайтын бөлігіне бағыттамаңыз. Датчик істен шығуы мүмкін.
- Егер сыртқы зат дисплейді сақтау кеңістігіне енгізілсе немесе оны сақтау кеңістігінде бөтен зат болған кезде дисплей жабылса және енді басқа ашылмаса, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгініңіз.

📖 ЕСКЕРТПЕ


- Көзіңізді тағатын адамдарға дисплейден ақпаратты оқу қиын болуы мүмкін. Күнқағар көзіңізді шешіп, дисплейдің жарығын реттеңіз. “Дисплей жарығын реттеу” тарауын қараңыз, бет 5-50.
- Егер аккумуляторлық батарея өшірілсе немесе оның кернеуі төмен болса, дисплей өздігінен бұрышты қабылдайды, мұның өзі одан ақпаратты салыстырып оқуды қиындатуы мүмкін. Бұл жағдайда дисплей бұрышын реттеу қажет. “Дисплей бұрышын реттеу” тарауын қараңыз, бет 5-50.
- Сонымен қатар, дисплей белгілі бір ауа-райында (жаңбыр, қар, тікелей күн сәулесі, температура және т.б.) нашар көрінуі мүмкін. Бұл жағдайда дисплей бұрышы мен жарығын реттеу қажет. “Дисплей бұрышын реттеу”, бет 5-50, және “Дисплей жарығын реттеу”, бет 5-50, тарауларын қараңыз.


Проекциялық дисплейді пайдалану**📖 ЕСКЕРТПЕ**

- Егер  түймені басқанда, дисплей ашылмаса немесе жабылмаса, дисплей аймағында оның қозғалуына кедергі келтіретін заттардың бар-жоғын тексеріңіз. Егер дисплей кедергілер болмаса да ашылмаса және жабылмаса, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгініңіз.

5

Дисплейді ашу

1. Қосулы оталдыру немесе ON қосулы жұмыс режимі жағдайында, дисплейді ашу үшін  түймесін басыңыз.





2. Алдымен старттық экран көрінеді, сонынан ақпарат пайда болады.


ЕСКЕРТПЕ

- Егер оталдыру құлпындағы кілтті LOCK күйіне ауыстырғанда немесе OFF жұмыс режимін қосқанда, проекциялық дисплей ашық болса, онда оталдыру немесе ON жұмыс режимі қайта қосылған кезде, дисплей автоматты түрде ашылады.
- Егер оталдыру құлпындағы кілтті LOCK күйіне ауыстырғанда немесе OFF жұмыс режимін қосқанда, проекциялық дисплей жабық болса, онда оталдыру немесе ON жұмыс режимі қайта қосылған кезде, дисплей жабық күйде қалады.

Дисплейді жабу


1. Ашық дисплей жағдайында  түймесін басыңыз.



2. Егер автомобиль токтатылса, старттық экран көрінеді.  түймесін тағы бір рет басыңыз.






3. Алдымен финалдық экран көрінеді, соңынан дисплей жабылады.




ЕСКЕРТПЕ




- Оталдыру кілтін LOCK күйіне бұрғанда немесе OFF жұмыс режимін қосқанда, проекциялық дисплей автоматты түрде жабылады.


Дисплей бұрышын реттеу

Дисплей ашық кезде, дисплей бұрышын реттеу үшін, ауыстырып қосқыштың  немесе  жағын  басыңыз (акпараттың көрінуін ұлғайту немесе кішірейту).



Дисплей жарығын реттеу

Дисплей ашық кезде, дисплей жарығын реттеу үшін, ауыстырып қосқыштың  немесе  жағын  басыңыз Түнгі және күндізгі режимдер үшін, дисплей жарықтығының 16 деңгейі қолжетімді (габариттік оттардың қосылғанына немесе қосылмағанына байланысты).



ЕСКЕРТПЕ

- Түнгі және күндізгі режимдер үшін, дисплей жарықтығы автоматты түрде ауысады (габариттік оттардың қосылғанына немесе қосылмағанына байланысты).
- Қолмен реттеуге қосымша ретте жарық автоматты түрде ауысып, автомобильдің сыртындағы жарық деңгейіне байланысты өзгеруі мүмкін.

Проекциялық дисплей күтімі

Дисплей мен айна беткейіне арнайы жабын жағылған. Жұмсақ шүберекті, мысалы, көзілдірік тазалауға арналған шүберекті пайдаланыңыз.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Құрамында силикон немесе балауыз бар тазалағыш заттар мен қорғаныш заттарды пайдалануға тыйым салынады. Тазалағыш заттар мен қорғаныш заттарды пайдаланғанда, жабынға сызат түсіп, қатпарлануы мүмкін.

Жарық аспаптарын ҚОСҚЫШ

E00506005449

Фаралар


ЕСКЕРТПЕ

- Жолдың қарама-қарсы жағында қозғалыс жүзеге асырылатын елге кірген кезде, Сіздің автомобиліңіздің жарығы қарсы келе жатқан көлік жүргізушілерін соқыр етпеуі үшін, қажетті шараларды қабылдау қажет. Дегенмен, осы автомобильдегі фаралар түзетуді қажет етпейді.
- Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде, жарық аспаптарын қосулы күйде ұзақ уақытқа қалдырмаңыз. Бұл аккумуляторлық батарея зарядының таусылуына әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Жаңбыр кезінде немесе автомобильді жуганнан кейін, фаралар терлеуі мүмкін, бірақ бұл ақаулық белгісі болып табылмайды. Фараларды қосқан кезде, жылудан ылғал буланады. Алайда, егер фаралардың ішінде су жиналса, оларды MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында тексеру ұсынылады.

Жарық аспаптары қосқыш тұтқасын бұру арқылы қосылады.



<p>AUTO</p>	<p>Оталдыру қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы кезде фаралар, алдыңғы және артқы габариттік оттар, тіркеу белгісінің жарық шамы және аспаптар панелінің жарығы автомобильдің сыртындағы жарыққа байланысты автоматты түрде қосылады немесе сөндіріледі (габариттік оттарды сөндірген кезде, күндізгі жүріс оттары қосылады). Оталдыруды өшіргенде немесе LOCK жұмыс режимі қосылғанда, барлық жарық аспаптары автоматты түрде өшіріледі.</p>
<p>☞☞</p>	<p>Алдыңғы және артқы габариттік оттар, тіркеу белгісін жарықтандыру шырағы, аспаптар панелінің жарығы қосылған.</p>
<p>☞○</p>	<p>Фаралар қосулы, барлық қалған жарық аспаптары қосылуы мүмкін.</p>

<p>ЕСКЕРТПЕ</p> <p>• Егер оталдыру қосылса немесе ON жұмыс режимі қосылса, фаралар автоматты түрде өшіріледі, тұманға қарсы фаралар (бар болса) және артқы тұманға қарсы шамдар (бар болса) сөндіріледі. Фараларды автоматты түрде қосқан кезде, тұманға қарсы фаралар қосылады, ал артқы тұманға қарсы шам ошулі күйінде қалады. Қажет болған жағдайда, артқы тұманға қарсы шамды жарық ажыратқышымен қосыңыз.</p>
--

ЕСКЕРТПЕ

- Жарық датчигін (А) әйнек жапсырмаларымен жаппаңыз.



- Егер қосқыш AUTO күйінде тұрғанда, жарық құралдары қосылмаса немесе өшірілмесе, оларды қолмен қосыңыз (немесе өшіріңіз). Автомобильді MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында тексеру ұсынылады.

Жарық аспаптарын автоматты түрде өшіру функциясы (фаралар, тұманға қарсы шырақтар және т. б.)

E00532701986

- Егер төменде көрсетілген операция жарық аспаптарының қосқышы ☞○ тұрған жағдайда орындалса, жүргізушінің есігі ашылған кезде, жарық аспаптары автоматты түрде өшеді.

Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер
Оталдыру құлпындағы кілтті LOCK немесе ACC күйіне бұру немесе оталдыру құлпынан кілтті алу.

Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер
OFF немесе ACC жұмыс режимін қосу.

- Егер төменде көрсетілген операция жарық аспаптарының қосқышы ☞○ тұрған жағдайда орындалса, жүргізушінің есігі жабылған кезде, жарық аспаптары шамамен 3 минут қосылып, соңынан автоматты түрде өшеді.

Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер
Оталдыру құлпындағы кілтті LOCK немесе ACC күйіне бұру немесе оталдыру құлпынан кілтті алу.



Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер
OFF немесе ACC жұмыс режимін қосу.

<p>ЕСКЕРТПЕ</p> <ul style="list-style-type: none"> • Егер жарық қосқыш ☞☞ күйде тұрса, жарық аспаптарын автоматты өшіру функциясы жұмыс істемейді.
--

ЕСКЕРТПЕ

- Жарық аспаптарын автоматты түрде өшіру функциясын өшіруге болады. Барынша толық ақпаратты Сіз MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан ала аласыз. Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесімен жабдықталған автомобильдерде баптауларды тікелей дисплейде өзгертуге болады. Барынша толық ақпарат жеке нұсқаулықта берілген.

Егер жарықты қосулы күйінде қалдыру қажет болса

- Келесі жағдайларда жарық аспаптарын қосқышты AUTO күйіне бұрыңыз.
Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер
Оталдыру құлпындағы кілт LOCK немесе ACC күйінде тұр.
Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер
OFF немесе ACC жұмыс режиміне қосулы.
- Жарық аспаптарын қосқышты  немесе  күйіне қайта келтіріп, жарық аспаптарын қосыңыз, содан кейін жарық аспаптары қосулы қалады.

Жарықтың қосылуы туралы ескертуші зуммер

E00506101846

Егер келесі әрекет орындалса, жүргізушіге жарық қосулы екендігі туралы ескертетін зуммер сигналы қосылады.

Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер

Егер оталдыру кілті LOCK немесе ACC күйінде болғанда, жүргізушінің есігі ашық болса немесе жарық аспаптары қосылған кезде, оталдыру құлпынан кілт алынып тасталса.

Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер

Жарық аспаптары қосулы кезде, ACC немесе OFF жұмыс режимі таңдалса, жүргізушінің есігі ашық болса.



Екі жағдайда да зуммер сигналы жарық аспаптарын автоматты түрде өшіру, жарық қосқышын өшіру немесе есікті жабу функциясы іске қосылған кезде, автоматты түрде өшеді.

Күндізгі жүріс оттары

E00530601499

Күндізгі жүріс оттарын қосу қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде және артқы шамдар сөндірілген кезде, жарық аспаптарының AUTO ажыратқыш жағдайында орын алады.


ЕСКЕРТПЕ

- Егер жарық қосқыш  немесе  күйінде қалса, я болмаса сыртқы жарық аспаптары қосулы болса, жарық қосқыш AUTO күйінде тұрса, күндізгі жүріс оттары габариттік оттар режиміне ауысады.

Алыс және жақын жарық фараларын ауыстырып қосқыш

E00506201847

Егер фаралар қосулы болса, алыс жарықтан жақын жарыққа (және керісінше) ауысу индентректі (1) күйіне ауыстыру арқылы жүзеге асырылады. Алыс жарық қосылған кезде, аспаптар панеліндегі фаралардың алыс жарығының бақылау шамы да қосылады.



AA0061218

Фаралардың алыс жарығымен жыпылықтау

E00506301444

Фаралардың алыс жарығы интіректі (2) қалыпқа (бекітілмеген күйге) ауыстырған кезде қосылады және интірек босатылған кезде сөндіріледі. Алыс жарық қосылған кезде, аспаптар панеліндегі фаралардың алыс жарығының бақылау шамы да қосылады.

5


ЕСКЕРТПЕ

- Егер қосулы алыс жарықта фараларды өшіретін болса, олар автоматты түрде жақын жарыққа ауысады.

Алыс қашықтықтағы шамдарды автоматты басқару жүйесі (АНВ)*

E00538200234

Автоматты басқару жүйесі (АНВ) датчик (А) жарық көзін анықтаған кезде, мысалы, автомобильдің алдыңғы жағындағы шамдардан, келе жатқан автомобильдің фараларынан немесе көше шамдарынан жарық көзін анықтағанда, алыс жарық фараларын автоматты түрде өшіреді.




AFA114235

⚠ ЕСКЕРТУ


- Белгілі бір жағдайларда фаралар алыс жарықтан жақын жарыққа ауыспауы мүмкін. Жүйенің жұмысына шамадан тыс сенуге болмайды. Фаралардың жарығын (алыс жақтан жақын жерге) жол жағдайларына сәйкес қолмен ауыстыру жүргізушіге жүктелген міндет болып табылады. “Алыс және жақын жарық фараларын ауыстырып қосқыш” тарауын қараңыз, бет 5-53.

АНВ жүйесін қалай пайдалануға болады

E00551500319


- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда, жарық аспаптарын қосқышты  немесе AUTO күйіне бұрыңыз.

2. АНВ жүйесінің қосқышын басыңыз.



AJA114888

АНВ жүйесі белсендіріледі және бақылау шамы қосылады. Егер АНВ жүйесінің қосқышын қайта басса, АНВ жүйесі ажыратылып, АНВ жүйесінің бақылау шамы өшеді.



AFA114248

**ЕСКЕРТПЕ**

- Жарық аспаптарының қосқышы AUTO күйінде тұрғанда, АНВ жүйесі тек фаралар қосулы кезде жұмыс істейді.
- Сіз алыс жарық фараларын қашықтан басқару пульті арқылы, тіпті, алыс жарық фараларын автоматты басқару жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде де, қолмен қоса аласыз және өшіре аласыз.
“Алыс және жақын жарық фараларын ауыстырып қосқыш” тарауын қараңыз, бет 5-53.
- Егер фаралардың жарығы ауыстырып қосқыш интiрегiмен қолмен ауысса, алыс жарық фаралары автоматты басқару жүйесiнiң индикаторы өшiрiледi, бұл АНВ жүйесiнiң өшiрiлгенiн бiлдiредi.
“Қолмен ауыстыру” тарауын қараңыз, 5-55 бет.
- Егер сiз ауыстырып қосқыш тұтқасын өзiңiзге аздап тартсаңыз (фаралардың алыс жарығымен жыпылықтаса), фаралардың алыс жарығын автоматты бақылау жүйесi өшпейдi.

■ Қолмен ауыстырып қосу**Жақын жарыққа ауыстырып қосу**

1. Бұрылыс көрсеткіштерін ауыстырып қосқышты өзіңізге тартыңыз.
2. АНВ жүйесін бақылау шамы өшеді.
3. Егер АНВ жүйесінің қосқышы қайта басылса, АНВ жүйесі іске қосылады.

Фаралардың алыс жарығына ауыстырып қосу

1. Бұрылыс көрсеткіштерін ауыстырып қосқышты өзіңізге тартыңыз.
2. Фаралардың алыс жарығын автоматты басқару жүйесінің басқару шамы сөніп, фаралардың алыс жарығының бақылау шамы қосылады.
3. Егер АНВ жүйесінің қосқышы қайта басылса, АНВ жүйесі іске қосылады.

Фаралар жарығын автоматты ауыстырып қосуға арналған жағдайлар

E00551600062

Автомобиль тұраққа қою үшін, оны толық тоқтатыңыз, тұрақ тежегішін қосыңыз және 1-ші (көтерілімде) немесе R (артқы жүріс) (еністе) берілісті M/T-ге қосыңыз немесе CVT селекторының интірегін P (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.

Еңістегі тұрақ

Автомобильдің сырғып кетуіне жол бермеу үшін, келесі әрекеттерді орындау керек.

Ылдидағы тұрақ

Дөңгелектерді жиектасқа қарай бұрыңыз және дөңгелек жиектасқа тигенге дейін машинаны алға жылжытыңыз.

Егер автомобиль M/T жабдықталған болса, тұрақ тежегішін қосыңыз, содан кейін артқы жүріс берілісін қосыңыз.

Егер автомобиль CVT жабдықталған болса, тұрақ тежегішін қосыңыз және селектор интірегін P (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.

Қажет болған жағдайда, дөңгелектердің астына тежегіш табандық салыңыз.

6**Көтерілімдегі тұрақ**

Дөңгелектерді жиектастың бір шетіне қарай бұрыңыз және дөңгелек жиектасқа тигенге дейін машинаны артқа жылжытыңыз.

Егер автомобиль M/T жабдықталған болса, тұрақ тежегішін қосыңыз, содан кейін 1-ші берілісті қосыңыз.

Егер автомобиль CVT жабдықталған болса, тұрақ тежегішін қосыңыз және селектор интірегін P (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.

Қажет болған жағдайда, дөңгелектердің астына тежегіш табандық салыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер автомобиль CVT жабдықталған болса, онда оны еңісте тоқтатқан кезде, селектор иінтірегін Р (тұрақ) күйіне ауыстырар алдында, тұрақ тежегішін қосуды ұмытпаңыз. Егер селектор иінтірегін тұрақ тежегішін қоспай, Р (тұрақ) күйіне ауыстырса, онда селектор иінтірегін осы жағдайдан шығару қиын болуы мүмкін, бұл үшін айтарлықтай күш қажет болады.

Тұрақ орны

ЕСКЕРТУ

- Автомобильді тез жанатын материалдармен, мысалы, құрғақ шөппен, автомобильдің шығару жүйесінің ыстық бөлшектерімен жанасатын жерлерде тоқтатуға болмайды, себебі бұл өртке әкелуі мүмкін.

6 Қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған тұрақ

Жұмыс істеп тұрған қозғалтқышты тынығу (ұйықтау) кезінде, тіпті, қысқа уақытқа қалдыруға тыйым салынады. Сондай-ақ, жұмыс істеп тұрған қозғалтқышты жабық немесе нашар желдетілетін жерде қалдырмаңыз.

ЕСКЕРТУ

- Жұмыс істеп тұрған қозғалтқышпен тұрақта берілістерді ауыстыру иінтірегіннің (М/Т автомобильдері үшін) немесе селектор иінтірегіннің (CVT автомобильдері үшін) кездейсоқ орын ауыстыруы салдарынан немесе салонда пайдаланылған улы газдардың жинақталуы салдарынан, адамдардың ауыр жаракат алу қаупі бар.

Рөл дөңгелегін ұзақ уақыт шеткі жағдайда ұстауға тыйым салынады

Бұл жағдайда рөл дөңгелегін одан әрі бұру үшін көп күш қажет етіледі. “Рөлмен басқаруды электрлік күшейткіші (EPS)” тарауын қараңыз, бет 6-51.

Автомобильден шығарда


Автомобильден шыққан кезде, міндетті түрде оталдыру құлпынан кілтті алыңыз, багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, барлық есіктерді жабыңыз.

Әрқашан көлікті жақсы жарықтандырылған жерде тоқтатуға тырысыңыз.

Шығым және еңіс бұрышы бойынша рөл бағанын реттеу

E00600701737

1. Рөл дөңгелегін ұстап тұрып, рөл бағанын бекіту иінтірегін босатыңыз.
2. Рөл дөңгелегін қажетті биіктікке орнатыңыз.
3. Рөл бағанын бекіту иінтірегін жоғары қарай соңына дейін тартып, рөл бағанын бекітіңіз.



AA0110800

- A — бұғатталды
B — бұғаттан шығарылды


ЕСКЕРТУ

- Автомобильдің қозғалысы кезінде рөл дөңгелегінің орналасуын реттеуге тыйым салынады.

Артқы көріністің ішкі айнасы

E00600802429

Артқа жақсы көрінуді қамтамасыз ету үшін, артқы көрініс айнасын орындықтар реттелгеннен кейін ғана реттеңіз.



⚠ ЕСКЕРТУ


- Автомобильдің қозғалысы кезінде артқы көрініс айнасының орналасуын реттеуге тыйым салынады. Бұл қауіпті. Қозғалысты бастар алдында, айналардың орналасуын міндетті түрде реттеу қажет.

Артқы көріністің ішкі айнасын артқы әйнек арқылы максималды көрініс беретіндей етіп реттеңіз.

Тік жазықтықта артқы көрініс айнасының орналасуын реттеу


Мандаймен соқтығысу салдарларын жұмсарту жүйесі бар (FCM) автомобильдерден басқа

Орналасымды реттеген кезде, айнаны жоғары және төмен еңкейтуге болады.



Артқы көріністің сыртқы айнасының сыртқы орналасуын реттеу


Орналасымды реттеген кезде, айнаны жоғары-төмен және солға-оңға еңкейтуге болады.



Фаралар жарығының шағылысуын жою

1 тип


Артқы көріністің ішкі айнасының төменгі жиегіндегі тұтқаның (А) көмегімен артта келе жатқан автомобиль фараларының көзге шағылысуын болдырмау үшін, айнаның еңіс бұрышын өзгертуге болады.



- 1 — қалыпты орналасым
2 — көзге шағылысуды болдырмау үшін, айнаның еніс бұрышы өзгертілген

2 тип

Егер артта келе жатқан автомобильдің фаралары өте жарық жарықтанса, шағылысудың алдын алу үшін, артқы көрініс айнасының шағылысу коэффициенті автоматты түрде азаяды.



Оталдыру кілтін ON күйіне бұрған кезде немесе ON жұмыс режимін қосқан айнаның шағылысу коэффициенті автоматты түрде өзгереді.

ЕСКЕРТПЕ

- Айнаға кез-келген заттарды іліп қоюға болмайды, сонымен қатар әйнек тазалауға арналған затты дағчикке (1) жағуға болмайды, өйткені бұл дағчикті сезімталдығын төмендетуі мүмкін.

Артқы көріністің сыртқы айналары

E00600900628

Артқы көріністің сыртқы айнасының орналасымын реттеу

E00601002079

Егер оталдыру құлпындағы кілт ON немесе ACC күйінде болса немесе ON немесе ACC жұмыс режимі қосылған болса, артқы көріністің сыртқы айналарының жағдайын реттеуге болады.


ЕСКЕРТУ

- Автомобильдің қозғалысы кезінде артқы көрініс айналарның орналасуын реттеуге тыйым салынады. Бұл қауіпті. Қозғалысты бастар алдында, айналардың орналасымын міндетті түрде реттеу керек.

ЕСКЕРТУ

- Автомобиль дөнес айналармен қамтылған. Кәдімгі жалпақ айнамен салыстырғанда, дөнес айнада көрінетін заттар кішірек және алыс болып көрінетінін ескеру керек. Басқа қозғалыс жолағына ауысу кезінде, осы айналардағы көрініс бойынша артта келе жатқан автомобильдерге дейінгі қашықтықты бағалауға тырыспаңыз.

1. Ауыстырып қосқышты (A) орналасымы реттелуі тиіс айнаға жаққа қарай орнатыңыз.



AF3102083

- L — сол жақ сыртқы айнаны реттеу
R — оң жақ сыртқы айнаны реттеу

2. Сыртқы айнаның орнын реттеу үшін, қосқышты (B) солға, оңға, төменге немесе жоғарыға басыңыз.

- 1 — жоғарыға
- 2 — төменге
- 3 — оңға
- 4 — солға

3. Реттеу аяқталған соң, ауыстырып қосқышты (A) ортаңғы орналасымға әкеліңіз.

Артқы көріністің сыртқы айналарын жинау және жұмыс жағдайына қайтару

E00601102748


Артқы көріністің сыртқы айналарын тар жерлерде тоқтаған кезде, олардың зақымдануын болдырмау үшін, жинауға (есік әйнектеріне қысуға) болады.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Жинаулы әйнекпен қозғалуға тыйым салынады.
- Сыртқы айнамен қамтамасыз етілген артқы көріністің болмауы аварияға әкелуі мүмкін.

Артқы көріністің сыртқы айналарын жинайтын электр жетексіз автомобильдер

Артқы көріністің сыртқы айнасын жинау үшін, айна корпусын көліктің артқы жағына қарай басыңыз. Артқы көрініс айнасын жұмыс жағдайына келтіру үшін, айна корпусын автомобильдің алдыңғы жағына қарай тартыңыз.




AFA115261

Артқы көріністің сырты айналарын жинайтын электр жетексіз автомобильдер

Арнайы түйменің көмегімен артқы көріністің сыртқы айналарын жинау және жұмыс жағдайына қайтару

Айналарды жинау үшін, оталдыру кілтін ON немесе ACC күйінде болғанда немесе ON немесе ACC жұмыс режимі қосылған кезде, түймені басыңыз. Айналарды жұмыс орнына қайтару үшін, түймені тағы бір рет басыңыз. Егер сіз кілтті құлыптау күйіне бұрсаңыз LOCK немесе OFF жұмыс режимін қоссаңыз, айналарды шамамен 30 секунд ішінде жинауға немесе жұмыс жағдайына қайтаруға болады.



АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Айналарды колмен жинауға және жұмыс жағдайына қайтаруға болады. Алайда, егер айналарды түймені басу арқылы жинасаңыз, онда оларды колмен емес, түймені басу арқылы қалыпты жағдайға қайтару керек. Кері жағдайда олар сенімді бекітілмеуі мүмкін. Нәтижесінде, қозғалыс кезінде айна ауа ағынының немесе дірілдің әсерінен қозғалуы мүмкін, бұл ретте кері шолу бұзылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Қолды қозғалатын айнамен қысып қалмау үшін, сақ болыңыз.
- Егер сіз айнаны қолыңызбен жинаған болсаңыз немесе ол адамға немесе кез-келген затқа тиген болса, оны түйменің көмегімен жұмыс жағдайына қайтаруға болмайды. Бұл жағдайда айнаны толық жинау үшін, түймені басыңыз, содан кейін айнаны жұмыс орнына қайтару үшін, түймені қайта басыңыз.
- Айналар қозғалмай, қатып қалған жағдайда, артқы көріністің сыртқы айналарын жинау түймесін қатарынан бірнеше рет пайдалануға болмайды.

Арнайы түйменің көмегімен артқы көріністің сыртқы айналарын жинау және жұмыс жағдайына қайтару

Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер

Айналарды автоматты түрде жинауды және жұмыс жағдайына қайтаруды бір уақытта орнатуға, сондай-ақ багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, кілттегі түймелердің көмегімен есіктерді жабуға және ашуға болады.

“Артқы көріністің сыртқы айналарын басқару” тарауын қараңыз, бет 3-6.

Автомобильдің қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер

Кілттегі түймелердің немесе автомобильдің қашықтықтан басқару жүйесі функциясының көмегімен айналарды автоматты түрде жинауға, жұмыс орнына бір уақытта қайтаруға, багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, есіктерді жабуға және ашуға болады.

“Артқы көріністің сыртқы айналарын басқару” бет 3-6, немесе “Электрондық кілтті қолдана отырып, автомобильді пайдалану”, бет 3-12, тарауларын қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Осы функцияның баптауларын келесі түрде өзгертуге болады:

ЕСКЕРТПЕ

- Оталдыру қосылғанда немесе ON жұмыс режимін таңдағанда, айналарды автоматты түрде қайтаруды және оталдыру құлпын LOCK немесе ACC күйіне бұрған соң, жүргізушінің есігін ашқанда, автоматты түрде жинауды немесе OFF жұмыс режимін таңдауды орнатыңыз.
 - Шамамен 30 км/сағ. жылдамдыққа жеткенде, айналарды автоматты түрде жұмыс жағдайына қайтару.
 - Айналарды жұмыс жағдайына автоматты түрде қайтару функциясын өшіру.
- Барынша толық ақпаратты MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан алуға болады.
- Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесімен жабдықталған автомобильдерде баптауларды тікелей дисплейде өзгертуге болады. Барынша толық ақпарат жеке нұсқаулықта берілген.


Артқы көріністің сыртқы айналарын жылыту*

E00601202055

Артқы көріністің сыртқы айналарын алып тастау үшін, артқы әйнекті қыздыруды қосқышты басыңыз.

Артқы әйнек жылытуын қосқан кезде, бақылау шамы (A) қосылады.

Сыртқы температураға байланысты артқы әйнекті жылыту шамамен 15-20 минуттан кейін өшеді.




ЕСКЕРТПЕ

- Айналарды жылытуды қосу автоматты түрде болуы мүмкін. Барынша толық ақпаратты Сіз MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан ала аласыз. Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесімен жабдықталған автомобильдерде баптауларды тікелей дисплейде өзгертуге болады. Барынша толық ақпарат жеке нұсқаулықта берілген.

Оталдыру құлпы*

E00601401988



LOCK орналасымы

Қозғалтқыш жұмыс істемейді, рөл дөңгелегі құлыпталған. Кілтті тек осы орналасымда ғана енгізуге және шығаруға болады.

ACC орналасымы

Қозғалтқыш жұмыс істемейді, бірақ аудиожүйені және басқа да электр құрылғыларын пайдалануға болады.

ON орналасымы

Автомобильдің барлық электр аспаптарын пайдалануға болады.

START орналасымы

Стартер қосылады. Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін, кілтті босатыңыз, ол автоматты түрде ON күйіне оралады.

ЕСКЕРТПЕ

- Сіздің автомобильіңіз электрондық иммобилайзермен жабдықталған. Электрондық кілт транспондерімен берілетін сәйкестендіру коды иммобилайзер компьютерінің жадында тіркелген кодпен сәйкес келген жағдайда ғана, қозғалтқышты іске қосу мүмкін болады. “Электрондық иммобилайзер (қозғалтқыштың іске қосылуын бұғаттайтын айдап кетуге қарсы жүйе)” тарауын қараңыз, бет 3-3.

ACC оталдыру құлпы жағдайында, электрқоректі автоматты түрде өшіру функциясы

E00620301465

Егер оталдыру құлпы ACC жағдайында болса, шамамен 30 минуттан кейін бұл функция дыбыс жүйесі мен басқа электр жабдықтарының қуатын автоматты түрде өшіреді, оның жұмысы оталдыру құлпының осы жағдайында мүмкін болады. Оталдыру кілтін ACC күйінен басқа күйге бұрған соң, қорек көзі қайта қосылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Жұмыс функцияларын келесі түрде өзгертуге болады:
- Қорек өшірілгенге дейінгі уақытты 60 минутқа дейін өзгертуге болады.
- ACC режимінде қоректі автоматты түрде өшіру функциясын өшіруге болады.


Барынша толық ақпаратты Сіз MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан ала аласыз. Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесімен жабдықталған автомобильдерде баптауларды тікелей дисплейде өзгертуге болады. Барынша толық ақпарат жеке нұсқаулықта берілген.

- Электр қуатын автоматты түрде өшіру кезінде рөл дөңгелегін құлыптап, есіктерді есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің көмегімен құлыптауға немесе ашуға болмайды.

Оталдыру кілтін алу

E00620Ш701

M/T автомобильдерде ACC күйіндегі кілтті шертңіз және оны басуды жалғастыра отырып, LOCK күйіне бұраңыз, содан кейін кілтті алыңыз. CVT автомобильдерде селектор иіңгірегін ауыстырыңыз, ACC күйіндегі кілтті басыңыз және оны басуды жалғастыра отырып, LOCK күйіне бұраңыз, содан кейін кілтті суырып алыңыз.



AFA115287

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ


- Егер қозғалтқыш жұмыс істемесе, оталдыру кілтін ON күйінде ұзақ уақытқа қалдырмаңыз, себебі бұл аккумуляторлық батарея зарядының таусылуына әкелуі мүмкін.
- Оталдыру құлпындағы кілтті қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда, START күйіне бұруға тыйым салынады. Бұл стартердің зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесі*

E00631801792

Айдап әкетуді болдырмау үшін, қозғалтқышты іске қосу тек тіркелген электрондық кілттің көмегімен мүмкін болады (қозғалтқыштың иммобилайзер функциясы).

Егер электрондық кілт Сізде болса, қозғалтқышты іске қосуға болады.



AFA115290

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қозғалыс кезінде кілтті оталдыру құлпынан алуға тыйым салынады. Бұл ретте рөл дөңгелегі бұғатталады, бұл басқаруды жоғалтуға әкеледі.
- Егер қозғалтқыш қозғалыс кезінде өшіп қалса, тежегіш күшейткіші сөніп, тежегіштердің тиімділігі төмендейді. Сондай-ақ, рөлдік күшейткіш жұмысын тоқтатады және рөл дөңгелегіне көп күш салу қажет болады.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ


- Егер автомобильді қашықтан басқару жүйесінде ақаулық болса, бақылау шамы (А) қызғылт сары жарықпен жыпылықтай бастайды. Қозғалтқыш қосқышындағы басқару шамы қызғылт сары түспен жыпылықтаған кезде, ешқашан қозғалысты жалғастырмаңыз. Бұл жағдайда тез арада MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу керек.
- Егер қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесі бірқалыпты жұмыс істемесе және желінсе, осы түймені пайдаланбаңыз. Тез арада, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгініңіз.

📖 ЕСКЕРТПЕ


- Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін пайдаланған кезде, түймені тірелгенше басыңыз. Егер түймені толық баспасаңыз, қозғалтқыш іске қосылмауы мүмкін немесе оның жұмыс режимі өзгермейді. Дұрыс басқан жағдайда, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін басып тұрудың қажеті етілмейді.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Электрондық кілттің қорек элементінің заряды таусылған немесе салонда электрондық кілт болмаған кезде, ескертуші хабарлама көрсетіледі. Ескертуші хабарлама (қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін бір рет басқанда)



Ескертуші хабарлама (қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін қатарынан екі рет немесе одан көп басқанда)

**Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесінің жұмыс режимдері және оның функциялары****OFF**

Түймедегі бақылау шамы жанбайды. OFF жұмыс режимін тек селектор иінтірегі Р (тұрақ) күйінде болған жағдайда ғана орнатуға болады (CVT автомобильдерде).

ACC

Электр аспаптарын, мысалы, аудиожүйені, электрқорек розеткасын пайжадануға болады. Түймедегі бақылау шамы сарғылт түсте жанады.

ON

Автомобильдің барлық электр аспаптарын пайдалануға болады. Түймедегі бақылау шамы жасыл түсте жанады. Қозғалтқыш іске қосылған кезде, бақылау шамы сөнеді.


📖 ЕСКЕРТПЕ

- Сіздің автомобильіңіз электрондық иммобилайзермен жабдықталған. Электрондық кілт транспондерімен берілетін сәйкестендіру коды иммобилайзер компьютерінің жадында тіркелген кодпен сәйкес келген жағдайда ғана, қозғалтқышты іске қосу мүмкін болады. “Электрондық иммобилайзер (қозғалтқыштың іске қосылуын бұғаттайтын айдап кетуге қарсы жүйе)” тарауын қараңыз, бет 3-3.

Жұмыс режимін өзгерту

E0063190Ш17

Егер тежегіш педалін (CVT автомобильдерінде) немесе ілінісу педалін (М/Т автомобильдерінде) баспай, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін басса, жұмыс режимін келесі тәртіпте өзгертуге болады: OFF, ACC, ON, OFF.



AG0022644

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қозғалтқыш жұмыс істемесе, OFF жұмыс режимін қосу керек. Егер қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде ON немесе ACC жұмыс режимін ұзақ уақытқа қосулы қалдырса, бұл аккумуляторлық батарея зарядының таусылуына әкелуі мүмкін, нәтижесінде қозғалтқышты іске қосу, рөл дөңгелегін құлыптау және құлыптан босату мүмкін болмауы мүмкін.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Аккумуляторлық батарея өшірілген кезде, ағымдағы жұмыс режимі жадыда сақталады. Аккумуляторлық батареяны қосқаннан кейін, жадыда сақталған жұмыс режимі автоматты түрде таңдалады. Қайта зарядталатын аккумуляторлық батареяны жөндеу немесе ауыстыру үшін өшірер алдында OFF режимін қосу керек. Аккумуляторлық батарея заряды таусылғанда, көліктің қандай режимде жұмыс істейтініне сенімді болмасаңыз, сақ болыңыз.
- Егер автомобильде электрондық кілт табылмаса, жұмыс режимін OFF-тен ACC немесе ON-ға өзгерту мүмкін емес. “Қозғалтқышты қосу кезіндегі әрекет ету аймағы” тарауын қараңыз, бет 3-11.
- Егер электрондық кілт салонда болса және жұмыс режимі өзгермесе, электронды кілттегі қорек элементі зарядсыздануы мүмкін. “Ескертуді қосу” тарауын қараңыз, бет 3-14.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер жұмыс режимін OFF-ке өзгерту мүмкін болмаса, келесі әрекеттерді орындаңыз:
 1. Селектор интірегін P (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз, содан кейін OFF жұмыс режимін қосыңыз (CVT автомобильдері үшін).

📖 ЕСКЕРТПЕ

2. Мұның тағы бір себебі аккумуляторлық батареяның заряды төмен болуы мүмкін. Егер бұл жағдай орын алса, есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі, автомобильді қашықтан басқару жүйесі және рөл бағанын электрмен бұғаттау жұмыс істемейді. MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгініңіз.

ACC жұмыс режимі қосулы кезде, электрқоректі автоматты түрде өшіру функциясы

E00632801845

Егер ACC жұмыс режимі қосылса, шамамен 30 минуттан кейін бұл функция аудиожүйенің және осы режимде жұмыс істеуі мүмкін басқа электр жабдықтарының қорегін автоматты түрде өшіреді. Қозғалтқышты іске қосу және оталдыру түймесін қайта басқанда, электрқорек қайта қосылады.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Жұмыс функцияларын келесі түрде өзгертуге болады:
 - Қорек өшірілгенге дейінгі уақытты 60 минутқа дейін өзгертуге болады.

ЕСКЕРТПЕ

- ACC режимінде қоректі автоматты түрде өшіру функциясын өшіруге болады.

Барынша толық ақпаратты Сіз MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан ала аласыз. Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесімен жабдықталған автомобильдерде баптауларды тікелей дисплейде өзгертуге болады.

Барынша толық ақпарат жеке нұсқаулықта берілген.

- Барынша толық ақпарат жеке нұсқаулықта берілген. ACC жұмыс режимінде электрқорегі автоматты түрде ажыратылған кезде, рөл дөңгелегі бұғатталмайды. Сондай-ақ автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобиль кілтiнiң көмегімен есікті ашу немесе жабу мүмкін емес.

тырыссаңыз, ескертуші хабарлама көрсетіледі және сыртқы зуммер сигналы қосылады, багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, есіктер жабылмайды.

Қосулы ON жұмыс режимі туралы еске салу жүйесі

E00632301156



Егер қозғалтқыш өшірулі және OFF-тен басқа жұмыс режимі орнатылған кезде, жүргізушінің есігі ашық болса, OFF жұмыс режимін қосу қажеттілігін еске сала отырып, ішкі зуммер сигналы үзілмелі сигнал бере бастайды.

Рөл дөңгелегін бұғаттау

E00601502582


Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер**Бұғаттау**

LOCK орналасымында оталдыру құлпынан кілтті алыңыз.

Рөл дөңгелегі бұғатталғаншы, оны бұра беріңіз.

Бұғаттан шығару

Кілтті тұтану құлпына салыңыз, рөл дөңгелегін бір жағынан екінші жағына біршама бұрап, оны ACC күйіне бұраңыз.



AFA115304

OFF жұмыс режимін қосу қажеттілігі туралы ескерту жүйесі

E00632201591



Егер OFF-тен басқа жұмыс режимі қосылса, багаж бөлімшесінің есігін қоса алғанда, барлық есіктерді жауып, содан кейін жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есігінің тұтқасындағы жабу/ашу түймесін немесе багаж бөлімі есігіндегі LOCK түймесін басу арқылы есіктерді жабуға

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Автомобильден шыққанда, кілтті оталдыру құлпында қалдырмаңыз. Кейбір елдердің жол ережелері бойынша автомобильді оталдыру кілтімен бірге тұраққа қалдыруға тыйым салынады.

Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер

Бұғаттау

Қозғалтқышты іске қосып, тоқтату түймесін басқан соң, OFF жұмыс режимін тандағаннан кейін, жүргізуші есігі ашылған кезде, рөл дөңгелегі бұғатталады.

ЕСКЕРТПЕ

- Рөл дөңгелегі OFF жұмыс режимі қосулы кезде, келесі әрекеттерді орындау кезінде бұғатталады, ал селектор интірегі Р (тұрақ) күйінде болады.
- Есіктердің бірін ашу немесе жабу (багаж бөлімінің есігінен басқа).
- Багаж бөлімінің есігін қосалғанда, барлық есіктерді есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі немесе автомобильді қашықтан басқару жүйесі көмегімен жабу.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер жүргізушінің есігі ашық болса, бірақ рөл дөңгелегі бұғатталмаса, ескерту көрсетіледі және зуммер сигналы қосылады.



АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер қозғалтқыш қозғалыс кезінде өшіп қалса, есікті ашпаңыз және автомобиль қауіпсіз жерге тоқтамайынша, кілттегі LOCK түймесін баспаңыз. Кері жағдайда рөл дөңгелегі бұғатталуы мүмкін, бұл автомобильді басқаруға мүмкіндік бермейді.

Бұғаттан шығару

Рөл дөңгелегін бұғаттан шығару үшін, келесі тәсілдерді пайдалануға болады:

- ACC жұмыс режимін қосыңыз.
- Қозғалтқышты іске қосыңыз.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Автомобильден шыққан кезде, кілтті өзіңізбен бірге ала жүріңіз.
- Егер автомобильді сүйреу керек болса, рөл дөңгелегін бұғаттан шығарыңыз. “Авариялық сүйреу” тарауын қараңыз, бет 8-19.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер рөл дөңгелегі штаттан тыс бұғатталса, ескертуші хабарлама көрсетіледі және ішкі зуммер сигналы қосылады. Бұл жағдайда рөл дөңгелегін аздап оңға және солға бұрап, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін тағы бір рет басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Рөлді бұғаттау жүйесінде ақаулық туындаған жағдайда, сондай-ақ рөл дөңгелегін бұғаттау орын алмаса, дыбыстық сигнал беріледі және дисплейде ескертуші хабарлама көрсетіледі. Жұмыс режимін ON-ден OFF-ке ауыстырыңыз және рөл дөңгелегін бұғаттау әрекетін қайталаңыз. Егер дисплейде ескертуші хабарлама қайта пайда болса, автомобильді тексеру үшін, тез арада MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.



- Егер рөл дөңгелегін бұғаттау кезінде ақаулық тіркелсе, ескертуші хабарлама көрсетіледі және ішкі зуммер сигналы қосылады. Автомобильді қауіпсіз жерге тоқтатып, тез арада MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.



Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату

E00620601673

Қозғалтқышты іске қосу ережелері

Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер

- Стартерді ұзақ уақытқа (10 секундтан артық) қоспаңыз, себебі бұл аккумуляторлық батарея зарядының таусылуы немесе стартердің зақымдалуына, сондай-ақ қозғалтқыш элементтеріне және шығару жүйесіне зақым келтіруі мүмкін. Егер қозғалтқыш іске қосылмаса, оталдыру кілтін LOCK күйіне қайтарыңыз, бірнеше секунд күте тұрыңыз және әрекетті қайталаңыз. Қозғалтқышты стартермен іске қосу әрекеттерін бірнеше рет қайталауға болмайды, өйткені бұл стартер мен қозғалтқыш элементтерінің істен шығуына әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ

- Қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған автомобильді жабық үй-жайларда немесе нашар желдетілетін жерлерде автомобильді басқа жерге шығару немесе жылжыту үшін, талап етілетіннен ұзақ уақытқа қалдыруға тыйым салынады. Иісті газда ніс болмайды және уы өлімге әкелді.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қозғалтқышты автомобильді сүйреу немесе итеру арқылы іске қосуға болмайды.
- Қозғалтқыш айналымын ұлғайтпаңыз және қозғалтқыш қызбайынша, автомобильді жоғары жылдамдыққа дейін қарқындатпаңыз.
- Стартерге зақым келтірмеу үшін, қозғалтқышты іске қосқан соң, бірден оталдыру кілтін босатыңыз.

Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер

- Қозғалтқышты кез келген режимде іске қосуға болады.
- Егер қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін бірден босатсаңыз, стартер шамамен 15 секунд айналады. Егер стартер әлі айналған кезде қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін қайта бассаңыз, стартер тоқтайды. Егер қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін ббасулы күйінде ұстап тұрсаңыз, стартер шамамен 30 секунд айналады. Егер қозғалтқыш іске қосылмаса, біраз күтіңіз, содан кейін қозғалтқышты қайта іске қосуға тырысыңыз. Қозғалтқышты стартермен іске қосу әрекеттерін бірнеше рет қайталауға болмайды, өйткені бұл стартер мен қозғалтқыш элементтерінің істен шығуына әкелуі мүмкін.
- Егер сіз қозғалтқышты бірнеше рет іске қосқан соң немесе OFF режимін қосқаннан кейін, бірден іске қосуға тырыссаңыз, қозғалтқыш іске қосылмауы мүмкін. Бұл жағдайда бірнеше секунд күтіп, әрекетті қайталаңыз.

- Стартер жұмыс істеп тұрғанда, селектор иінтірегін жылжытуға болмайды.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған автомобильді жабық үй-жайларда немесе нашар желдетілетін жерлерде автомобильді басқа жерге шығару немесе жылжыту үшін, талап етілетіннен ұзақ уақытқа қалдыруға тыйым салынады. Иісті газда иіс болмайды және уы өлімге әкелді.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қозғалтқышты автомобильді сүйреу немесе итеру арқылы іске қосуға болмайды.
- Қозғалтқыш жылдамдығын ұлғайтпаңыз және қозғалтқыш қызғанша автомобильді жоғары жылдамдыққа дейін қарқындатпаңыз.

Қозғалтқышты іске қосу


E00620702163

Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер

1. Отылдыру кілтін кілт салып, қауіпсіздік белдігін тағып алыңыз.
2. Тұрақ тежегішінің қосұлы екеніне көз жеткізіңіз.
3. Тежегіш педалін басып, оны ұстап тұрыңыз.
4. Ілінісу педалін тоқтағанша басыңыз (М/Т автомобильде).

📖 ЕСКЕРТПЕ

- М/Т автомобильдерде ілінісу педалі тоқтағанға дейін басылмағанша, стартер қосылмайды (ілінісу педалі жүрісінің соңында бұғаттауды ажыратқыш).
5. М/Т автомобильдерде бейтарап берілісті қосыңыз (N күйі).
CVT автомобильдерде селектор иінтірегін Р (тұрақ) орналасымында орнатылғанына көз жеткізіңіз.



📖 ЕСКЕРТПЕ

- CVT автомобильдерде стартер селектор иінтірегі Р (тұрақ) немесе N (бейтарап беріліс) күйіне орнатылған жағдайда ғана жұмыс істей бастайды. Қауіпсіздік мақсатында қозғалтқышты Р (тұрақ) күйіне ауыстыру тұтқасын орнату арқылы іске қосу ұсынылады, өйткені бұл ретте автомобильдің дөңгелектері бұғатталған.

6. Оталдыру кілтін ON күйіне бұраныз. Қозғалтқышты іске қосар алдында, барлық қажетті бақылау шамдарының қосылғанына көз жеткізіңіз.
7. Оталдыру құлпындағы кілтті акселератор педалін баспай-ақ, START күйіне бұраныз және қозғалтқыш іске қосылған соң, кілтті босатыңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін қозғалтқышты қыздырғаннан соң жойылатын аздап шу естілуі мүмкін.
- Аккумуляторлық батареяны ауыстырған соң, қозғалтқышты іске қосуға көп уақыт жұмсалыуы мүмкін.

Егер қозғалтқыш іске қосылмаса

Бірнеше әрекеттен кейін сіз қозғалтқыш ешқашан іске қосылмайтын жағдайға тап болуыңыз мүмкін.

1. Электр энергиясының барлық тұтынушыларының өшірілгеніне көз жеткізіңіз: шамдар, жылытқыш желдеткіші, артық әйнекті жылыту.
2. CVT автомобильдерде тежегіш педалды немесе М/Т автомобильдерде ілінісу педалін басып тұрып, акселератор педалін жарты жүріспен басыңыз, содан кейін стартерді қосыңыз. Қозғалтқышты іске қосқан соң, акселератор педалін дереу босатыңыз.
3. Егер қозғалтқыш бұрынғысынша іске қосылмаса, шамасы, оталдыру шамдарына бензин төгілген. CVT автомобильдерде тежегіш педалін немесе М/Т автомобильдерде ілінісу педалін басулы

күйінде ұстап тұрып, акселератор педалін соңына дейін басып, оны осы қалыпта ұстап тұрып, стартерді 5-6 секундқа қосыңыз. Оталдыру құлпын LOCK күйіне бұрып, акселератор педалін босатыңыз. Бірнеше секунд күте тұрыңыз, содан кейін тежегіш педалін немесе ілінісу педалін басулы күйінде ұстап тұрып, бірақ бұл жағдайда акселератор педалін баспай, стартерді 5-6 секундқа қайта қосыңыз. Қозғалтқышты іске қосқан соң, бірден оталдыру кілтін босатыңыз. Егер қозғалтқыш іске қосылмаса, жоғарыда сипатталған әрекеттерді қайталаңыз. Егер қозғалтқыш қайта іске қосылмаса, автомобильді MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында тексеру ұсынылады.

Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер


1. Қауіпсіздік белдігін тағып алыңыз.
2. Тұрақ тежегішінің қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
3. Оң аяғыңызбен тежегіш педалін қатты басып, ұстап тұрыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер қозғалтқыш біршама уақыттан кейін іске қосылмаса, қозғалтқышты іске қосу кезінде тежегіш педальдің күші ұлғаюы мүмкін. Егер бұл орын алса, тежегіш педалін бұрынғыдан күштірек басыңыз.
- 4. Ілінісу педальына тоқтағанша басып, оны басулы күйінде ұстап тұрыңыз (М/Т автомобильде).

ЕСКЕРТПЕ

- М/Т автомобильдерде ілінісу педалі тоқтағанға дейін басылмағанша, стартер қосылмайды (ілінісу педалі жүрісінің соңында бұғаттауды ажыратқыш).
5. М/Т автомобильдерде бейтарап берілісті қосыңыз (N күйі).
CVT автомобильдерде селектор инітірегінің Р (тұрақ) орналасымында орнатылғанына көз жеткізіңіз.



6. Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін басыңыз.
7. Барлық басқару шамдары дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін қозғалтқышты қыздырғаннан соң жойылатын аздап шу естілуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер қозғалтқышты іске қосқан кезде, ілінісу педалін баспай, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін бассаңыз (М/Т автомобильдерінде), ескертуші хабарлама көрінеді.



- Егер қозғалтқышты іске қосқан кезде, селектор инітірегі Р (тұрақ) немесе N (бейтарап беріліс) күйінде болмаса немесе Сіз тежегіш педалін баспай, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін бассаңыз (CVT автомобильдерде), ескертуші хабарлама пайда болады.



- Аккумуляторлық батареяны ауыстырған соң, қозғалтқышты іске қосуға көп уақыт жұмсалуды мүмкін.

Егер қозғалтқыш іске қосылмаса

Бірнеше әрекеттен кейін сіз қозғалтқыш ешқашан іске қосылмайтын жағдайға тап болуыңыз мүмкін.

1. Электр энергиясының барлық тұтынушыларының өшірілгеніне көз жеткізіңіз: шамдар, жылытқыш желдеткіші, артқы әйнекті жылыту.
2. CVT автомобильдерде тежегіш педальды немесе М/Т автомобильдерде ілінісу педалін басып тұрып, акселератор педалін жарты жүріспен басыңыз, содан кейін стартерді қосыңыз. Қозғалтқышты іске қосқан соң, тез арада акселератор педалін босатыңыз.
3. Егер қозғалтқыш бұрынғысынша іске қосылмаса, шамасы, оталдыру шамдарына бензин төгілген. CVT автомобильдерде тежегіш педальды немесе М/Т автомобильдерде ілінісу педалін басып тұрып, акселератор педалін тоқтағанша басыңыз және оны осы күйде ұстап тұрып, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін басыңыз. Егер қозғалтқыш 5-6 секундтан кейін іске қосылмаса, стартерді өшіру үшін қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін басып, акселератор педалін босатыңыз. OFF жұмыс режимін қосыңыз. Бірнеше секунд күте тұрыңыз, содан кейін тежегіш педальды немесе ілінісу педалін басып тұрып, стартерді қосу үшін қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін қайта басыңыз, бірақ үдеткіш педальды баспаңыз. Егер қозғалтқыш іске қосылмаса, жоғарыда сипатталған әрекеттерді қайталаңыз. Егер қозғалтқыш қайта іске қосылмаса, автомобильді MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында тексеру ұсынылады.

Қозғалтқышты тоқтату

E00620801499

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер автомобиль турбоайдағышпен жабдықталған болса, жоғары жылдамдықпен қозғалғаннан кейін немесе көтерілуді еңсерген соң, қозғалтқышты бірден өшірмеңіз. Турбоайдағыш салқындауы үшін, қозғалтқышты бос жүрісте бірнеше минут жұмыс істетіңіз.

Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер

1. Автомобильді толық тоқтатыңыз.
2. Тежегіш педалін басып ұстап тұрып, тұрақ тежегішін қосыңыз.
3. М/Т автомобильде қозғалтқышты тоқтату үшін, оталдыру кілтін LOCK күйіне бұраңыз және бірінші берілісті (көтерілімде тоқтаған кезде) немесе артқы берілісті (түсуде тоқтаған кезде) қосыңыз. CVT автомобильде селектор интірегін Р (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз және қозғалтқышты өшіріңіз.

Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер


ЕСКЕРТУ

- Қозғалыс кезінде қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін тек шұғыл жағдайларда ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Егер қозғалтқыш қозғалыс кезінде өшіп қалса, тежегіш күшейткіші сөніп, тежегіштердің тиімділігі төмендейді. Сондай-ақ, рөлдік күшейткіш жұмысын тоқтатады және рөл дөңгелегіне көп күш салу қажет болады. Бұл маңызды аварияға әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер Сіз қозғалыс кезінде, қозғалтқышты шұғыл түрде тоқтатқыңыз келсе, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін басып, оны осы күйде кемінде 3 секунд ұстап тұрыңыз немесе осы түймені қатарынан кемінде 3 рет қысқа басыңыз. Қозғалтқыш тоқтап, ACC жұмыс режимі қосылады.
- Селектор интірегін Р (тұрақ) күйінде болған жағдайда ғана, қозғалтқышты тоқтатуға болады (CVT автомобильдерде). Егер қозғалтқышты өшірген кезде, селектор интірегін Р (тұрақ) күйін қоспағанда, басқа күйде болса, OFF жұмыс режимінің орнына ACC жұмыс режимі қосылады. Селектор интірегін Р (тұрақ) күйіне ауыстырған соң, OFF жұмыс режимін қосыңыз.

1. Автомобильді тоқтатыңыз.
2. Тежегіш педалін басып ұстап тұрып, тұрақ тежегішін қосыңыз.
3. М/Т автомобильде қозғалтқышты тоқтату үшін, іске қосу және қозғалтқышты тоқтату түймесін басып, бірінші берілісті (көтерілімде тоқтаған кезде) немесе артқы берілісті (түсу кезінде тоқтағанда) қосыңыз. CVT автомобилінде селектор интірегін Р (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз, содан кейін қозғалтқышты тоқтату үшін, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін басыңыз.



AFA117542

ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқышты іске қоспай жұмыс режимін өзгерту үшін, тежегіш педальды (CVT автомобильдерде) немесе ілінісу педалін (М/Т автомобильдерде) қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймелерінің бақылау шамы жасыл түспен қосылған соң, түймені басыңыз.

Бензиндік қозғалтқыштың қатты бөлшектер сүзгісі (GPF)*

E00694200033

Бензиндік қозғалтқыштың қатты бөлшектер сүзгісі (GPF) бензиннің жану өнімдерінде кездесетін бөлшектерді ұстайды. Ұсталған қатты бөлшектер автомобиль қозғалысы кезінде сүзгіде автоматты түрде өргенеді. Алайда, кейбір жағдайларда сүзгідегі қатты бөлшектерді жағу мүмкін емес, сондықтан оның ішінде қатты бөлшектер жиналуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ

- Қатты бөлшектер сүзгісі (GPF) өте жоғары температураларға дейін қызады. Автомобильді тез жанатын материалдармен, мысалы, құрғақ шөппен, автомобильдің шығару жүйесінің ыстық бөлшектерімен жанасатын жерлерде тоқтатуға болмайды, себебі бұл өртке әкелуі мүмкін.

Егер электрондық кілт жарамсыз болса

E00632901439

Қозғалтқышты іске қосу немесе жұмыс режимін өзгерту үшін, келесі әрекетті орындауға болады:

1. Тежегіш педальды оң аяғыңызбен (CVT автомобильдерде) немесе ілінісу педалін (М/Т автомобильдерінде) қатты басыңыз.
2. Тежегіш педальды (CVT автомобильдерде) немесе ілінісу педалін (М/Т автомобильдерде) басып тұрып, суретте көрсетілген электрондық кілттің бір бөлігін қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесінің үстіне қойыңыз.

3. Электрондық кілтті тану кезінде қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесіндегі бақылау шамы (А) жасыл түспен қосылады. Осыдан кейін, шамамен 10 секунд ішінде қозғалтқышты іске қосып, жұмыс режимін өзгертуге болады. “Қозғалтқышты іске қосу”, бет 6-22 және “Жұмыс режимін өзгерту”, бет 6-18, тарауларын қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер электрондық кілттің жанында металл заттар немесе басқа кілттер болса, электрондық кілт танылмауы мүмкін.
- Электрондық кілтті тежегіш педальды басудың орнына қозғалтқышты іске қосу және тоқтату түймесін басқаннан кейін шамамен 30 секунд ішінде тануға болады.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Ұсынылған отын мен мотор майын ғана пайдаланыңыз. Отынға ылғал мен басқа қоспаларды қосуға тыйым салынады. Мұндай құралдарды пайдалану қатты бөлшектер сүзгісіне (GPF) зақым келтіруі мүмкін.
- “Отын таңдау” тарауын, бет 2-2 және “Мотор майы” тарауын, бет 10-5 қараңыз.

Бензин қозғалтқышының қатты бөлшектік сүзгісінің (GPF) жұмысы туралы ескертуші хабарлама



Бензиндік қозғалтқыштың қатты бөлшектік сүзгісінің (GPF) жұмысы туралы ескертуші хабарлама бөлшектердің сүзгісінде ақаулық болған кезде пайда болады.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Қатты бөлшектердің сүзгісі (GPF) үшін “PF SYSTEM” ескертуші хабарламасы қарастырылған.

Егер автомобиль қозғалысы кезінде қатты бөлшектердің сүзгісі (GPF) туралы ескертуші хабарлама пайда болса.

Қатты бөлшектердің сүзгісінде (GPF) жиналған қатты бөлшектерді өртеу керек. Қатты бөлшектердің сүзгі жүйесіне (GPF) қатты бөлшектерді жағуға мүмкіндік беру үшін, келесі әрекеттерді орындау керек:

Суытқыш сұйықтықтың температурасын көрсететін терезедегі көлдене индикатор шкаланың ортасында тұрғанына көз жеткізіңіз, автомобильде шамамен 20-30 минут, кемінде 60 км/сағ. жылдамдықпен жүріңіз, мезгіл-мезгіл жылдамдықты арттырыңыз және баяулатыңыз. Қатты бөлшектердің сүзгісінде (GPF) жиналған қатты бөлшектер акселератор педалін баяулату үшін босатқанда жанады.

Егер ескертуші хабарлама сипатталған режимде қозғалғаннан кейін де жоғалмаса, кемінде 100 км/сағ. жылдамдықпен шамамен 30 минут жүріңіз, мезгіл-мезгіл жылдамдықты арттырыңыз және баяулатыңыз немесе MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгініңіз.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Автомобильде дәл көрсетілген режимде қозғалу міндетті емес. Өрқашан жол жағдайларына сәйкес келетін қауіпсіз жүргізу тәсілін ұстануға тырысыңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Қатты бөлшектерді жағуға қажетті автомобильдің жылдамдығы мен қозғалыс уақыты жүктемеге, жолдың көлбеуіне және басқа сыртқы қозғалыс жағдайларына байланысты өзгеруі мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Сүзгіде қатты бөлшектердің көп мөлшерде жиналуын болдырмау үшін, ұзақ уақыт бойы тым төмен жылдамдықпен қозғалмауға тырысыңыз және жиі тоқтаудан аулақ болыңыз.
- Сүзгіде (GPF) жинақталған қатты бөлшектерді автоматты түрде жағу кезінде, жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштың дыбысы әдеттегіден біршама ерекшеленеді. Бұл ақаулық белгісі болып табылмайды.

Егер қозғалыс кезінде бензин қозғалтқышының қатты бөлшектері сүзгісінің (GPF) жұмысы туралы ескертуші хабарлама және қозғалтқыш диагностикасының бақылау шамы бір мезгілде жанса

Ескертуші хабарлама



Бақылау шамы



Автомобиль қозғалыс кезінде қатты бөлшектер сүзгісінің (GPF) жұмысында ауытқулар болғанда, дисплейде қатты бөлшектер сүзгісінің (GPF) жұмысы туралы ескертуші хабарлама пайда болады және қозғалтқыш диагностикасының бақылау шамы қосылады. Жүйені тексеру үшін, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қатты бөлшектер сүзгісінің (GPF) жұмысы туралы ескертуші хабарлама болған кезде және қозғалтқышты диагностикалау шамы жанған кезде, қозғалысты жалғастыру қозғалтқыштың істен шығуына және қатты бөлшектер сүзгісінің істен шығуына әкелуі мүмкін.

Турбоайдауыш жұмысы*

E00611201224

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін, бірден оның айналымын арттыруға (мысалы, акселератор педалін бірден басып) тыйым салынады.
- Қозғалтқышты қозғалыстан кейін бірден тоқтатуға тыйым салынады. Турбоайдағыш салқындауы үшін, қозғалтқышты бос жүрісте бірнеше минут жұмыс істетіңіз.
- Мотор майын ұсынылған кезеңділікте ауыстырыңыз. Мотор майын ауыстыру кезеңділігіне қойылатын талаптардың бұзылуы турбоайдағыштың істен шығуына әкелуі мүмкін.

INVECS-III CVT Sports Mode автоматты 8 сатылы беріліс қорабы* және INVECS-III CVT Sports Mode автоматты 6 сатылы беріліс қорабы (зияткерлік және инновациялық үшінші буын автомобилін басқару жүйесі)*

Сатысыз вариатор жол жағдайына және жол жамылғысының жағдайына байланысты беріліс қатынасын автоматты түрде және үздіксіз өзгертеді.


Бұл бірқалыпты орын ауысуды қамтамасыз етуге және отынды үнемдеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ Сіз беріліс қорабындағы берілісті қолмен жоғары немесе төмен ауыстыра аласыз. “Берілісті қолмен ауыстыру режимі” тарауын қараңыз, бет 6-30.

Селектор иіңтірегінің көмегімен CVT басқару

E00602201459


Сатысыз CVT вариаторында беріліс коэффициентін таңдау автомобильдің жылдамдығына және үдеткіш педалінің жағдайына байланысты автоматты түрде жүзеге асырылады.

Селектор иіңтірегі (A) екі ойық бойынша жылжи алады: негізгі (B) және қолмен ауыстыру (C).



AFA115359

Негізгі ойықта селектор иіңтірегінің төрт орналасымы бар; селектор иіңтірегі дұрыс емес берілісті кездейсоқ таңдау мүмкіндігін болдырмайтын бұғаттау түймесімен (D) қамтылған.



AFA115362

	Селектор иіңтірегің жылжыту үшін, тежегіш педалі басулы кезде, бұғаттау түймесін басу керек.
	Селектор иіңтірегің жылжыту үшін, бұғаттау түймесін басу керек.
	Селектор иіңтірегің жылжыту үшін, бұғаттау түймесін басу қажет емес.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Егер сіз селектор иіңтірегің жылжытқан кезде, бұғаттау түймесін тұрақты бассаңыз, оны кездейсоқ P (тұрақ) немесе R (артқы жүріс) күйіне ауыстыра аласыз. Суретте ↓ белгісімен белгіленген әрекеттерді орындай отырып, бұғаттау түймесін басуға болмайды.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Селектор иіңтірегің P (тұрақ) немесе N (бейтарап беріліс) күйінен шығару кезінде, міндетті түрде тежегіш педалін басу керек. Бұл ретте акселератор педалін басуға болмайды.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Селектор иіңтірегің дұрыс күйге келтіру үшін, оны жылжытып, қажетті орналасымда біршама уақыт ұстап тұрыңыз. Селектор иіңтірегің жылжытқан соң, селектор иіңтірегінің орналасуын көрсету терезесінде оның дұрыс орналасуының көрсетілгеніне көз жеткізіңіз.
- Егер селектор иіңтірегің P (тұрақ) жағдайынан жылжытқан кезде тежегіш педалін баспаса, ауыстырып қосуды бұғаттау құрылғысы қосылады.


Егер селектор иіңтірегің P (тұрақ) жағдайынан шығару мүмкін болмаса

E00694300063


Егер селектор иіңтірегің тежегіш педалі басылғанда және ON орналасымында оталдыру құлпы қосылғанда немесе ON жұмыс режимі қосылғанда, P (тұрақ) жағдайынан кез келген басқа жағдайға ауыстыру мүмкін болмаса, аккумуляторлық батарея заряды таусылуы немесе ауыстырып қосуды бұғаттау құрылғысы ақаулы болуы мүмкін. Жүйені тексеру үшін, тез арада MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.

Автомобильді жылжыту үшін, селекторды келесі түрде ауыстырыңыз.

1. Тұрақ тежегішінің қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
2. Егер қозғалтқыш жұмыс істеп тұрса, оны өшіріңіз.
3. Шүберекке оралған жалпақ пышақты бұрағышты қақпақтың (А) ойығына салыңыз. Қақпақты алып тастау үшін, оны көрсетілген бағытта абайлап салыңыз.




4. Тежегіш педалін оң аяқпен ғана басу керек.
5. Ауыстырып қосқышты құлыптау құрылғысының құлпын бұғаттан шығару саңылауына (В) жалпақ пышақты бұрауышты салыңыз. Селектор интірегін жалпақ пышақты бұрауышты төмен қарай басу арқылы N күйіне (бейтарап беріліс) аударыңыз.



CVT селектор интірегіннің орналасу индикациясы терезесі

E00602301610

Оталдыру қосылған кезде немесе ON жұмыс режимі қосылған кезде, көпфункционалдық дисплейде CVT селектор интірегіннің орны көрсетіледі.



Селектор интірегіннің орналасу индикациясы терезесі жыпылықтағанда (төмен қоршаған ауа температурасында)

E00637700145

⚠ ЕСКЕРТУ

- Автомобильдің байқаусызда қозғалуын болдырмау үшін, тежегіш педальды оң аяқпен ұстап тұрыңыз және А/Т селектор интірегіннің орналасуын көрсететін терезе жыпылықтаған кезде, акселератор педальді баспаңыз.

6

Қоршаған орта температурасы төмен болған кезде, көпфункционалдық дисплейдегі А/Т селектор интірегіннің күйін көрсететін терезе қозғалтқышты іске қосқаннан кейін бірден D (қозғалыс) немесе R (артқы жүріс) күйінде жыпылықтауы мүмкін. Бұл беріліс қорабында қыздыруға біршама уақыт қажет дегенді білдіреді. Индикация терезесі жыпылықтап тұрғанда, селектор интірегі D немесе R күйінде болса да, автомобиль орнынан қозғала алмайды, өйткені беріліс қорабы қажетті температураға дейін қызғанша ажыратылған күйде қалады.

Егер селектор интірегіннің орналасу индикациясы терезесі жыпылықтаса, келесіні орындаңыз:

1. Оң аяқпен тежегіш педальді басып, бірнеше секунд ұстап тұрыңыз, селектор интірегін N (бейтарап беріліс) күйінде орнатыңыз.

2. Тежегіш педалін басылу күйде ұстап тұрып, селектор иінтірегін D (қозғалыс) немесе R (артқы жүріс) күйіне ауыстырыңыз. Егер А/Т селектор иінтірегіннің орналасу индикациясы терезесі жыпылықтауды тоқтатса, беріліс қорабын қыздыру аяқталады, енді ол қалыпты режимде жұмыс істейді.
3. Егер А/Т селектор иінтірегіннің орналасу индикациясы терезесі жыпылықтауды жалғастырса, жоғарыда сипатталған 1 және 2 кадамдарды қайталаңыз.

6

ЕСКЕРТПЕ

- А/Т селектор иінтірегіннің орналасу индикациясы терезесі жыпылықтаса, үздіксіз зуммер сигналы дыбысталады.

Селектор иінтірегіннің орналасымы

E00602401578

P — ТҰРАҚ

Осы жағдайда беріліс қорабы бұғатталып, автомобиль қозғалысына мүмкіндік бермейді. Бұл ретте қозғалтқышты іске қосуға болады.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Беріліс қорабының зақымдануын болдырмау үшін, селектор иінтірегін қозғалыс кезінде P (тұрақ) жағдайына ауыстыруға тыйым салынады.

R - АРТҚЫ ЖҮРІС

Артқы жүріспен қозғалуға арналған жағдай.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Беріліс қорабының зақымдануын болдырмау үшін, селектор иінтірегін қозғалыс кезінде D (қозғалыс) немесе R (артқы жүріс) жағдайына ауыстыруға тыйым салынады.

N — БЕЙТАРАП БЕРІЛІС

Осы жағдайда барлық берілістер өшірулі. Ол М/Т иінтірегіннің бейтарап жағдайына сәйкес келеді. Режимдерді ауыстырып қосу иінтірегін осы жағдайға қозғалыс процесінде ұзақ тоқтау уақытында (мысалы, тығында) ауыстырған жөн.

ЕСКЕРТУ

- Қозғалыс кезінде селектор иінтірегін N (бейтарап беріліс) күйіне ауыстыруға тыйым салынады. Режимдерді ауыстырып қосу иінтірегін P (тұрақ) немесе R (артқы жүріс) жағдайына кездейсоқ ауыстыру нәтижесінде, елеулі авария немесе қозғалтқыштың тежеу мүмкіндігін жоғалтуы мүмкін.
- Еңісте тұрған кезде селектор иінтірегі N (бейтарап беріліс) қалпында емес, P (тұрақ) қалпында болғанда, қозғалтқышты іске қосу керек.

ЕСКЕРТУ

- Басқаруды жоғалту қаупін азайту үшін, иінтіректі N (бейтарап беріліс) күйіне ауыстыру немесе иінтіректі осы орналасымынан шығару арқылы тежегіш педалін міндетті түрде оң аяқпен басыңыз.

D — ҚОЗҒАЛЫС

Бұл жағдай кәдімгі алға қозғалу үшін пайдаланылады. Беріліс қорабы жол жағдайына және жол жамылғысының жағдайына байланысты беріліс қатынасын автоматты түрде және үздіксіз өзгертеді.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Беріліс қорабының зақымдануын болдырмау үшін, селектор иінтірегін қозғалыс кезінде D (қозғалыс) немесе R (артқы жүріс) жағдайына ауыстыруға тыйым салынады.

Берілісті қолмен ауыстыру режимі


E00602501726

Қолмен ауыстыру режимін тұрақ кезінде, сондай-ақ қозғалыс кезінде де селектор иінтірегін D (қозғалыс) орналасымынан қолмен ауыстыру ұясына (A) ауыстыру арқылы қосуға болады. Қалыпты қозғалыс режиміне оралу үшін (D) селектор иінтірегін негізгі ұяға (B) қайта салыңыз. Қолмен ауыстыру режимінде берілістер селектор иінтірегін немесе рөл астындағы қосқыштарды (бар болса) алға және артқа жылжыту арқылы ауысады. Кәдімгі қолмен беріліс қорабынан

айырмашылығы, қолмен ауыстыру режимінде акселератор педалін басқан кезде, берілістерді ауыстыруға болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Токтатылған автомобильде селектор интірегімен 1-ші берілісті ғана қосуға болады.
- Селектор интірегі D (қозғалыс) күйінде болған кезде, рөл астындағы ауыстырып қосқыштарды қолдана отырып, қолмен ауыстыру режиміне ауысуға болады. D қозғалыс режиміне төменде сипатталған әдістердің бірімен ауыса аласыз. D күйіне ауысқан кезде, дисплейде селектор интірегінің D (қозғалыс) орналасымы көрсетіледі.
- **+** рөл астындағы ауыстырып қосқышты (аса жоғары беріліске ауысу) өзіңе тартып, оны осы қалыпта кемінде 2 секунд ұстап тұрыңыз.
- Автомобильді тоқтатыңыз.
- Селектор интірегін D (қозғалыс) орналасымынан қолмен ауыстыру ұясына (A), содан кейін негізгі ұяға (B) жылжытыңыз.



- 1 — **+** (аса жоғары беріліске ауысу)
Селектор интірегінің орын ауысуы аса жоғары беріліске ауысуға әкеледі.
- 2 — **-** (аса төмен беріліске ауысу)
Селектор интірегінің орын ауысуы аса төмен беріліске ауысуға әкеледі.


АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ


- Қол режимінде тахометрдің қызыл аймаққа кіруіне жол бермей, жүргізуші жол жағдайларына байланысты едәуір жоғары берілістерге дербес ауысуы керек.
- Берілістер селектор интірегінің немесе рөл астындағы ауыстырып қосқыштардың дәйекті қозғалыстарымен ауысады.
- Сол жақ және оң жақ рөл астындағы берілісті ауыстырғыштарды бір мезгілде баспаңыз. Бұл жағдайда беріліс дұрыс ауыстырылмауы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Қолмен жұмыс режимінде сіз 8 алдыңғы жүріс берілісін (1500 қозғалтқышы бар модификациялар) және 6 алдыңғы жүріс берілісін (2000 қозғалтқышы бар модификациялар) қоса аласыз. Артқа жылжу немесе көлікті тұраққа қою үшін селектор интірегін R (артқы жүріс) немесе P (тұрақ) күйіне ауыстыру қажет.
- Автомобильдің жетекші дөңгелектерінде жоғары тарту күшін ұстап тұру үшін, автомобильдің белгілі бір жылдамдығы кезінде беріліс қорабы селектор интірегін жылжытқанда немесе рөл астындағы берілістің ауыстырғышын басқанда **+** (едәуір жоғары беріліске ауысу) жоғары беріліске ауысуға жол бермейді. Сондай-ақ ол қозғалтқыштың рұқсат етілген айналымынан асып кетпеу үшін, селектор интірегінің немесе рөл астындағы берілісті ауыстырып қосқыштың жағына **-** (неғұрлым төмен беріліске ауыстырып қосу) басқан кезде неғұрлым төмен беріліске ауысуға жол бермеуі мүмкін. Мұндай жағдайларда жүргізушіге төменгі беріліске ауысу мүмкін еместігі туралы ескертетін зуммер сигналы қосылады.
- Көлік жылдамдығы төмендеген кезде, төменгі берілістерге ауысу автоматты түрде жүзеге асырылады. Автомобиль тоқтағаннан кейін, бірінші беріліс автоматты түрде қосылады.

ЕСКЕРТПЕ


- Егер қолмен ауыстыру режимінде қозғалқыштың жылдамдығы тахометрдің көрсеткі шкаланың қызыл аймағына ауысағындай етіп жоғарыласа, жоғары беріліске ауысу автоматты түрде орын алуы мүмкін.
- Селектор інтірегі D (қозғалыс) күйінде болғанда және қолмен берілісті ауыстыру режимі таңдалғанда, отын үнемділігін қамтамасыз ету үшін, берілісті ауыстыру индикаторы (бар болса) ұсынылған ауысу кезендерін көрсетеді. Егер аса жоғары беріліске ауысу ұсынылса, индикаторда белгі көрсетіледі .



Қол режимі индикациясының терезесі

E00612201654



Көпфункционалдық дисплейде қазіргі уақытта қосылған беріліс көрінеді.



*Бар болса.

CVT-да ақау туындаған жағдайда

E00602301779



Егер көпфункционалдық дисплейде  немесе  ескертуші символы көрсетілсе, беріліс қорабында ақау туындауы мүмкін.




немесе








ЕСКЕРТПЕ

-  немесе  селектор інтірегінің күйі индикациясының терезесі көрінісімен бір езгілде, селектор інтірегі күйі индикациясының терезесі жыпылықтайды.
- Селектор інтірегінің орнын индикациялау терезесіндегі А индикаторы CVT күйін ауыстырып қосқыш ақаулы болғанда ғана жыпылықтайды. Бұл индикатор қалыпты қозғалыс жағдайында көрсетілмейді.



⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- ASC жүйесі іске қосылған кезде, шанақтың дірілі сезілуі немесе мотор бөлімінен қатты дыбыс естілуі мүмкін. Бұл жүйенің қалыпты жұмысын көрсетеді және ақаулықтың белгісі болып табылмайды.
- Егер ABS жүйесінің бақылау шамы қосылса, бұл ASC жүйесінің жұмыс істемейтінін білдіреді.

Сүйреуге қарсы жүйе

E00619000087

Сүйреуге қарсы жүйе орнынан қозғалуға көмектесе отырып, жүйе дөңгелектердің тайғақ жолда сырғып кетуіне жол бермейді. Сондай-ақ, ол жоғары жылдамдықта бұрылған кезде, автомобильдің жеткілікті тартылу күшін және басқарылуын қамтамасыз етеді.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қар басқан немесе мұз басқан жолдармен жүру кезінде, қысқы шиналарды орнатып, автомобильді қалыпты жылдамдықпен жүргізу керек.

Бағыттық тұрақтылық жүйесі

E00619101115

Бағыттық тұрақтылықтың динамикалық жүйесі (ASC) автомобильді тайғақ жолда және кенеттен бұру кезінде басқаруды сақтап қалуға көмектеседі. Ол қозғалтқыштың айналдыру кезеңін реттейді және әр дөңгелектің тежегіш механизмдерінің жұмысын бөлек-бөлек басқарады.



ЕСКЕРТПЕ


- Бағыттық тұрақтылықтың жүйесі автомобиль жылдамдығы 15 км/сағ. асқанда жұмыс істей бастайды.

ASC OFF ажыратқышы

E00619201783

Бағыттық тұрақтылықтың динамикалық жүйесі оталдыру қосылғанда (ON) немесе ON жұмыс режимі қосылғанда, автоматты түрде қосылады. ASC OFF ажыратқышын кемінде 3 секундқа басып, осы жүйені өшіруге болады.

ASC жүйесін өшіргенде,  индикатор қосылады. Бағыттық тұрақтылықтың динамикалық жүйесін қайта қосу үшін ASC OFF ажыратқышын тағы бір рет басыңыз. Индикатор  өшеді.



6

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қауіпсіздік мақсатында ASC OFF ажыратқышын автомобиль тоқтаған кезде ғана пайдалану керек.
- Кәдімгі жағдайда қозғалғанда, ASC жүйесі қосылуы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ

- Балшық, құм немесе борпылдақ қармен қозғалу кезінде, акселератор педалін басқанда, қозғалтқыштың жылдамдығы ұлғаймауы мүмкін. Мұндай жағдайда ASC жүйесін ASC OFF қосқышымен уақытша өшіру қиын жерлерді еңсеруді жеңілдетуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- ASC OFF ажыратқышын басқанда, бағыттық тұрақтылықтың динамикалық жүйесі және сүйреуге қарсы жүйе өшеді.
- Егер сіз бағыттық тұрақтылықтың динамикалық жүйесін өшіргеннен кейін ASC OFF ажыратқышын басуды жалғастыра берсеңіз, қате басудан қорғау функциясы іске қосылады және ASC жүйесі қайта қосылады.

6 ASC белсенді жүйесінің индикаторы немесе ASC OFF индикаторы

E00619302055




— ASC белсенді жүйесінің индикаторы
ASC жүйесі жұмыс істегенде, бұл индикатор жыпылықтайды.





— ASC OFF индикаторы
Бұл индикатор ASC OFF қосқышы көмегімен бағыттық тұрақтылықтың динамикалық жүйесін өшірген кезде қосылады.


АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер дисплейде бақылау шамы  жыпылықтаса, бұл ASC жүйесі қосылғанын білдіреді, бұл өз кезегінде жолдың тайғақ екенін және автомобиль дөңгелектері сырғып кете бастағанын білдіреді. Бұл жағдайда акселератор педалін түсіріп, жылдамдықты төмендету керек.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер тайғақ жолда тежегіштердің ұзақ қосылуы нәтижесінде тежегіш жүйесіндегі температура көтерілсе, дисплейде индикатор жыпылықтай бастайды.  Тежегіш жүйесінің қызып кетуін болдырмау үшін, сырғуға қарсы жүйенің жұмысы уақытша тоқтатылады. Қозғалтқышты басқару және тежегіш жүйесі кәдімгі режимде жұмысын жалғастыруда. Автомобильді қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Тежегіш механизмдері салқындаған соң, индикатор  сөніп, сырғуға қарсы жүйе жұмысын қайта бастайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқыш іске қосылғанда, дисплейде индикатор  пайда болады. Бұл қозғалтқышты іске қосу кезінде батарея кернеуінің қысқа мерзімді төмендеуін көрсетеді. Егер индикатор қозғалтқыш іске қосылған соң бірден жоғалса, бұл ақаулық белгісі болып табылмайды.

ASC бақылау шамы / ASC ақаулығы туралы ескертуші хабарлама

E00619401932

Егер жүйеде ақаулық туындаса, дисплейде келесі бақылау шамдары қосылып, келесі ескертуші хабарламалар көрсетіледі.

Бақылау шамы



— ASC белсенді жүйесінің индикаторы



— ASC OFF индикаторы

Ескертуші хабарлама



АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қорек жүйесі ақаулы болуы мүмкін. Автомобильді қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және қозғалтқышты өшіріңіз. Қозғалтқышты қайта іске қосыңыз және ескертуші хабарлама мен индикатордың жоғалып кеткенін тексеріңіз. Егер ескертуші хабарлама мен бақылау шамы көрінбесе, ақаулық жоқ. Егер ескертуші хабарлама мен бақылау шамы жоғалып кетпесе немесе жиі пайда болса, онда автомобильді тоқтатпауға болады, бірақ MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер автомобильді сүйреу кезінде тек алдыңғы немесе тек артқы дөңгелектер ілінсе, оталдыру құлпын ON күйіне ауыстыруға және ON жұмыс режимін қосуға тыйым салынады. Оталдыру қосулы немесе жұмыс режимі өшірілуі болса, ASC жүйесі іске қосылуы мүмкін, бұл аварияға әкеледі. Сүйреудің дұрыс әдісі жетектің түріне және автомобильдің беріліс қорабының түріне байланысты екенін есте ұстаған жөн. Барынша толық ақпарат алу үшін, “Сүйреу” тарауын қараңыз, бет 8-18.

Круз-бақылау

E00609102728

Круз-бақылау — берілген жылдамдықты автоматты түрде ұстау жүйесі. Круз-бақылауды шамамен 30 км/сағ. және одан доғары жылдамдықта пайдалануға болады.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер тұрақты жылдамдықпен қозғалу қажет болмаса, қауіпсіздік мақсатында круз-бақылауды өшіріңіз.
- Қозғалыс жағдайлары тұрақты жылдамдықты ұстап тұруға мүмкіндік бермейтін кезде, мысалы, тығыз көлік ағынында, бұралан, мұзды, қарлы, ылғалды немесе тайғақ жолдарда, сондай-ақ тік ылдиларда, круз-бақылауды пайдалану ұсынылмайды.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ


- М/Т автомобильдерде ілініс педалін баспай, берілген жылдамдықта қозғалғанда, бейтарап берілісті (N позициясы) қосуға болмайды. Қозғалтқыштың айналымы артып, қозғалтқыш зақымдалуы мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Круз-бақылау көтерілу немесе түсу кезінде тұрақты жылдамдықты сақтай алмауы мүмкін.
- Қиябет көтерілімде қозғалғанда, қозғалыс жылдамдығы төмендеуі мүмкін. Берілген жылдамдықты ұстап тұру үшін, акселератор педалін басуға болады.
- Қиябет ылдида жылдамдық берілген жылдамдықтан асуы мүмкін. Жылдамдықты ретлеу үшін, тежегіш педалін басу қажет болуы мүмкін. Нәтижеде круз-бақылау өшеді.

Круз-бақылауды басқару түймелері

AA0110608



AA0110608

A — круз-бақылауды қосу және өшіру түймесі

Круз-бақылауды қосу және өшіру үшін пайдаланылады.

B — SET түймесі –

Берілген жылдамдық мәнін азайту үшін, сондай-ақ тұрақты жылдамдықты орнату үшін пайдаланылады.

C — RES түймесі +

Берілген жылдамдық мәнін ұлғайту үшін, сондай-ақ қозғалыс жылдамдығының бастапқы мәніне оралу үшін пайдаланылады.

D — CANCEL түймесі

Тұрақты жылдамдыққа ие қозғалыс режимін өшіру үшін пайдаланылады.


ЕСКЕРТПЕ

- Крузи-бақылау түймесін пайдалану кезінде қателіктер жібермеуге тырысыңыз. Бір уақытта екі немесе одан да көп түймені басқан кезде крузи-бақылау жүйесі автоматты түрде өшіп қалуы мүмкін.

Крузи-бақылауды қосу

E00609302573


1. Оталдыру қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы кезде, крузи-бақылауды қосу үшін, крузи-бақылауды (A) қосу және өшіру түймесін басыңыз. Көпфункционалдық дисплейдің ақпараттық терезесінде индикатор пайда болады.



AA0110611



2. Қажетті жылдамдықпен қозғала отырып, көпфункционалдық дисплейдің ақпараттық терезесінде индикатор қосылғанда, SET - (B) түймесін басыңыз. Автомобиль берілген жылдамдықта қозғалатын болады. Көпфункционалдық дисплейдің ақпараттық терезесінде «SET» индикаторы пайда болады.



AA0110624



ЕСКЕРТПЕ

- Тұрақты қозғалыс жылдамдығы SET - (B) түймесін босатқан кезде орнатылады.


Берілген қозғалыс жылдамдығын арттыру

E00609401913

Қозғалыс жылдамдығын екі тәсілде арттыруға болады:

RES + түймесін басу арқылы

Берілген жылдамдықпен қозғалғанда RES + (C) түймесін басып, ұстап тұрыңыз; қозғалыс жылдамдығы біртіндеп ұлғаяды. Қажетті жылдамдыққа жеткен кезде, түймені босатыңыз. Жадыға жаңа қозғалыс жылдамдығы енгізіледі.




AA0110637

Жылдамдықтың шамалы өсуі үшін RES + (C) түймесін басып, оны 1 секундтан кем уақыт ішінде босатыңыз. RES + (C) түймесін басқан сайын, жылдамдық шамамен 1,6 км/сағ. артады.

Акселератор педалінің көмегімен

Берілген жылдамдықта қозғала отырып, акселератор педальды басып, қозғалыс жылдамдығын қалаған жылдамдыққа дейін арттырыңыз; содан кейін жүйенің жадына жаңа жылдамдық мәнін енгізу үшін, SET - (B) түймесін қысқа уақытқа басып, босатыңыз.



Берілген қозғалыс жылдамдығын азайту


E00609501842

Қозғалыс жылдамдығын екі тәсілде арттыруға болады:

SET - түймесін басу арқылы

Берілген жылдамдықпен қозғалғанда SET - (B) түймесін басып, ұстап тұрыңыз; қозғалыс жылдамдығы біртіндеп азаяды.

Қажетті жылдамдыққа жеткен кезде, түймені босатыңыз. Жадыға жаңа қозғалыс жылдамдығы енгізіледі.




Жылдамдықтың шамала азаюы үшін SET - (B) түймесін басып, оны 1 секундқа жетпей босатыңыз.

SET - (B) түймесін басқан сайын, жылдамдық шамамен 1,6 км/сағ. азаяды.

Тежегіш педалінің көмегімен

Берілген жылдамдықта қозғала отырып, тежегіш педальды басыңыз (круиз-бақылау өшірілген кезде), жылдамдықты қажетті деңгейге дейін төмендетіңіз және SET - (B) түймесін қысқа басып, жаңа жылдамдықты орнатыңыз.




Жылдамдықты уақытша арттыру немесе азайту

E00609601407

Жылдамдықты уақытша арттыру

Кәдімгі режимдегі сияқты акселератор педалін басыңыз. Акселератор педалін босатқаннан кейін, қозғалыс жылдамдығы бұрын белгіленген деңгейге оралады.




ЕСКЕРТПЕ

- Кейбір қозғалыс жағдайларында крузи-бақылау өшіп қалуы мүмкін. Егер бұл жағдай орын алса, “Крузи-бақылауды қосу” тарауына жүгініңіз, бет 6-56, жылдамдық орнату рәсімін қайталаңыз.

Уақытша жылдамдықты азайту

Жылдамдықты азайту үшін, тежегіш педалін басыңыз. Бұрынғы қозғалыс жылдамдығына оралу үшін, RES + (C) басыңыз.

“Қозғалыстың берілген жылдамдығын қалпына келтіру” тарауын қараңыз, бет 6-59.




Крузи-бақылауды өшіру

E00609703040

Крузи-бақылауды келесі түрде өшіруге болады:

- Крузи-бақылауды қосу және өшіру түймесін (A) басыңыз (крузи-бақылау өшеді).
- CANCEL (D) түймесін басыңыз.
- Тежегіш педалін басыңыз.



AA0110679

Крузи-бақылау келесі жағдайларда автоматты түрде өшеді:

- Ілінісу педалін басқанда (M/T автомобильдерде).
- Егер көтерілуде немесе өзге жағдайда жылдамдық берілген мәнге қатысты 15 км/сағ-тан астам төмендесе.
- 30 км/сағ. төмен қозғалыс жылдамдығында.
- Бағыттық тұрақтылықтың динамикалық жүйесі (ASC) қосылғанда. “Бағыттық тұрақтылықтың динамикалық жүйесі (ASC)” тарауын қараңыз, бет 6-52.

ЕСКЕРТУ

- CVT жабдықталған автомобильдерде акселератор нінтірегін N (бейтарап) күйіне ауыстыру кезінде, крузи-бақылау өшірілгеніне қарамай, қозғалыс кезінде селектор нінтірегін осы күйге ауыстыруға тыйым салынады. Бұл ретте қозғалтқышты тежеу мүмкін болмайды, мұның өзі маңызды аварияға себеп болуы мүмкін.

Сондай-ақ крузи-бақылау келесі жағдайда өшеді:

- Егер қозғалтқыштың айналымдары соншалықты ұлғайса, тахометрдің көрсеткіші шкаланың қызыл аймағына өтеді.


АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер крузи-бақылау жоғарыда сипатталғаннан басқа жағдайларда автоматты түрде өшірілсе, жүйеде ақаулық болуы мүмкін. Крузи-бақылауды қосу және өшіру түймесімен крузи-бақылауды өшіру керек, содан кейін автомобильді тексеру үшін, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.

Берілген қозғалыс жылдамдығын қалпына келтіру

E00609802031

Егер круиз-бакылау “Круиз-бакылауды өшіру” тарауында, бет 6-58, сипатталған тәсілдердің бірімен өшірілген болса, RES + (C) түймесін шамамен 30 км/сағ. жылдамдықпен басу арқылы берілген жылдамдықты қалпына келтіруге болады. Көпфункционалдық дисплейдің ақпараттық терезесінде “SET” индикаторы пайда болады.



AA0110637



Алайда, келесі шарттардың бірін орындаған кезде, осы түймені қолдана отырып, берілген жылдамдықты қалпына келтіру мүмкін болмайды. Келесі жағдайларда жылдамдықты қайта беруге болады:

- Круиз-бакылауды қосу және өшіру түймесі басулы болса.

- Оталдыру құлпындағы кілтті OFF күйіне бұрған кезде немесе OFF жұмыс режимін қосқан кезде.
- Индикатор өшіп қалды.




Ультрадыбыстық датчигі бар ілеспе соқтығысуды болдырмау жүйесі (UMS)*

E00643400479

Атауынан көрініп тұрғандай, бұл жүйе кенеттен үдеудің алдын алады және соқтығысу салдарының ауырлығын төмендетеді. Бұл үшін жүйе қозғалтқыштың қуатын шамамен 5 секунд ішінде төмендетеді, егер ол сіздің машинаңыздың алдында немесе артында шамамен 4 м қашықтықта басқа көлік немесе басқа кедергі бар екенін және акселератор педалі тез және қатты басылғанын анықтаса, бұл қазіргі жол жағдайына сәйкес келмейді. Жүйе автомобиль қозғалысыз немесе алдыңғы немесе артқы жағынан 10 км/сағ. жылдамдықпен қозғалғанда іске қосылады. Ультрадыбыстық датчикпен (UMS) соқтығысудың алдын алу жүйесі жұмыс істеп тұрғанда, көпфункционалдық дисплейдің ақпараттық терезесінде ескертуші хабарлама көрсетіледі, сонымен қатар зуммер сигналы естіледі.

Ультрадыбыстық датчикпен соқтығысудың алдын алу жүйесі ілеспе соқтығысуды жеңілдету жүйесін (FCM) (FCM жүйесі бар автомобильдерде) қосу немесе өшіру арқылы бір мезгілде қосылады және өшіріледі.

6

Жағдай	Жағдай индикациясы терезесі	Зуммер
<p>Егер акселератор педалін күрт және қатты басқанда, жүйе автомобиль алдында кедергінің болуын анықтаса (селектор интірегі D (қозғалыс) күйінде немесе берілістерді қолмен ауыстыру жағдайында болуы тиіс), жүйе қозғалтқыштың қуатын шамамен 5 секундқа төмендетеді.</p>  <p>AJM102928</p> <p>Жүйе автомобильдің артындағы кедергіні анықтаған кезде де, дәл солай болады (селектор интірегі R атқы жүрістің берілісі қосулы күйінде болуы тиіс).</p>  <p>AJM102931</p>		<p>Үзілмелі дыбыстық сигнал</p>

⚠ ЕСКЕРТУ

- UMS жүйесіне шамадан тыс сенім артуға болмайды. Жүйе Сізді қауіпсіз және ұқыпты жүргізуді қамтамасыз ету міндетінен босатпайды. Акселератор педалін мұқият және қоршаған орта жағдайларына сәйкес басыңыз. Акселератор педалімен дұрыс жұмыс істемеу аварияға әкелуі мүмкін.
- Ультрадыбыстық датчигі бар ілеспе соқтығысуды болдырмау жүйесі (UMS) автомобильді орнында ұстауға арналмаған, сондықтан тиісті жағдайларда тежегіш педалін басу керек.
- Жағдайға байланысты, жүйе көліктің алдында немесе артында кедергі болған кезде де жұмыс істемеуі мүмкін, бұл көліктің орнынан қатты тиіп кетуіне және нәтижесінде жазатайым оқиғаға әкелуі мүмкін.
- Егер жүйенің іске қосылуы нәтижесінде автомобиль теміржол өткелінде қозғалысыз болса (шлагбаумды кедергі ретінде анықтау), үрейленбеңіз және келесі әрекеттердің бірін орындап, өткелден бірқалыпты өтіңіз:
 - Акселератор педалін босатыңыз және оны жайлап қайта басыңыз.
 - Жүйенің өшіріңіз (FCM жүйесінің ажыратқышын және ультрадыбыстық датчикпен (UMS)* соқтығысуды болдырмау жүйесін 3 секундтан астам басып тұрыңыз).

⚠ ЕСКЕРТУ

- Акселератор педалін кемінде 5 секунд ішінде бірнеше рет басыңыз.
- Акселератор педалін тірелгенше 3 реттен астам басыңыз.
- Жүйенің жұмыс қабілетін өз бетінше тексеруге тыйым салынады. Жағдайға байланысты жүйе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін, бұл өз кезегінде жазатайым оқиғаға әкелуі мүмкін.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- UMS жүйесі келесі жағдайларда жұмыс істемейді:
 - Оталдыру құлпындағы кілт ON күйінен өзгеше күйде болғанда немесе ON күйінен өзгеше жұмыс режимі қосылу болғанда.
 - Ультрадыбыстық датчигі бар ілеспе соқтығысуды болдырмау жүйесі (UMS) маңдайлық соқтығысуды жеңілдету жүйесі (FCM) және ультрадыбыстық датчикпен (UMS)* ілеспе соқтығысуды болдырмау жүйесін басу арқылы ажыратылған.
 - Селектор иінтірегі P (тұрақ) немесе R (артқы жүріс) күйінде тұрады.
 - Егер ASC жүйесі ASC OFF ажыратқышын басу арқылы өшірілсе (бет 6-53).

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Кейбір жағдайларда мотоцикл, велосипед немесе жаяу жүргінші кедергілер ретінде анықталады, бірақ олар ультрадыбыстық датчикпен (UMS) соқтығысудың алдын алу жүйесінің қозғаушы факторлары болып табылмайды.
- UMS жүйесі келесі жағдайларда жұмыс істемейді:
 - Датчиктер және оған іргелес аймақтар қолмен сүртілгенде.
 - Датчиктерде және оларға іргелес аймақтарда әлдебір жапсырмалар немесе аксессуарлар орналасқан.
 - Температураның күрт өзгеретін жерлерде (туннельдерде, гараждарда және т.б.) қозғалу кезінде.
 - Күрделі ауа-райы жағдайларында (жаңбыр, қар, құмды дауыл және т.б.).
 - Кедергілер тым жақын жерден табылғанда.
 - Басқа автомобиль өз көлігіңіздің алдында немесе артында өте жақын орналасқанда.
 - Қайта жолға түскен соң, Сіздің көлігіңіз бірден кедергінің артында қалып қойса.
 - Датчикті анықтау аймағында кедергінің бір бөлігі ғана орналасқан.
 - Датчик жаңбыр тамшысымен, қармен, су немесе балшықпен жабылған.
 - Тым жоғары немесе төмен датчик температурасы (автомобиль тікелей күн сәулесі астында немесе суық ауа райында өте ұзақ тұрғаннан кейін).
 - Қозғалтқыш іске қосылған соң бірден.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Бұрылыстарға кіру мен шығу жолдарын қоса алғанда, бір-бірінің соңынан ілескен көптеген бұрылыстары бар жолмен қозғалғанда.
- Тік қиябет және кезектесетін көтерілу және түсу жолдары бойымен қозғалғанда.
- Кедір-бұдыр тегіс емес жолмен қозғалғанда.
- Жүйе соқтығысуды болдырмау мақсатында, жүргізушінің рөл дөңгелегін айналдыратынын немесе берілістерді ауыстыратынын анықтайды.
- Жүйені өшіру үшін, жүйе бірнеше секундтық аралықта акселератор педалін бірнеше рет басуды анықтаған соң, қысқа уақыт ішінде.
- Автомобиль корпусы шамадан тыс еңіс немесе шиналардағы ауа қысымының дұрыс болмауына байланысты.
- Авария немесе жолдағы кептеліс салдарынан біркелкі емес қозғалыста.
- Жүйе сыртқы көздерден ультрадыбыстық сигналдарды қабылдайды (басқа автомобильдердің дыбыстық сигналдары, мотоцикл қозғалтқыштарының дыбысы, тежеу дыбыстары, радиоқабылдағыштар, нөсер жаңбыр, шашыраған су, сырғуға қарсы шыныжырлардың дыбысы және т.б.).
- Кедергі жолдың бетіне тігінен орналастырылмаған, кедергі автомобильдің қозғалыс бағытына қатысты дұрыс емес бұрышта орналасқан немесе қабырғалары тегіс емес немесе толқынды бетке ие.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер ол жүргізушінің әрекеті соқтығысуды болдырмауға бағытталғанын немесе кедергі енді датчикті анықтау аймағында болмайтынын анықтаса, ультрадыбыстық датчикпен ілеспе соқтығысуды болдырмау жүйесі (UMS) өшеді.
- UMS жүйесі келесі жағдайларда жұмыс істей алады:
 - Алда немесе қарсы келе жатқан автомобиль су тамшыларын, қар немесе құмды ауаға көтереді.
 - Жол бетінде заттар, сатылар немесе дөңестер бар.
 - Тұрақтағы немесе темір жол өткеліндегі шлаббаум толық көтерілмеген.
 - Кенеттен бедері өзгертін жерде қозғалу.
 - Тығыз бу, тұман немесе түтін арқылы жүргенде.
 - Алда келе жатқан автомобильге жақын қозғалғанда немесе тоқтаған кезде бірден алда келе жатқан автомобильге немесе арғында келе жатқан автомобильге немесе қабырғаға қарай тоқтағанда.
 - Бұрылыста немесе қиылыста кедергілер болғанда.
 - Егер сіздің автомобиліңіз параллель тұрақтан шығып, ағынға қосылғанда.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Автомобиль жанында басқа автомобильдің клаксонынан, мотоцикл қозғалтқышынан, жүк көлігінің тежегіш жүйесінің қабылдағышынан, тұраққа қою датчиктерінен немесе басқа автомобильдердің радар датчиктерінен және т.б. ультрадыбыстық толқындардың болуы
- Егер датчиктің жанында қосымша электр жабдықтары (мысалы, радио антенна) орнатылса.
- Қиыршықтас жолмен қозғалғанда.
- Бұталар, арамшөптер және т.б. арқылы қозғалғанда.
- Келесі жағдайлардың бірінде қозғалар алдында, жүйенің күтпеген іске қосылуын болдырмау үшін, маңдайлық соқтығысу салдарларын жұмсарту жүйесі (FCM) және ультрадыбыстық датчикпен соқтығысуды болдырмау жүйесін (UMS)* қосыңыз:
 - Жолдағы арықтан немесе балшықтан шығуға тырысқанда.
 - Автоматты жуғышта.
 - Механикалық тұрақта автомобиль көтергішін немесе лифтіні пайдалану кезінде.
 - Автомобильдің дөңгелектері ілінгенде және қозғалтқыштан айналдырылғанда.
 - Өз автомобиліңізді сүйреу кезінде немесе басқа автомобилді сүйреу кезінде
 - Автомобиль жүк көлігінің платформасында тасымалданғанда.
 - Сакиналы трассада қозғалғанда.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Автомобиль динамометриялық немесе роликтік стендте табылғанда.
- Шиналардағы ауа қысымы сәйкес келмегенде.
- Қармен жүруді арттыру үшін орнатылған құрылғылармен (сырғуға қарсы шынжырлар) қозғалу.
- Жүйенің бөлшектерін дұрыс пайдаланбау датчик сипаттамаларының төмендеуі сияқты проблемаларға және нәтижесінде жазатайым оқиғаға әкелуі мүмкін. Жүйенің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, келесі шараларды қолданыңыз.
 - Датчик аймағында соққы жүктемелерінен аулақ болыңыз.
 - Датчик әрқашан таза ұсталуы тиіс.
 - Датчикке жапсырмалар, стикерлер және т.б. жапсырмаңыз.
 - Автомобиль аспасына өзгерістер енгізбеңіз.
- Егер бампер соққыға ұшыраса, датчиктер істен шығуы мүмкін және жүйе дұрыс жұмыс істемейді. Жүйені тексеру үшін, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.

Кедергілерді анықтау аймақтары


E00643500047

Датчиктерді анықтау аймақтары шектеулі болып келеді. Датчиктер бампер астындағы немесе оған жақын орналасқан төмен немесе жіңішке кедергілерді анықтамайды. Сондықтан қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, автомобильдің айналасындағы кеңістікті тексеріңіз.

Датчиктердің орналасуы

E00643600341

Датчиктер (А) алдыңғы және артқы бамперлердің көрсетілген төрт жерінде орналасқан.



⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Ультрадыбыстық датчикпен соқтығысудың алдын алу жүйесі жұмыс істемеуі мүмкін, себебі датчик келесі жағдайларда автомобиль алдындағы кедергіні анықтамайды.
 - Автомобиль тіркемені және т.б. сүйрейді.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Алда контейнерлерді тасымалдауға арналған бос жартылай тіркемесі бар трактор жүріп барады.
- Алда тұрған автомобильдің жүк бөлімінен жүк кері сырғиды.
- Кедергі өте кішігірім биіктікте орналасқанда.
- Алда келе жатқан автомобильде өте үлкен жол саңылауы бар.
- Автомобиль қатты ластанған.
- Автомобиль немесе кедергі қар жамылған.
- Автомобиль ерекше пішінге ие (эвакуатор).
- Баған түріндегі кедергілер (жол белгісі, бағдаршам).
- Кедергілер жерден биікте орналасқан.
- Жұмсақ кедергілер ультрадыбыстық толқындарды жұтады (кеук материалдан жасалған кедергілер, қар).
- Кедергілер үшкір дөңес бұрышқа ие.
- Ірі ұяшықты торлы қоршау.
- Қозғалатын объект.
- Автомобилінің жанында басқа автомобильдің клаксонынан, мотоцикл қозғалтқышынан, жүк көлігінің тежегіш жүйесінің қабылдағышынан, тұраққа қою датчиктерінен немесе басқа автомобильдердің радар датчиктерінен және т.б. қатты шу немесе ультрадыбыстық толқындардың болуы.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер датчиктің жанында қосымша электр жабдықтары (мысалы, радиантенна) орнатылса.
- Сіздің автомобиліңіз бен танылған басқа кедергі арасында танылмайтын кедергінің болуы.

ЕСКЕРТПЕ

- Датчиктер бампер астындағы немесе оған тікелей жақын орналасқан кедергілерді анықтамайды. Егер кедергінің биіктігі датчиктердің биіктігінен аз болса, онда датчиктер алдымен кедергіні анықтап, содан кейін оны “жоғалтуы” мүмкін.

UMS жүйесін қосу/өшіру

E00643800109

Оталдыру кілтін ON күйіне бұрған кезде немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде, ультрадбыстық датчикпен ілеспе соқтығысуларды болдырмау жүйесі автоматты түрде қосылады. Сондай-ақ, ультрадбыстық датчикпен соқтығысудың алдын алу жүйесі ілеспе соқтығысуды жұмсарту жүйесін (FCM) қосу немесе өшіру арқылы бір мезгілде қосылады және өшіріледі.

Ескертуші хабарлама

E00643900025

Датчик уақытша жұмыс істемейді

E00647600075

Мысал: алдыңғы және/немесе артқы датчиктер уақытша жұмыс істемейді.



Бұл ескертуші хабарлама датчиктердің әлдебір себептермен уақытша жұмыс істемейтінін көрсетеді (сыртқы жағдайлар немесе датчик температурасының көтерілуі). Егер ескертуші хабарлама мерзім сайын пайда болса, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.

Датчиктің немесе жүйенің ақаулығы

E00644000094

Мысал: қос датчиктің ақаулығы




Бұл ескертуші хабарлама жүйеде ақаулық болғандықтан, UMS жүйесінің дұрыс жұмыс істемейтінін көрсетеді. Автомобильді тексеру үшін, мүмкіндігінше тезірек MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.

Өлі аймақтарда кедергілердің болуы туралы ескерту жүйесі (BSW) (қайта құру кезінде көмек жүйесімен)*

E00644300231

Өлі аймақтарда кедергілердің болуы туралы ескерту жүйесі (BSW) — бұл жүргізушіге көмек көрсету жүйесі, жүйе жүргізушіге сыртқы артқы көрініс айнасында көрші қатарда көрінбеуі мүмкін автомобильдің болуы туралы ескертеді. Егер көрші қатардағы автомобиль бірдей жылдамдықпен немесе жылдамырақ қозғалса, өлі аймақтарда кедергілердің болуы туралы ескерту жүйесінің сигнал шамы тиісті сыртқы артқы айнада жанады. Егер жүргізуші бұрылу көрсеткішін қосса, кедергі анықталған және артқы көріністің сыртқы айнасында сигнал шамы жанған жаққа қарай қайта орнатылса, онда өлі аймақтарда кедергілердің болуы туралы ескерту жүйесінің сигнал шамы жыпылықтай бастайды және жүргізушіні ескерту үшін үш реттік сигнал беріледі.

Сіздің автомобиліңіз бен көрші қатардағы автомобиль арасындағы салыстырмалы жылдамдыққа байланысты өлі аймақтарда кедергілердің болуы туралы ескерту жүйесі кедергіні автомобиліңізден шамамен 70 м қашықтықта анықтай алады (қайта ауыстыруға көмек жүйесі).



⚠ ЕСКЕРТУ

- BSW жүйесін пайдаланар алдында, осы жүйенің шектеулерін түсіну үшін, осы тарауды мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқауларды орындамау аварияға әкелуі мүмкін.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Қайта ауыстыру кезінде, BSW жүйесіне шамадан тыс сенім артуға болмайды. BSW — бұл жүргізушіге ықпал ету жүйесі ғана. Жүйе Сізді қауіпсіз және ұқыпты жүргізуді қамтамасыз ету міндетінен босатпайды. Әрқашан автомобильдің айналасындағы кеңістікті басқа көлік құралдарының бар-жоғына қатысты тексеріңіз. BSW жүйесінің сипаттамалары жүргізу стиліне, көлік ағынының тығыздығына және жол жағдайларына байланысты.

Анықтау аймақтары

E00644400564

BSW жүйесі артқы бамперде орнатылған екі датчикті (A) пайдаланады. Кедергілерді анықтау аймақтары суретте көрсетілген.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Кейбір жағдайларда BSW жүйесі кедергілерді анықтау аймағында автомобильді анықтамауы мүмкін немесе кідіріспен анықтауы мүмкін. Осындай жағдайлардың кебірі төменде атап көрсетілген:
 - Егер кішігірім мотоцикл немесе велосипед сіздің автомобиліңіздің артында болса.
 - Егер автомобиль сіздің көлігіңіздің жанында ұзақ уақыт бірдей жылдамдықпен жүрс.

ЕСКЕРТУ

- Егер Сіздің және көрші жолақтар әртүрлі биіктікте болса.
- BSW жүйесін белсендірген соң бірден.
- ON күйіндегі оталдыру құлпындағы кілтті бұрған соң немесе ON жұмыс режимін қосқаннан кейін бірден.
- Күрделі ауа-райы жағдайларында, мысалы, жаңбыр, қар, қатты жел, қалың қар немесе шаңды дауыл.
- Егер сіздің автомобиліңіз көрші автомобильге тым жақын тұрса.
- Егер бірден бірнеше автомобиль сіздің автомобиліңізді басып озса.
- Шұңқыр немесе трамвай жолдарының жанындағы қозғалыс.
- Егер айналадағы немесе қарсы келе жатқан автомобильдер су, қар немесе балшық шашыратса.
- Доғаның басы мен аяғындағы аумақты қосқанда, доғада қозғалу кезінде.
- Тік қиябет және кезектесетін көтерілу және түсу жолдары бойымен қозғалғанда.
- Ойлы-қырлы және тегіс емес жолмен қозғалу.
- Автомобильдің артқы жағы немесе Сіздің автомобиліңіз жолаушылар мен багаждың массасына немесе шинаның дұрыс емес қысымына байланысты оңға немесе солға қисаяды.

ЕСКЕРТУ

- Датчик аймағындағы бампердің беті қар, балшық, мұз және т.б. жамылған.
- Автомобильдің артқы жағында велосипедке немесе басқа аксессуарға арналған қондырғы орнатылған.
- Тым жоғары немесе төмен датчик температурасы (автомобиль тікелей күн сәулесі астында немесе суық ауа райында өте ұзақ тұрғаннан кейін).







АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- BSW жүйесінің дұрыс жұмыс істеуі үшін, төменде аталған нұсқаулықтарды сақтаңыз:
 - Әрқашан датчиктің айналасындағы бампердің бетін тазалап отырыңыз.
 - Датчикке және оның айналасындағы аймаққа тиетін саққыдан аулақ болыңыз.
 - Бампердегі датчикті және оның айналасындағы аймақты жапсырмалармен және т.б. жаппаңыз.
 - Бампердегі датчикті және оның айналасындағы аймақты боямаңыз.
 - Бампердегі датчикті және оның айналасындағы аймақты түрлендірмеңіз.
- Егер бампер соққыға ұшыраса, датчик зақымдалуы мүмкін және BSW жүйесі дұрыс жұмыс істемейді. Жүйені тексеру үшін, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.

Жүйені қосу


E00652300302

Оталдыру құлпындағы кілт ON күйінде болғанда немесе ON режимі қосулы болғанда және “BSW” баптаулар терезесінде ON мәні таңдалса, аспаптар қалқанындағы BSW жүйесінің бақылау шамы қосылып, BSW жүйесі күту режиміне өтеді. Егер “BSW” баптаулар терезесінде OFF мәні таңдалса, аспаптар қалқанындағы BSW жүйесінің бақылау шамы ажыратылады, BSW жүйесі өшеді. BSW жүйесін қосу/өшіру үшін, келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Функцияларды баптау терезесіне өтіңіз. “Көпфункционалдық дисплейді ауыстыру түймесі” тарауын қараңыз, бет 5-5. “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.
2. BSW терезесіне өту үшін,  немесе  түймесін бірнеше рет басыңыз. Содан кейін мәзір терезесіне өту үшін,  түймесін басыңыз.
3. ON немесе OFF таңдау үшін,  немесе  түймесін басыңыз, содан кейін таңдауды растау үшін,  түймесін басыңыз.

Бақылау шамы






BSW жүйесін қосу және өшіру кезінде, артынан соғу қаупі туралы ескерту жүйесі (RCTA) бір мезгілде қосылады және өшіріледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Оталдыру кілтін LOCK күйіне бұрғанда немесе OFF жұмыс режимін қосқанда, ажыратылғанға дейін таңдалған BSW жүйесінің (ON немесе OFF) күйі сақталады.
- BSW жүйесі төмендегі барлық шарттар орындалған кезде іске қосылады:
 - Оталдыру құлпындағы кілт ON күйіне бұралады немесе ON жұмыс режиміне қосылады.
 - Селектор иінтірегі P (тұрақ) және R (артқы жүріс) басқа кез келген орналасымда тұрады.
 - Автомобильдің қозғалыс жылдамдығы 10 км/сағ. немесе одан жоғарыны құрайды.

Датчик жақындап келе жатқан автомобильді анықтады

Аспаптар қалқанында өлі аймақтарда кедергілердің болуы туралы ескерту жүйесінің бақылау шамы қосылғанда, басқа автомобиль сіздің автомобиліңізге жақындап, датчиктерді анықтау аймағында болса, жүйенің шамы сыртқы артқы көрініс айнасының корпусына қосылады. Егер жүргізуші бұрылу көрсеткішін қосса, кедергі анықталған және артқы көріністің сыртқы айнасында сигнал шамы жанған жаққа қарай қайта орнатылса, онда өлі аймақтарда кедергілердің болуы туралы ескерту жүйесінің сигнал шамы жыпылықтай бастайды және жүргізушіні ескерту үшін үш реттік сигнал беріледі.



ЕСКЕРТПЕ

- Артқы көріністің сыртқы айнасының корпусында орналасқан өлі аймақтардағы кедергілердің болуы туралы ескерту жүйесінің шамы келесі жағдайларда қосылуы немесе жыпылықтауы мүмкін.
 - Қозғалыс қоршауға немесе бетон қабырғаға өте жақын.
 - Туннельге кіру және одан шығу немесе қабырғаға немесе туннельдегі эвакуация аймағына жақын жүру.
 - Қала қиылысындағы бұрылыс.
 - Күрделі ауа-райы жағдайларында (жанбыр, қар, құмды дауыл және т.б.).
 - Қозғалыс кезінде сіздің автомобиліңіз суды, қарды немесе құмды және т.б. жолдан көтереді.
 - Жиікөтас, шұңқыр немесе трамвай жолдарының жанындағы қозғалыс.
- Сүйреу кезінде, өлі аймақтарда кедергілерді бар екені туралы ескерту жүйесін өшіріңіз.
- Сыртқы артқы көрініс айнасының корпусында орналасқан өлі аймақтарда кедергілердің болуы туралы ескерту жүйесінің шамы күн сәулесінің немесе түнде артында келе жатқан автомобильдердің фараларының әсерінен көрінбеуі мүмкін.

Жүйеде ақаулықтардың болуы туралы ескерту

E00692500029

Егер ақаулық болса, жүйеде ақаулық түріне тән визуалды ескерту көрсетіледі, сонымен қатар зуммер сигналы беріледі. BSW жүйесінің ескертуші хабарламалары артынан соғу туралы қауіпті ескерту жүйесінің (RCTA) хабарламаларымен біріктірілген.

6

Жүйенің немесе датчиктің ақаулығы

E00692600118



Бұл ескертуші хабарлама жүйеде ақаулық болғандықтан, BSW жүйесі дұрыс жұмыс істемейтінін көрсетеді. Автомобильді тексеру үшін, мүмкіндігінше тезірек MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер ескертуші хабарлама көрінсе, BSW жүйесі өшіріледі.

Датчик уақытша жұмыс істемейді

E00692700034



Бұл ескертуші хабарлама датчиктердің әлдебір себептермен уақытша жұмыс істемейтінін көрсетеді (сыртқы жағдайлар немесе датчик температурасының көтерілуі). Егер біршама уақыттан кейін ескертуші хабарлама жоғалмаса, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.

Датчикте бөгде заттар орналасқан

E00692800077




Егер ескертуші хабарлама көрсетілсе, датчиктің айналасындағы бампердің бетіне кір, қар немесе мұз сияқты бөгде заттардың жабысып қалуына байланысты датчик параллель немесе қарсы қозғалатын автомобильді анықтай алмайды.

Датчик аймағындағы бампер бетінен балшық, мұз және басқа бөгде заттарды алып тастаңыз. Егер датчикті тазалаған соң ескертуші хабарлама жоғалмаса, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз. Артынан соғу

Артынан соғу қауіп туралы ескерту жүйесі (RCTA)*

E00652400260

Артынан соғу қауіп туралы ескерту жүйесі (RCTA) — бұл артқы жүріспен қозғалғанда жүргізушіге ықпал ету жүйесі. Егер RCTA жүйесі артқы жағынан келе жатқанда, автомобильіңізге екі жағынан жақындаған автомобильдерді анықтаса, артқы көріністің сыртқы айналарында орналасқан өлі аймақтардағы кедергілер туралы ескерту жүйесінің шамдары жыпылықтай бастайды және жүргізушіге ескерту үшін зуммер сигналы беріледі. Көпфункционалдық дисплейде ескертуші хабарламасы бар терезе пайда болады.



⚠ ЕСКЕРТУ

- RCTA жүйесін пайдаланар алдында, осы жүйенің шектеулерін түсіну үшін, осы тарауды мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқауларды орындамау аварияға әкелуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ


- Атқы жүріспен қозғалғанда, RCTA жүйесіне шамадан тыс сенім артпаңыз. RCTA — бұл жүргізушіге ықпал ету жүйесі. Жүйе Сізді қауіпсіз және ұқыпты жүргізуді қамтамасыз ету міндетінен босатпайды. Әрқашан автомобильдің айналасындағы кеңістікті басқа көлік құралдарының, адамдардың жануарлар мен кедергілердің бар-жоғына қатысты тексеріңіз. RCTA жүйесінің сипаттамалары жүргізу стиліне, көлік ағынының тығыздығына және жол жағдайларына байланысты.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Тіпті бір автомобиль сіздің автомобиліңізге бір жағынан жақындаса да, артқы көріністің сыртқы айналарында орналасқан өлі аймақтардағы кедергілердің болуы туралы ескерту жүйесінің шамдары жыпылықтайды

Анықтау аймақтары

Анықтау аймағы суретте көрсетілген.




6

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Кейбір жағдайларда RCTA жүйесі кедергілерді анықтау аймағында автомобильді анықтамауы мүмкін. Осындай жағдайлардың кейбірі төменде атап көрсетілген:
 - Сіздің автомобиліңіздің артқы жүріс жылдамдығы 18 км/сағ. немесе одан жоғарыны құрайды.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Жақындап келе жатқан автомобильдің қозғалыс жылдамдығы шамамен 7 км/сағ. немесе одан төменді құрайды.
- Егер датчиктің анықтау аймағы қабырға немесе тұраққа қойылған автомобиль сияқты жақын орналасқан объектімен жабылған болса.
- Егер жақындап келе жатқан автомобиль сіздің автомобиліңіздің артында болса.
- Егер сіздің автомобиліңіз тұрақ қалтасынан шықса.



- RCTA жүйесін белсендірген соң бірден.
- ON күйіндегі оталдыру құлпындағы кілтті бұрған соң немесе ON жұмыс режимін қосқаннан кейін бірден.
- Датчик аймағындағы бампердің беті қар, балшық, мұз және т.б. жамылған.
- Егер жүйенің датчигі шамадан тыс қызуға немесе салқындауға ұшыраса, мысалы, автомобиль ұзақ уақыт тікелей күн сәулесінде немесе суықта тұрса.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер бампер сокқыға ұшыраса, датчик зақымдалуы мүмкін және RCTA жүйесі дұрыс жұмыс істемейді. Жүйені тексеру үшін, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.

Жүйені қосу

2. Көпфункционалдық дисплейдің BSW жүйесін баптау терезесінен ON мәнін танданыз.
“Жүйені қосу” тарауын қараңыз, бет 6-66.
2. Берілістерді ауыстыру иінтірегін немесе селектор иінтірегін R (артқы жүріс) күйіне жылжытқанда, RCTA жүйесі белсендіріледі.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Сүйреу кезінде артынан соғу қаупі туралы ескерту жүйесін өшіріңіз.
- Сыртқы артқы көрініс айнасының корпусында орналасқан өлі аймақтарда кедергілердің болуы туралы ескерту жүйесінің шамы күн сәулесінің немесе түнде артында келе жатқан автомобильдердің фараларының әсерінен көрінбеуі мүмкін.

Жүйеде ақау табылғанда


Егер жүйеде ақаулық табылғанда, көпфункционалдық дисплейде ескертуші хабарлама пайда болады.
“Жүйеде ақаулықтардың болуы туралы ескерту” тарауын қараңыз, бет 6-68.

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)

E00637100501

Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі (TPMS) ауа қысымының дөңгелектік датчиктерінің (А) көмегімен автомобиль шиналарындағы ауа қысымын бақылайды. Жүйе желі жеткілікті шамада қатты шыққан дөңгелекті көрсетеді. Жүргізуші нөлдендіру функциясы арқылы шиналардағы ауа қысымының қажетті базалық мәнін орната алады (шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ескерту хабарламасы үшін шекті мән нөлдендіру функциясы арқылы белгіленеді).

Шиналардағы ауа қысымының дөңгелек датчиктерінің сәйкестендіру деректері TPMS жүйесінде MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталықтарында тіркелуі мүмкін. Датчиктердің дұрыс жиынтығын сәйкестендіру деректерін көпфункционалдык дисплейді ауыстыру түймесімен бір-бірінен екіншісіне ауыстыруға болады (бұл қысқы және жазғы дөңгелектер жиынтығын маусымдық ауыстыру кезінде пайдалы болуы мүмкін).



⚠ ЕСКЕРТУ



- Жылдамдықты шектеу белгісі бар қосалқы дөңгелек шинадағы ауа қысымының датчигіне ие. Егер жылдамдықты шектеу белгісі бар қосалқы дөңгелек пайдаланылса, шиналардағы қысымды бақылау жүйесі дұрыс жұмыс істемейтін болады. Түпнұсқа шинаны жөндеу немесе ауыстыру қажет болған жағдайда, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгініңіз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS) жүргізушіні шиналардағы ауа қысымын тұрақты тексеру міндетінен босатпайды. Шиналардағы ауа қысымын “Шиналар” тарауында, бет 10-11, келтірілген мәндерге сәйкес, тұрақты тексеру қажет.
- Дөңгелектегі ауа қысымының датчигі (В) суретте көрсетілген жерге орнатылған.
- Металл ауа вентилі (С) бар 1 типті датчикті автомобильдерде шинаны ауыстыру кезінде шайбалы тығыздағышты (D) жаңасымен ауыстырыңыз.
- Резеңкелік ауа вентилі (Е) бар 2 типті датчикті автомобильдерде шинаны ауыстыру кезінде, резеңкелік ауа вентилін (Е) жаңасымен ауыстырыңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

Барынша толық ақпаратты MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан алуға болады.



- Оңай балқитын қосалқы дөңгелек сондай-ақ ауа қысымы датчигімен жабдықталған, сондықтан оны дөңгелектерді ауыстырып орнатуда пайдалануға болады.

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) бақылау шамы / ескертуші хабарлама

E00637200296



Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің басқару шамы оталдыру кілтін ON күйіне бұрған кезде немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде қосылады және бірнеше секундтан кейін өшеді.

Егер бір немесе бірнеше шиналардағы ауа қысымы берілгеннен әлдеқайда төмен болса, оталдыру құлпындағы кілт ON күйінде болғанда немесе ON жұмыс режимі қосулы болғанда, бақылау шамы қосулы күйінде қалады. Қажетті шаралар қабылдау үшін, “Егер қозғалыс кезінде бақылау шамы қосылса / ескертуші хабарлама пайда болса” тарауын, бет 6-73, қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі, егер мұндай қосалқы дөңгелек шинадағы ауа қысымының датчигімен жабыдықталған болса да, жүк бөліміндегі қосалқы дөңгелектің қысымын бақыламайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Көпфункционалдық дисплейде ескертуші хабарламасы бар терезе пайда болады.



АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер оталдыру кілтін ON күйіне бұрғанда немесе ON жұмыс режимін қосқанда, бақылау шамы қосылмаса, бұл шиналардағы қысымды басқару жүйесінің (TPMS) дұрыс жұмыс істемейтінін білдіреді. Жүйені тексеру үшін, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу ұсынылады. Мұндай жағдайларда ақаулыққа байланысты жүйе шиналардағы ауа қысымын бақыламауы мүмкін. Кенеттен тежелуден, күрт бұрылыстардан және жоғары жылдамдықпен қозғалудан аулақ болыңыз.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер шиналардағы қысымды басқару жүйесінде (TPMS) ақаулық анықталса, бақылау шамы шамамен 1 минут ішінде жыпылықтай бастайды, содан кейін тұрақты жарықпен қосылады. Бақылау шамы ақаулық сақталғанда қозғалтқышты іске қосқан сайын осылай жұмыс істей беретін болады. Бақылау шамы қозғалыс басталғаннан кейін бірнеше минут өткен соң сөніп тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер бақылау шамы өшіп қалса, ақаулық жоқ болғаны. Егер бақылау шамы сөнбесе немесе қозғалтқыш іске қосылған сайын қайта жыпылықтаса, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну керек. Мұндай жағдайларда ақаулыққа байланысты жүйе шиналардағы ауа қысымын бақыламауы мүмкін. Қауіпсіздік тұрғысынан, егер автомобильдің қозғалысы кезінде бақылау шамы қосылса, жоғары жылдамдықпен қозғалудан, кенеттен қарқын алу мен тежелуден, сондай-ақ шұғыл бұрылыстардан аулақ болыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Көпфункционалдық дисплейде ескертуші хабарламасы бар терезе пайда болады.



Дөңгелек суық кезінде, қосалқы дөңгелекті қоса алғанда, әр дөңгелектегі ауа қысымын ай сайын тексеріп отыру керек, ауа қысымын өндіруші ұсынған және автомобильге бекітілген арнайы жапсырмада көрсетілген нормаға жеткізу керек. (Егер Сіздің автомобиліңіз қысым мәні жапсырмада көрсетілген шиналарға қарағанда әртүрлі мөлшердегі шиналармен жабдықталса, онда бұл шиналарға арналған қысымның дұрыс мәнін анықтау керек.)

Қосымша қауіпсіздік функциясы ретінде сіздің автомобиліңіз бір немесе бірнеше шинаның желі шыққан кезде, шиналардағы төмен қысымды бақылау шамын қамтитын шина қысымын бақылау жүйесімен жабдықталған.

Шиналардағы төмен қысымды бақылау шамы жанған кезде, көлікті мүмкіндігінше тезірек тоқтатып, шиналардағы ауа қысымын тексеру, қажет болған жағдайда оны қалыпты жағдайға келтіру керек. Шинадағы ауа қысымының едәуір жоғалуы кезіндегі қозғалыс шинаның қызып кетуіне және бұзылуына әкелуі мүмкін.

Шиналардағы ауа қысымының жеткіліксіздігіне байланысты отын шығыны мен протектордың тозуы артады, сондай-ақ бақылау нашарлап, тежеу жолы ұлғаюы мүмкін.

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS), тіпті, егер жеткіліксіз қысым шиналардағы

төмен қысымды бақылау шамы қосылған деңгейге жетпесе дежүргізушіні шиналардағы ауа қысымын тұрақты тексеру міндетінен босатпайтынын түсіну керек. Сіздің автомобиліңіз TPMS дұрыс жұмыс істемейтіні туралы ескертетін басқару шамымен жабдықталған.

Ақаулықты бақылау шамы TPMS бақылау шамымен біріктірілген.

Егер жүйеде ақаулық анықталса, бақылау шамы шамамен 1 минут ішінде жыпылықтай бастайды, содан кейін ол тұрақты жарықпен қосылады. Шамды қосудың бұл реттілігі ақаулық болған кезде қозғалтқыш қосылған сайын жалғасады.

Бақылау шамы қосылған кезде, жүйе шиналардағы ауа қысымын бақылау және тым төмен қысым туралы сигнал бермеуі мүмкін. Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) ақаулығы, TPMS жұмысын бұзатын басқа шиналарды немесе дөңгелектерді ауыстыру немесе орнатуды қоса алғанда, көптеген себептерге байланысты туындауы мүмкін. Бір немесе бірнеше шинаны немесе бір немесе бірнеше дөңгелекті ауыстырған соң, TPMS-тің қалыпты жұмысының бұзылмағанына көз жеткізу үшін, әрқашан шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) ақауларын тексеріңіз.

Егер қозғалыс кезінде бақылау шамы қосылса / ескертуші хабарлама пайда болса

E00637300213

1. Егер бақылау шамы жанса, күрт бұрылудан, тежелуден және жоғары жылдамдықпен қозғалудан аулақ болыңыз. Мүмкіндігінше тезірек шиналардағы ауа қысымын нормаға жеткізу керек. Сондай-ақ, қосалқы дөңгелектегі ауа қысымын қалыпқа келтіріңіз. “Шиналар” тарауын қараңыз, бет 10-11.

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл ретте көпфункционалдық дисплейде ескертуші хабарламасы бар терезе пайда болады.
- Шинадағы ауа қысымын тексеру немесе нормаға дейін жеткізу кезінде, бұзылуды болдырмау үшін, шина вентильіне артық қысым беруге тыйым салынады.
- Шинадағы ауа қысымын тексерген соң немесе қалыпқа келтіргеннен кейін, әрқашан шинаның клапанына қорғаныс қалпақшасын орнатыңыз. Қорғаныс қалпақшасы болмаған кезде, балшық немесе ылғал клапанға түседі, бұл шинадағы ауа қысымының датчигіне зақым келтіреді.
- Металл қалпақшаларды пайдалануға тыйым салынады, өйткені олар коррозияға ұшырауы мүмкін, бұл шинадағы ауа қысымы датчигінің істен шығуына әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Шиналардағы ауа қысымын қалыпқа келтірген соң, шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесінің бақылау шамы қозғалыс басталған соң бірнеше минуттан кейін сонеді.
2. Егер шиналардағы ауа қысымын қалпына келтірген соң, шамамен 10 минуттық сапардан кейін бақылау шамы сөнбесе, бұл бір немесе бірнеше дөңгелектің тесілгенін білдіруі мүмкін. Дөңгелектерді тексеріңіз, егер тесілген болса, мүмкіндігінше тезірек MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну керек.

ЕСКЕРТУ

- Егер қозғалыс кезінде басқару шамы қосылса / ескертуші хабарлама пайда болса, күрт бұрылудан, тежелуден және жоғары жылдамдықпен қозғалудан аулақ болыңыз. Шинада қысым жеткіліксіз болғанда, қозғалыс автомобильдің жұмысына теріс әсер етуі мүмкін және жазатайым оқиғаға әкелуі мүмкін.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Дөңгелек сынған немесе ауа өте тез шығып кеткен жағдайда, шиналардағы қысымды бақылау жүйесін бақылау шамы / ескертуші хабарлама тез қосылмауы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Шинадағы ауа қысымының датчиктеріне зақым келтірмеу үшін, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында шиналардың кез келген тесіктерін жөндеу керек. Егер шиналарды жөндеу MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында жүргізілмесе, шиналардағы ауа қысымы датчиктерінің ақаулығы өндірушінің кепілдігімен жабылмайды.
- Шиналардың кез келген тесілуін жөндеу үшін аэрозоль қаптамасындағы герметикті пайдалануға тыйым салынады. Аэрозоль қаптамадағы герметик шинадағы ауа қысымының датчиктерін зақымдауы мүмкін. Шиналардың кез келген тесілуін MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында жөндеу ұсынылады.

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS) келесі жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін:

- Бірдей жиілікте жұмыс істейтін сымсыз құрылғы автомобильдің жанында орналасқан.
- Дөңгелек қуыстары мен дискілерінде қар жиналып қалған немесе мұз қатқан.
- Шинадағы ауа қысымы датчигінің қорек элементі толық зарядсызданған.
- MITSUBISHI MOTORS түпнұсқа дискілерінің орнына басқа дөңгелек дискілер пайдаланылса.
- Шинада ауа қысымының датчиктері жоқ дөңгелектер пайдаланылады.

- Сәйкестендіру деректері TPMS-те тіркелмеген ауа қысымының датчиктері бар дөңгелектер пайдаланылады.
- Датчик сигналдарын өткізбейтін әйнектің күнгірттеуші үлдірі орнатылған.

ЕСКЕРТПЕ

- Шиналардағы ауа қысымы қоршаған ауаның температурасына байланысты. Егер автомобиль температураның қатты өзгеруіне ұшыраса, онда шиналардағы ауа қысымы төмен ауа температурасында жеткіліксіз болуы мүмкін (бақылау шамының қосылуына / ескертуші хабарламаның пайда болуына себеп болады). Егер бақылау шамы қосылса / ескертуші хабарлама пайда болса, шиналардағы ауа қысымын қалыпқа келтіріңіз.

Шиналар мен дөңгелек дискілерін жаңасына ауыстырғанда

E00637400126

Егер автомобильде жаңа дөңгелек датчиктеріне не жаңа дөңгелектер орнатылса, жаңа дөңгелек датчиктерінің сәйкестендіру кодтары шиналардағы қысымды бақылау жүйесінде тіркелуі керек. Шинадағы ауа қысымының датчиктеріне зақым келтірмеу үшін, шиналар мен дөңгелектерді MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында ауыстыру керек. Егер дөңгелектерді ауыстыру MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында жүргізілмесе, онда бұл жағдайда кепілдік қолданылмайды.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Түпнұсқа емес дөнгелек дискілерін пайдалану ауа қысымы датчигінің дұрыс орнатылмауына әкеледі, бұл желдің шығып кетуіне немесе қысым датчиктерінің зақымдалуына әкеледі.


Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ескертуші хабарламасына арналған шекті мәнді нөлдендіру

E00637500143

Шекті мән шиналардағы ауа қысымының мәндері негізінде белгіленеді және келесі түрде нөлденеді:

1. Функцияларды баптау терезесіне өтіңіз. “Көпфункционалдық дисплейді ауыстыру түймесі” тарауын қараңыз, бет 5-5. “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.
2. TPMS SENSOR RESET (ШИНАЛАРДАҒЫ ҚЫСЫМДЫ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕСКЕРТУШІ ХАБАРЛАМАСЫНА АРНАЛҒАН ШЕКТІ МӨНДІ НӨЛДЕНДІРУ) терезесіне өту үшін, ✓ немесе ▲ түймесін бірнеше рет басыңыз. Содан кейін баптаулар терезесіне өту үшін, [↩] түймесін басыңыз (шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ескертуші хабарламасына арналған шекті мәнді нөлдендіру).

3. “RESET” (МӨНДЕРДІ ӨЗДІГІНЕН ОРНАТУ) таңдау үшін ▲ немесе ▲ түймесін кемінде 3 секунд басып, содан кейін таңдауды растау үшін [↩] түймесін басып, ұстап тұрыңыз. Баптау өзгереді.
4. Бақылау шамы кішігірім жиілікте жыпылықтай бастайды.
5. Қысқа сапар жасаңыз. Бақылау шамы сөнген соң, нөлдендіру аяқталады.



📖 ЕСКЕРТПЕ


- Шиналарды ауыстыру және ауа қысымын реттеу кезінде, әрқашан нөлдендіру функциясын пайдалану керек.
- Нөлдендіру функциясын суық шиналар жағдайында пайдалану керек. Егер жылы шиналарды қалпына келтіру функциясын пайдаланса (сапардан кейін), шиналардағы төмен ауа қысымы туралы ескерту әдеттегіден ертерек пайда болуы мүмкін.

Қысым датчиктерінің сәйкестендіру кодтарының жиынтығын ауыстыру

E00637600157

Егер шиналардағы қысымды бақылау жүйесінде қысым датчиктерінің сәйкестендіру кодтарының екі жиынтығы тіркелген болса, датчиктердің қажетті жиынтығын келесі түрде таңдауға болады:

1. Функцияларды баптау терезесіне өтіңіз. “Көпфункционалдық дисплейді ауыстыру түймесі” тарауын қараңыз, бет 5-5. “Баптауларды өзгерту” тарауын қараңыз, бет 5-13.
2. TPMS ID (TPMS ДАТЧИКТЕРІН СӘЙКЕСТЕНДІРУ) терезесіне өту үшін, ✓ немесе ▲ түймесін бірнеше рет басыңыз. Содан кейін таңдауды растау үшін, [↩] түймесін басыңыз.
3. ID 1 (СӘЙКЕСТЕНДІРУ 1) НЕМЕСЕ ID 2 (СӘЙКЕСТЕНДІРУ 2) таңдау үшін, ✓ немесе ▲ түймесін басыңыз, содан кейін таңдауды растау үшін [↩] түймесін кемінде 3 секунд басып, ұстап тұрыңыз.



4. Қысым датчиктерінің сәйкестендіру кодтары ауыстырылды және шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің SET индикаторы жиынтығының нөмірі өзгертілді.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер шинаның қысымын бақылау жүйесінде датчиктердің бір ғана жиынтығы тіркелген болса, қысым датчиктерінің сәйкестендіру кодтарының жиынтығы өзгермейді.
- Қысым датчиктерінің сәйкестендіру кодтарының жиынтығын ауыстырғанда, шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ескертуші хабарламасына арналған шекті мәнді нөлдендіру функциясы автоматты түрде қосылады. (Бақылау шамы кішігірім жиілікте жыпылықтай бастайды.) Егер осы сәтте шиналар қызған болса, онда нөлдендіру рәсімін кейінірек, суық шиналар жағдайында қайталау керек.

Тұраққа қою датчиктері (алдыңғы/артқы)*

E00647700223

Параллель немесе перпендикуляр тұрақ жағдайында, бұл датчиктер жүргізушіге автомобильдің жанында кедергілер бар екенін ескертеді және оларға дейінгі қашықтықты көрсетеді. Бұл үшін көпфункционалды дисплейдің ақпараттық терезесінде зуммер сигналы және бейне пайдаланылады. Егер автомобиль айнала шолу жүйесімен жабдықталған болса, ескертуші хабарлама DISPLAY AUDIO датчикпен басқарылатын аудиожүйесі немесе Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесі арқылы беріледі.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Тұраққа қою датчиктері автомобильдің кедергіге дейінгі жуық қашықтығын анықтауға көмектеседі. Тұраққа қою датчиктері жүйесі анықталған аймақтар мен объектілер бойынша кейбір конструктивті шектеулерге ие және кейбір объектілердің орнын дұрыс анықтамауы мүмкін. Сондықтан, тұраққа қою датчиктеріне шамадан тыс сенуге болмайды, артқы қозғалыс кезінде автомобильді осындай жүйе болмаған кезде абайлап жүргізу керек.
- Қауіпсіздік мақсатында айнала қоршаған аймақты тексеріңіз. Тұраққа қою датчиктерінің нұсқауларына ғана бағдарланбай, автомобильді басқарғанда.


Кедергілерді анықтау аймақтары

E00647800703

Бұрыштық және артқы датчиктер кедергілерді анықтай алатын аймақтар суретте көрсетілген. Датчиктер алдыңғы немесе артқы бампер астындағы немесе оған тікелей жақын орналасқан төмен немесе жіңішке кедергілерді анықтамайды. Сондықтан қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, автомобильдің айналасындағы кеңістікті тексеріңіз.

Бұрыштық және артқы датчиктердің орналасуы

Алдыңғы және артқы бамперге сегіз датчик (А) кіріктірілген.




Анықтау аймақтары

Автомобильде тарту-тіркеу құрылғысы орнатылғанына қарай, тұраққа қою датчиктерінің жүйесін екі режимнің біріне ауыстыруға болады: тарту-тіркеу құрылғысымен және осы құрылғысыз жұмыс істеу үшін. “Тарту-тіркеу құрылғысымен” режимінде жұмыс істеу кезінде тарту-тіркеу құрылғысы орналасқан аймақ алынып тасталады және датчиктер ондағы кедергілерді анықтамайды.


Тарту-тіркеу құрылғысы жоқ автомобильдерде

Анықтау аймақтары алдыңғы және бұрыштық датчиктерден шамамен 60 см (А) және артқы датчиктерден 125 см (В) құрайды.



Тарту-тіркеу құрылғысы бар автомобильдерде

Анықтау аймақтары алдыңғы және бұрыштық датчиктерден шамамен 60 см (А) және артқы датчиктерден 125 см (В) құрайды. Кедергілер (С) анықталмайтын аймақтар бамперден (D) шамамен 20 см құрайды.



ЕСКЕРТПЕ

- Датчиктер бампер астындағы немесе оған тікелей жақын орналасқан кедергілерді анықтамайды. Егер кедергінің биіктігі датчиктердің биіктігінен аз болса, онда датчиктер алдымен кедергіні анықтап, содан кейін оны “жоғалтуы” мүмкін.


Анықтау аймақтарының конфигурациясын қалай өзгертуге болатындығы туралы мәліметтер “Кедергілерді анықтау аймақтарының өзгеруі” тарауында келтірілген, бет 6-79.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Тұраққа қою датчиктері жүйесі келесі жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін:
 - Датчиктер және оған іргелес аймақтар қолмен сүртілгенде.
 - Датчиктерде және оларға іргелес аймақтарда әлдебір жапсырмалар немесе аксессуарлар орналасқан.
 - Датчиктер немесе оған іргелес аймақтар мұз, қар немесе балшықпен жабылған.
 - Температураның елеусіз өзгерістері жағдайында.
 - Датчиктерге мұз қату.
 - Жүйе сыртқы көздерден ультрадыбыстық сигналдарды қабылдайды (басқа автомобильдердің дыбыстық сигналдары, мотоцикл қозғалтқыштарының дыбысы, тежеу дыбыстары, радиоқабылдағыштар, нөсер жаңбыр, шашыраған су, сырғуға қарсы шыныжырлардың дыбысы және т.б.).
- Тым жоғары немесе төмен датчик температурасы (автомобиль тікелей күн сәулесі астында немесе суық ауа райында өте ұзақ тұрғаннан кейін).
- Автомобильдің елеусіз еңісі жағдайында.
- Автомобиль тегіс емес жолмен қозғалғанда (шұмқырлармен, соққылармен, қиыршық тастармен немесе шөптермен, төбелі жерлермен).
- Автомобиль кедергіге тым жақын тұр.
- Қозғалтқыш іске қосылған соң бірден.
- Тұраққа қою датчиктері жүйесі келесі кедергілерді анықтамауы мүмкін:
 - Жіңішке: сым торлар немесе арқандар.


⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Дыбыс жұтушы: күрткік қар және т.б.
- Үшкір шығыңқы бұрышқа ие.
- Тегіс бетке ие: әйнек.
- Төмен: тасжиек тасы және т.б.
- Егер баппер сокқыға ұшыраса, датчиктер істен шығуы мүмкін және жүйе дұрыс жұмыс істемейді. Жүйені тексеру үшін, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.



AFA133654

Көпфункционалдық дисплей



- 1 — бұрыштық датчик
- 2 — алдыңғы датчик
- 3 — артқы датчик

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Датчиктер бөгде көздерден сигналдар қабылдағанда, датчикке сәйкес келетін аймақ тұрақты жиілікте жыпылықтай бастайды. Датчиктер бөгде көздерден сигналдар қабылдауды тоқтатқанда, қалыпты жұмыс режиміне оралады.

Кедергі туралы ескерту

Егер көліктің жанында кедергі болса, көпфункционалдық дисплейде ескертуші хабарлама көрсетіледі және зуммер сигналы беріледі.


Егер автомобиль айнала шолу жүйесімен жабдықталған болса, ескертуші хабарлама DISPLAY AUDIO датчикпен басқарылатын аудиожүйесі немесе Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесі арқылы беріледі.

DISPLAY AUDIO сенсорлық басқарылатын аудиожүйесі және Mitsubishi Connect байланыс жүйесі


Жүйені қосу

E00648100383

Жүйені қосу үшін, оталдыру кілтін ON күйіне бұраңыз немесе ON жұмыс режимін қосыңыз. Тұраққа қою датчиктерінің жүйесі жұмыс істегенде бақылау шамы (A) қосылады. Жүйені өшіру үшін SONAR түймесін басыңыз, бұл ретте тұраққа қою датчиктері жүйесінің бақылау шамы (A) өшеді.



Жанынан қарағандағы көрінісі



АНА119207

- 1 — бұрыштық датчик
2 — алдыңғы датчик
3 — артқы датчик

Алдыңғы және бұрыштық датчиктер

Автомобильдің кедеріге дейінгі қашықтығы	Ескертуші хабарлама/ дыбыстық сигнал
Шамамен 60-40 см	Үзілмелі
Шамамен 40-30 см	Жиі үзілмелі
Шамамен 30 см шегінде	Үзілмелі

Артқы датчик (тарту-тіркеу құрылғысы жоқ автомобильдерде)

Автомобильдің кедеріге дейінгі қашықтығы	Ескертуші хабарлама/ дыбыстық сигнал
Шамамен 125-80 см	Үзілмелі
Шамамен 80-40 см	Жиі үзілмелі
Шамамен 40 см шегінде	Үзілмелі

Артқы датчик (тарту-тіркеу құрылғысы бар автомобильдерде)

Автомобильдің кедеріге дейінгі қашықтығы	Ескертуші хабарлама/ дыбыстық сигнал
Шамамен 125-100 см	Үзілмелі
Шамамен 100-60 см	Жиі үзілмелі
Шамамен 60 см шегінде	Үзілмелі

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Көрсетілген мәндер шамамен алынған және әртүрлі факторлардың әсерінен өзгеруі мүмкін: температура, ылғалдылық, кедергі формалары.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Датчиктер бір уақытта әртүрлі кедергілерді анықтаған жағдайда, көпфункционалдық дисплейдің ақпараттық терезесінде әр датчик анықтайтын кедергілердің шамамен орналасуы көрсетіледі. Бұл жағдайда қашықтық аз болатын кедергілер басқа анықталған кедергілерден бұрын ескерту және кедергіге жақындау туралы ескерту үшін зуммер сигналы дыбысталады.
- Егер автомобиль айнала шолу жүйесімен жабдықталған болса, жанынан қарағандағы көрініс және жоғарыдан қарағандағы көрініс терезелерінен ескертуді көрсетуден бас тартуға болады. Барынша толық ақпаратты MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан алуға болады.

6

Кедергілерді анықтау аймақтарының өзгеруі

E00648200313

Кедергілерді анықтау аймақтарын келесі ретте өзгертуге болады:

Тарту-тіркеу құрылғысы бар автомобильдерде

Тарту-тіркеу құрылғысы бар автомобильдерде SONAR түймесін пайдаланып жүйені өшіріңіз, содан кейін осы түймені қайта басыңыз, оны шамамен 3 секунд ұстап тұрыңыз және босатыңыз. Анықтау аймақтары өзгергенін растай отырып, зуммер екі сигнал береді.

Тарту-тіркеу құрылғысы жоқ автомобильдерде

Тарту-тіркеу құрылғысы жоқ автомобильдерде SONAR түймесін пайдаланып жүйені өшіріңіз, содан кейін осы түймені қайта басыңыз, оны шамамен 3 секунд ұстап тұрыңыз және босатыңыз.

Анықтау аймақтары өзгергенін растай отырып, зуммер бір сигнал береді.

6

ЕСКЕРТПЕ

- Селектор иіңтірегі R (артқы жүріс) күйінде орнатылғанда ғана, анықтау аймақтары режимін қосуға болады.
- Егер SONAR түймесін 10 секундтан астам басып тұрсаңыз, анықтау аймақтары өзгермейді.

Ескертуші хабарлама

E00648300372


Егер ультрандыбыстық тұраққа қою датчиктері жүйесінде ақаулық болса, тиісті датчикке арналған ескертуші хабарлама терезесі жыпылықтай бастайды, ал зуммер сигнал шамамен 5 секундқа дыбысталады.

Мысалы: артқы бұрыштық датчик ақаулы (сол жақта)



AFA133625

Зуммер сигналы өшіп, ескертуші хабарлама жоғалған соң, SONAR түймесіндегі бақылау шамы (A) ақаулық жойылғанға дейін жыпылықтайды. Жүйені тексеру үшін, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.



AFA133654

Артқы көрініс бейнекамерасы*

E00618403098

Артқы көрініс бейнекамерасы автомобиль артындағы учаскенің суретін сенсорлық басқарылатын DISPLAY AUDIO аудиожүйесінің немесе Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесінің дисплейіне жібереді.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Артқы көрініс бейнекамерасы жүргізушіге автомобильдің артындағы кедергілерді анықтауға мүмкіндік беретін көмекші жүйе болып табылады. Бейнекамераның шолу ұзақтығы шектеулі, сондықтан оған шамадан тыс сенуге болмайды. Артқы көрініс бейнекамерасымен жабдықталмаған автомобильді абайлап жүргізу керек.
- Автомобиль айналасындағы аймақты тексеріңіз. Артқы көрініс бейнекамерасына ғана сенім артуға болмайды.


Артқы көрініс бейнекамерасының шолу диапазоны

Артқы көрініс бейнекамерасының шолу диапазоны суретте көрсетілген аймақтармен шектелген. Бейнекамера автомобильдің екі жағын, артқы бампердің төменгі жағын және т.б. көрсетпейді.

Артқы жүріспен қозғалыс кезінде жағдайды көзбен шолып бақылаңыз.


Артқы көрініс бейнекамерасының орналасуы

Артқы көрініс бейнекамерасы (А) есік тұтқасының жанындағы багаж бөлімінің есігіне кіріктірілген.




AFA133003

Артқы көрініс бейнекамерасының шолу диапазоны



AFA133016



AFA133029

Артқы көрініс бейнекамерасын қалай пайдалануға болады

Егер оталдыру қосулы болса немесе ON жұмыс режимі қосулы болса, беріліс қосқышы немесе селектор интірегі беріліс күйіне (R күйі) орнатылса, автомобильдің артынан қарағандағы көрініс автоматты түрде DISPLAY AUDIO сенсорлық басқару аудиожүйесінің немесе Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесінің дисплейінде көрсетіледі. Егер берілістерді ауыстыру интірегін немесе селектор интірегін кез келген орналасымға ауыстырса, дисплей ақпарат көрсетудің кәдімгі режиміне оралады.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Артқы көрініс бейнекамерасының объективінде арнайы линза бар, соның арқасында экрандағы объектілер іс жүзінде көрінгеннен гөрі алыс немесе жақын көрінуі мүмкін.


📖 ЕСКЕРТПЕ

- Бейнекамераның объективінде арнайы линза болғандықтан, дисплейдегі тұрақ орындары арасындағы белгілеу сызықтары параллель көрінбеуі мүмкін.
- Келесі жағдайларда дисплейдегі суретті айыру қиынға соғуы мүмкін (бұл бейнекамераның дұрыс жұмыс істемеуінің белгісі емес):
 - Төмен жарықтық (түнгі уақыт).
 - Күн сәулесі немесе автомобиль фаралары тікелей бейнекамера объективіне түседі.
- Егер қыздырылған бейнекамера жаңбырда немесе раковинадағы сумен салқындалса, объектив линзасы терлеуі мүмкін. Бұл ақаулық белгісі болып табылмайды.
- Ластанған объектив арқылы заттар толық көрінбейді. Егер объективке су, қар, балшық немесе май тамшылары түссе, линзаға сызат түсірмей, оны сүртіңіз.
- Өтінеміз, келесі сақтық шараларын сақтаңыз. Кері жағдайда камераның істен шығуы мүмкін.
 - Камераны соққыларға ұшыратпаңыз.
 - Камераға балауыздан тұратын құрамдарды жақпаңыз.
 - Бейнекамераға ыстық су ағындарын бағыттамаңыз.
 - Камераны бөлшектемеңіз.

Бейнекамераның суреттеріне жапсырылатын сызықтар

Бейнекамера суретіне салынған сызықтар және артқы бампердің (А) жоғарғы бөлігі дисплейде көрсетіледі.

- Қызыл сызық (В) автомобильдің артқы бамперінің артында шамамен 50 см жерде орналасқан.
- Екі жасыл сызық (С) автомобильдің екі жағында шамамен 20 см қашықтықта орналасқан.
- Қысқа көлденең сызықтар (1-3) артқы бамперден қашықтықты көрсетеді.




- 1 — артқы бампердің артқы жиегі аумағында (болған жағдайда)
2 — шамамен 100 см
3 — шамамен 200 см

ЕСКЕРТПЕ

- DISPLAY AUDIO сенсорлық басқару аудиожүйесімен немесе Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесімен жабдықталған автомобильдерде тілді баптауды тікелей дисплейде өзгертуге болады. Барынша толық ақпарат жеке нұсқаулықта берілген.
- Егер автомобиль жолаушылар мен багаждың біркелкі орналаспауына немесе жолдың еңісіне байланысты еңкейсе, онда бейнекамераның артқы жағындағы бейнеге салынатын сызықтар нақты қашықтыққа дәл сәйкес келмеуі мүмкін. Автомобиль қашықтығы мен енін белгілеу үшін, суретке салынатын сызықтар тек тегіс көлденең беттегі қашықтықты дәл көрсетеді. Келесі жағдайларда дисплейде көрсетілген объектілер нақты көрінісінен өзгеше көрінуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ


- Автомобильдің артқы жағы жолаушылар мен автомобильдегі жүк салмағынан қатты төмендеген кезде.



А — объектілердің шынайы орналасуы

В — экранда көрсетілетін объектілер

- Автомобиль артында көтерілім болғанда.




А — объектілердің шынайы орналасуы

В — экранда көрсетілетін объектілер

ЕСКЕРТПЕ

- Автомобиль қашықтығы мен енін белгілеу үшін, суретке салынатын сызықтар тек тегіс көлденең беттегі қашықтықты дәл көрсететін болады. Нәтижесінде, экранда жобаланған объектіге көрсетілген қашықтық сол объектіге дейінгі нақты қашықтықтан өзгеше болуы мүмкін. Оларды кедергілерге дейінгі қашықтықты бағалау үшін нұсқаулық ретінде пайдаланбаңыз.
- Мысал: экранда В нүктесі С және А нүктелеріне қарағанда, автомобильге жақын екендігі көрсетіледі. Іс жүзінде А және В нүктелері автомобильден бірдей қашықтықта, ал С нүктесі А және В нүктелерінен алыс.



Айнала шолу камералары*

E00645000570

Дөңгелек шолу камералары - бұл төрт бейнекамераның (алдыңғы көрініс бейнекамералары, бүйірлік көрініс бейнекамералары (сол және оң) және артқы көрініс бейнекамералары) арқасында автомобильдің айналасындағы кеңістіктің бейнесін құрайтын жүйе. Бейне DISPLAY AUDIO сенсорлық басқару аудиожүйесінің

немесе Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесінің дисплейіне шығарылады. Олар жүргізушіге параллель және перпендикуляр тұрақ орындарында автомобиль қоюға көмектеседі.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ


- Айнала шолу камералары — бұл жүргізушіге көліктің айналасындағы кедергілерді анықтауға мүмкіндік беретін көмекші жүйе. Бейнекамераның шолу ұзақтығы шектеулі, сондықтан оған шамадан тыс сенуге болмайды. Айнала шолу камераларымен жабдықталмаған автомобильді абайлап жүргізу керек.
- Автомобиль айналасындағы аймақты тексеріңіз. Автомобильдің төрт бұрышына қарама-қарсы учаскелер өлі аймақтар болып табылады: бұл аймақтардағы заттар айнала шолу камералары жүйесінің экранында көрсетілмейді. Айнала шолу камераларына ғана сеніп қалмаңыз.
- Багаж бөлімінің есігін қоса алғанда, артқы көрініс айнасы жиналған және (немесе) ашық есіктері бар айнала шолу камераларын пайдаланбаңыз. Кері жағдайда жүйе стандартты диапазонда жұмыс істей алмайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Тұраққа қою датчиктерімен жабдықталған автомобильдерде зуммер сигналы берілгенде, автомобильдің орналасуын және автомобиль жақындаған кедергілерге дейінгі қашықтықты көрсету функциясы бар. Барынша толық ақпарат алу үшін, “Тұраққа қою датчиктері (алдыңғы/артқы)” тарауын қараңыз, бет 6-76.
- Егер автомобиль тұраққа қою датчиктерімен жабдықталған болса, жанынан қарағандағы көрініс және үстінен қарағандағы көрініс терезелерінен ескертуді көрсетуден бас тартуға болады. Барынша толық ақпаратты MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан алуға болады.

Бейнекамералардың орналасуы

Бейнекамералары келесі орындарда орналасқан:



- A — артқы көрініс бейнекамерасы
B — алдыңғы көрініс бейнекамерасы
C — бүйір көріністің бейнекамерасы

⚠ ЕСКЕРТУ


- Бейнекамералар орналасқан жерлерге әлдебір заттарды, жабдықтарды және т.б. орнатпаңыз, бұл бейнекамералардың жұмыс қабілеттілігіне әсер етуі мүмкін.

Айнала шолу камераларының шолу ұзақтығы

E00645100542

Айнала шолу камераларының шолу ұзақтығы суретте көрсетілген аймақтармен шектелген. Жүйе алдыңғы және артқы бамперлердің және олардың астындағы кеңістікті бақылай алмайды. Қозғалыс кезінде автомобиль айналасындағы аймақтарды өз бетінше бақылау қажет.

Жекелеген айнала шолу камераларының шолу ұзақтығы



6

- A — алдыңғы көрініс бейнекамерасы
- B — бүйір көріністің бейнекамерасы (оң жақ)
- D — бүйір көріністің бейнекамерасы (сол жақ)
- D — артқы көрініс бейнекамерасы


AFM113199

Айнала шолу камералары жүйесі бейнелерінің типтері

Жүйе экранының сол және оң жақ бөліктерінде екі түрлі бейнелер көрсетіледі.


Үстінен қарағандағы көрінісі / артынан қарағандағы көрінісі

Автомобиль айналасындағы және оның артындағы кеңістікті бейнелеу.




Жанынан қарағандағы көрінісі / артынан қарағандағы көрінісі

Жолаушы жағындағы және оның алдындағы кеңістікті бейнелеу.




Үстінен қарағандағы көрінісі / алдынан қарағандағы көрінісі

Автомобиль айналасындағы және оның алдындағы кеңістікті бейнелеу.



Жанынан қарағандағы көрінісі / алдынан қарағандағы көрінісі

Жолаушы жағындағы және оның алдындағы кеңістікті бейнелеу.



⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Бейнекамералардың объективтерінде экрандағы заттар іс жүзіндегі көрінісіне қарағанда, алыс немесе жақын етіп көрсететін ерекше линза бар.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Бейнекамераның объективінде арнайы линза болғандықтан, дисплейдегі тұрақ орындары арасындағы белгілеу сызықтары параллель көрінбеуі мүмкін.
- Келесі жағдайларда дисплейдегі суретті айыру қиынға соғуы мүмкін (бұл бейнекамераның дұрыс жұмыс істеуінің белгісі емес):
 - Төмен жарықтық (түнгі уақыт).

**ЕСКЕРТПЕ**

- Күн сәулесі немесе автомобиль фаралары тікелей бейнекамера объективіне түседі.
- Егер флуоресценттік жарық тікелей объективке түссе, дисплейдегі бейне жыпылықтауы мүмкін (бұл камераның дұрыс жұмыс істемеуінің белгісі емес).
- Егер қыздырылған бейнекамера жаңбырда немесе раковинадағы сумен салқындаса, объектив линзасы терлеуі мүмкін. Бұл ақаулық белгісі болып табылмайды.
- Сыртқы температура тым төмен немесе жоғары болған кезде, дисплейге берілетін артқы бейнекамераның суреті анық болмауы мүмкін (бұл бейнекамераның дұрыс жұмыс істемеуінің белгісі емес).
- Егер бейнекамераның жанында радиокабылдағыш орнатылған болса, электрлік кедергілер пайда болуы мүмкін, нәтижесінде жүйе тиісті түрде жұмыс істей алмайды.
- Ластанған объектив арқылы заттар толық көрінбейді. Егер объективке су, қар, балшық немесе май тамшылары түссе, линзаға сызат түсірмей, оны сүргіңіз.
- Өтінеміз, келесі сақтық шараларын сақтаңыз. Кері жағдайда камераның істен шығуы мүмкін.
 - Бейнекамераны, мысалы, қатты сокқыдан немесе бөтен зат тиюінен туындауы мүмкін күшті физикалық жүктемелерге ұшыратпаңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Бейнекамераның объективіне органикалық заттарды, балауызды, май кетіруге немесе әйнек тазалауға арналған заттарды жақпаңыз. Егер аталған заттар бейнекамераға тисе, оларды тез арада алып тастаңыз.
- Бейнекамераға ыстық су ағындарын бағыттамаңыз.
- Бейнекамераға және оның айналасындағы аймаққа су шашпаңыз немесе шашыратпаңыз.
- Бейнекамераны бөлшектемеңіз, ажыратпаңыз және өзгерістер енгізбеңіз.
- Бейнекамераға сызат түспеуін қадағалаңыз. Кері жағдайда бейненің бұрмалануы мүмкін.

Айнала шолу камералары жүйесін қалай пайдалануға болады

E00650000028

Оталдыру құлпындағы кілт ON күйінде тұрғанда немесе ON жұмыс режимі қосылған кезде ғана, айнала шолу камерасы жүйесін пайдалануға болады.

Селектор иіңтірегі көмегімен жүйені басқару

E00652700319


Селектор иіңтірегін R (артқы жүріс) күйіне жылжытқанда DISPLAY AUDIO сенсорлық басқарылатын аудиожүйесінің немесе Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесінің дисплейі үстінен және артынан қарағандағы көрініс

режимдерінде айнала шолу камералары жүйесінің экранын көрсетеді. Егер сіз селектор иіңтірегін кез-келген басқа орынға жылжытсаңыз, жүйе экраны жоғалады.

Қосқыш көмегімен жүйені басқару

E00652800059

Қосқышты (A) басқанда, экранда үстінен қарағандағы көрінісі және алдынан қарағандағы көрінісі режимдері көрінеді.



AJA115090

**ЕСКЕРТПЕ**

- Егер айнала шолу камералары жүйесін қосқышпен қосқан соң, 3 минуттан астам уақыт өтсе және бұл ретте ешбір әрекет жасалмаса, жүйенің экраны жоғалады (берілісті ауыстыру иіңтірегі немесе селектор иіңтірегі R-ден (артқы жүріс) өзгеше жағдайда болады).

Экранды ауыстырып қосу (селектор иінітірегі R күйінде)

E00652900135

Ажыртақышты әр басқан сайын айнала шолу камералары жүйесінің экранындағы түрлер өзгереді.

Үстінен қарағандағы көрінісі / артынан қарағандағы көрінісі → жанынан қарағандағы көрінісі / артынан қарағандағы көрінісі.

Экранды ауыстырып қосу (селектор иінітірегі R-ден басқа күйде)

E00652900164

Ажыратқышты әр басқан сайын айнала шолу камералары жүйесінің экранындағы түрлер келесі ретпен өзгереді: үстінен қарағандағы көрінісі / алдынан қарағандағы көрінісі → жанынан қарағандағы көрінісі / алдынан қарағандағы көрінісі → өшірулі.

ЕСКЕРТПЕ

- Коммутаторды басу арқылы дисплейде жолаушылар жағында автомобильдің жолаушылар жағындағы кеңістік бейнесі режимін көрсетуге болады.
- Егер сіз селектор иінітірегін R күйіне (артқы жүріс) аударсаңыз, экранның жүргізуші жағынан көрінісі алдынан қарағандағы көріністі көрсетсе, бұл көрініс артынан қарағандағы көрініспен ауысады. Егер сіз селектор иінітірегін кез-келген басқа күйге жылжытсаңыз, экранның жүргізуші жағынан алдынан қарағандағы көрініс пайда болады.
- Автомобиль шамамен 10 км/сағ. жылдамдықпен қозғалғанда, қосқышты басқанда, дисплейдің жолаушы жағында тек жанынан қарағандағы көрініс пайда болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Шамамен 10 км/сағ. жылдамдықпен қозғалу кезінде алдынан қараған көрініс көрсетілмейді.
- Экрандағы көріністерді ауыстыру кідіріспен орын алуы мүмкін.

Экраннан ақпаратты салыстырып оқу

E00645400297

Үстінен қарағандағы көріністі қоспағанда, барлық режимдерде экрандағы сызықтар келесі ақпаратты ұсынады. Бұл сызықтарды тек іс-әрекетке нұсқау емес, ақпарат ретінде пайдаланыңыз.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ


- Егер бейнекамераға немесе оның айналасындағы аймаққа сокқы түссе, экрандағы көрініс пен сызықтар дәл болмауы мүмкін. Жүйені тексеру үшін, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.

Алдынан қарағандағы көрінісі

Дисплейде автомобильдің қашықтығы мен енін көрсететін сызықтар, сондай-ақ алдыңғы бампердің (A) жоғарғы бөлігі көрсетіледі.

- Қызыл сызық (B) алдыңғы бампердің алдыңғы жиегінен шамамен 50 см қашықтықты білдіреді.
- Екі жасыл сызық (C) автомобильдің шамамен алынған енін көрсетеді.

- Қызғылт-сары сызық (D) — бұл бұрылған рөл дөңгелегі бар автомобильдің алға қарай күтілетін бағыты. Рөл дөңгелегі бейтарап күйде болғанда, бұл сызық көрсетілмейді.
- Автомобиль шанағынан үлгілік қашықтық:




AFA135238

1 — алдыңғы бампердің алдыңғы жиегінен шамамен алғанда 100 см

ЕСКЕРТПЕ

- Күтілетін қозғалыс бағытын көрсететін сызықтар алдынан қарағандағы көрініс бейнесінде үстінен қарағандағы көрініс бейнесінде (алдынан: тұтас сызық; артынан: үзік сызық) қайталанады.




AFZ104064

Артынан қарағандағы көрінісі

E00645600303

Дисплейде автомобильдің қашықтығы мен енін көрсететін сызықтар, сондай-ақ алдыңғы бампердің (А) жоғарғы бөлігі көрсетіледі.

- Қызыл сызық (В) алдыңғы бампердің алдыңғы жиегінен шамамен 50 см қашықтықты білдіреді.
- Екі жасыл сызық (С) автомобильдің шамамен алынған енін көрсетеді.
- Қызғылт-сары сызық (D) — бұл бұрылған рөл дөңгелегі бар автомобильдің артқа қарай күтілетін бағыты. Рөл дөңгелегі бейтарап күйде болғанда, бұл сызық көрсетілмейді.
- Автомобиль шанағынан үлгілік қашықтық:




- 1 — артқы бампердің алдыңғы жиегінен шамамен алғанда 100 см
- 2 — артқы бампердің алдыңғы жиегінен шамамен алғанда 200 см

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Жолаушылардың, отынның, багаждың әртүрлі санына және оның орналасуына, сондай-ақ жол жамылғысының жай-күйіне қарай, артқы бейнедегі бейнекамерадан түсірілген сызықтар нақты қашықтыққа дәл сәйкес келмеуі мүмкін. Суреттегі сызықтарды тек анықтамалық деректер ретінде қолданыңыз және қозғалыс кезінде көліктің артындағы кеңістікті әрдайым көзбен шолып тексеріңіз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Күтілетін қозғалыс бағытын көрсететін сызықтар артынан қарағандағы көрініс бейнесінде үстінен қарағандағы көрініс бейнесінде (алдынан: тұтас сызық; артынан: үзік сызық) қайталанады.




Дисплейдегі сурет пен нақты жол жабыны арасындағы айырмашылық

E00645900061

Автомобиль қашықтығы мен енін белгілеу үшін, суретке салынатын сызықтар тек тегіс көлденен беттегі қашықтықты дәл көрсетеді. Келесі жағдайларда суреттегі сызықтар мен жол жамылғысындағы нақты қашықтық арасында келіспеушіліктер болуы мүмкін.

■ Автомобильдің артқы жағы жолаушылар мен автомобильдегі жүк салдарынан қатты төмендеген кезде


Сызықтар суретке нақты сызықтан гөрі жақынырақ салынады. Демек, егер көтерілуде кедергі болса, онда ол іс жүзіндегіден гөрі алыс болып көрінеді.



- А — объектілердің шынайы орналасуы
В — экранда көрсетілетін объектілер

■ **Автомобиль артында көтерілім болғанда**


Сызықтар суретке нақты сызықтан гөрі жақынырақ салынады. Демек, егер көтерілуде кедергі болса, онда ол іс жүзіндегіден гөрі алыс болып көрінеді.



A — объектілердің шынайы орналасуы
B — экранда көрсетілетін объектілер

■ **Автомобиль артында ылди болғанда**


Сызықтар суретке нақты сызықтан гөрі жақынырақ салынады. Демек, егер ылдида кедергі болса, онда ол іс жүзіндегіден гөрі жақын болып көрінеді.



A — объектілердің шынайы орналасуы
B — экранда көрсетілетін объектілер


■ **Автомобильге тікелей жақын жерде кедергілер болған кезде**

Кедергілер автомобильге жақын болған кезде, дисплейде көрсетілген қашықтық нақты қашықтықтан өзгеше болуы мүмкін. Суретте сызықтар (суретті қараңыз.) жүк көлігіне тимейтіндіктен, автомобиль онымен соқтығыспайтын сияқты көрінеді. Шын мәнінде, автомобиль жүк көлігімен соқтығысуы мүмкін, өйткені оның шанағы қозғалыс жолында тұр.



■ Кедергілерге жақындағанда


Автомобиль қашықтығы мен енін белгілеу үшін, суретке салынатын сызықтар тек тегіс көлденең беттегі қашықтықты дәл көрсететін болады. Нәтижесінде, экранда жобаланған объектіге көрсетілген қашықтық сол объектіге дейінгі нақты қашықтықтан өзгеше болуы мүмкін. Оларды кедергілерге дейінгі қашықтықты бағалау үшін нұсқаулық ретінде пайдаланбаңыз. Мысал: экранда В нүктесі С және А нүктелеріне қарағанда, автомобильге жақын екендігі көрсетіледі. Іс жүзінде А және В нүктелері автомобильден бірдей қашықтықта, ал С нүктесі А және В нүктелерінен алыс.



Жанынан қарағандағы көрінісі

E00646100073

Дисплей автомобильдің ені мен алдыңғы бөлігін көрсететін сызықтарды көрсетеді.




- 1 — автомобильдің үлгілік ені (артқы көріністің сыртқы айналарын қоса алғанда)
- 2 — алдыңғы дөңгелектің өстік орталығының үлгілік орналасуы
- 3 — алдыңғы бампердің алдыңғы жиегінен шамамен алғанда 50 см

Үстінен қарағандағы көрінісі

E00646200218

Автомобильдің үстінен қарағандағы түрі автомобильдің салыстырмалы жағдайын және тұрақ орнына кіру үшін қозғалыс бағытын нақты анықтауға мүмкіндік береді.



6

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Үстінен қарағандағы көрінісі есептік көрініс болып табылады, яғни ол алдыңғы бейнекамерадан, бүйірлік бейнекамерадан (сол және оң) және артқы бейнекамерадан алынған мәліметтер негізінде жасалады. Осыған байланысты, үстінен қарағандағы көрініс режимінде заттар іс жүзіндегідей емес, одан алыс орналасқан сияқты болып көрінеді. Сонымен қатар, дисплейде автомобильдің айналасындағы нақты өлі аймақтар көрсетілмейді. Автомобильден біршама қашықтықта тұрған сияқты кедергіге тап болуыңыз мүмкін. Я болмаса экранға іс жүзінде жоқ зат шығарылуы мүмкін. Автомобиль айналасындағы аймақты тексеріңіз.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Үстінен қарағандағы көрініс режимінде көрсетілген автомобиль бейнесі нақты автомобильден өзінің түсімен және өлшемімен ерекшеленеді. Сондықтан автомобильге әлдебір зат тиіп тұрған сияқты көрінеді. Сондай-ақ, автомобильдің нақты өзара жағдайы мен бейнеленген заттың сәйкес келмеуі мүмкін.
- Көріністі жоғарыдан орналастыру кезінде бейнелер бұрыштарда, негізінен, бейнекамералардың шолу шекараларында түйіседі. Нәтижесінде бейненің бұл аумақтары бұлыңғыр болуы мүмкін, ал бұл жерлерде орналасқан заттар көрінуі немесе жоғалып кетуі мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Үстінен қарағандағы көрініс режимі тегіс жол жабынына негізделген төрт бейнекамераның (алдыңғы бейнекамералар, бейнекамералар (сол және оң) және артқы бейнекамералар) деректері бойынша қалыптасады, сондықтан бейненің келесі ерекшеліктері болуы мүмкін:
 - Объект құлап қалған сияқты (ол едәуір ұзын және үлкен болып көрінеді).
 - Жол жамылғысының үстінде көтерілген объект әртүрлі бейнекамералардағы бейнелердің түйісу орындарынан шығуы мүмкін.
 - Әр түрлі бейнекамералардан келіп түсетін бейнелердің жарықтығы жарықтандыру жағдайларына байланысты.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Бейнекамераның үстінде орналасқан объект көрінбейді.
- Алдынан қарағандағы немесе артынан қарағандағы көрініс режимінде көрсетілген объект үстінен қарағандағы көрініс режимінде болмауы мүмкін.
- Үстінен қарағандағы көрініс режиміндегі бейне бейнекамералардың бекіту орны мен бұрышы өзгерген кезде нақты жағдайға қатысты өзгеруі мүмкін.
- Жолды белгілеу сызықтары әртүрлі бейнекамералардан келіп түскен бейнелердің түйіскен жерінде ығысу немесе бүгілу арқылы көрсетілуі мүмкін.

Үстінен қарағандағы көрініс режимінде көрсетілген автомобиль бейнесінің түсін өзгерту


E00693200078

Үстінен қарағандағы көрініс режимінде көрсетілген автомобиль бейнесінің түсін өзгертуге болады.

1. Автомобильді қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қауіпсіздік тұрғысынан қозғалыс кезінде түймені баспаңыз.
2. Үстінен/алдынан қарағандағы көрініс режимдерін көрсету үшін түймені (A) басыңыз.



AJA115090

3. Көлік құралының суреті жыпылықтағанша (A) түймесін басып, ұстап тұрыңыз, бұл үстінен қарағандағы көрініс режимінде көрсетілген автомобиль бейнесінің түсін өзгерту режиміне кіруді растайды.
4. Дисплейде қалаған түс пайда болғанша түймені басыңыз. Түймені әр басқан сайын, үстінен қарағандағы көрініс режимінде көрсетілген автомобиль бейнесінің түсі келесі опцияға өзгереді.
5. Дисплейде қажетті түске ие бейне пайда болғанда, (A) түймесін бірнеше секунд басып, ұстап тұрыңыз. Бұл баптау процесін аяқтайды.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер бейне түсін таңдау режимінде төмендегі жағдайлардың бірі орын алса, үстінен қарағандағы көрініс режимінде көрсетілген автомобиль бейнесінің түсі өзгермейді.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Артқы беріліс қосылады немесе селектор иінтірегі (артқы жүріс) R күйіне ауыстырылады.
- Егер 30 секунд ішінде бірде-бір түйме басылмаса.
- Оталдыру құлпындағы кілтті LOCK күйіне бұрған кезде немесе OFF жұмыс режимін қосқан кезде.
- Тұраққа қою датчиктерімен жабдықталған автомобильдерде автомобильдің орналасуы және автомобиль жақындап келе жатқан кедергілерге дейінгі жуық қашықтық жанынан және үстінен қарағандағы көріністердің терезелерінде автомобиль бейнесінің түсі өзгергенше көрсетілмейді.

Жүк тасымалдау

E00609902771

Жүк тасымалдау кезіндегі сақтық шаралары**АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ**

- Жүкті (багаж) орындықтың арқабеті деңгейінен жоғары қоюға тыйым салынады. Жүк автомобиль қозғалғанда жылыжып кетпеуі үшін, жүкті сенімді етіп бекітіңіз. Артты шолу кедергілері немесе кенеттен тежелу салдарынан салондағы жүктің жылжуы маңызды авария мен ауыр жарақаттарға себеп болуы мүмкін.

**АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ**

- Ауыр жүкті (багажды) автомобильдің алдыңғы жағына қою керек. Егер автомобильдің артқы жағында ауыр жүк болса, басқару қабілеті нашарлауы мүмкін.

Үстіңгі жүксалғышта жүк тасымалдау**АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ**

- Автомобильге орнатуға жарамды үстіңгі жүксалғышты пайдаланыңыз. Багазды тікелей автомобиль үстінде тасымаңыз. Үстіңгі жүксалғышты орнатқанда, оны дайындаушының нұсқаулығын сақтаңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Кронштейндері арнайы пішінді MITSUBISHI MOTORS түпнұсқа үстіңгі жүксалғышын пайдалану ұсынылады. Барынша толық ақпаратты Сіз MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан ала аласыз.

Үстіңгі жүксалғышта жүк тасымалдау кезіндегі сақтық шаралары**АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ**

- Жүк салмағы шатырға рұқсат етілген жүктемеден аспауына көз жеткізіңіз. Шатырға рұқсат етілген жүктемеден асып кету автомобильдің зақымдалуына әкелуі мүмкін. Шатырға жүктеме түсіру — бұл шатырдағы жүктің максималды рұқсат етілген массасы (магистральдың массасы және ондағы жүктің массасы). “Автомобильдің салмақтық параметрлері” тарауында келтірілген жүктеме деректері, бет 11-4.
- Автомобиль төбесінде жүк тасымалдау кезінде төмен жылдамдықпен жүріңіз және кенеттен тежеу және бұрылу сияқты күрт маневрлерден аулақ болыңыз. Сонымен қатар, жүкті жүксалғышқа біркелкі таратылатындай етіп салу керек. Ең ауыр заттарды астына қою керек. Ені жүксалғыштың енінен асатын заттарды тасымалдауға тыйым салынады. Шатырдағы қосымша жүк автомобильдің ауырлық орталығының биіктігін арттырады және оның басқарылуына әсер етеді. Басқарудағы қателіктер мен күрт маневрлер басқарудың жоғалуына және аварияға әкелуі мүмкін.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Сапарды бастар алдында, сондай-ақ қысқа қашықтықты жүріп өткен соң, жүктің багажға мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Сапар барысында жүктің бекітілу сенімділігін мезгіл-мезгіл тексеріп отырыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер үстіңгі жүксалғыш пайдаланылмаса, оны алып тастаңыз. Бұл аэродинамикалық шуды жояды және отын шығынын азайтады.
- Автоматты жууға кірер алдында жүксалғышты міндетті түрде алып тастаңыз.
- Жүксалғышты шатырға орната отырып, люкті (люк болған жағдайда) ашу үшін, оның және шатырдың арасында жеткілікті саңылау бар екеніне көз жеткізіңіз.
- Жүктерді шатырдағы жүксалғышқа орналастырғанда, багаж бөлімінің есігін көтеру үшін жеткілікті саңылаудың бар екеніне көз жеткізіңіз.

Салонда жайлы жағдайлар жасау

Кондициялау жүйесін пайдалану ережелері.....	7-2
Желдеткіш дефлекторлар	7-2
Автоматты басқарылатын климаттық қондырғы*	7-5
Қосаймақтық климаттық қондырғы*	7-10
Кондиционердің жұмыс режимін баптау	7-15
Ауа тазалау сүзгісі.....	7-17
Ықшам-дискілер ойнатқышы бар LW/MW/FM диапазонының радиоқабылдағышы*	7-17
Ықшам-дискілермен жұмыс істеу ережелері	7-20
Аудиофайлдар (MP3/WMA/AAC)	7-21
Пайдаланушыға арналған қауіпсіздік жөніндегі маңызды ақпарат	7-25
Аудиожүйені басқару органдары	7-26
Радио тыңдау	7-29
DAV цифрлық радиохабарды жаңғырту*	7-31
Жол қозғалысы туралы ақпарат	7-32
Ықшам-дискілерді жаңғырту	7-33
Файлдарды MP3 форматта жаңғырту.....	7-34
iPod ойнатқышымен жазбаларды жаңғырту.....	7-36
USB-жинақтауыштан жазбаларды тыңдау	7-38
Дауыспен басқару көмегімен iPod ойнатқышынан/USB- жинақтауышынан жазбаларды жаңғырту (Bluetooth® 2.0 жүйесімен жабдықталған автомобильдер үшін).....	7-41

Bluetooth® интерфейсімен аудиоқұрылғылардан жазбаларды жаңғырту*	7-44
Дисплейдегі индикация	7-46
Дыбыс сапасын, теңгерім мен дауыс деңгейін реттеу.....	7-48
Жүйенің баптаулары	7-48
Ақауларды іздеу мен жою	7-53
Link System байланыс жүйесі*	7-55
Bluetooth® 2.0 жүйесі*	7-55
USB кіріс ағытпасы*	7-78
Күннен қорғайтын күнқағарлар.....	7-80
Күлсалғыш*	7-81
Электрқорек розеткасы.....	7-82
Салонды жарықтандыру шамдары.....	7-83
Заттар жәшігі	7-86
Стакан қойғыш	7-87
Үлкен бөтелкеге арналған тұғырық	7-88
Багаж бөлімінің пердесі*	7-88
Багаж бөлімінің пердесі*	7-89
Қосымша тұтқалар	7-90
Киімге арналған ілмек	7-90
Багажды бекітуге арналған ілмектер.....	7-90
Багажға арналған ілмек	7-91
Багаж бөлімі еденінің төсемі	7-91

Кондициялау жүйесін пайдалану ережелері

E00708302841

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Кондиционер жұмыс істеп тұрған кезде, қозғалтқыштың бос жүрісінің айналымдары ұлғаюы мүмкін.

Жұмыс істемейтін жылдамдықтың жоғарылауымен CVT автомобильдері көбірек тарту күшіне ие болады және жұмыс істемейтін жылдамдықтың төменгі деңгейіне қарағанда, тезірек жұмыс істейді. Қозғалыс режимі қосылған кезде, автомобильдің бос жүруіне жол бермеу үшін, тежегіш педальды қатты басыңыз.

- Көлікті көлеңкедегі тұраққа қоюға тырысыңыз. Күн сәулесінде тұрған кезде, автомобиль салоны қатты қызып кетеді, оны салқындату үшін көп уақыт қажет етіледі. Егер көлікті күн сәулесінде қалдыру керек болса, кондиционерді қосқаннан кейін салоннан ыстық ауаны шығару үшін, терезелерді бірнеше минутқа ашыңыз.
- Кондиционер жұмыс істеп тұрған кезде терезелерді жабыңыз. Ашық терезелер арқылы сыртқы ауаның келіп түсуі кондиционердің салқындату әсері тиімділігін төмендетеді.
- Тым көп салқындату денсаулыққа зиянды. Сыртқы және салондағы ауа температурасы арасындағы оңтайлы айырмашылық — 5-6 °C.
- Кондиционерді қосқанда, желәйнектің алдындағы ауа қабылдағыштың ештеңемен жабылмағанына көз жеткізіңіз (мысалы,

жапырақтар немесе қар). Ауа қабылдағышқа кіре берісте жиналған жапырақтар ауа ағынын азайтып, конденсатты ағызу үшін саңылауларды жауып тастай алады.

Суытқышагентті және кондиционерге арналған майлау материалдарын таңдау бойынша ұсыныстар

Кондиционер тиімділігі төмендеуінің ықтимал себебі суытқышагенттің ағуы болып табылады. Жүйені MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында тексеру ұсынылады.

Кондициялау жүйесін HFC-134a суытқышагентімен толтыру және PAG46A майын пайдалану қажет.


Кез-келген басқа суытқышагентті немесе майды пайдалану маңызды зақым келтіруі мүмкін, бұл бүкіл ауаны салқындату жүйесін ауыстыруды қажет етеді. Суытқышагентті атмосфераға шығару ұсынылмайды. Тазалау, өңдеу және қайта пайдалану үшін, суытқышагентті тапсыру ұсынылады.

Егер кондиционер ұзақ уақыт пайдаланылмаса

Кондиционерді аптасына кемінде бес минут, тіпті, суық ауа райында да қосу керек. Бұл компрессор бөлшектерін майлау және жүйені жұмыс күйінде ұстау үшін қажет.

Желдеткіш дефлекторлар

E00700102188



AFA116936


- 1 — орталық желдеткіш дефлекторлар
2 — бүйірлік желдеткіш дефлекторлар

Ауа ағыны бағытын реттеу

E00700202769

Орталық желдеткіш дефлекторлар

Ауа ағынының бағыты реттегіштің (A) қозғалысымен реттеледі. Дефлекторды жабу үшін реттегішті (A) салонның ішіне қарай бұраңыз.




- 1 — жабу
2 — ашу

Бүйірлік желдеткіш дефлекторлар

Ауа ағынының бағыты реттегіштің (А) козғалысымен реттеледі.

Дефлекторды жабу үшін реттегішті (А) салонға қарай бұраңыз.



- 1 — жабу
2 — ашу

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Сақ болыңыз, желдету дефлекторларына сусындар мен басқа сұйықтықтарды төкпеңіз. Бұл кондиционер жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Кондиционері бар автомобильдерде желдеткіш дефлекторлар арқылы суық ауа берілгенде, тұман пайда болуы мүмкін. Бұл кондиционердегі ылғал ауаның тез салқындауымен түсіндіріледі. Бірнеше секундтан кейін тұман жойылады.

7

Желдеткіш дефлекторлар арқылы ауа беру бағытын өзгерту

Ауа беру режимін таңдау түймесін басқан сайын, ауа беру режимдері келесі ретпен өзгереді:











☞ → ☞ → ☞ → ☞ → ☞. ☞ режиміне ауысу үшін, әйнек үрлеу түймесін басыңыз.

Әрі қарай, бірнеше суреттерде дефлекторлар арқылы ауа беру қарқындылығын көрсететін келесі таңбалар пайдаланылады:

- — ауа берудің аз қарқындылығы.
- ☞ — ауа берудің орташа қарқындылығы.
- ☞ — ауа берудің жоғары қарқындылығы.

E00700302988

Ауа беру режимін таңдау және дефлектордан ауа келіп түсуі

 <p>Салонның жоғарғы бөлігіне ауа беру</p>	 <p>Аяққа және салонның жоғарғы бөлігіне ауа беру</p>	 <p>Аяққа ауа беру</p>
 <p>AFM105712</p>	 <p>AFM105725</p>	 <p>AFM105738</p>
 <p>Аяққа ауа беру және әйнектерді үрлеу</p>	 <p>Әйнектерді үрлеу</p>	
 <p>AFM109518</p>	 <p>AFM105754</p>	


 **ЕСКЕРТПЕ**

•  немесе  режимін пайдаланғанда, көзідіріктің терлеуіне жол бермеу үшін, сыртқы қоршау режиміне ауысу керек.

Автоматты басқарылатын климаттық қондырғы*

E00702402039

Кондиционерді қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде ғана қосуға болады.



AF1101574

- 1 — температураны таңдау түймесі → бет 7-7
- 2 — ауа беру режимін таңдау түймесі → бет 7-3
- 3 — кондиционер қосқышы → бет 7-8
- 4 — желдеткішті айналдыру жылдамдығын таңдау түймесі → бет 7-7
- 5 — ауа жинау режимін таңдау түймесі → бет 7-8
- 6 — әйнек үрлеуді қосқыш → бет 7-6
- 7 — автоматты режимді қосқыш (AUTO) → бет 7-6
- 8 — артқы әйнекті қыздыруды қосқыш → бет 5-67
- 9 — өшіру түймесі (OFF) → бет 7-6
- 10 — температураның көрінуі → бет 7-7

- 11 — ауа берудің таңдалған режимінің көрінуі → бет 7-3
- 12 — кондиционерді қосу индикаторы → бет 7-8
- 13 — желдеткішті айналдыру жылдамдығының көрінуі → бет 7-7

- Пайдалану
 - Желдеткіш дефлекторлар арқылы ауа беру бағытын өзгерту → бет 7-3.
 - Желәйнек пен бүйір әйнектерді үрлеу → бет 7-6.
 - Жүйенің автоматты режимде жұмыс істеуі → бет 7-6.


- Қол режимінде жүйенің жұмысын басқару → бет 7-7.
- Желдеткішті айналдыру жылдамдығының көрінуі → бет 7-7.
- Температураны реттеу → бет 7-7.
- Жүйені қосу/өшіру → бет 7-8.
- Сыртқы ауа режиміне және рециркуляция режиміне ауысу → бет 7-8.
- Ластанған сыртқы ауа жағдайында қозғалысу → бет 7-9.

ЕСКЕРТПЕ

- Өте төмен температурада климаттық орнатуды басқару панелінің экраны кешігіп жұмыс істеуі мүмкін. Бұл ақаулық белгісі болып табылмайды. Бұл әсер салондағы ауа температурасы оң мәндерге жеткен соң жоғалады.

Желәйнек пен бүйір әйнектерді үрлеу

E00772200089



AFA114349

1. Желдеткіш режимін қосу үшін, әйнекті үрлеу түймесін басыңыз. Әйнекті үрлеу түймесін басқанда, индикатор (А) қосылады.
2. Температураны таңдау түймесін пайдаланып, жеткілікті жоғары температураны орнатыңыз.
3. Желдеткіш жылдамдығын таңдау түймесін басу арқылы желдеткіштің қажетті жылдамдығын таңдаңыз.

Әйнекті үрлеу режимін өшіру үшін, әйнекті үрлеу қосқышын, автоматты режимді қосқышты, ауаны беру режимін таңдау түймесін немесе өшіру түймесін басыңыз.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қауіпсіздік мақсатында әйнектердің терлеуін болдырмайтын барлық шараларды қабылдау қажет.
- Ауа беру режимін таңдағанда, әйнектердің булануына жол берілмейді. Алайда, кондиционер автоматты түрде қосылмайды және сыртқы ауаны жинау (рециркуляцияға қарсы) басталмайды. Кондиционер мен сыртқы ауаны жинауды қосу үшін, кондиционер қосқышын және ауа жинау режимін таңдау түймесін басыңыз.
- Берілген ауаның минималды температурасының мәнін орнатуға болмайды. Суық ауа әйнекке жіберіледі, бұл олардың терлеуіне әкеледі.

ЕСКЕРТПЕ


- Әйнектен ылғалды тез кетіру үшін, температура баптауын және желдеткіш жылдамдығын максимумға дейін қосыңыз.
- Ылғалды тиімді кетіру үшін, бүйірлік дефлекторларды алдыңғы есіктердің әйнектеріне бағыттаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Әйнек үрлеу қосқышын басқан кезде, кондиционер автоматты режимде жұмыс істейді, ауа сырттан жиналады (рециркуляция режимі өшірілген). Мұндай режимге, тіпті, автоматты ауа жинау режимі немесе кондиционердің автоматты жұмыс режимі өшірілген болса да, автоматты түрде ауысу әйнектің терлеуіне жол бермеу үшін жүзеге асырылады. “Кондиционердің жұмыс режимін баптау” тарауын қараңыз, бет 7-15.

Жүйенің автоматты режимде жұмыс істеуі

E00704102870



AFA114352

Келесі түрде әрекет ете отырып, кәдімгі жағдайда жүйенің автоматты режимін (AUTO) таңдаңыз:


1. (AUTO) түймесін басыңыз.
2. Ауа температурасын таңдау түймесімен қажетті ауа температурасын орнатыңыз.

Кондиционерді өшіру үшін, OFF түймесін басыңыз.

Бұл ретте ауа беру режимін таңдау, желдеткіштің жылдамдығын реттеу, сыртқы ауаны қайта айналдыру/жинау, температураны реттеу және кондиционерді қосу/өшіру автоматты түрде жүзеге асырылады. Автоматты режим ажыратқышын (AUTO) басқанда, индикатор (A) қосылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер жүйе автоматты түрде жұмыс істеп тұрғанда, желдеткіш жылдамдығын таңдау түймесі, кондиционер қосқышы, ауа беру режимін таңдау түймесі немесе ауа жинау режимін таңдау түймесі арқылы баптауларды өзгертсеңіз, қолмен таңдалған баптаулар басымдыққа ие болады. Қалған функцияларды басқару автоматты режимде жүзеге асырылады.
- Салондағы ауа температурасы датчигіне (B) әлдебір заттарды қоюға тыйым салынады: бұл оның жұмысында ақауларға әкеледі.



Қол режимінде жүйенің жұмысын басқару


E0071M201278

Желдеткіштің жылдамдығын таңдау түймесі мен ауа беру режимін таңдау түймесінің көмегімен қажетті жұмыс режимін таңдап, желдеткіштің жылдамдығын және ауа беру режимін қолмен басқаруға болады. Автоматты жұмыс режиміне оралу үшін, AUTO түймесін басыңыз.

Желдеткішті айналдыру жылдамдығын баптау

E00772300077

Желдеткіштің айналу жылдамдығын арттыру үшін, ▲ желдеткіштің айналу жылдамдығын таңдау түймесін басыңыз. Желдеткіштің айналу жылдамдығын азайту үшін, ▼ желдеткіштің айналу жылдамдығын таңдау түймесін басыңыз. Дисплейде желдеткіштің айналу жылдамдығы (A) көрсетіледі.




Температураны реттеу

E00772400179

Тиісті температураны таңдау үшін, ▲ түйме жағын басыңыз.

Тиісті температураны таңдау үшін, ▼ түйме жағын басыңыз.

Дисплейде таңдалған температура (A) көрінетін болады.




7

ЕСКЕРТПЕ

- Климаттық қондырғы дисплейіндегі температураны өлшеу бірліктері көпфункционалдық дисплейдегі сыртқы температураны көрсету бірліктеріне сәйкес келеді.
“Температураны өлшеу бірліктерін таңдау” тарауын қараңыз, бет 5-16.

ЕСКЕРТПЕ

- Суытқыш сұйықтықтың температурасы төмен болған кезде, жылытқышпен жеткізілетін ауа температура реттегішін жылы ауамен қамтамасыз етуге сәйкес күйге орнатқан кезде де, оның температурасын өзгертпейді. Желәйнек пен бүйір әйнектердің терлеуін болдырмау үшін  ауа беру режимі қосылады, ал қондырғы автоматты режимде жұмыс істеген кезде, желдеткіштің айналу жылдамдығы азаяды.
- Егер сіз берілетін ауаның минималды немесе максималды температурасын орнатсаңыз, ауа жинау режимін және кондиционерді қосу/өшіру режимі төменде сипатталғандай басқарылады.
Сонымен қатар, егер автоматты таңдаудан кейін ауа жинау режимін қолмен өзгертсе, қолмен басқару режиміне ауыстырылады.
- Егер температураны баптау максималды мәнге (HI) орнатылса. Сыртқы ауаны жинау жүзеге асырылады және кондициялау тоқтатылады.
- Егер температураны баптау минималды мәнге (LO) орнатылса. Ауаны қайта айналдыру режимі қосылады, кондиционер жұмыс істейді.


ЕСКЕРТПЕ

- Бұл жұмыс режимдері өздігінен орнатылған. Ауа жинау режимі мен кондиционердің жұмыс режимі баптауларын өзгертуге болады; жұмыс жағдайына байланысты сыртқы ауаны беру тәртібін автоматты түрде қосу және кондиционерді қосу тәртібін өзгертуге болады. Барынша толық ақпаратты Сіз MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан ала аласыз. “Кондиционердің жұмыс режимін баптау” тарауын қараңыз, бет 7-15.

Жүйені қосу/өшіру

E00772900187

Кондиционерді қосу үшін қосқышты басыңыз; бұл ретте индикатор **A/C (A)** дисплейде пайда болады. Кондиционерді өшіру үшін, осы қосқышты тағы бір рет қосыңыз.




Сыртқы ауа жинау режиміне және рециркуляция режиміне ауыстыру

E007727000S+

Ауа жинау режимі осы түймені басу арқылы өзгереді.

- Сыртқы ауа беру: бақылау шамы (A) өшірілі. Салонға ауа сырттан беріледі.
- Салондағы ауа айналымы: бақылау шамы (A) қосулы.
Ауа автомобиль салонының ішінде қайта айналады.



⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Негізінен, әйнектердің іші терлемейі үшін, сыртқы ауаны жинау режимін пайдалану керек. Ауаның рециркуляция режимінде ұзақ жұмыс істеуі әйнектердің терлеуін тудыруы мүмкін.
Салонды желдету үшін мезгіл-мезгіл сыртқы ауа жинау режиміне ауысыңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер автомобиль салонын тез және тиімді салқындату қажет болса, рециркуляция режимін қосыңыз.
- Қолмен басқару режимінде AUTO түймесін басқанда, ауа жинау режимі де автоматты түрде бақыланады.
- Суытқыш сұйықтық температурасы белгілі бір мәнге көтерілгенде, ауаны қайта айналдыру режимі және бақылау шамы (A) автоматты түрде қосылады. Бұл жағдайда ауаны жинау режимін таңдау түймесін басқан күннің өзінде, кондиционер сырттан ауа жинау режиміне ауыспайды.

Ластанған сыртқы ауа жағдайында қозғалыс


E00775300036

Егер қоршаған ауа шаңды немесе ластанған болса, мысалы, көлік кептелісі бар туннельде қозғалғанда, ауа жинау режимін таңдау түймесін басу арқылы рециркуляция режимін қосыңыз. “Сыртқы ауа режиміне және рециркуляция режиміне ауысу” тарауын қараңыз, бет 7-8.

Қосаймақтық климаттық қондырғы*

E00773000202

Кондиционерді қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде ғана қосуға болады.



AF1101587

- | | |
|--|--|
| <p>1 — жүргізуші тарапынан температураны таңдау түймесі → бет 7-12</p> <p>2 — ауа беру режимін таңдау түймесі → бет 7-3</p> <p>3 — желдеткішті айналдыру жылдамдығын таңдау түймесі → бет 7-12</p> <p>4 — кондиционер қосқышы → бет 7-14</p> <p>5 — жүргізуші тарапынан температураны таңдау түймесі → бет 7-12</p> <p>6 — ауа жинау режимін таңдау түймесі → бет 7-14</p> <p>7 — әйнек үрлеуді қосқыш → бет 7-11</p> <p>8 — автоматты режимді қосқыш (AUTO) → бет 7-12</p> <p>9 — SYNC синхрондау режимін қосқыш → бет 7-13</p> | <p>10 — артқы әйнекті қыздыруды қосқыш → бет 5-67</p> <p>11 — өшіру түймесі (OFF) → бет 7-11</p> <p>12 — жүргізуші тарапынан таңдалған температураның индикациясы → бет 7-12</p> <p>13 — ауа берудің таңдалған режимінің көрінуі → бет 7-3</p> <p>14 — кондиционерді қосу индикаторы → бет 7-14</p> <p>15 — желдеткішті айналдыру жылдамдығының көрінуі → бет 7-12</p> <p>16 — жүргізуші тарапынан температураны таңдау түймесі → бет 7-12</p> |
|--|--|

- Пайдалану
 - Желдеткіш дефлекторлар арқылы ауа беру бағытын өзгерту → бет 7-3.
 - Желәйнек пен бүйір әйнектерді үрлеу → бет 7-11.
 - Жүйенің автоматты режимде жұмыс істеуі → бет 7-12.
 - Қол режимінде жүйенің жұмысын басқару → бет 7-12.
 - Желдеткішті айналдыру жылдамдығының көрінуі → бет 7-12.
 - Температураны реттеу → бет 7-12.

- Жүргізуші мен алдыңғы жолаушы тарапынан берілетін ауаның температурасы тәуелсіз реттелуі мүмкін → бет 7-13.
- Жүйені қосу/өшіру → бет 7-14.
- Сыртқы ауа режиміне және рециркуляция режиміне ауысу → бет 7-14.
- Ластанған сыртқы ауа жағдайында қозғалыс → бет 7-14.




ЕСКЕРТПЕ

- Өте төмен температурада климаттық орнатуды басқару панелінің экраны кешігіп жұмыс істеуі мүмкін. Бұл ақаулық белгісі болып табылмайды. Бұл әсер салондағы ауа температурасы оң мәндерге жеткен соң жоғалады.

Желәйнек пен бүйір әйнектерді үрлеу

E00773200099



AFA116545

1. режимін қосу үшін, әйнекті үрлеу түймесін басыңыз. Әйнекті үрлеу түймесін басқанда, индикатор (A) қосылады.
2. Жүргізуші жағынан температураны таңдау түймесін пайдаланып, жеткілікті жоғары температураны орнатыңыз.
3. Желдеткіш жылдамдығын таңдау түймесін басу арқылы желдеткіштің қажетті жылдамдығын таңдаңыз.

Әйнекті үрлеу режимін өшіру үшін, әйнекті үрлеу қосқышын, автоматты режимді қосқышты, ауаны беру режимін таңдау түймесін немесе өшіру түймесін басыңыз.



АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қауіпсіздік мақсатында әйнектердің терлеуін болдырмайтын барлық шараларды қабылдау қажет.



АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Ауа беру режимін таңдағанда әйнектердің терлеуіне жол берілмейді. Алайда, кондиционер автоматты түрде қосылмайды және сыртқы ауаны жинау (рециркуляцияға қарсы) басталмайды. Кондиционер мен сыртқы ауаны жинауды қосу үшін, кондиционер қосқышын және ауа жинау режимін таңдау түймесін басыңыз.
- Берілген ауаның минималды температурасының мәнін орнатуға болмайды. Суық ауа әйнекке жіберіледі, бұл олардың терлеуіне әкеледі.

7




ЕСКЕРТПЕ

- Әйнектен ылғалды тез кетіру үшін, температура баптауын және желдеткіш жылдамдығын максимумға дейін қосыңыз.
- Ылғалды тиімді кетіру үшін, бүйірлік дефлекторларды алдыңғы есіктердің әйнектеріне бағыттаңыз.
- Әйнек үрлеу қосқышын басқан кезде, кондиционер автоматты режимде жұмыс істейді, ауа сырттан жиналады (рециркуляция режимі өшірілген). Мұндай режимге, тіпті, автоматты ауа жинау режимі немесе кондиционердің автоматты жұмыс режимі өшірілген болса да, автоматты түрде ауысу әйнектің терлеуіне жол бермеу үшін жүзеге асырылады. “Кондиционердің жұмыс режимін баптау” тарауын қараңыз, бет 7-15.

Жүйенің автоматты режимде жұмыс істеуі

E00773100199



Келесі түрде әрекет ете отырып, кәдімгі жағдайда жүйенің автоматты режимін (AUTO) таңдаңыз:


1. (AUTO) түймесін басыңыз.
2. Ауа температурасын таңдау түймесімен қажетті ауа температурасын орнатыңыз.

Кондиционерді өшіру үшін, OFF түймесін басыңыз.

Бұл ретте ауа беру режимін таңдау, желдеткіштің жылдамдығын реттеу, сыртқы ауаны қайта айналдыру/жинау, температураны реттеу және кондиционерді қосу/өшіру автоматты түрде жүзеге асырылады. Автоматты режим қосқышын (AUTO) басқанда, индикатор (A) қосылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер жүйе автоматты түрде жұмыс істеп тұрғанда, желдеткіш жылдамдығын таңдау түймесі, кондиционер қосқышы, ауа беру режимін таңдау түймесі немесе ауа жинау режимін таңдау түймесі арқылы баптауларды өзгертсеңіз, қолмен таңдалған баптаулар басымдыққа ие болады. Қалған функцияларды басқару автоматты режимде жүзеге асырылады.
- Салондағы ауа температурасы датчигіне (B) әлдебір заттарды қоюға тыйым салынады: бұл оның жұмысында ақауларға әкеледі.



Қол режимінде жүйенің жұмысын басқару


E00773300061

Желдеткіштің жылдамдығын таңдау түймесі мен ауа беру режимін таңдау түймесінің көмегімен қажетті жұмыс режимін таңдап, желдеткіштің жылдамдығын және ауа беру режимін қолмен басқаруға болады.

Желдеткішті айналдыру жылдамдығын баптау

E00773400075


Желдеткіштің айналу жылдамдығын арттыру үшін, ▲ желдеткіштің айналу жылдамдығын таңдау түймесін басыңыз. Желдеткіштің айналу жылдамдығын азайту үшін, ▼ желдеткіштің айналу жылдамдығын таңдау түймесін басыңыз. Дисплейде желдеткіштің айналу жылдамдығы (A) көрсетіледі.




Температураны реттеу

E00773500177

Тиісті температураны таңдау үшін, ▲ түйме жағын басыңыз.
Тиісті температураны таңдау үшін, ▼ түйме жағын басыңыз.
Дисплейде таңдалған температура (A) көрінетін болады.



ЕСКЕРТПЕ

- Климаттық қондырғы дисплейіндегі температураны өлшеу бірліктері көпфункционалдық дисплейдегі сыртқы температураны көрсету бірліктеріне сәйкес келеді.
“Температураны өлшеу бірліктерін таңдау” тарауын қараңыз, бет 5-16.
- Суытқыш сұйықтықтың температурасы төмен болған кезде, жылытқышпен жеткізілетін ауа температура реттегішін жылы ауамен қаптамасыз етуге сәйкес күйге орнатқан кезде де, оның температурасын өзгертпейді. Желәйнек пен бүйір әйнектердің терлеуін болдырмау үшін  ауа беру режимі қосылады, ал қондырғы автоматты режимде жұмыс істеген кезде, желдеткіштің айналу жылдамдығы азаяды.


ЕСКЕРТПЕ

- Егер сіз берілетін ауаның минималды немесе максималды температурасын орнатсаңыз, ауа жинау режимін және кондиционерді қосу/өшіру режимі төменде сипатталғандай басқарылады.
Сонымен қатар, егер автоматты таңдаудан кейін ауа жинау режимін қолмен өзгертсе, қолмен басқару режиміне ауыстырылады.
- Егер температураны баптау максималды мәнге (HI) орнатылса, сыртқы ауа жиналады және кондициялау тоқтатылады.
- Егер температураны баптау минималды мәнге (LO) орнатылса, ауаны рециркуляция режимі қосылады, кондиционер жұмыс істейді.
- Бұл жұмыс режимдері өздігінен орнатылған. Ауа жинау режимі мен кондиционердің жұмыс режимі баптауларын өзгертуге болады; жұмыс жағдайына байланысты сыртқы ауаны беру тәртібін автоматты түрде қосу және кондиционерді қосу тәртібін өзгертуге болады. Барынша толық ақпаратты Сіз MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан ала аласыз. “Кондиционердің жұмыс режимін баптау” тарауын қараңыз, бет 7-15.

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушы тарапынан берілетін ауаның температурасы тәуелсіз реттелуі мүмкін.

E00773600080

Жолаушы (B) тарапынан температураны таңдау түймесін немесе SYNC синхрондау режимінің түймесін басқан соң, бақылау шамы (A) сөндіріледі, бұл жүргізуші мен алдыңғы жолаушы тарапынан берілетін ауа температурасын бөлек реттеу мүмкіндігін көрсетеді.



7

ЕСКЕРТПЕ

- SYNC синхрондау режимінің түймесін басқанда, бақылау шамы (А) қосылады, содан кейін жолаушы жағындағы температура жүргізуші үшін таңдалған температура мәнімен қатар реттеледі.


Бақылау шамы (А) қосылғанда, жолаушы жағындағы температура жүргізуші жағындағы температураны таңдау түймесімен берілген жүргізуші жағындағы температурамен қатар өзгереді.

7

Жүйені қосу/өшіру

E00774100170

Кондиционерді қосу үшін қосқышты басыңыз; бұл ретте индикатор A/C (А) дисплейде пайда болады. Кондиционерді өшіру үшін, осы қосқышты тағы бір рет қосыңыз.




AFA114453

Сыртқы ауа жинау режиміне және рециркуляция режиміне ауыстыру

E00773900070

Ауа жинау режимі осы түймені басу арқылы өзгереді.

- Сыртқы ауа беру: бақылау шамы (А) өшірілі. Салонға ауа сырттан беріледі.
- Салондағы ауа айналымы: бақылау шамы (А) қосулы. Ауа автомобиль салонының ішінде қайта айналады.



AFA114466

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Негізінен, әйнектердің іші терлеуі үшін, сыртқы ауаны жинау режимін пайдалану керек. Ауаның рециркуляция режимінде ұзақ жұмыс істеуі әйнектердің терлеуін тудыруы мүмкін. Салонды желдету үшін мезгіл-мезгіл сыртқы ауа жинау режиміне ауысыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер автомобиль салонын тез және тиімді салқындату қажет болса, рециркуляция режимін қосыңыз.
- Қолмен басқару режимінде AUTO түймесін басқанда, ауа жинау режимі де автоматты түрде бақыланады.
- Суытқыш сұйықтық температурасы белгілі бір мәнге көтерілгенде, ауаны қайта айналдыру режимі және бақылау шамы (А) автоматты түрде қосылады. Бұл жағдайда ауаны жинау режимін таңдау түймесін басқан күннің өзінде, кондиционер сырттан ауа жинау режиміне ауыспайды.

Ластанған сыртқы ауа жағдайында қозғалыс


E00775400053

Егер қоршаған ауа шаңды немесе ластанған болса, мысалы, көлік кептелісі бар туннельде қозғалғанда, ауа жинау режимін таңдау түймесін басу арқылы рециркуляция режимін қосыңыз. “Сыртқы ауа режиміне және рециркуляция режиміне ауысу” тарауын қараңыз, бет 7-14.

Кондиционердің жұмыс режимін баптау

E00774600292

Келесі функцияларды баптау мүмкіндігі бар.

Сипаты	Бапталатын параметр	Зауыттық баптау	Өзгеру тәсілі		
			Климаттық қондырғыны басқару панелі	Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесі*4	mitsubishi motors авторландырылған сервистік орталығы
Рециркуляцияны басқару*1	Рециркуляция және сыртқы ауа жинау режимдері арасында автоматты түрде ауысу функциясын қосады/өшіреді.	Автоматты түрде реттеледі	○	○	○
Кондиционерді қосуды басқару*2	Кондиционерді қосу үшін автоматты немесе қолмен жұмыс режимін орнатады.	Автоматты түрде реттеледі	○	○	○
ECO режимі*3	ECO жұмыс режимі қосылғанда, кондиционердің үнемді жұмыс режимін басқару функциясын қосуға немесе өшіруге мүмкіндік береді (тек ECO ажыратқышы бар автомобильдер үшін).	ECO	—	○	○
Ауа ағынының аяққа берілуі/әйнекті үрлеу арасында таралуы	Режимді таңдау кезінде  ауа беру режимін таңдау түймесі (MODE) сізге ауа мен аяқ арасындағы пропорцияны орнатуға мүмкіндік береді.	Normal (қалыпты баптау)	—	○	○
Ауа ағынының аяққа берілуі/салонның жоғарғы жағы арасында таралуы	 ауа беру режимін таңдау түймесімен режимді (MODE) таңдау кезінде, салонның жоғарғы жағы мен аяқ арасындағы пропорцияны орнатуға мүмкіндік береді.	Normal (қалыпты баптау)	—	○	○

7

Сипаты	Бапталатын параметр	Зауыттық баптау	Өзгеру тәсілі		
			Климаттық қондырғыны басқару панелі	Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесі*4	mitsubishi motors авторландырылған сервистік орталығы
Қозғалтқышты қосқанда, артқы әйнекті жылытуды автоматты түрде қосу	Қозғалтқышты қоршаған ауаның төмен температурасында іске қосқанда, артқы әйнекті жылытуды автоматты түрде немесе қолмен қосу режимін таңдауға мүмкіндік береді.	Өшірулі	—	○	○
Температураны баптау	Егер температураны реттегенде, сізге суық немесе ыстық болсаңыз, салондағы ыңғайлы микроклимат үшін температура мәнін өзгерте аласыз.	Normal (қалыпты баптау)	—	—	○

*1 Егер әйнекті үрлеу қосқышы басулы болса, кондиционердің жұмысын қолмен басқару режимі қосылған болса да, әйнектің терлеуіне жол бермеу үшін, кондиционердің жұмысын сыртқы ауа жинау режиміне автоматты түрде ауыстыру жүзеге асырылады.

*2 Егер әйнекті үрлеу қосқышы басулы болса, кондиционердің жұмысын қолмен басқару режимі қосылған болса да, әйнектің терлеуіне жол бермеу үшін, кондиционер автоматты түрде қосылады.

*3 ECO жүргізудің үнемді режимі қосылғанда, сіз кондиционердің өнімділігі төмендегенін сезе аласыз, өйткені кондиционердің жұмысын жүйе басқарады.

*4 Толық ақпарат Mitsubishi Connect жүйесінің нұсқаулығында келтірілген.

Климаттық орнатуды басқару панелі арқылы баптау

E0077800050

Баптауды*¹ түймесін кемінде 10 секунд ұстап тұру арқылы өзгертуге болады.

- Автоматты режимді өшіргенде, 3 дыбыстық сигнал беріледі, бақылау*² шамы 3 рет жыпылықтайды.
- Автоматты режимді қосқанда, 2 дыбыстық сигнал беріледі, бақылау*² шамы 3 рет жыпылықтайды.

-
- *¹ Кондиционер ажыратқышын басқаруды баптағанда, кондиционер қосқышы қолайлы. Рециркуляцияны басқаруды баптағанда, ауа жинау режимін таңдау түймесі қолайлы.
- *² Кондиционер қосқышын басқаруды баптағанда, дисплейдегі индикатор **A/C** қолайлы. Рециркуляцияны басқаруды баптағанда, ауа жинау режимін таңдау түймесінің бақылау шамы қолайлы.

Ауа тазалау сүзгісі

E00708401988

Автомобильдің кондициялау жүйесіне берілетін ауадан шаң мен ласты кетіретін ауа сүзгісі орнатылған. Сүзгінің шаң мен ласты ұстап тұру қабілеті сүзгілеуші элемент ластанған сайын азаяды, сондықтан оны мезгіл сайын өзгертіп отыру керек. Сүзгілеуші элементті ауыстыру мерзімділігі сервистік кітапшада көрсетілген.



ЕСКЕРТПЕ

- Қолайсыз жағдайларда жұмыс істеген кезде, мысалы, автомобильді шаң жолдарда пайдалану және кондиционерді жиі пайдалану кезінде, сүзгінің қызмет ету мерзімі азаяды. Егер ауа беру күрт төмендесе немесе әйнекті тез терлетсе, сүзгіні ауыстыру керек. MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгінуді ұсынылады.

Ықшам-дискілер ойнатқышы бар LW/MW/FM диапазонының радиоқабылдағышы*

E00708502322

Аудиожүйені оталдыру құлпындағы кілт **ON** немесе **ACC** күйінде болғанда немесе **ON** немесе **ACC** жұмыс режимі қосылған кезде ғана қосуға болады.



ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрғанда, аудиожүйені қосу үшін оталдыру кілтін **ACC** күйіне бұраңыз немесе **ACC** жұмыс режимін қосыңыз.
- Егер оталдыру құлпы **ACC** жағдайында болса немесе **ACC** жұмыс режимі қосылса, белгілі бір кезең өткеннен кейін электр жабдығының қуаты автоматты түрде өшеді және аудиожүйені пайдалану мүмкін болмайды. Егер оталдыру құлпын **ACC** жағдайына ауыстырса немесе қозғалтқышты іске қосу және токтату түймесінің көмегімен **ACC** жұмыс режимін қосса, қорек электр жабдығына қайта беріледі. “**ACC** оталдыру құлпы жағдайында электрмен қоректендіруді автоматты ажырату функциясы”, бет 6-15, “**ACC** жұмыс режимі қосылған кезде электрмен қоректендіруді автоматты ажырату функциясы”, бет 6-18, тарауларын қараңыз.
- Автомобиль салонында ұялы телефонды пайдалану кезінде, аудиожүйенің жұмысында кедергі пайда болуы мүмкін. Бұл аудиожүйенің ақаулық белгісі болып табылмайды. Егер кедергі болса, ұялы телефонды аудиожүйенің компоненттерінен мүмкіндігінше алыс ұстаныңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Аудиожүйенің ішіне бөгде заттар немесе су кірген кезде, сондай-ақ одан түгін немесе ерекше иіс пайда болған кезде, аудиожүйені тез арада өшіріңіз. MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады. Аудиожүйені өз бетінше жөндеуге тырыспаңыз. Аудиожүйені білікті маман тексермейінше пайдаланбаңыз.

Пайдалану кезіндегі маңызды сәттер

E00735500023

iPod/iPhone жазбаларын жаңғырту функциясы*

- Бұл құрылғы iPod/iPhone құрылғыларынан аудио жаңғыртуды қолдайды, бірақ әртүрлі нұсқалардың болуына байланысты жаңғыртуға кепілдік берілмейді.
- iPod/iPhone құрылғыларының моделіне немесе нұсқасына байланысты, басқару әр түрлі болуы мүмкін екенін есте ұстаған жөн.

Құрылғыларды тазалау

E00735700025

- Егер құрылғы лас болса, оны жұмсақ шүберекпен сүртіп алыңыз.
- Егер ластану күшті болса, құрылғыны бейтарап жуғыш заттың сулы ерітіндісіне малынған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз, содан кейін құрғатып сүртіңіз. Осы мақсатта бензинді, еріткіштерді және басқа химиялық заттарқыштарды қолдануға тыйым салынады.

Олар бетін зақымдауы мүмкін.

Сауда маркалары

E00735801515

- Өнім атаулары және басқа да жалқы есімдер авторлық құқық иелері бар сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады.
- Тіпті, бұл өнімдерде сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болмаса да, мұндай құқықтар толығымен сақталуы керек.

Made for



iPod iPhone

“iPod үшін жасалған” немесе “iPhone үшін жасалған” дегеніміз, электрондық құрылғы iPod немесе iPhone-ға қосылу үшін арнайы әзірленген және Apple-дің техникалық стандарттарын сақтау үшін әзірлеуші тарапынан сертификатталған дегенді білдіреді. iPhone, iPod, iPod classic, iPod nano және iPod touch — Apple Inc компаниясының Америка Құрама Штаттарында және басқа елдерде тіркелген сауда белгілері. Apple компаниясы осындай құрылғының жұмысқа қабілеттілігі үшін немесе оның қауіпсіздік стандарттары мен нормаларына сәйкестігі үшін жауапты емес.

ЕСКЕРТПЕ

- iPod және iTunes лицензиялары жеке пайдаланушыларға авторлық құқықпен қорғалмаған материалдарды, сондай-ақ заңды түрде көшіруге және көбейтуге болатын материалдарды жеке ортада жаңғыртуға және жаңғыртуға мүмкіндік береді. Авторлық құқықты бұзуға тыйым салынады.
- Bluetooth® 2.0 интерфейсi бар автомобильдер үшін қосылатын құрылғылардың түрлері әртүрлі болуы мүмкін. Барынша толық ақпаратты MITSUBISHI MOTORS веб-сайтынан алуға болады. Өтініміз, “Басқа компаниялардың веб-сайтарына сілтемелер туралы ескертулер” шарттарымен танысыңыз және келісім беріңіз. Жоғарыда аталған веб-сайттар сыртқы тараптың сайтына қосыла алады: <http://www.mitsubishi-motors.com/en/products/index.html> Bluetooth — BLUETOOTH SIG, INC тіркелген сауда маркасы.

iPod



iPod

5-ші ұрпақ (бейне)
60, 80 Гб



iPod

5-ші ұрпақ (бейне)
30 Гб

iPod classic



iPod classic

160 Гб (2009 ж.)



iPod classic

160 Гб (2007 ж.)



iPod classic

80 Гб

iPod nano



iPod nano

6-ші ұрпақ
8, 16 Гб



iPod nano

5-ші ұрпақ
(бейнекамера)
8, 16 Гб



iPod nano

4-ші ұрпақ (бейне)
8, 16 Гб



iPod nano

3-ші ұрпақ (бейне)
4, 8 Гб



iPod nano


2-ші ұрпақ
(алюминий корпус)
2, 4, 8 Гб



iPod nano

1-ші ұрпақ
1, 2, 4 Гб

AAS013326



Ықшам-дискілермен жұмыс істеу ережелері

E0073590030

Бұл тарауда ықшам-дискілермен жұмыс істеу ережелері түсіндіріледі.

Ықшам дискілермен жұмыс істеу кезіндегі маңызды кезеңдер

- Дискінің жұмыс бетіндегі саусақ іздері немесе басқа ластанудар оқу қателіктерін тудыруы мүмкін. Дискінің жұмыс бетіне қол

тигізбеніз. Дискіні шетінен немесе орталық саңылауынан және шетінен ұстаңыз.

- Қағазды немесе жапсырмаларды дискіге жапсырмаңыз. Бұл дискіге зақым келтіруге себеп болуы мүмкін.
- Егер құрылғыға басқа диск салынған болса, ықшам-дискіні күшпен итермеңіз. Бұл ықшам-дискіге зақым келтіруге немесе ақауға себеп болуы мүмкін.

Тазалау

- Дискінің жұмыс бетін мезгіл сайын тазалап отырыңыз. Тазалау кезінде шеңберлік қимылдардан аулақ болыңыз. Дискінің бетін ортасынан сыртқы жиекке қарай мұқият сүртiнiз.
- Жаңа дискілердің сыртқы жиектерінде және орталық саңылауының шеттерінде қылаулар болуы мүмкін. Олардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Қылаулар болған жағдайда, оларды алып тастау керек, өйткені олар дұрыс жұмыс істемеуге себеп болуы мүмкін.

Ықшам-дискілерді сақтау кезіндегі маңызды сәттер

- Ықшам-дискілер қолданылмаған кезде, оларды қораптарда сақтау және тікелей күн сәулесінен қорғау керек.
- Егер диск ұзақ уақыт пайдаланылмайды деп болжанса, оны осы құрылғыдан шығарыңыз.

Ықшам дискіні жаңғырту орындалатын жағдайлар

Егер суық ауа-райында, мысалы қыста,

автомобиль интерьеріндегі ауа температурасы төмен болса, жылытқышты қосып, ықшам-дискіні аудиожүйеге салыңыз, дискінің жұмыс бетінде және жүйенің ішкі оптикалық элементтерінде конденсация (су тамшылары) пайда болуы мүмкін. Бұл жүйе жұмысына қателіктер тудыруы мүмкін. Мұндай жағдайларда ықшам-дискіні жүйеден шығарып, біраз уақыт күте тұрыңыз.





Авторлық құқықтарды қорғау

Рұқсатсыз көшіру, хабар тарату және көпшілік алдында сөз сөйлеуде пайдалану, дискілерді прокаттау, яғни дискілерді жеке пайдалану шегінен шығатын әрекеттер заңмен тыйым салынған.

Жүйе қолдайтын ықшам-дискілердің түрлері

E00736001035

Заттаңбаға, қорапқа немесе дискілердің қаптамасына келесі таңбалар салынады.

Түрі	Өлшемі	Жазбаның максималл ұзақтығы	Түсініктемелер
CD-DA 	12 см	74 мин	—
CD-TEXT 	12 см	74 мин	—
CD-R/RW  	12 см	—	• MP3 форматтағы файлдары бар ықшам-диск

Жаңғыртылуы мүмкін емес дискілер


- “Жүйе қолдайтын ықшам-дискілердің түрлері” тарауында көрсетілген дискілерден ерекшеленетін дискілерді жаңғырту мүмкіндігіне кепілдік берілмейді.
- Өлшемі 8 см дискілерді пайдалануға тыйым салынады.
- Ақаулықты болдырмау үшін, стандартты емес пішінді дискілерді, мысалы, жүрек тәрізді дискілерді пайдалануға тыйым салынады. Сонымен қатар, мөлдір бөліктері бар дискілерді жаңғырту мүмкін болмауы мүмкін.
- Жазу сессиясы аяқталмаған ықшам-дискілер ойнатылмайды.
- Егер ықшам-диск жазу құрылғысы немесе

компьютер арқылы дұрыс форматта жазылса және бағдарламалық жасақтаманың дұрыс баптаулары мен параметрлерін қолданса да, ықшам-дискіні жаңғырту белгілі бір ықшам-дискінің ерекшеліктеріне байланысты, дискідегі зақымдардың, белгілердің, ластың немесе немесе осы құрылғының ішіндегі линзадағы конденсаттың болуына байланысты мүмкін болмауы мүмкін.

- Ықшам-дискіге байланысты кейбір функциялар немесе дискіні оқу қолжетімсіз болуы мүмкін.
- Сызатталған немесе деформацияланған ықшам-дискілерді пайдаланбаңыз.
- Егер ықшам-дискіде жапсырмалар, жапсырмалар немесе желімнің қалдықтары болса, оны пайдаланбаңыз.
- Сәндік заттаңбалары немесе жапсырмалары бар ықшам-дискілерді пайдалану ұсынылмайды.

Стандартты емес ықшам-дискілер

Бұл құрылғы музыкалық ықшам-дискілерді ойната алады, бірақ ықшам-дискілердің стандарттарына қатысты келесі ұсыныстарды ескеру қажет:

- Сіз бетінде  таңбасы бар ықшам-дискілерді пайдаланып отырғаныңызға көз жеткізіңіз.
- Стандартты емес дискілерді жаңғыртуға кепілдік берілмейді. Тіпті, жаңғырту мүмкін болса да, жоғары дыбыс сапасына кепілдік берілмейді.
- Стандартты емес ықшам-дискілерді жаңғырту кезінде келесі жағдайлар туындауы мүмкін:
 - Жаңғырту кезіндегі шу.
 - Біркелкі жаңғыртпау.

- Дискіні танудың мүмкін еместігі.
- Алғашқы жазбаны жаңғыртудың мүмкін еместігі.
- Кәдімгі ықшам-дискілермен салыстырғанда, жаңғыртуды бастауға дейін көп уақыт қажет.
- Жаңғыртуды бастау жазбаның басынан басталмайды;
- Жаңғырту кезінде кейбір фрагменттерді өткізіп жіберу.
- Жазбаны жаңғыртуды тоқтату.
- Жазбалардың дұрыс көрінбеуі.

Аудиофайлдар (MP3/WMA/AAC)

7

E00736100026

Бұл аудиожүйе CD-ROM, CD-R/RW дискілерінде немесе USB құрылғыларының жадында жазылған MP3/WMA/AAC форматындағы файлдары ойната алады.

Файлдар мен медианы пайдалануға шектеулер бар, сондықтан MP3/WMA/AAC аудио файлдарын дискілерге немесе USB құрылғыларына жазбас бұрын, алдымен келесі ақпаратпен танысу керек. Барлық операцияларды дұрыс орындау үшін, CD-R/RW жетегін және жазу үшін қолданылатын бағдарламалық жасақтаманы пайдалану нұсқаулығын оқыңыз. Егер MP3/WMA/AAC аудиофайлдарында тақырып туралы ақпарат және басқа ақпарат болса, онда бұл деректер дисплейде көрсетіледі.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Бір реттік жазылатын ықшам-дискілері мен бірнеше жазба ықшамдискілерін тек MP3 форматындағы аудиофайлдарды жаңғырту үшін пайдалануға болады.
- Музыкалық дискілерді немесе файлдарды көшіру, оларды ақысыз немесе ақылы түрде тарату, интернет арқылы немесе басқа тәсілдермен серверлерге жүктеу сияқты әрекеттер заңсыз болып табылады.
- “.mp3”, “.wma” немесе “.m4a” кеңейтулерін MP3/WMA/AAC форматындағы файлдармен ғана жүргізіңіз. Қате форматты көрсететін файлдар жазылған дискілерді жаңғырту тым жоғары дыбыс деңгейімен сүйемелденуі мүмкін, бұл динамиктердің зақымдалуына немесе аварияға әкелуі мүмкін.

7

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Жазу құрылғысының немесе бағдарламалық жасақтаманың күйіне байланысты жаңғырту дұрыс орындалмауы мүмкін. Мұндай жағдайларда жабдықты немесе бағдарламалық жасақтаманы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты оқып шығыңыз.
- Пайдаланылған операциялық жүйеге, оның нұсқасына, бағдарламалық жасақтамаға немесе файл баптауларына байланысты кеңейтілімдер тағайындалмауы мүмкін. Мұндай жағдайларда файлдарды көшіру кезінде .mp3, .wma немесе .m4a кеңейтілім файлдарын тағайындау керек
- Жаңғырту үшін файл өлшемі 2 Гб-тан аспауы керек.

Деректердің қолдау көрсетілетін форматтары

E00736201109


Дискілерден (CD-ROM, CD-R/RW) және USB құрылғыларынан жаңғырту кезінде қолдау көрсетілетін деректер форматтары әртүрлі.

Деректер форматы	Ықшам-диск	USB-құрылғы
MP3	O	O
WMA	X	O
AAC	X	O

Папкалардың құрылымы

E00736300031

Жүйе сегіз деңгейден тұратын папка құрылымын тани алады Жазбаларды басқару үшін Жанр — Орындаушы — Альбом — Жазба (MP3/WMA/AAC форматтағы файлдар) сияқты папкалар құрылымын жасауға болады.



AA300881G

Сипаты	Сипаттамасы	Толық мән-жайы	
Формат сипаттамалары	ISO 9660	1 деңгейі (Level 1)	Файл үшін максималды саны — 8 символ, цифрдың 3 символын кеңейту үшін “ ” символын пайдалануға болады.
	ISO 9660 файлдық жүйесін кеңейту	Joliet	64 таңбаға дейінгі файл атауларын пайдалануға рұқсат етіледі.
Көпессиялық дискілер	Қолдау көрсетілмейді (тек бірінші сессияға қолдау көрсетіледі).		
Деңгейлердің максималл саны	8 деңгей (түбірлік каталог 1 деңгей болып табылады).		
Папкалардың максималл саны	Түбірлік каталогы қоса алғанда, 700 папка		
Папкалардың максималл саны* ¹	65 535 файл (тасымалдаушыдағы файлдардың жалпы саны; форматы MP3, WMA және AAC-тан өзгеше файлдар есепке алынбайды).		
Файлдар мен папкалардың атауларын шектеу	64 байттан аспайды (Unicode кодтау үшін — 32 символ). Атауларының ұзындығы осы мәннен асатын файлдар мен папкалар жүйе арқылы көрсетілмейді және ойнатылмайды.		
USB қолдау көрсетілетін форматтары	Ұсынылған файлдық жүйе — FAT32. Тек қана 1-ші тарау.		

*¹ MP3/WMA/AAC форматынан ерекшеленетін файлдар ескерілмейді. Алайда, көптеген жазбаларды бір папкада сақтаған кезде, олардың саны рұқсат етілген максималды мәннен аспаса да, кейбір жазбаларды құрылғы танымайды. Мұндай жағдайларда жазбаларды бірнеше папкаға тарату ұсынылады.



ЕСКЕРТПЕ

- Бұл жүйеде папкалар мен файлдарды көрсету тәртібі компьютер экранында көрсету тәртібінен өзгеше болуы мүмкін.

MP3 форматы деген не?

E00736400029

MP3 — MPEG-1 Audio Layer 3 аббревиатурасы. MPEG — бейнедискілерде және т.б.

қолданылатын Motion Picture Experts Group бейнеақпаратын сығымдау стандартының қысқартылған атауы.

MP3 — бұл MPEG стандартымен реттелетін аудио деректерді сығымдау әдістерінің бірі. Бұл әдіс адамның құлағынан тыс немесе аса қатты дыбыстармен жасырылған дыбыстық жиіліктердің сапасын төмендетеді. Осының арқасында аз мөлшерде деректердің жоғары сапасы қамтамасыз етіледі.

Бұл музыкалық дискідегі жазбалардың көлемін дыбыс сапасының айтарлықтай төмендеуінсіз шамамен 10 есе азайтуға мүмкіндік береді, яғни бір CD-R/RW дискісін шамамен 10 музыкалық диск жазуға болады.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Стандарттан өзгеше MP3 файлдары дұрыс ойнатылмауына немесе файл/папка атауларының дұрыс көрсетілмеуіне себеп болуы мүмкін.

Қолдау көрсетілетін MP3 файл стандарттары

Төменде қолдау көрсетілетін MP3 файлдарының сипаттамалары берілген.

Сипаты	Толық мән-жайы
Сипаттамасы	MPEG-1 AUDIO LAYER3
	MPEG-2 AUDIO LAYER3
Дискреттеу жиілігі, кГц	MPEG-1: 32; 44,1; 48 MPEG-2: 16; 22,05; 24
Битрейт, Кбит/с	MPEG-1: 32-320 MPEG-2: 8-160
VBR (өзгермелі битрейт)	Қолдау көрсетіледі
Арналар режимі	Стерео, жинақталған стерео, қос арна, монофондық
Файлды кеңейту	mp3
Тегтер туралы қолдау көрсетілетін ақпарат	ID3-тегтер, 1.0 нұсқасы, 1.1 нұсқасы, 2.2 нұсқасы, 2.3 нұсқасы, 2.4 нұсқасы (ISO-8859 - 1, UTF-16 (Unicode)), тақырыптар, орындаушының аты, альбом атауы

Сипаты	Толық мән-жайы
Дисплейде көрсетілетін таңбалардың максималды саны	64 символ

WMA форматы деген не?

E00736600021

WMA — бұл Microsoft әзірлеген Windows Media Audio аудио деректерін сығымдау форматының аббревиатурасы. Бұл формат MP3 форматына қарағанда күшті сығымдауды қамтамасыз етеді.

7

ЕСКЕРТПЕ

- Microsoft, Windows Media және Windows - бұл Microsoft корпорациясының АҚШ пен басқа елдердегі тіркелген сауда белгілері.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- WMA форматы цифрлық құқықтарды (DRM) басқаруды қолдайды. Бұл құрылғы WMA файлдарын осы технологиямен қорғалған жағдайда ойната алмайды.
- Стандарттан өзгеше WMA файлдары дұрыс ойнатылмауына немесе файл/папка атауларының дұрыс көрсетілмеуіне себеп болуы мүмкін.
- Pro, Lossless және Voice стандарттары қолданылмайды.

Қолдау көрсетілетін WMA файл стандарттары

Төменде қолдау көрсетілетін WMA файлдарының сипаттамалары берілген.

Сипаты	Толық мән-жайы
Сипаттамасы	Windows Media Audio Version 7.0, 8.0, 9.0
Дискреттеу жиілігі, кГц	32; 44,1; 48
Битрейт, Кбит/с	48-320
VBR (өзгермелі битрейт)	Қолдау көрсетіледі
Арналар режимі	Стерео, монофондық
Файлды кеңейту	wma
Тегтер туралы қолдау көрсетілетін ақпарат	WMA тегтері, жазба атауы, орындаушының аты, альбом атауы
Дисплейде көрсетілетін таңбалардың максималды саны	64 символ

AAC форматы деген не?

E00736800023

AAC — бұл MPEG-2 және MPEG-4-ге қолданылатын Advanced Audio Coding сығымдау стандартының аббревиатурасы. Бұл формат MP3-ке қарағанда 1,4 есе көп сығымдау коэффициентіне ие және онымен салыстырылатын сапаны қамтамасыз етеді.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- AAC форматы цифрлық құқықтарды (DRM) басқаруды қолдайды. Бұл құрылғы AAC файлдарын осы технологиямен қорғалған жағдайда ойната алмайды.
- Стандарттан өзгеше AAC файлдары дұрыс ойнатылмауына немесе файл/папка атауларының дұрыс көрсетілмеуіне себеп болуы мүмкін.

Қолдау көрсетілетін AAC файл стандарттары

Төменде қолдау көрсетілетін MP3 файлдарының сипаттамалары берілген.

Сипаты		Толық мән-жайы
Сипаттамасы		Advanced Audio Coding MPEG4/AAC-LC MPEG2/AAC-LC
Дискреттеу жиілігі, кГц	MPEG4	8; 11,025; 12; 16; 22,05; 24; 32; 44,1; 48
	MPEG2	8; 11,025; 12; 16; 22,05; 24; 32; 44,1; 48
Битрейт, Кбит/с	MPEG4	8-320
	MPEG2	8-320
VBR (өзгермелі битрейт)		Қолдау көрсетіледі
Арналар режимі		Стерео, монофондық
Файлды кеңейту		m4a
Тетгер туралы қолдау көрсетілетін ақпарат		AAC немесе ID3 тетгері, тақырыбы, орындаушының аты, альбом атауы
Дисплейде көрсетілетін таңбалардың максималды саны		64 символ

Пайдаланушыға арналған қауіпсіздік жөніндегі маңызды ақпарат

E00737000035

Бұл құрылғы көрнекі индикациямен, сондай-ақ меншікке зақым келтірмеу үшін, оны Сіздің дұрыс және қауіпсіз пайдалануыңыз үшін, пайдалануға қатысты нұсқаулармен жабдықталған.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Жүргізуші қозғалыс кезінде дисплейге тым көп алаңдамауы керек. Бұл жүргізушіні жолдан алшақтатуы мүмкін, мұның өзі аварияға әкелуі мүмкін.
- Жүргізуші қозғалыс кезінде күрделі операцияларды орындамауы керек. Қозғалыс кезінде күрделі операцияларды орындау кезінде жүргізуші жолдан адасып кетуі мүмкін, бұл аварияға әкелуі мүмкін. Сондықтан, мұндай операцияларды орындаудан бұрын, автомобильді қауіпсіз жерде тоқтату керек.
- Егер ол ақаулы болса, мысалы, дыбыс болмаса, бұл құрылғыны пайдалануға тыйым салынады. Бұл апатқа, өртке немесе электр тогына әкелуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Су немесе басқа бөгде заттар құрылғыға түспеуін қадағалау керек. Бұл түтінге немесе өртке әкелуі мүмкін, электр тогының соғуына немесе дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.
- Ықшам-диск ұясына бөгде заттарды салуға тыйым салынады. Бұл өртке, электр тогының соғуына немесе зақымдануға әкелуі мүмкін.
- Осы құрылғыға бөгде заттар немесе су түскеннен, түтін немесе бөтен иіс пайда болғаннан кейін туындаған ақаулықтар жағдайында, құрылғыны пайдалануды тез арада тоқтатып, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз. Егер Сіз құрылғыны пайдалануды жалғастырсаңыз, ол жазатайым оқиғаға, өртке немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны бөлшектемеңіз және оның конструкциясына ешбір өзгерістер енгізбеңіз. Бұл ақаулыққа, өртке немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.
- Найзағай кезінде антеннаға немесе осы құрылғыға қол тигізуге тыйым салынады. Бұл найзағайдан электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Осы құрылғының желдету тесіктерін немесе жылу бөлгіштерін жабуға тыйым салынады. Желдеткіш саңылауларын немесе жылу бөлгіштерді жапқан кезде, жылу құрылғыдан бөлінбейді, бұл өртке немесе ақаулыққа әкелуі мүмкін.
- Қозғалыс кезінде дыбыс деңгейін автомобиль сыртында дыбыстар естілмейтін деңгейге дейін көтеруге тыйым салынады. Егер автомобиль сыртындағы дыбыстар естілмесе, бұл аварияға әкелуі мүмкін.
- Қолыңызды немесе саусағыңызды ықшам дискінің ұясына салмаңыз. Жарақат алынуы мүмкін.

7


Аудиожүйені басқару органдары

E00737100023

Қоректі қосу/өшіру (ON/OFF)

E00737201210

1. PWR/VOL түймесін басыңыз (дыбыс деңгейін реттеу және қуатты қосу/өшіру).



AA0113377

- Құрылғы өшірілгенге дейін пайдаланылған жаңғырту режимінде қосылады.
2. PWR/VOL түймесін басыңыз. Құрылғы өшеді.


📖 ЕСКЕРТПЕ

- Сондай-ақ, рөл дөңгелегіндегі MODE түймесін басып, ұстап тұру арқылы аудиожүйені қосуға және өшіруге болады.

Дауыс деңгейін реттеу

E00737300025

1. Таңдалған параметрді реттеу үшін PWR/VOL, реттегішін бұраңыз.



AA0113380

Дыбыс деңгейін көтеру үшін PWR/VOL реттегішін сағат тілімен және дыбыс деңгейін төмендету үшін сағат тіліне қарсы бұраңыз.


📖 ЕСКЕРТПЕ

- Дыбыс деңгейінің максималл мәні — 45, минималл мәні — 0.
- Өздігінен дауыс деңгейі 17 мәнге бапталған.


Ықшам-дискіні орнату және шығарып алу

E00737401137

1. Дискіні заттаңбасымен ықшам-диск ұясына салыңыз.



Аудиожүйе дискіні жүктеп болғанша, ықшам-дискіні сәл басып, алға қарай жылжытыңыз, содан кейін жаңғырту басталады.


2. Түймесін басыңыз . Бұл ретте диск жүйеден шығарылады, содан кейін дискіні шығарып алуға болады.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Ықшам-дискілерді ауыстырған кезде, алдымен автомобильді тоқтауға рұқсат етілген қауіпсіз жерде тоқтатыңыз.
- Қолыңызды, саусақтарыңызды немесе бөгде объектілерді ықшам-дискінің ұясына салмаңыз. Бұл жаракатқа, түтінге немесе өртке әкелуі мүмкін.
- Диаметрі 8 см-лік ықшам-дискілерге қолдау көрсетілмейді.

Папкалардың тағайындалуы

Мұнда әр түйменің атаулары мен функциялары сипатталған.



AA1008825

1 — түйме ▲

Дискіні шығарып алу үшін пайдаланылады.

2 — 3 түйме ◀◀ / 4 түйме ▶▶

Ағымдағы жазбаны тікелей/кері ретпен жылдам жаңғырту үшін қолданылады. Радио тыңдау кезінде олар 3 және 4 жады түймелері ретінде қолданылады.

3 — 2 RDM түймесі

Жазбаларды кездейсоқ жаңғырту режимі, радио тыңдау кезінде 2 жады түймесі ретінде қолданылады.

4 — 1 RPT түймесі

Жазбаларды кездейсоқ жаңғырту режимі, радио тыңдау кезінде 1 жады түймесі ретінде қолданылады.

5 — RADIO түймесі

Радиоқабылдағышты қосу және диапазондарды қайта қосу.

6 — PWR/VOL түйме/реттегіш

Дыбыс деңгейін реттеу және қоректі қосу/өшіру.

7 — MEDIA түймесі

Ықшам-диск және басқа көздер арасында ауысу.

8 — DISP түймесі

Дисплейде көрсетілген ақпаратты ауыстыру.

9 — PTY/SCAN түймесі

Жазбаларды сканерлеу режимінде жаңғырту, радио тыңдау кезінде радио түрін (PTY) іздеу үшін қолданылады.

10 — TP түймесі

Жол қозғалысы туралы хабарлама алу.

11 — ықшам-дискіге арналған ұя

12 — PAGE түймесі

Дисплейде көрінетін беттерді парақтау.

13 — 5 түйме Bt

Bluetooth® интерфейсі бар құрылғыдан жазбаларды жаңғыртуды/тоқтату*. Радио тыңдау кезінде олар 5 жады түймесі ретінде қолданылады.

14 — 6 түйме Bt

Bluetooth® интерфейсті аудиокұрылғылардан жазбаларды жаңғырту/жаңғыртуды тоқтату*. Радио тыңдау кезінде олар 6 жады түймесі ретінде пайдаланылады.

15 — I◀◀ түйме / ▶▶I түйме

Аудиожазбаларды жаңғырту кезінде жазб/файлды таңдау үшін пайдаланылады. Радио тындау кезінде радиостанцияны, топты немесе қызметті автоматты түрде таңдау үшін пайдаланылады.

16 — MENU түймесі

Мәзір режиміне ауысу.

17 — түйме/реттегіш  /SEL


Дыбыс сапасын реттеу және мәзірдегі позицияларды таңдау.

Тындау кезінде радио станцияларды қолмен таңдау үшін қолданылады.

* Жабдықтың түрін ескере отырып, Bluetooth® интерфейсі бар бөлек сатып алынған аудио құрылғының болуын талап етеді (Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автомобильдер үшін).

Рөл дөңгелегіндегі аудиожүйені қашықтықтан басқару түймелері

E00737601982



AF0016154

1 — түйме ▲, түйме ▼

Аудиожүйе мен ұялы телефонның дыбыс деңгейін реттеу.

2 — түйме ◀, түйме ▶

Ықшам-дискідегі және басқа дыбыс көзіндегі жазбаларды таңдау, сонымен қатар радиостанцияларды таңдау.

Бірнеше жазбаларды алға және артқа жылжыту үшін басып тұрыңыз.

3 — MODE түймесі

Аудиожүйені қосу/өшіру үшін басып, ұстап тұрыңыз. Сондай-ақ, осы түймені әр қысқа әр басқан сайын, дыбыс көздері арасында ауысу орын алады. Ауыстыру тәртібі төменде көрсетілген. Егер кез-келген құрылғы қосылмаған болса, ол өткізіп жіберіледі және келесі көз таңдалады.



AA0114084

*1: iPod кабелі қажет етіледі (бөлек сатып алынады).

*2: Бөлек сатып алынатын Bluetooth® интерфейсі бар аудиоқұрылғының болуы қажет етіледі (Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автомобильдер үшін).

*3: DAB тонерін қосу қажет етіледі.

Радио тындау

E0073770003:

Бұл бөлімде FM, MW және LW диапазондарындағы радиостанцияларды қалай тындау керектігі түсіндіріледі.

Радио тындау

Диапазонды ауыстыру үшін RADIO түймесін басыңыз.


Ауысу FM1, FM2, FM3, MW және LW диапазондары арасында жүреді.





Таңдалған диапазон дисплейде көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Ауыстыру диапазоны төменде көрсетілген. FM1, FM2, FM3, DAB1*, DAB2*, DAB3*, MW және LW.
- * Егер DAB тюнері қосылған болса.


Қолмен таңдау / радиостанцияны іздеу

Тыңдайтын станцияның жиілігін орнату үшін реттегішті /SEL бұраңыз.

Түйме/ реттегіш  /SEL (сағат тіліне қарсы)	Қабылданатын жиілік мәні азаяды.
Түйме/ реттегіш  /SEL (сағат тілімен)	Қабылданатын жиілік мәні ұлғайтады.
 I түйме (басу және ұстап тұру)	Радиостанцияны іздеуді бастау үшін, түймені босатыңыз.
I  түйме (басу және ұстап тұру)	Станция табылған кезде, сканерлеу тоқтайды.

Радиостанцияны жадыға енгізу

Түймені басу арқылы оны шақыру үшін, сіз радиостанцияның жиілігін жадыға қоса аласыз.

1. Жадыға енгізіңіз келетін жиілікті реттеңіз.
2. 1 RPT түймесінен б  түймесіне дейін кез-келген түймені басып, ұстап тұрыңыз.

Дыбыстық сигнал тиісті жады түймесінің жадына жиілікті енгізуді растайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Жадыға әр диапазон үшін алтаудан аспайтын радиостанция қосуға болады (FM1, FM2, FM3).
- Жады ұяшығында радиостанция тіркелген түймені таңдағанда, жана жиілік қайта жазылады.
- Жады түймесін басқан кезде, бұрын жадыға енгізілген жиілік таңдалады.

Auto Memory функциясы (радиостанциялардың жиілігін автоматты түрде жадыға енгізу)

Жады түймелеріне сәйкес келетін ретпен ең күшті кему сигналы бар 6 радиостанцияның жиілігі жадыға енгізіледі. RADIO түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

Радиостанциялардың жиіліктерін жаққа автоматты түрде енгізу аяқталғаннан кейін жиілігі түйменің жады ұяшығында тіркелген радиостанцияны қабылдау басталады [1].

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ


- Бұрын жадыға енгізілген жиіліктер қайта жазылатынын есте сақтаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- FM1 және FM2 диапазондары үшін жады ұяшықтарын толтырған кезде, радио жиіліктерін жадыға автоматты түрде енгізу функциясы FM3 диапазонына ауысады.

Радиохабар түрі (PTY) бойынша іздеу

PTY (радиохабар түрі) таңдаңыз, радиостанцияларды автоматты түрде іздеу басталады.

1. Радиобақылағыш FM диапазонында жұмыс істеген кезде, PTY/SCAN түймесін басыңыз. Жүйе PTY таңдау режиміне ауысады.
2. PTY таңдау үшін реттегішті /SEL бұраныз. Дисплейде PTY (радиохабар түрі) индикаторы жыпылықтай бастайды және радиостанцияларды іздеу автоматты түрде басталады. Радиостанцияны қабылдау кезінде, дисплейде оның атауы көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Радио бірінші табылған станцияны қабылдай бастайды.
- Қабылдау басталғаннан кейін 10 секундтан кейін PTY іздеу режимі жойылады.

ДАВ цифрлық радиохабарды жаңғырту*

E00739100014

Бұл тарауды ДАВ цифрлық радиохабар форматында радиостанцияларды жаңғырту сипатталады.





ДАВ цифрлық радиохабар форматында радиостанцияларды жаңғырту





1. Диапазонды ауыстыру үшін RADIO түймесін басыңыз.
DAB1, DAB2 және DAB3 диапазондары арасында ауысыңыз.
Таңдалған диапазон дисплейде көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Ауыстыру диапазоны төменде көрсетілген. FM1, FM2, FM3, DAB1, DAB2, DAB3, MW және LW.

Сервисті таңдау

1.  немесе  түймесін басып, ұстап тұрыңыз.
Құрылғы негізгі қызметтерді қолжетімді топтарда қабылдайды.
2. Сервисті таңдау үшін  немесе  түймесін басыңыз.


 түйме (басу және ұстап тұру)	Құрылғы автоматты түрде азаю бағытында топтарда қолжетімді қызметтерді қабылдайды.
 түйме (басу және ұстап тұру)	Құрылғы автоматты түрде ұлғаю бағытында топтарда қолжетімді қызметтерді қабылдайды.
Түйме 	Сервистерді азаю бағытында ауыстырады.
Түйме 	Сервистерді ұлғаю бағытында ауыстырады.

ЕСКЕРТПЕ

- Бірінші немесе соңғы хабар тарату арнасына ауысу орын алады; арналардың ішінде келесі қызметке өту орын алады.

Сервисті жадыға енгізу

Сіз түймені бір рет басу арқылы оны шақыру үшін, сервисті жадыға енгізе аласыз

1. Жадыға енгізгіңіз келетін сервиске реттеліңіз.
2. 1 RPT түймесінен  түймесіне дейін кез-келген түймені басып, ұстап тұрыңыз.
Дыбыстық сигнал тиісті жады түймесінің жадына жиілікті енгізуді растайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Жады ұяшығында радиостанция тіркелген түймені таңдағанда, жаңа жиілік қайта жазылады.
- Жады түймесін басқан кезде, бұрын жадыға енгізілген сервис баспауы таңдалады.

Сервисті іздеу

Қолжетімді топтар мен сервистерді ізденіз.

1. Топты таңдау үшін реттегішті **▶/SEL** бұраңыз.
2. **▶/SEL** түймесін басыңыз. Дисплейде таңдалған топтағы сервис атауы көрсетіледі.
3. Сервисті таңдау үшін **▶/SEL** реттегішін бұраңыз.
4. **▶/SEL** түймесін басыңыз. Таңдалған сервисті жаңғырту басталады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер сервис атауы үшін мәтіндік ақпарат қолжетімсіз болса, дисплейде ешнәрсе көрсетілмейді.
- Егер 10 секунд ішінде ешқандай әрекет жасалмаса, сервистерді іздеу режимі жойылады.

Радиохабар түрі (PTY) бойынша іздеу

PTY (радиохабар түрі) таңдаңыз, сервистерді автоматты түрде іздеу басталады.

1. PTY/SCAN түймесін басыңыз. Жүйе PTY таңдау режиміне ауысады.

2. PTY таңдау үшін реттегішті **▶/SEL** бұраңыз.
3. **◀◀** немесе **▶▶** түймесін басыңыз. Жүйе PTY сервистерін іздеуді бастайды.

Түйме ◀◀	Жүйе PTY іздеуді азаю бағытында бастайды
Түйме ▶▶	Жүйе PTY іздеуді ұлғаю бағытында бастайды

ЕСКЕРТПЕ

- PTY таңдау кезінде PTY алдын-ала орнатуға ауысу үшін кез-келген түймені басыңыз: 1 RPT түймесінен 6 **➡** түймесіне дейін
- PTY-ді таңдағанда, жадыға енгізу үшін PTY таңдаңыз және PTY-ді алдын-ала баптауларын жадыға енгізу үшін. 1 RPT түймесінен 6 **➡** түймесіне дейін кез-келген түймені басып тұрыңыз.
- Егер PTY таңдау режимінде 2 секунд ішінде ешбір әрекет жасалмаса, таңдалған PTY аясында іздеу ұлғаю бағытында басталады.

Жол қозғалысы туралы ақпарат

E00739200015

Бұл тарауда жол қозғалысы туралы хабарламаларды қалай тыңдау керектігі сипатталған.

Жол қозғалысы туралы хабарламаларды тыңдау

1. MW немесе LW-ден басқа диапазонда радио тыңдау кезінде, TP түймесін басыңыз. Егер жол қозғалысы туралы хабарлар таратылса, олар ойнатылатын болады.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- MW немесе LW диапазонындағы сигналдарды қабылдау кезінде жол қозғалысы туралы хабарламалар қабылданбайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Жол қозғалысы туралы хабарламаларды қабылдау кезінде дисплейде TRAF INF көрсеткіші көрсетіледі, ал егер мәтіндік ақпарат болса, радиостанцияның атауы көрсетіледі.
- Жол жүрісі туралы хабарларды трансляциялау кезінде, аудиожүйенің көлемі жол жүрісі туралы алдыңғы хабарларды немесе шұғыл хабарларды қабылдау кезінде қолданыста болған мәнге белгіленеді. Кейінгі радиохабарлар жол қозғалысы туралы хабарламалар немесе шұғыл хабарламалар сияқты дыбыс деңгейімен трансляцияланады.

Жол қозғалысы туралы хабарламаларды күту режимі

Бұл режимде, жол қозғалысы туралы хабарларды тарату басталған жағдайда, радио автоматты түрде жол қозғалысы туралы хабарларды жеткізетін радиостанцияға ауысады.

1. MW немесе LW-ден басқа диапазонда радио тыңдау кезінде, TP түймесін басыңыз. Дисплейде TP көрсеткіші көрсетіледі және жүйе күту режиміне ауысады. Егер жол қозғалысы туралы хабарлар таратылса, олар ойнатылатын болады.
2. MW немесе LW-ден басқа диапазонда радио тыңдау кезінде, TP түймесін басыңыз. TP индикациясы дисплейден жоғалады және күту режимі жойылады.



АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- MW немесе LW диапазонында сигналдар қабылдау кезінде, жол қозғалысы туралы хабарламалар күту режимі күшін жояды.

Ықшам-дискілерді жаңғырту

E0073780059

Бұл тарауда ықшам-дискілерді жаңғырту туралы ақпарат келтірілген (CD-DA/CD-TEXT).

Ықшам-дискілерді жаңғырту

Ықшам-дискіні салыңыз.

Жаңғыртуды автоматты түрде іске қосу үшін ықшам-дискіні салыңыз “Ықшам-дискіні орнату және шығарып алу” тарауын қараңыз (бет 7-26). Егер диск ойнатқышқа жүктелген болса, ықшам-дискіні дыбыс көзі ретінде таңдау үшін, MEDIA түймесін басыңыз.

Жазбаны таңдау

Жазбаны таңдау үшін |◀◀ немесе ▶▶| түймесін басыңыз.

Осы түймелердің көмегімен келесі немесе алдыңғы жазбаны таңдау жүзеге асырылады.

Ағымдағы жазбаны тікелей/кері ретпен жылдам жаңғырту

3 ◀◀ немесе 4 ▶▶ түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

Бұл түймелер ағымдағы жазбаны тікелей/кері ретпен жылдам жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Жаңғырту режимдерінің өзгеруі

Қайта жаңғырту, жазбаларды кездейсоқ жаңғырту немесе сканерлеу режимінде жаңғырту режимдерін таңдауға болады.

Қайта жаңғырту режимі (RPT)

1 RPT түймесін басыңыз.

Ағымдағы жазбаны қайта жаңғырту.



ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайта басқан кезде, бұл режим жойылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Жазбаны таңдау, дискіні шығару, ағымдағы жазбаны тікелей / кері ретпен жылдам жаңғырту кезінде, бұл режим жойылады.

Кездейсоқ тәртіпте папкадағы жазбаларды қайта жаңғырту режимі (RDM)

2 RDM түймесін басыңыз.

Дискідегі жазбаларды кездейсоқ ретпен жаңғыртылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайта басқан кезде, бұл режим жойылады.
- Дискіні шығарған кезде, бұл режим жойылады.

Сканерлеу (SCAN) режимінде жаңғырту

PTY/SCAN түймесін басыңыз.

Ықшам-дискідегі әр жазбаның алғашқы 10 секундында ретімен жаңғырту.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер Сіз осы режимде ойнатылатын жазбаны тыңдағыңыз келсе, осы түймені қайта басыңыз, жазба қалыпты режимде ойнатылады.

Файлдарды MP3 форматта жаңғырту

E00737900034

Бұл тарауда ықшам-дискіден аудиофайлдарды қалай жаңғырту керектігі түсіндіріледі.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Бір реттік жазылатын ықшам-дискілері мен бірнеше жазба ықшамдискілерін тек MP3 форматындағы аудиофайлдарды жаңғырту үшін пайдалануға болады.

Файлдарды MP3 форматта жаңғырту

Ықшам-дискіні салыңыз.

Жаңғыртуды автоматты түрде іске қосу үшін ықшам-дискіні салыңыз → “Ықшам-дискіні орнату және шығарып алу” тарауын қараңыз (бет 7-26). Егер диск ойнатқышқа жүктелген болса, ықшам-дискіні дыбыс көзі ретінде таңдау үшін, MEDIA түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Файл құрылымына байланысты ықшам-дискінің мазмұнын оқу біршама уақытты алуы мүмкін.

Жазбаны (файлды) таңдау

Жазбаны таңдау үшін |◀◀ немесе ▶▶| түймесін басыңыз.

Осы түймелердің көмегімен келесі немесе алдыңғы жазбаны таңдау жүзеге асырылады.

Ағымдағы жазбаны тікелей/кері ретпен жылдам жаңғырту

3 ◀◀ немесе 4 ▶▶ түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

Бұл түймелер ағымдағы жазбаны тікелей/кері ретпен жылдам жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Жаңғырту режимдерінің өзгеруі

Қайта жаңғырту, жазбаларды кездейсоқ жаңғырту немесе сканерлеу режимінде жаңғырту режимдерін таңдауға болады.

Қайта жаңғырту режимі (RPT)

1 RPT түймесін басыңыз.

Ағымдағы жазбаны қайта жаңғырту.

ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайта басқан кезде, бұл режим жойылады.
- Жазбаны таңдау, дискіні шығару, ағымдағы жазбаны тікелей / кері ретпен жылдам жаңғырту кезінде, бұл режим жойылады.

Папкадағы жазбаларды қайта жаңғырту режимі

1 RPT түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

Таңдалған папкадағы жазбаларды қайта жаңғырту орын алады

ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайта басқан кезде, бұл режим жойылады.
- Тіпті, файл таңдау кезінде де, папкадағы жазбаларды қайта жаңғырту режимі күшін жоймайды.

Кездейсоқ тәртіпте папкадағы жазбаларды қайта жаңғырту режимі (RDM)

2 RDM түймесін басыңыз.

Дискідегі жазбаларды кездейсоқ ретпен жаңғыртылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайта басқан кезде, бұл режим жойылады.

Кездейсоқ тәртіпте папкадағы жазбаларды жаңғырту режимі

2 RDM түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

Папкадағы барлық жазбалар ерікті тәртіпте ойнатылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайта басқан кезде, бұл режим жойылады.





Сканерлеу (SCAN) режимінде жаңғырту

SCAN түймесін басыңыз.





Ағымдағы папкадағы әр жазбаның алғашқы 10 секундында ретімен ойнатылады.

Жазбаларды іздеу

Папкалар мен файлдарды іздеу және жазбалар таңдау.

1. Папканы таңдау үшін /SEL реттегішін бұраңыз.
2. /SEL түймесін басыңыз. Таңдалған папкадағы файлдар көрсетіледі.
3. Файл таңдау үшін реттегішті /SEL бұраңыз.
4. /SEL түймесін басыңыз. Таңдалған файлды (жазбаны) жаңғырту басталады

ЕСКЕРТПЕ

- Папканы таңдау кезінде, жазбаларды іздеу режимін болдырмау үшін, 6  түймесін басыңыз.
- Егер папканы таңдаған соң, 10 секунд ішінде ешқандай әрекет жасалмаса, жазбаларды іздеу режимі жойылады.
- Осы папкадағы бірінші жазбадан жаңғыртуды бастау үшін папканы таңдап, /SEL түймесін басып, ұстап тұрыңыз.
- файл таңдау кезінде, алдыңғы операцияға оралу үшін, 6  түймесін басыңыз.
- Файлды таңдау кезінде, жазбаларды іздеу режимін болдырмау үшін, 6  түймесін басыңыз.
- Егер файлды таңдағаннан кейін бес секунд ішінде ешбір әрекет жасалмаса, бұл файлды жаңғырту басталады.

ЕСКЕРТПЕ

- Жазбаларды іздеу режимі дискімен операцияларды орындау кезінде, мысалы, жазбаларды таңдау кезінде жойылады.

iPod ойнатқышымен жазбаларды жаңғырту

E00738001664

iPod/iPhone құрылғыларын осы құрылғыға қосқан кезде, осы құрылғылардағы файлдарды жаңғыртуға болады.

7

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- iPod/iPhone құрылғыларын автомобиль ішінде қараусыз қалдырмаңыз.
- Бұл құрылғыларды қолда ұстауға және оларды автомобильді басқару кезінде пайдалануға тыйым салынады. Бұл өте қауіпті.
- Біздің компания iPod/iPhone құрылғыларын осы құрылғыға қосқан кезде болған деректердің жоғалуына жауап бермейді.
- Құрылғыларды пайдалану кезіндегі әрекеттерге байланысты аудио файлдар зақымдалуы және жойылуы мүмкін, сондықтан деректердің сақтық көшірмесін жасау ұсынылады.

ЕСКЕРТПЕ

- iPod/iPhone құрылғыларының ұрпағына, моделіне және бағдарламалық жасақтамасына байланысты жаңғырту орын алмауы болмауы мүмкін (бет 7-18). Сонымен қатар, осы құжатта сипатталған жаңғырту функциялары қолжетімді болмауы мүмкін.
- Bluetooth® 2.0 интерфейсі бар автомобильдер үшін қосылатын құрылғылардың түрлері әртүрлі болуы мүмкін. Барынша толық ақпаратты MITSUBISHI MOTORS веб-сайтынан алуға болады. Өтініміз, “Басқа компаниялардың веб-сайттарына сілтемелер туралы ескертулер” шарттарымен танысыңыз және келісім беріңіз. Жоғарыда аталған веб-сайттар сыртқы тараптың сайтына қосыла алады. <http://www.mitsubishi-motors.com/en/products/index.html>.
- Бағдарламалық жасақтамасы соңғы нұсқаға дейін жаңартылған iPod/iPhone құрылғыларын пайдалану ұсынылады.
- iPod/iPhone құрылғыларын қосу туралы ақпарат алу үшін, “iPod ойнатқышын қосу” тарауын қараңыз, бет 7-79.
- iPod/iPhone құрылғыларын қосқан кезде, сатылымда бар iPod кабельдерін пайдаланыңыз.
- Автомобиль қозғалысы кезінде қосылу кабелін қосу сияқты қауіпті әрекеттерді қажет етпеу үшін, құрылғыны толық баптаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- iPod/iPhone құрылғысын қосу немесе өшіру кезінде, қауіпсіздік мақсатында алдымен автомобильді тоқтатыңыз.
- Құрылғының күйіне байланысты iPod/iPhone құрылғыны анықтауға және жаңғыртуды бастауға біршама уақыт кетуі мүмкін.
- Бұл құрылғының түймелері iPod/iPhone құрылғысы жүйеге қосылған кезде әрекет етпейді.
- iPod/iPhone құрылғысының техникалық сипаттамалары мен баптаулары қосылудың қолжетімсіздігіне немесе интерфейс функциялары мен элементтеріндегі айырмашылықтарға себеп болуы мүмкін.
- iPod/iPhone құрылғысының жадындағы аудиофайлдардың қасиеттеріне байланысты жазбалар туралы ақпарат дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- Автомобильдің немесе iPod/iPhone құрылғысының күйіне байланысты қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін жаңғырту мүмкін болмауы мүмкін.
- Авторлық құқықпен қорғалған файлдарды жаңғырту мүмкін болмауы мүмкін.
- iPod/iPhone құрылғысындағы эквалайзер параметрлерін толығымен алып тастау ұсынылады.
- Берілген құрылғыға қосылғаннан кейін iPod/iPhone құрылғысын қосыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Егер iPod/iPhone құрылғысы жүйеге Bluetooth® интерфейсі арқылы қосылса, онда iPod/iPhone кабелінің болуы қажет емес. Екі тәсілді қолдана отырып бір уақытта қосылу құрылғылардың дұрыс жұмыс істемеуіне әкеледі.
- Егер iPod/iPhone құрылғысы дұрыс жұмыс істемесе, iPod/iPhone құрылғысын осы құрылғыдан ажыратыңыз, оны қайта іске қосыңыз және қайта қосыңыз.

iPod құрылғысындағы жазбаларды жаңғырту

Дыбыс көзі ретінде iPod таңдау үшін, MEDIA түймесін басыңыз.

Таңдалған дыбыс көзі дисплейде көрсетіледі.

Жазбаны (файлды) таңдау

Жазбаны таңдау үшін **⏪** немесе **⏩** түймесін басыңыз.

Осы түймелердің көмегімен келесі немесе алдыңғы жазбаны таңдау жүзеге асырылады.

Ағымдағы жазбаны тікелей/кері ретпен жылдам жаңғырту

3 **⏪** немесе 4 **⏩** түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

Бұл түймелер ағымдағы жазбаны тікелей/кері ретпен жылдам жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Жаңғырту режимдерінің өзгеруі

Жазбаларды қайта жаңғырту және кездейсоқ тәртіпте жаңғырту режимдері қолжетімді.

Қайта жаңғырту режимі (RPT)

1 RPT түймесін басыңыз.

Ағымдағы жазбаны қайта жаңғырту.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Түймені қайта басқан кезде, бұл режим жойылады.

Кездейсоқ тәртіпте папкадағы жазбаларды қайта жаңғырту режимі (RDM)

2 RDM түймесін басыңыз.

Жазбаларды таңдалған папка ішінде кездейсоқ ретпен жаңғырту жүзеге асырылады.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Түймені қайта басқан кезде, бұл режим жойылады.

7**Кездейсоқ тәртіпте альбомдағы жазбаларды жаңғырту режимі**

2 RDM түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

Кездейсоқ тәртіпте альбомдағы жазбаларды жаңғырту режимі

**ЕСКЕРТПЕ**

- Түймені қайта басқан кезде, бұл режим жойылады.

Жазбаларды іздеу

Жазбалардың санаттарын немесе атауларын іздеу және жазбаны таңдау.

1. Файл таңдау үшін **🎵/SEL** реттегішін бұраңыз.

2. **▶**/SEL түймесін басыңыз. Санаттар немесе таңдалған санаттағы файлдар көрсетіледі.
3. Файл таңдау үшін **▶**/SEL реттегішін бұраныз.
4. **▶**/SEL түймесін басыңыз. 1-4-қадамдарды қайталаңыз және жазбаларды іздеңіз. Жазуды таңдап, жаңғыртуды бастау үшін, **▶**/SEL түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Санатты таңдау кезінде (1-ші деңгей), жазбаларды іздеу режимін болдырмау үшін, **6** **▶** түймесін басыңыз.
- Егер санатты таңдаған соң, 10 секунд ішінде ешқандай әрекет жасалмаса, жазбаларды іздеу режимі жойылады.
- Санатты таңдаңыз, содан кейін осы санаттағы бірінші жазбадан жаңғыртуды бастау үшін **▶**/SEL түймесін басып тұрыңыз.
- файл таңдау кезінде, алдыңғы операцияға оралу үшін, **6** **▶** түймесін басыңыз.
- Жазбаны таңдау кезінде, жазбаларды іздеу режимін болдырмау үшін, **6** **▶** түймесін басыңыз.
- Егер жазбаны таңдағаннан кейін бес секунд ішінде ешбір әрекет жасалмаса, бұл файлды жаңғырту басталады.
- Жазбаларды іздеу режимі iPod-пен операцияларды орындау кезінде, мысалы, жазбаларды таңдау кезінде жойылады.

USB-жинақтауыштан жазбаларды тыңдау

E00736501245

USB құрылғыларын, мысалы, USB-жинақтауыштарды осы құрылғыға қосқанда, осы құрылғылардағы жазбаларды тыңдауға болады.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- USB құрылғыларын автомобиль ішінде қараусыз қалдырмаңыз.
- Бұл құрылғыларды қолда ұстауға және оларды автомобильді басқару кезінде пайдалануға тыйым салынады. Бұл өте қауіпті.
- Жады карталарын оқу үшін, қатқыл дискілерді немесе құрылғыларды пайдаланбаңыз, себебі оларда сақталған деректер зақымдалуы мүмкін. Егер олар қателесіп қосылған болса, оталдыру құлпын LOCK күйіне ауыстырыңыз немесе аудиожүйені өшіріңіз, содан кейін қосылған жабдықты ажыратыңыз.
- Деректерді жоғалту қаупіне байланысты файлдардың сақтық көшірмесін жасау ұсынылады.
- USB құрылғыларының зақымдануына немесе оларда сақталатын деректердің жоғалуына ешқандай кепілдік берілмейді.
- Құрылғыларды пайдалану кезіндегі әрекеттерге байланысты аудиофайлдар зақымдалуы және жойылуы мүмкін, сондықтан деректердің сақтық көшірмесін жасау ұсынылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Mass Storage Class протоколын қолдайтын цифрлық аудиоинтерфейс құрылғыларды қосуға болады.
- Қосылатын USB құрылғыларының түрлері және ойнатылатын файл түрлері туралы ақпарат алу үшін, (Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автомобильдер) “Қосылатын құрылғылардың түрлері және қолдау көрсетілетін файл форматтары” тарауын қараңыз, бет 7-79.
- USB құрылғыларын қосу туралы ақпарат алу үшін, “USB-жинақтауышты қосу” тарауын қараңыз, бет 7-78.
- USB құрылғыларын қосқан кезде, қосылыс кабелін пайдаланыңыз. Кабельді пайдаланбай қосылу ағытпаға жоғары жүктеме түсуіне және оның зақымдалуына әкелуі мүмкін
- Автомобиль қозғалысы кезінде қосылу кабелін қосу сияқты қауіпті әрекеттерді қажет етпеу үшін, құрылғыны толық баптанаңыз.
- USB құрылғысын қосу немесе өшіру кезінде, қауіпсіздік мақсатында алдымен автомобильді тоқтатыңыз.
- Аудио-құрылғылардан басқа, өзге құрылғыларды USB кіріс ағытпасына қосуға тыйым салынады. Бұл құрылғыға немесе жабдыққа зақым келтіруі мүмкін.
- Құрылғының күйіне байланысты USB құрылғыны анықтауға және жаңғыртуды бастауға біршама уақыт кетуі мүмкін.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Аудиожүйенің түймелері USB құрылғысы жүйеге қосылған кезде әрекет етпейді.
- USB құрылғысының техникалық сипаттамалары мен баптаулары қосылудың қолжетімсіздігіне немесе интерфейс функциялары мен элементтеріндегі айырмашылықтарға себеп болуы мүмкін.
- USB құрылғысының жадындағы аудиофайлдардың қасиеттеріне байланысты жазбалар туралы ақпарат дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- Автомобильдің немесе iPod/iPhone құрылғысының күйіне байланысты қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін жаңғырту мүмкін болмауы мүмкін.
- Авторлық құқықпен қорғалған файлдарды жаңғырту мүмкін болмауы мүмкін.
- Бұл құрылғы MP3, WMA және AAC форматындағы файлдарды ойната алады.
- USB құрылғысының түріне байланысты оны пайдалану мүмкін болмауы мүмкін немесе кейбір функциялар қолжетімсіз болуы мүмкін.
- USB құрылғыларына арналған файлдық жүйенің ұсынылған түрі — FAT32.
- USB құрылғыларының максималды қолдау көлемі — 32 Гб.
- Аудиофайлдардан тұратын USB құрылғыларын аудиожүйеге қосу ұсынылады.

USB-жинақтауыштан жазбаларды жаңғырту

Дыбыс көзі ретінде USB таңдау үшін, MEDIA түймесін басыңыз. Таңдалған дыбыс көзі дисплейде көрсетіледі.

Жазбаны (файлды) таңдау

Жазбаны таңдау үшін **1** ◀◀ немесе ▶▶ **1** түймесін басыңыз.

Осы түймелердің көмегімен келесі немесе алдыңғы жазбаны таңдау жүзеге асырылады.

Ағымдағы жазбаны тікелей/кері ретпен жылдам жаңғырту

3 ◀◀ немесе **4** ▶▶ түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

Бұл түймелер ағымдағы жазбаны тікелей/кері ретпен жылдам жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Жаңғырту режимдерінің өзгеруі

Қайта жаңғырту, жазбаларды кездейсоқ жаңғырту немесе сканерлеу режимінде жаңғырту режимдерін таңдауға болады.

Қайта жаңғырту режимі (RPT)

1 RPT түймесін басыңыз.

Ағымдағы жазбаны қайта жаңғырту.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Түймені қайта басқан кезде, бұл режим жойылады.
- Файл таңдау кезінде, бұл режимнің күші жойылады.

Папкадағы жазбаларды қайта жаңғырту режимі

1 RPT түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

Таңдалған папкадағы жазбаларды қайта жаңғырту орын алады

**ЕСКЕРТПЕ**

- Түймені қайта басқан кезде, бұл режим жойылады.
- Тіпті, файл таңдау кезінде де, папкадағы жазбаларды қайта жаңғырту режимі күшін жоймайды.

Кездейсоқ тәртіпте папкадағы жазбаларды қайта жаңғырту режимі (RDM)

2 RDM түймесін басыңыз.

Жазбаларды таңдалған папка ішінде кездейсоқ ретпен жаңғырту.

ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайта басқан кезде, бұл режим жойылады.
- Тіпті, файл таңдау кезінде де, папкадағы жазбаларды кездейсоқ жаңғырту режимі күшін жоймайды.

Кездейсоқ тәртіпте барлық папкадағы жазбаларды қайта жаңғырту режимі

2 RDM түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

Барлық папкадағы жазбалар ерікті тәртіпте ойнатылатын болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайта басқан кезде, бұл режим жойылады.
- Тіпті, файл таңдау кезінде де, барлық папкадағы жазбаларды қайта жаңғырту режимі күшін жоймайды.

Сканерлеу (SCAN) режимінде жаңғырту

PTY/SCAN түймесін басыңыз.

USB-жинақтауыш жадындағы әр жазбаның алғашқы 10 секундында ретімен ойнатылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер Сіз осы режимде ойнатылатын жазбаны тыңдағыңыз келсе, осы түймені қайта басыңыз, жазба қалыпты режимде ойнатылады.

Папкалардағы жазбаларды сканерлеу режимінде жаңғырту

PTY/SCAN түймесін басып, ұстап тұрыңыз.





USB-жинақтауыштың әр папкасындағы бірінші жазбаның алғашқы 10 секундында ретімен ойнатылады.

ЕСКЕРТПЕ





- Егер Сіз осы режимде ойнатылатын жазбаны тыңдағыңыз келсе, осы түймені қайта басыңыз, жазба қалыпты режимде ойнатылады.

Жазбаларды іздеу

Папкалар мен файлдарды іздеу және жазбалар таңдау.

1. Папканы таңдау үшін /SEL реттегішін бұраңыз.
2. /SEL түймесін басыңыз. Таңдалған папкадағы файлдар көрсетіледі.
3. Файл таңдау үшін реттегішті /SEL бұраңыз.
4. /SEL түймесін басыңыз. Таңдалған файлды (жазбаны) жаңғырту басталады

ЕСКЕРТПЕ

- Папканы таңдау кезінде, жазбаларды іздеу режимін болдырмау үшін, 6  түймесін басыңыз.
- Егер папканы таңдаған соң, 10 секунд ішінде ешқандай әрекет жасалмаса, жазбаларды іздеу режимі жойылады.
- Осы папкадағы бірінші жазбадан жаңғыртуды бастау үшін папканы таңдап, /SEL түймесін басып, ұстап тұрыңыз.
- файл таңдау кезінде, алдыңғы операцияға оралу үшін, 6  түймесін басыңыз.
- Файлды таңдау кезінде, жазбаларды іздеу режимін болдырмау үшін, 6  түймесін басыңыз.
- Егер файлды таңдағаннан кейін бес секунд ішінде ешбір әрекет жасалмаса, бұл файлды жаңғырту басталады.

ЕСКЕРТПЕ

- Жазбаларды іздеу режимі операцияларды орындау кезінде, мысалы, жазбаларды таңдау кезінде жойылады.

Дауыспен басқару көмегімен iPod ойнатқышынан/USB-жинақтаушынан жазбаларды жаңғырту (Bluetooth® 2.0 жүйесімен жабдықталған автомобильдер үшін)

E00748700029


iPod/USB құрылғыларының жадында қажетті жазбаларды дауыстық басқару арқылы таңдауға және жаңғыртуға болады. Дауыс пәрмендерін беретін тұлғаларды сөйлеуді тану және тіркеу функциялары туралы мәліметтер “Bluetooth® 2.0 жүйесі” тарауын қараңыз, бет 7-55.

Төменде дауыс пәрмендерінің көмегімен, дауыспен басқаруды пайдалануға және жазбаларды жаңғыртуға дайындық тәртібі келтірілген.

Дауыспен басқаруды пайдалануға дайындау

E00748800020

Дауыспен басқаруды пайдалану үшін, алдымен SPEECH (A) түймесін басыңыз.



Орындаушыны аты-жөнімен іздеу

E00748900021

1. Негізгі мәзірден “Play” (Жаңғырту) деп айтңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Bluetooth® 2.0 жүйесі қосылған құрылғыны анықтай бастайды. Егер қосылған құрылғыны анықтау мүмкін болмаса немесе әлдебір қосылу қатесі туындаса, Bluetooth® 2.0 жүйесі тиісті дауыстық нұсқаулықтар жүйесін қамтиды. Жүйенің нұсқауларына сүйеніңіз.

2. Дауыс нұсқаулықтарының жүйесі былай деп сұраса: “Would you like to play by Artist, Album, Playlist or Genre?”, жауап беріңіз: “Орындаушы”

ЕСКЕРТПЕ

- Егер Сіз “Орындаушы <аты>” деп айтсаңыз, 3-тармақты өткізіп жіберуге болады.

3. Дауыс нұсқаулықтарының жүйесі былай деп сұраса: “What Artist would you like to play?”, орындаушының атын атаңыз.
4. Егер тек бір сәйкестік табылса, жүйе 6-тармаққа өтеді.
5. Егер бірнеше сәйкестік анықталса, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “More than one match was found, would you like to play <орындаушының аты>?” фразасын айтады. Егер Сіз “Yes” деп жауап берсеңіз, жүйе 6-тармаққа өтеді. “No” деп жауап берген жағдайда, жүйе іздеу критерийлеріне сәйкес келетін келесі орындаушыны атайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер сіз ұсынылған орындаушылардың үш немесе барлық атауларына жауап ретінде “No” деп айтсаңыз, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай дейді: “Artist not found, please try again” және жүйе 2 тармаққа оралады.
 - Іздеу уақыты қосылған құрылғының жадында сақталған композициялардың санына байланысты. Егер құрылғыда көптеген композициялар сақталса, іздеу нәтижелерін қайтару үшін көп уақыт қажет болуы мүмкін.
6. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Playing <орындаушының аты>” тіркесін айтқан соң, осы орындаушы үшін жаңғырту тізімінің көрсеткіші жасалады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер растау функциясы қосылса, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі аталған орындаушыны растауды сұрайды. Таңдауды растау үшін, “Yes” (Иә) деп айтыңыз. Кері жағдайда “No” (Жок) деп жауап беріңіз. “Artist not found, please try again” фразасын айтқан соң, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі 2 тармаққа оралады.

7. Дауыс пірмендерін тану режимінде жұмыс аяқталып, жаңғырту басталады.

7 Альбомды атауы бойынша іздеу

E00749000029

1. Негізгі мәзірден “Play” (Жаңғырту) деп айтыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Bluetooth® 2.0 жүйесі қосылған құрылғыны анықтай бастайды. Егер қосылған құрылғыны анықтау мүмкін болмаса немесе әлдебір қосылу катесі туындаса, Bluetooth® 2.0 жүйесі тиісті дауыстық нұсқаулықтар жүйесін қамтиды. Жүйенің нұсқауларына сүйеніңіз.

2. Дауыс нұсқаулықтарының жүйесі былай деп сұраса: “Would you like to play by Artist, Album, Playlist or Genre?”, жауап беріңіз: “Альбом”.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер Сіз “Альбом <атауы>” деп айтсаңыз, 3-тармақты өткізіп жіберуге болады.
3. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “What Album would you like to play?” фразасын айтқан соң, альбомды атаңыз.
 4. Егер тек бір сәйкестік табылса, жүйе 6-тармаққа өтеді.
 5. Егер бірнеше сәйкестік анықталса, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “More than one match was found, would you like to play <орындаушының аты>?” фразасын айтады. Егер Сіз “Yes” (Иә) деп жауап берсеңіз, жүйе 6-тармаққа өтеді. “No” (Жок) деп жауап берген жағдайда, жүйе іздеу критерийлеріне сәйкес келетін келесі альбомды атайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер сіз ұсынылған үш немесе барлық альбомның атауларына жауап ретінде “No” (Жок) деп айтсаңыз, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Album not found, please try again” фразасын айтып, 2 тармаққа оралады.
3. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Playing <альбом атауы>” тіркесін айтқан соң, осы альбом үшін жаңғырту тізімінің көрсеткіші жасалады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер растау функциясы қосылса, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі аталған альбомды растауды сұрайды. Таңдауды растау үшін, “Yes” (Иә) деп айтыңыз. Кері жағдайда “No” (Жок) деп жауап беріңіз. “Album not found, please try again” фразасын айтқан соң, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі 2 тармаққа оралады.

7. Дауыс пәрмендерін тану режимінде жұмыс аяқталып, жаңғырту басталады.

Жаңғырту тізімі бойынша іздеу

E00749100020

1. Негізгі мәзірден “Play” (Жаңғырту) деп айтыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Bluetooth® 2.0 жүйесі қосылған құрылғыны анықтай бастайды. Егер қосылған құрылғыны анықтау мүмкін болмаса немесе әлдебір қосылу катесі туындаса, Bluetooth® 2.0 жүйесі тиісті дауыстық нұсқаулықтар жүйесін қамтиды. Жүйенің нұсқауларына сүйеніңіз.

2. Дауыс нұсқаулықтарының жүйесі былай деп сұраса: “Would you like to play by Artist, Album, Playlist or Genre?”, жауап беріңіз: “Жаңғырту тізімі”.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер Сіз “Жаңғырту тізімі <атауы>” деп айтсаңыз, 3-тармақты өткізіп жіберуге болады.
Егер құрылғының жадында жаңғырту тізімдері болмаса, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “There are no playlists stored on device” фразасын айтып, 2-тармаққа оралады.
3. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “What Playlist would you like to play?” фразасын айтқан соң, жаңғырту тізімінің атауын атаңыз.
 4. Егер тек бір сәйкестік табылса, жүйе 6-тармаққа өтеді.
 5. Егер бірнеше сәйкестік анықталса, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “More than one match was found, would you like to play <жаңғырту тізіміне атауы>?” фразасын айтады. Егер Сіз “Yes” деп жауап берсеңіз, жүйе 6-тармаққа өтеді.
“No” деп жауап берген жағдайда, жүйе іздеу критерийлеріне сәйкес келетін келесі жаңғырту тізімін атайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер сіз ұсынылған үш немесе барлық жаңғырту тізімдерінің атауларына жауап ретінде “No” деп айтсаңыз, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Playlist not found, please try again” фразасын айтып, 2-тармаққа оралады.

6. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Playing <жаңғырту тізімінің атауы>” тіркесін айтқан соң, осы жаңғырту тізімі үшін көрсеткіші жасалады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер растау функциясы қосылса, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі аталған жаңғырту тізімін растауды сұрайды. Таңдауды растау үшін, “Yes” деп айтыңыз. Кері жағдайда “No” деп жауап беріңіз. “Playlist not found, please try again” фразасын айтқан соң, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі 2 тармаққа оралады. “Растау функциясын баптау” тарауын қараңыз, бет 7-59.
7. Дауыс пәрмендерін тану режимінде жұмыс аяқталып, жаңғырту басталады.

Жанр бойынша іздеу

E00749200021

1. “Негізгі мәзірден “Play” (Жаңғырту) деп айтыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Bluetooth® 2.0 жүйесі қосылған құрылғыны анықтай бастайды. Егер қосылған құрылғыны анықтау мүмкін болмаса немесе әлдебір қосылу қатесі туындаса, Bluetooth® 2.0 жүйесі тиісті дауыстық нұсқаулықтар жүйесін қамтиды. Жүйенің нұсқауларына сүйеніңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер Сіз “Жанр <атауы>” деп айтсаңыз, 3-тармақты өткізіп жіберуге болады.
3. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “What Genre would you like to play?” фразасын айтқан соң, жанрды атаңыз.
 4. Егер тек бір сәйкестік табылса, жүйе 6-тармаққа өтеді.
 5. Егер бірнеше сәйкестік анықталса, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “More than one match was found, would you like to play <жанр атауы>?” фразасын айтады. Егер Сіз “Yes” деп жауап берсеңіз, жүйе 6-тармаққа өтеді.
“No” деп жауап берген жағдайда, жүйе іздеу критерийлеріне сәйкес келетін келесі жанрды атайды.
- Егер сіз ұсынылған үш немесе барлық жанр атауларына жауап ретінде “No” деп айтсаңыз, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Genre not found, please try again” фразасын айтып, 2-тармаққа оралады.
6. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Playing <жанр атауы>” тіркесін айтқан соң, осы жанр үшін жаңғырту тізімінің көрсеткіші жасалады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер растау функциясы қосылса, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі аталған жанрды растауды сұрайды. Таңдауды растау үшін, “Yes” деп айтыңыз. Кері жағдайда “No” деп жауап беріңіз. “Genre not found, please try again” фразасын айтқан соң, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі 2 тармаққа оралады. “Растау функциясын баптау” тарауын қараңыз, бет 7-59.

7. Дауыс пәрмендерін тану режимінде жұмыс аяқталып, жаңғырту басталады.

Bluetooth® интерфейсімен аудиокұрылғылардан жазбаларды жаңғырту*

E00736701537

Аудиожүйе Bluetooth® интерфейсі бар қолжетімді аудиокұрылғылардан жазбаларды жаңғырта алады.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Бұл құрылғыларды қолда ұстауға және оларды автомобильді басқару кезінде пайдалануға тыйым салынады. Бұл өте қауіпті.
- Bluetooth® интерфейсі бар аудиокұрылғыны автомобильдің ішінде қарасыз қалдырмаңыз.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Құрылғыларды пайдалану кезіндегі әрекеттерге байланысты аудиофайлдар зақымдалуы және жойылуы мүмкін, сондықтан деректердің сақтық көшірмесін жасау ұсынылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Bluetooth® интерфейсі бар аудиокұрылғының түріне байланысты оны пайдалану немесе кейбір мүмкіндіктер қолжетімді болмауы мүмкін.
- Пайдаланар алдында Bluetooth® интерфейсі бар аудиокұрылғыларды пайдалану нұсқаулығын оқып шығыңыз .
- Bluetooth® интерфейсі бар аудиокұрылғының түріне қарай дыбыс деңгейі әртүрлі болуы мүмкін. Дыбыс деңгейінің кенеттен жоғарылауы мүмкін, сондықтан қолданар алдында дыбыс деңгейін басқаруды минималды мәнге орнатыңыз → “Дыбыс деңгейін реттеу”, (бет 7-26).
- Құрылғының күйіне байланысты Bluetooth® интерфейсі бар аудиокұрылғыны анықтауға және жаңғыртуды бастауға біршама уақыт кетуі мүмкін.
- Bluetooth® аудио құрылғысының техникалық сипаттамалары мен баптаулары қосылудың қолжетімсіздігіне немесе интерфейс функциялары мен элементтеріндегі айырмашылықтарға себеп болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Bluetooth® интерфейсі бар аудиокұрылғының жадындағы аудиофайлдардың қасиеттеріне қарай, жазбалар туралы ақпарат дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- Автомобильдің немесе iPod/iPhone құрылғысының күйіне байланысты қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін жаңғырту мүмкін болмауы мүмкін.

Bluetooth® интерфейсі бар аудиоқұрылғыларды қосу

Bluetooth® құрылғысының қосылғаны туралы мәліметтер алу үшін, “Bluetooth® құрылғысын Bluetooth® 2.0 жүйесіне қосу” тарауын қараңыз, бет 7-61.

Төменде сипатталған әрекеттер қосулы құрылғыны пайдалануға қатысты.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер iPod/iPhone құрылғысы жүйеге Bluetooth® интерфейсі арқылы қосылса, онда iPod/iPhone кабелінің болуы қажет емес. Екі тәсілді қолдана отырып бір уақытта қосылу құрылғылардың дұрыс жұмыс істеуіне әкеледі.

Bluetooth® интерфейсімен аудиоқұрылғылардан жазбаларды жаңғырту

1. Дыбыс көзі ретінде Bluetooth® интерфейсі бар аудиоқұрылғыны таңдау үшін, MEDIA түймесін басыңыз. Таңдалған дыбыс көзі дисплейде көрсетіледі.
2. 5 ► түймесін басыңыз. Bluetooth® интерфейсі аудиоқұрылғылардың интерфейсі арқылы аудиожазбаларды жаңғырту басталады..



ЕСКЕРТПЕ

- Жаңғыртуды тоқтата тұру үшін 5 ► түймесін басып, ұстап тұрыңыз.
- Жаңғыртуды тоқтату үшін 6 ⇨ түймесін басыңыз.

Жазбаны (файлды) таңдау

Жазбаны таңдау үшін 1 ◀◀ немесе ▶▶ 1 түймесін басыңыз.

Осы түймелердің көмегімен келесі немесе алдыңғы жазбаны таңдау жүзеге асырылады.

Ағымдағы жазбаны тікелей/кері ретпен жылдам жаңғырту

3 ◀◀ немесе 4 ▶▶ түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

Бұл түймелер ағымдағы жазбаны тікелей/кері ретпен жылдам жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Жаңғырту режимдерінің өзгеруі

Қайта жаңғырту, жазбаларды кездейсоқ жаңғырту немесе сканерлеу режимінде жаңғырту режимдерін таңдауға болады.

Қайта жаңғырту режимі (RPT)

1 RPT түймесін басыңыз.

Ағымдағы жазбаны қайта жаңғырту.



ЕСКЕРТПЕ

- 1 RPT түймесін басқан сайын диапазондар келесі реттілікпен ауысады: Repeat OFF (Қайталау өшірулі), 1 track repeat (Бір жазбаны қайталау), All track repeat (Барлық жазбаларды қайталау) және Repeat OFF (Қайталау өшірулі).

Кездейсоқ тәртіпте папкадағы жазбаларды қайта жаңғырту режимі (RDM)

2 RDM түймесін басыңыз.

Bluetooth® интерфейсі бар аудиоқұрылғыда жазбалар жаңғыртылады.



ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайта басқан кезде, бұл режим жойылады.

Сканерлеу (SCAN) режимінде жаңғырту

PTY/SCAN түймесін басыңыз.

Bluetooth® интерфейсі бар аудиоқұрылғының жадындағы әрбір жазбаның алғашқы 10 секундында ретімен жаңғырту жүзеге асырылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер Сіз осы режимде ойнатылатын жазбаны тыңдағыңыз келсе, осы батырманы қайтадан басыңыз, жазба қалыпты режимде ойнатылады.

Дисплейдегі индикация

Бұл тарау дисплейде көрсетілген ақпаратты сипаттайды.

E00738100033

7



AA1008779

Дисплей режимін өзгерту

E00738500053

Сіз дисплейде көрсетілген ақпаратты ауыстыра аласыз.

Дисплейде көрсетілген ақпаратты ауыстыру үшін, DISP түймесін басыңыз.

DISP түймесін басқан сайын, дисплейде көрсетілген ақпарат өзгереді.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қозғалыс кезінде дисплейде көрсетілген ақпаратты ауыстыру қауіпті болуы мүмкін, сондықтан бұл әрекетті бастамас бұрын, оның қауіпсіздігіне көз жеткізіңіз

ЕСКЕРТПЕ

- Көрсетілген хабарламалардың максималды ұзындығы - 11 таңба. Егер 12 немесе одан да көп таңбадан тұратын хабарламаны көрсету қажет болса, келесі таңбаларды көрсету үшін, PAGE түймесін басу керек.

DAВ цифрлық радиохабар форматында радиостанцияларды жаңғырту*

Ауысу келесі тәртіпте жүргізіледі: “Сервис атауы”, “Топ атауы” және “Арна нөмірі (CH ID)”.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер сервис атауы үшін мәтіндік ақпарат және топ атауы қолжетімсіз болса, дисплейде ешнәрсе көрсетілмейді.

CD-DA ойнатқанда

Ауысу келесі тәртіпте жүргізіледі: “Диск атауы”, “Жазба атауы” және “Жұмыс жағдайы”.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер көрсетуге арналған мәтіндік ақпарат болмаса, дисплейде “NO TITLE” хабарламасы көрсетіледі.

Файлдарды MP3/WMA/AAC форматта жаңғырту кезінде

Ауысу келесі тәртіпте жүргізіледі: “Папка атауы”, “Файл атауы” және “Жұмыс жағдайы”.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер көрсетуге арналған мәтіндік ақпарат болмаса, дисплейде “NO TITLE” хабарламасы көрсетіледі.

ID3 атауларын (тегтерін) көрсету

DISP түймесін басып, ұстап тұрыңыз

Нәтижесінде дисплей ID3 атауларын (тегтерін) көрсетуге ауысады. DISP түймесін басқан сайын көрсетілетін ақпарат келесі реттілікпен ауысады: “Альбом атауы”, “Жазба атауы”, “Орындаушының аты”, “Жанр атауы”* және “Жұмыс жағдайы”.

* Осы ақпарат түрі USB құрылғысынан аудиофайлдарды жаңғырту кезінде көрсетіледі (Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автомобильдер үшін).



ЕСКЕРТПЕ

- ID3 атаулары (тегтері) көрсетілгенде, папка атауын көрсетуге ауысу үшін, DISP түймесін басып тұрыңыз.
- Жанр атауы көрсетілмеуі мүмкін.

iPod құрылғысындағы жазбаларды жаңғырту кезінде

E00738900028

Ауысу келесі тәртіпте жүргізіледі: “Альбомдар”, “Жазба атауы”, “Орындаушының аты”, “Жанр атауы”* және “Жұмыс жағдайы”.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер көрсетуге арналған мәтіндік ақпарат болмаса, дисплейде “NO TITLE” хабарламасы көрсетіледі.
- Жанр атауы тиісті жабдық болған кезде көрсетіледі (Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автомобиль).
- Жанр атауы көрсетілмеуі мүмкін.

Bluetooth®2.0 интерфейсі арқылы аудиожазбаларды жаңғырту кезінде*

E00739000013

“iPod құрылғысынан жазбаларды жаңғырту кезінде” тарауына сәйкес келеді, бет 7-47.

Дыбыс сапасын, теңгерім мен дауыс деңгейін реттеу

E00738201132

Дыбыс сапасы баптауларын өзгерту.

Дыбыс сапасын, теңгерім мен дауыс деңгейін реттеу

- 1 Баптау тармақтарын таңдау үшін, **SEL** түймесін басыңыз. **SEL** түймесін басқан сайын диапазондар келесі реттілікпен ауысады: BASS, TREBLE, FADER, BALANCE, SCV және Cancel (төмен жиіліктер, жоғары жиіліктер, алдыңғы және артқы динамиктердің теңгерімі, сол жақ және оң жақ динамиктердің теңгерімі, дыбыс деңгейінің орнын толтыру функциясы және баптаулар режимінен шығу).
2. Файл таңдау үшін **SEL** реттегішін бұраңыз.

Баптау тармақтары	Сағат тіліне қарсы бұрау	Сағат тілімен бұрау
BASS	-6-дан 0-ге дейін (төмен жиіліктер деңгейін төмендету)	0-ден +6-ға дейін (төмен жиіліктер деңгейін жоғарылату)
TREBLE	-6-дан 0-ге дейін (жоғары жиіліктер деңгейін төмендету)	0-ден +6-ға дейін (жоғары жиіліктер деңгейін жоғарылату)

Баптау тармақтары	Сағат тіліне қарсы бұрау	Сағат тілімен бұрау
FADER	CENTER-ден REAR 11-ге дейін (артқы динамиктердің дауыс деңгейін ұлғайту)	FRONT 11-ден CENTER-ге дейін (алдыңғы динамиктердің дауыс деңгейін ұлғайту)
BALANCE	LEFT 11-ден CENTER-ге дейін (сол жақ динамиктердің дауыс деңгейін ұлғайту)	CENTER-ден RIGHT 11-ге дейін (оң жақ динамиктердің дауыс деңгейін ұлғайту)
SCV	OFF, LOW (дауыс деңгейін әлсіз өтеу)	MID, HIGH (дауыс деңгейін әлсіз өтеу)

Жүйенің баптаулары

E00738301566

Жүйе баптауларын, мысалы, уақытты өзгерту.

- 1 MENU түймесін басыңыз.
2. Баптау тармақтарын таңдау үшін, **SEL** түймесін басыңыз. **SEL** түймесін басқан сайын диапазондар келесі реттілікпен ауысады: DAB setting^{*1}, Gracenote DB^{*2}, AF, REG, TP-S, PI-S, PTY language settings, PHONE settings, CT, Adjust time және Cancel (DAB^{*1} баптаулары, Gracenote деректер базасы^{*2}, AF, REG, TP-S, PI-S, PTY бағдарлама типтері индикациясының тілін таңдау, дауыстық хабарламалар тілі, телефон баптаулары, CT (сағат функциясы), уақытты баптау және баптаулар режимінен шығу).

- 3 Файл таңдау үшін **SEL** реттегішін бұраңыз.
 4. Баптауды растау үшін, **SEL** түймесін басыңыз. Ағымдағы баптау аяқталып, жүйе келесі параметрге өтеді.
- ^{*1} Егер DAB тюнері қосулы болса.
^{*2} Осы ақпарат түрі аудиофайлдарды жаңғырту кезінде көрсетіледі (Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автомобильдер үшін).

DAB баптау*

DAB баптауларды өзгерту

Өздігінен пайдаланылатын зауыттық баптаулар қалың шрифтпен бөлінген.

Баптаудың атауы	Баптау параметрлері	Баптаулардың сипаты
DAB-DAB ариасын баптау	OFF	Әлсіз сигналда жүйе басқа сервиске ауысады.
	ON	
DAB диапазонын баптау	BAND III	Жүйе 174-ден 239 МГц-ке дейінгі радиотарату диапазонына бапталады.
	L-BAND	Жүйе 1452-ден 1490 МГц-ке дейінгі радиотарату диапазонына бапталады.
	BOTH	Жүйе Band III және L-Band екі радиотарату диапазондарына бейімделеді.

RDS баптау

RDS баптауларды өзгерту

Өздігінен пайдаланылатын зауыттық баптаулар қалың шрифтімен бөлінген.

Баптаудың атауы	Баптау параметрлері	Баптаулардың сипаты
AF балама жиілік функциясы	AF ON	Қабылдау шарттары нашарлаған кезде, жүйе автоматты түрде сол станцияның басқа жиілігіне реттеледі.
	AF OFF	Қабылдау шарттары нашарлаған кезде, жүйе автоматты түрде сол станцияның басқа жиілігіне реттелмейді.
REG өңірлік радиостанцияларын қабылдауды шектеу функциясы	REG ON	Жүйе тыңдайтын бағдарлама таратылатын жергілікті станцияның жиілігіне автоматты түрде реттелмейді.
	REG OFF	Жүйе тыңдайтын бағдарлама таратылатын жергілікті станцияның жиілігіне автоматты түрде реттеледі.

Баптаудың атауы	Баптау параметрлері	Баптаулардың сипаты
TP-S жол қозғалысы туралы ақпарат	TP-S ON	Жол қозғалысы туралы хабарламаларды автоматты түрде іздеу (TP станциялары).
	TP-S OFF	Жол қозғалысы туралы хабарламаларды автоматты түрде іздеу (TP станциялары).
PI-S бағдарлама сәйкестендіргіші бойынша іздеу функциясы	PI-S ON	Қабылдау жағдайлары нашарлаған кезде, жүйе ұқсас станцияны немесе жергілікті станцияны, алдынала баптаулардың жадында сақталған тиісті станцияны іздеуді орындайды.
	PI-S OFF	Қабылдау жағдайлары нашарлаған кезде, жүйе ұқсас станцияны немесе жергілікті станцияны, алдынала баптаулардың жадында сақталған тиісті станцияны іздеуді орындамайды.

Баптаудың атауы	Баптау параметрлері	Баптаулардың сипаты
PTY	ENGLISH	Ағылшын тілінде бағдарламалардың мазмұнын (PTY) іздеу үшін экран тілін орнатыңыз.
	FRANCAIS	Француз тілінде бағдарламалардың мазмұнын (PTY) іздеу үшін экран тілін орнатыңыз.
	DEUTSCH	Неміс тілінде бағдарламалардың мазмұнын (PTY) іздеу үшін экран тілін орнатыңыз.
	SVENSK	Швед тілінде бағдарламалардың мазмұнын (PTY) іздеу үшін экран тілін орнатыңыз.
	ESPANOL	Испан тілінде бағдарламалардың мазмұнын (PTY) іздеу үшін экран тілін орнатыңыз.
	ITALIANO	Итальян тілінде бағдарламалардың мазмұнын (PTY) іздеу үшін экран тілін орнатыңыз.

Баптаудың атауы	Баптау параметрлері	Баптаулардың сипаты
СТ сағаттар функциясы	CT ON	Жүйе жергілікті радиостанциялардың RDS сигналдары бойынша уақыт көрсеткіштерін автоматты түрде түзетеді.
	CT OFF	Жүйе жергілікті радиостанциялардың RDS сигналдары бойынша уақыт көрсеткіштерін автоматты түрде түзетпейді.

* TR түймесін басып, жол қозғалысы туралы хабарламаларды күту режимін қосу керек.

Сағаттарды баптау

СТ (CT OFF) RDS баптауларды өшіру уақытты қолмен баптауға мүмкіндік береді.

- Adjust time уақытты реттеу экранында YES (Иә) таңдаңыз және **⏸/SEL** түймесін басыңыз.
Енді сағатты баптауға болады. Минутты баптау үшін тағы бір рет **⏸/SEL** түймесін басыңыз.
- Таңдалған параметрді реттеу үшін **⏸/SEL**, реттегішін бұраныз.
- ⏸/SE** түймесін басыңыз.
Осы түймені басу баптау процесін аяқтайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Сағатты орнатуды аяқтау үшін секундтар 00 мәніне қалпына келтірілгенше **⏸/SEL** түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

Телефонның баптаулары

Ұялы телефонға қоңырау шалу және Bluetooth® 2.0 жүйесі тілін баптау кезінде дыбыс шығару баптауларын өзгертуге болады. Орнатылған жүйенің ерекшеліктеріне байланысты телефон параметрлері қолжетімді болмауы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Ұялы телефонның пернетақтаны бұғаттау сияқты мүмкіндіктерін өшіріңіз және күту режимі пайда болған кезде, оны жүйеге қосыңыз.
- Ұялы телефон жүйеге қосылған кезде, оның функциялары (қоңырау шалу және т.б.) дұрыс жұмыс істемейуі мүмкін.

 **ЕСКЕРТПЕ**

- Жүйе мен ұялы телефон арасындағы қашықтыққа, автомобиль ішіндегі жағдайларға және кедергілердің болуына байланысты қосылу мүмкін болмауы мүмкін. Мұндай жағдайларда ұялы телефонды аудиожүйеге мүмкіндігінше жақын орналастыру ұсынылады.
- Ұялы телефонды Bluetooth® интерфейсімен қосқан кезде де параметрлер мен техникалық сипаттамаларға байланысты барлық функциялардың дұрыс жұмыс істеуіне кепілдік берілмейді.
- Қауіпсіздік мақсатында автомобильді басқару кезінде ұялы телефонды пайдалану ұсынылмайды. Ұялы телефонды пайдаланбас бұрын, автомобильді қауіпсіз жерде тоқтатыңыз.
- Ұялы телефонды Bluetooth® интерфейсімен қосқан кезде де, телефонның параметрлері мен сипаттамаларына байланысты экран элементтеріндегі айырмашылықтар немесе функциялардың дұрыс жұмыс істемеуі байқалуы мүмкін.
- Кейбір модельдер үшін қосылыс растамасы көрсетілмеуі немесе қосылыс болмауы мүмкін.

Қолдау көрсетілетін профильдер

Қатты дауыс байланысы	HFP (v1.5)
Телефон анықтамалығын ауыстыру	OPP (v1.1), PBAP (v1.0)

Bluetooth® 2.0 жүйесі жоқ автомобильдер

Hands-free (қатты дауыс) жабдығы қосылуы керек (бөлек сатылады). Өздігінен пайдаланылатын зауыттық баптаулар қалың шрифтпен бөлінген.

Баптаулардың параметрлері	Баптаулардың сипаты
PHONE OFF	Ұялы телефонға қоңырауды қабылдау кезінде дыбыс шығарылмайды.
PHONE MUTE	Ұялы телефонға қоңырауды қабылдаған кезде аудиожүйенің дыбысы өшіріледі.
PHONE ATT	Ұялы телефонға қоңырауды қабылдау кезінде дыбыс динамиктер арқылы шығарылады.
PHONE IN-L	Ұялы телефонға қоңырауды қабылдау кезінде дыбыс алдыңғы сол жақ динамиктер арқылы шығарылады.
PHONE IN-R	Ұялы телефонға қоңырауды қабылдау кезінде дыбыс алдыңғы оң жақ динамиктер арқылы шығарылады.

Баптаулардың параметрлері	Баптаулардың сипаты
PHONE IN-LR	Ұялы телефонға қоңырау түскен кезде дыбыс сол және оң жақ алдыңғы динамиктер арқылы шығарылады.

Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автомобильдер

Өздігінен пайдаланылатын зауыттық баптаулар қалың шрифтпен бөлінген.

Баптаудың атауы	Баптаулардың параметрлері	Баптаулардың сипаты
PHONE IN баптаулары	PHONE IN-R	Ұялы телефонға қоңырауды қабылдау кезінде дыбыс алдыңғы оң жақ динамиктер арқылы шығарылады.
	PHONE IN-L	Ұялы телефонға қоңырауды қабылдау кезінде дыбыс алдыңғы сол жақ динамиктер арқылы шығарылады.

Баптаудың атауы	Баптаулардың параметрлері	Баптаулардың сипаты
HFM дауыстық функциясы үшін тіл параметрлері	ENGLISH	hands-free
	FRENCH	қатты дауыс
	GERMAN	байланысы
	SPANISH	модулі
	ITALIAN	дауысының
	DUTCH	тілін өзгерту
	PORTUGUESE	
	ОРЫС	

 **ЕСКЕРТПЕ**

- Автомобильдің моделіне қарай бұл баптаулар көрінбеуі мүмкін.

Gracenote DB (Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автомобильдер үшін)

Нұсқа нөмірін тексеруге болады.

- 1 “Gracenote DB” таңдап, **Ⓜ/SEL** түймесін басыңыз.
- 2 **Ⓜ/SEL** реттегішін бұрып, “DB Version” (Деректер базасының нұсқасы) тармағын таңдаңыз.
- 3 **Ⓜ/SE** түймесін басыңыз. Деректер базасының нұсқасы көрінеді.

Ақауларды іздеу мен жою

E00738401121

Дисплейде хабарлама пайда болған кезде немесе ақаулық пайда болған кезде, келесі элементтерді тексеріңіз.

Хабарлама пайда болғанда

Жағдайға байланысты аудиожүйенің дисплейінде хабарламалар пайда болады.

Режим	Хабарлама	Себеп	Әрекеттер
CD	CHECK DISC	Диск төңкерулі күйінде салынған.	Дискті заттаңбасын жоғары қарата салыңыз.
		Дискте конденсат жоқ.	Дискіні қайта салар алдында, біршама уақыт күте тұрыңыз.
	DISC ERROR	Диск зақымдалған немесе деформацияланған.	Дискінің жұмыс бетін тазалаңыз.
		Лас диск.	
	INTERNAL E	Әлдебір себеппен жетек ақауланған.	Дискінің толық жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіп, оны құрылғыға қайта салыңыз. Егер мәселе шешілмесе, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгініңіз.
HEAT ERROR	Бұл құрылғының ішінде температура тым жоғары.	Дискіні шығарып, температураның жұмыс мәніне дейін төмендеуін күтіңіз.	
USB	FILE ERROR	Жаңғыртылуы мүмкін емес файлдар таңдалды.	Жаңғыртуға болатын файлдарды таңдаңыз → “Аудиофайлдар (MP3/WMA/AAC)” (бет 7-21).
	USB BUS PWR	Жүйеде күшті/әлсіз ток немесе жоғары / төмен кернеу.	Қоректі өшіріп, біршама күте тұрыңыз. Егер мәселе шешілмесе, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгініңіз.
	LSI ERROR	Жүйеде әлдебір себептермен ішкі ақаулық бар.	
	UNSUPPORTED FORMAT	Форматы қолдау көрсетілмейтін аудиофайлдарды жаңғырту әрекеті жасалды.	Аудиофайлдарды жаңғыртуға болатындығына көз жеткізіңіз → “Аудиофайлдар (MP3/WMA/AAC)”, бет 7-21.
	UNSUPPORTED DEVICE	Қосылған USB құрылғысына қолдау көрсетілмейді.	Үйлесімді USB құрылғысын қосыңыз.
iPod	NO SONG	Қосулы iPod/ iPhone-да жазбалар жоқ.	Жазбалары бар iPod / iPhone қосыңыз.
	VER ERROR	iPod/iPhone бағдарламалық жасақтамасының бұл нұсқасына қолдау көрсетілмейді.	Бағдарламалық жасақтаманың қолдау көрсетілетін нұсқасын қолданыңыз.
Басқа ақпарат	ERROR DC	Динамиктерге тұрақты токтың шамадан тыс кернеуі берілді.	Қоректі өшіріп, біршама күте тұрыңыз. Егер мәселе шешілмесе, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгініңіз.

7

Ақаулық көрініс тапқанда

Төменде белгілер, ақаулардың себептері және оларды жою әрекеттері келтірілген.

Белгілері	Себеп	Әрекеттер
Дыбыстың жоқтығы немесе тым тыныш дыбыс.	Ең төмен дыбыс таңдалды.	Дауыс деңгейін реттеңіз. → “Дауыс деңгейін реттеу” (бет 7-26).
	Теңгерімді реттегіш соңына дейін бір тарапқа жылжытылған.	Дыбыс теңгерімін реттеу. → “Дыбыс сапасын, теңгерім мен дауыс деңгейін реттеу” (бет 7-48).
Диск салынбайды.	Аудиожүйеде диск бар.	Дискіні шығарып алыңыз. → “Ықшам-дискіні орнату және шығарып алу” (бет 7-26).
	Аудиожүйеде диск жоқ, бірақ жүйе оның бар екенін хабарлап тұр.	Шығару түймесін бір рет басыңыз. → “Ықшам-дискіні орнату және шығарып алу” (бет 7-26).
Құрылғы дискіні жаңғырта алмай жатыр.	Диск төңкерулі күйінде салынған.	Дискті заттаңбасын жоғары қарата салыңыз.
	Дискте конденсат жоқ.	Дискіні қайта салар алдында, біршама уақыт күте тұрыңыз.
	Лас диск.	Дискінің жұмыс бетін тазалаңыз.
Дыбыс бір ғана сол жерден өтеді.	Диск зақымдалған немесе ластанған.	Дискіні тексеріңіз.
Диск салынған кезде де дыбыстың болмауы.	Дискінің зақымдануы немесе ластануы деректерді оқу мүмкін еместігін білдіреді.	Дискіні тексеріңіз. Сонымен қатар, CD-R/RW дискілерін пайдалану кезінде олардың сипаттамалары оларды ойнату мүмкін еместігін ескеріңіз.

Link System байланыс жүйесі*

E00764502117

Link System байланыс жүйесі USB кіріс ұясына немесе Bluetooth® 2.0 жүйесіне қосылған құрылғыларды жалпы бақылауды жүзеге асырады, бұл автомобильдегі немесе дауыс пәрмендерінің тұрақты басқару элементтерін қолдана отырып, қосылған құрылғыларды басқаруға мүмкіндік береді. Жүйені пайдалану тәртібі туралы ақпаратты келесі тараулардан табуға болады:

“Bluetooth® 2.0 жүйесі”, бет 7-55.

“USB кіріс ағытпасы”, бет 7-78

“iPod ойнатқышымен жазбаларды жаңғырту”, бет 7-36.

“USB-жинақтауыштан жазбаларды тындау”, бет 7-38.

“Дауыстық басқару арқылы iPod ойнатқышынан/USB-жинақтауыштан жазбаларды жаңғырту”, бет 7-41.

“Bluetooth® интерфейсімен аудиоқұрылғылардан жазбаларды жаңғырту”, бет 7-44.

Link System жүйесінің соңғы пайдаланушысымен лицензиялық келісім

E00764601111

Сіз Visteon Corporation компаниясының және оның жеткізушілерінің лицензиясы бойынша MITSUBISHI MOTORS CORPORATION пайдаланатын бағдарламалық жасақтамасы бар

құрылғыны сатып алдыңыз. Жеткізушілердің өнімдерінің толық тізімін және соңғы пайдаланушының лицензиялық келісімдерінің мәтіндерін мына мекенжай бойынша интернеттен табуға болады: <http://www.jcibluconnect.com/faq/fulldisclosure.pdf>.

Bluetooth® 2.0 жүйесі*

E00726002996

Bluetooth® 2.0 жүйесі дауыс пәрмендерінің көмегімен автомобильде қоңырауларды жүзеге асыруға және қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл Bluetooth® сымсыз технологиясын қолдайтын ұялы телефонның болуын талап етеді, оны әдетте Bluetooth® деп атайды. Сондай-ақ бұл жүйе Bluetooth® музыка ойнатқышында сақталған музыканы автомобиль динамикалары арқылы жаңғыртуға мүмкіндік береді. Жүйеде қолмен ұстамай қоңырау шалуға мүмкіндік беретін дауыс пәрмендерін тану функциясы бар (телефонды бір пернені басу арқылы қосу жеткілікті) және белгілі бір құрылымдағы дауыс пәрмендерінің көмегімен телефонды басқарыңыз.

Bluetooth® 2.0 жүйесін оталдыру құлпындағы кілт ON немесе ACC күйінде болғанда немесе ON немесе ACC жұмыс режимі қосылған кезде ғана қосуға болады.

Bluetooth® 2.0 жүйесін пайдалануды бастап алдында Bluetooth® құрылғысы мен Bluetooth® 2.0 жүйесі арасында жұп режимін орнату қажет. Bluetooth® 2.0 жүйесіне Bluetooth® құрылғысын қосу” тарауын қараңыз, бет 7-61.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Bluetooth® 2.0 жүйесі “бос қолдар” режимінде қоңырау шалуға мүмкіндік бергенімен, егер сізге қозғалыс кезінде ұялы телефонды пайдалануыңыз керек болса, онда автомобильді қауіпсіз басқаруды қадағалау қажет. Автомобильді басқарудан назарды басқа жаққа аударатын, мысалы, телефонмен сөйлесу, кез келген іс-әрекет жол-көлік оқиғасының туындау қаупін арттырады.
- Автомобиль жүргізу кезінде ұялы телефонды пайдалануды реттейтін Өз еліңіздегі қолданыстағы заңнамамен танысып, оның талаптарын сақтаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер оталдыру құлпы ACC жағдайында болса немесе ACC жұмыс режимі қосылса, белгілі бір кезең өткеннен кейін электр жабдығының қуаты автоматты түрде өшеді және Bluetooth® 2.0 жүйесін пайдалану мүмкін болмайды. Егер оталдыру құлпын басқа жағдайға ауыстырса немесе қозғалтқышты іске қосу және тоқтату батырмасының көмегімен басқа жұмыс режимін қосса, қуат электр жабдығына қайта беріледі. “ACC оталдыру құлпы жағдайында электрмен қоректендіруді автоматты ажырату функциясы”, бет 6-15, “ACC жұмыс режимі қосылған кезде электрмен қоректендіруді автоматты ажырату функциясы”, бет 6-18, тарауларын қараңыз.
- Bluetooth® 2.0 жүйесін Bluetooth® құрылғысының батареясы таусылған жағдайда, сондай-ақ құрылғының қуаты өшірілген жағдайда пайдалануға болмайды.
- Егер сіздің телефоныңыз желіге қосылмаған болса, дауыс пәрмендерін пайдалана отырып телефон байланысы болуы мүмкін емес.
- Егер Bluetooth® құрылғысы багаж бөлімінде болса, Bluetooth® 2.0 жүйесін пайдалану мүмкін болмауы мүмкін.
- Кейбір Bluetooth® құрылғылары Bluetooth® 2.0 жүйесімен үйлеспейді.
- Сіз 10 секунд ішінде HANG-UP түймесін үш рет басып, Link System байланыс жүйесі арқылы БЖ нұсқасын растай аласыз (екі рет басып, ұстап тұрыңыз, содан кейін қысқа басыңыз).


ЕСКЕРТПЕ

- Сіз Bluetooth® 2.0 жүйесімен MITSUBISHI MOTORS сайтында толығырақ танысуға болады. Өтініміз, шарттарды оқып шығыңыз және олармен келісіңіз (“Басқа компаниялардың веб-сайттарына сілтемелер туралы ескертулер”), өйткені үшінші тарап сайтына қосылу орын алады: <http://www.mitsubishi-motors.com/en/products/index.html>
- БЖ ұялы телефон өндірушісі тарапынан жаңартылады, ол құрылғыны қосудың түрлі функцияларын өзгерте немесе жоя алады.
- “ЭРА-ГЛОНАСС” авариялар кезінде шұғыл ден қою жүйесімен жабдықталған автомобильдерде шұғыл қоңырау шалу мүмкін болмайды.

Рөл дөңгелегіндегі басқару органдары және микрофон → бет 7-56.
 Дауыс пәрмендерін тану функциясы → бет 7-58.
 Пайдалы дауыс пәрмендері → бет 7-58.
 Дауыс пәрмендері беретін тұлғалар тізімін жасау → бет 7-60.
 Bluetooth® 2.0 жүйесіне Bluetooth® → құрылғысын қосыңыз.
 Bluetooth® интерфейсіне қосылған музыка ойнатқышын басқару → бет 7-67.
 Дауыс пәрмендерінің көмегімен қоңырауларды жүзеге асыру және қабылдау → бет 7-68.
 Телефон анықтамалығын пайдалану → бет 7-70.

Рөл дөңгелегіндегі басқару органдары және микрофон

E00727201754



*1 Авариялар кезінде шұғыл мән беруге арналған “ЭРА-ГЛОНАСС” жүйесімен жабдықталған автомобильдер.

*2 Авариялар кезінде шұғыл мән беруге арналған “ЭРА-ГЛОНАСС” жүйесімен жабдықталған автомобильдерден басқа.

- 1 — дауыс денгейін ұлғайту түймесі
- 2 — дауыс денгейін азайту түймесі
- 3 — SPEECH түймесі
- 4 — PICK-UP түймесі
- 5 — HANG-UP түймесі
- 6 — микрофон

Дауыс деңгейін ұлғайту түймесі

Дауыс деңгейін ұлғайту үшін, осы түймені басыңыз.

Дауыс деңгейін азайту түймесі

Дауыс деңгейін азайту үшін, осы түймені басыңыз.

SPEECH түймесі

- Осы батырманы басу арқылы дауыс пәрмендерін тану режиміне көшу жүзеге асырылады. Бұл режим қосылғанда, аудиожүйенің дисплейінде “Listening” жазуы пайда болады.
- Егер сіз осы түймені дауыс пәрмендерін тану режимінде қысқа бассаңыз, дисплейге хабарламалар шығады, содан кейін сіз дауыс пәрменін жібере аласыз. Ұзақ басқан кезде дауыс пәрмендерін тану режимі өшіріледі.
- Сөйлесу кезінде осы түймені қысқа уақыт басқанда, дауыс пәрмендерін тану режимі қосылады, содан кейін дауыс пәрменін беруге болады.

PICK-UP түймесі

- Осы түймені басу арқылы кіріс қоңырауға жауап беріледі.
- Егер қоңырау кезінде тағы бір кіріс қоңырау келіп түссе, осы түймені басу арқылы бірінші қоңырауды күту режиміне қойып, екінші қоңырауға жауап беруге болады.
- Осыдан кейін сіз сол түймені қысқа басып, екі абонент арасында ауыса аласыз. Яғни, қайта басқаннан кейін сіз бірінші сұхбаттасушыға ауысасыз, ал екіншісі ұстап тұру режиміне өтеді.
- Үш жақты сөйлесуді ұйымдастыру үшін, дауысты басқару режиміне кіру үшін SPEECH түймесін басып, “Join call” (“Қоңырауларды біріктіру”) деп айтыңыз.

HANG-UP түймесі

- Осы батырманы басу арқылы кіріс қоңырауды қабылдаудан бас тарту немесе байланысты аяқтау жүргізіледі.
- Сөйлесу кезінде осы түймені басу ағымдағы қосылысты аяқтайды. Егер осы уақытта күту режимінде тағы бір қоңырау болса, оған автоматты түрде ауысу орын алады.
- Дауыс пәрмендерін тану режимінде осы түймені басқан кезде, бұл режим өшіріледі.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер сіз дауыстық пәрмендерді тану режиміне кіру үшін SPEECH түймесін бассаңыз, ұялы телефонды жүйеге қосқан соң, аудиожүйенің дисплейінде телефон туралы барлық ақпарат, яғни батареяның қалдық деңгейі, қабылданған сигнал деңгейі, роуминг және т. б. көрсетіледі.*
- * Кейбір телефон модельдері бұл ақпаратты Bluetooth® 2.0 жүйесіне жібермеуі мүмкін.
- Егер бұл функцияларды ұялы телефоныңыз қолдаса ғана, Bluetooth® 2.0 жүйесі арқылы қоңырауды ұстап тұру және үш жақты қоңырауларды ұйымдастыру жүзеге асырылуы мүмкін.

7

Микрофон

Дауыс пәрмендері төбелік консольге салынған микрофонның көмегімен қабылданады; бұл қол ұстаспай қоңырау шалуға мүмкіндік береді.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер сіз ұялы телефонды микрофонға жақын қойсаңыз, онда дауыс кедергілермен берілуі мүмкін. Егер кедергі болса, ұялы телефонды микрофоннан мүмкіндігінше алыс ұстаңыз.

Дауыс пәрмендерін тану функциясы

E00727301801

Bluetooth® 2.0 жүйесі дауыс пәрмендерін тану функциясына ие. Дауыс пәрмендерін айту арқылы әртүрлі операцияларды жасауға болады, сонымен қатар телефонды қолыңызда ұстамай қоңырау шала аласыз, қабылдай аласыз.

Bluetooth® 2.0 жүйесі ағылшын, француз, испан, итальян, неміс, голланд, португал және орыс тілдерінде берілген дауыс пәрмендерін тануды қолдайды. Өздігінен орнату — ағылшын немесе орыс тілі.

7

ЕСКЕРТПЕ

- Егер сіз берген команда бағдарламаланған пәрмендердің ешқайсысына сәйкес келмесе немесе Bluetooth® 2.0 жүйесі оны қатты шу немесе басқа себептермен тани алмаса, онда жүйе сізден пәрменді 3 ретке дейін қайталауды сұрайды.
- Дауыстық пәрмендерді беру кезінде үздіксіз жұмыс істеу және шуды азайту үшін, автомобиль терезелерін жауып, желдеткіштің жылдамдығын төмендетіп, жолаушылармен сөйлесуден аулақ болыңыз.
- Кейбір дауыстық пәрмендердің балама нұсқалары бар.
- Тандалған тілге байланысты кейбір мүмкіндіктер қол жетімді болмауы мүмкін.

Тілді таңдау

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. “Setup” (“Баптау”) деп айтыңыз.
3. “Language” (“Тіл”) деп айтыңыз.
4. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Select a language: English, French, Spanish, Italian, German, Dutch, Portuguese or Russian” (“Тілді таңдаңыз: ағылшын, француз, испан, итальян, неміс, голланд, португал немесе орыс”). Қажетті тілді атаңыз. (Мысалы, “English” (“Ағылшын”).)
5. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп жауап береді: “English (French, Spanish, Italian, German, Dutch, Portuguese немесе Russian) selected. Is this correct?” (Ағылшын (француз, испан, итальян, неміс, голланд, португал немесе орыс) тілі тандалды). Бұл дұрыс па? “Yes” (“Иә”) деп жауап беріңіз. 4-тармаққа оралу үшін “No” (“Жок”) деп жауап беріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі бірдей хабарламаны екі рет айтады: бірінші рет — ағымдағы тілде, екіншісі — сіз таңдаған тілде.
- Егер автомобильдің телефон анықтамалығында көптеген жазбалар болса, тілді өзгертуге көп уақыт кетеді.
- Тілді өзгерткен кезде Bluetooth® 2.0 жүйесіне импортталған ұялы телефон анықтамалығы жойылады. Телефон анықтамалығын пайдалану үшін, оны қайта импорттау керек.

6. Дауыс нұсқаулықтарының жүйесі былай деп айтқан соң: “English, French, Spanish, Italian, German, Dutch, Portuguese немесе Russian” (“Ағылшын, француз, испан, итальян, неміс, голланд, португал немесе орыс тілі”), тілді өзгерту процедурасы аяқталады және жүйе негізгі мәзірге оралады.

Пайдалы дауыс пәрмендері

E00760000019

Көмек функциясы

E00760201021

Bluetooth® 2.0 жүйесі көмек функциясына ие. Егер жүйе пәрменінің күту режимінде тұрған сәтте “Help” (“Анықтама”) деп айтсаңыз, жауап ретінде қазіргі уақытта қолдануға болатын командалар тізімі беріледі.

Шығыс функциясы

E00760201021

Жүйеде 2 шығыс функциясы бар. Егер сіз негізгі мәзірде болсаңыз, Bluetooth® 2.0 жүйесінен шығу үшін “Cancel” (“Болдырмау”) деп айтыңыз. Егер сіз негізгі мәзірде болмасаңыз, онда “Cancel” пәрменін айтқан кезде, жүйе негізгі мәзірге өтеді.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Алдыңғы мәзірге “Go Back” (“Артқа”) пәрменін айту арқылы оралуға болады (егер көзделген болса).

Растау функциясын баптау

E00760400013

Bluetooth® 2.0 жүйесі растау функциясына ие. Қосылған растау функциясы әдеттегіден гөрі Bluetooth® 2.0 жүйесінің әртүрлі параметрлерін орындау кезінде командаларды растауға көбірек мүмкіндік береді. Бұл баптауларды кездейсоқ өзгерту мүмкіндігін азайтады.

Растау функциясын қосу және өшіру келесі түрде жүзеге асырылады:

- 1 SPEECH түймесін басыңыз.
- 2 “Setup” (“Баптау”) деп айтыңыз.
- 3 “Confirmation prompts” (“Растау көмексөздері”) деп айтыңыз.
- 4 Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Confirmation prompts are <on/off>. Would you like to turn confirmation prompts <on/off>” (“Растау функциясы <қосулы/өшірулі>. Ағымдағы баптауларды өзгерткіңіз келе ме?”). Ағымдағы баптауларды өзгерту үшін “Yes” немесе ағымдағы параметрлерді сақтау үшін “No” деп жауап беріңіз.

5. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Confirmation prompts are <on/off>” (“<қосулы / өшірулі> растау функциясы”), содан кейін жүйе негізгі мәзірге оралады.

Қорғау функциясы

E00760500229

Bluetooth® 2.0 жүйесіне арналған параметрлерді қорғау үшін құпия сөзді орнатуға болады. Егер қорғау функциясы қосылған болса, онда Bluetooth® 2.0 жүйесінің барлық функцияларын пайдалану мүмкіндігін алу үшін, қоңырауларды қабылдауды қоспағанда, 4 саннан тұратын құпия сөзді дауыспен енгізу қажет.

Пароль орнату

Парольді қорғау және орнату функциясын қосу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

- 1 SPEECH түймесін басыңыз.
- 2 “Setup” (“Баптау”) деп айтыңыз.
- 3 “Password” (“Пароль”) деп айтыңыз.
- 4 Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Password is disabled. Would you like to enable it?” (“Пароль өшірулі. Оны орнатқыңыз келе ме?”). “Yes” деп жауап беріңіз. Парольді енгізуден бас тарту және негізгі мәзірге оралу үшін “No” деп жауап беріңіз.
5. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Өтінеміз, атаңыз а 4-digit password. Remember this password. It will be required to use this system” (“Төрт таңбалы парольді атаңыз. Осы парольді есте сақтаңыз. Бұл жүйені пайдалану үшін қажет”). Пароль ретінде пайдаланғыңыз келетін төрт

таңбалы санды атаңыз.

6. Растау үшін дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Password <таңдалған төрт таңбалы пароль>” деп айтады. Is this correct?” (“Пароль <таңдалған төрт таңбалы пароль>. Бұл дұрыс па?”). “Yes” деп жауап беріңіз. 5-тармаққа оралу және басқа парольді енгізу үшін, “No” деп жауап беріңіз.
7. Телефон нөмірін тіркеу аяқталған соң, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Number is enabled” (“Пароль орнатылды”) дейді және жүйе негізгі мәзірге оралады.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Жүйеге кіру және одан әрі оталдыруды қосу үшін, парольді енгізу қажет.
- Жүйеге енгізілген парольді нақты тіркеу үшін, қозғалтқышты өшіргеннен кейін аз уақыт қажет. Егер оталдыру кілтін ACC немесе ON күйіне ауыстыру, ACC немесе ON жұмыс режимін қосу немесе қозғалтқышты іске қосу қозғалтқышты өшіргеннен кейін бірден жасалса, енгізілген пароль жүйеде тіркелмеуі мүмкін. Бұл жағдайда парольді қайта енгізіп көріңіз.

Пароль енгізу

Егер қорғау функциясы бұрын іске қосылып, пароль енгізілсе, дауыстық пәрмендерді тану режиміне кіру үшін, SPEECH түймесін басқан кезде, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай дейді: “Hands-free system is locked. State the password to continue” (“Жүйе бұғатталды. Жалғастыру үшін, парольді енгізіңіз”). Бұл жағдайда бұрын берілген төрт таңбалы парольді айту керек. Егер пароль дұрыс айтылмаса, жүйе

былай жауап береді: “<Төрт таңбалы пароль>, Incorrect password. Please try again” (“<төрт таңбалы пароль>, дұрыс емес пароль. Өтінеміз, тағы бір қайталап көріңіз”). Дұрыс парольді енгізу қажет.

ЕСКЕРТПЕ

- Парольді қалауыңыз бойынша өзгертуге болады, парольді өзгерту саны шектелмейді.
- Егер сіз парольді ұмытып қалсаңыз, дауыстық басқару режимінен шығу үшін “Cancel” деп айтыңыз және MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.

Парольді болдырмау

Қорғау функциясын өшіру және парольді болдырмау үшін, төмендегілерді орындаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Парольді болдырмау үшін, алдымен жүйені бұғаттан шығару керек.

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. “Setup” (“Баптау”) деп айтыңыз.
3. “Password” (“Пароль”) деп айтыңыз.
4. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Password is enabled. Would you like to disable it?” (“Пароль орнатылды. Оны өшіргіңіз келе ме?”). “Yes” деп жауап беріңіз. Парольді болдырмаудан бас тарту және негізгі мәзірге оралу үшін “No” деп жауап беріңіз.
5. Парольді болдырмау аяқталған соң, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Number

s disabled” (“Пароль өшірілі”) дейді және жүйе негізгі мәзірге оралады.

Дауыс пәрмендері беретін тұлғалар тізімін жасау

E00727400209

Bluetooth® 2.0 жүйесі қолжетімді тілдердің әрқайсысында бір адамға дауыстық модель жасауға мүмкіндік беретін дауыстық пәрмендерді ұсынатын адамдардың тізімін жасау функциясы бар.

Бұл Bluetooth® 2.0 жүйесіне сіз айтқан дауыстық пәрмендерді онай тануға мүмкіндік береді. Тізімге енгізілген дауыстық модельдерді қалауыңыз бойынша қосуға және өшіруге болады.

Дауыстық модель жасау

E00727501496

Бір адамның дауыстық моделін жасау процесі 2-ден 3 минутқа дейін созылады. Оңтайлы нәтижеге қол жеткізу үшін, бұл процедураны жүргізуші орнында, өте тыныш жағдайда (жаңбыр мен қатты жел болмаған кезде, терезелері жабық) орындау ұсынылады. Процедураның үзілуіне жол бермеу үшін, ұялы телефонды өшіріңіз. Дауыстық модельді құру келесі түрде жүргізіледі:

1. Автомобильді қауіпсіз жерде тоқтатыңыз, ауыстыру иінтірегіне М/Т автомобильдегі N (бейтарап) күйіне орнатыңыз немесе селектор иінтірегіне А/Т немесе CVT автомобильдегі Р (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз, содан кейін тұрақ тежегішін қосыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалыс кезінде дауыстық модель жасау мүмкін емес. Орнатуды бастар алдында, көліктің қауіпсіз жерде тоқтағанына көз жеткізіңіз.
2. SPEECH түймесін басыңыз.
 3. “Voice training” (“Дауыстық модель жасау”) деп айтыңыз.
 4. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп жауап береді: “This operation must be performed in a quiet environment while the vehicle is stopped. See the owner’s manual for the list of required training phrases. Press and release the SPEECH button when you are ready to begin. Press the HANG-UP button to cancel at any time” (“Бұл операция тыныш жағдайда, қозғалмайтын автомобильде жасалуы керек. Дауыстық модельге арналған фразалар тізімі үшін пайдалану нұсқаулығын қараңыз. Дайын болған кезде SPEECH түймесін басып босатыңыз. Кез келген уақытта шығу үшін HANG-UP түймесін басыңыз”). Осыдан кейін дауыстық модель жасауды бастау үшін SPEECH түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер сіз SPEECH түймесін басқаннан кейін 3 минут ішінде дауыстық модель жасай алмасаңыз, жүйе автоматты түрде осы режимнен шығады. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Speaker enrollment has timed out” (“Дауыстық модельді жасау уақыты аяқталды”). Осыдан кейін дыбыстық сигнал естіледі және дауыс пәрмендерді тану режимі өшіріледі.
5. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі 1 фразаны айтуды өтінеді: “Дауыстық модель жасау пәрмендері” кестесінен тиісті фразаны айтыңыз, бет 7-78. Жүйе сіздің дауысыңызды жазып, келесі пәрменді жазуға көшеді. Жүйе барлық қажетті фразаларды жазып болғанша жалғастырыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Модель жасау кезінде, соңғы фразаны қайталау үшін, SPEECH түймесін басып, босатыңыз.
- Егер дауыстық модельді жасау кезінде кез-келген уақытта HANG-UP түймесін бассаңыз, жүйе дыбыстық сигнал береді және дауыстық модельді құру процесін тоқтатады.

6. Барлық қажетті фразаларды оқыған соң, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай дейді: “Speaker enrollment is complete” (“Дауыстық модель жасалды”). Осыдан кейін жүйе дауыстық модельді құруды аяқтап, негізгі мәзірге оралады.

ЕСКЕРТПЕ

- Дауыстық модельді құру аяқталған соң, пайдалану үшін модель автоматты түрде қосылады.
- “Help” (“Анықтама”) және “Cancel” (“Болдырмау”) пәрмендері осы режимде қолжетімсіз.

Дауыстық модельді қосу және өшіру; басқа модель жасау

E00727600096

Тізімдегі дауыстық модельдерді пайдалану, қалауыңыз бойынша қосуға және өшіруге болады. Сонымен қатар, сіз басқа адам үшін тағы бір модель жасай аласыз. Бұл үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

- 1 SPEECH түймесін басыңыз.
- 2 “Voice training” (“Дауыстық модель жасау”) деп айтыңыз.
- 3 Егер кемінде бір дауыстық модель жасалған болса, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай дейді: “Enrollment is enabled. Would you like to disable or retrain?” (“Дауыстық модель қосылды. Өшіргіңіз келе ме әлде жаңасын жасау керек пе?”), әлде “Enrollment is disabled. Would you like to disable or retrain?” (“Дауыстық модель қосылды. Қосқыңыз келе

ме әлде жаңасын жасау керек пе?”.

4. Егер жүйе “enabled” деп айтса, дауыстық модель қосылуы болса, “disabled” — өшірілсе. Өзіңізге қажетті пәрменді айтыңыз. Жаңа дауыстық модельді жасау үшін, “Retrain” (“Оқытуды қайталау”) деп айтыңыз. (“Дауыстық модель жасау» тарауын қараңыз, бет 7-60.)

Bluetooth® 2.0 жүйесіне Bluetooth® құрылғысын қосыңыз.

E00760601911

Дауыс пәрмендері көмегімен қоныраулар шалудан және қабылдаудан, сондай-ақ Bluetooth® 2.0 жүйесінің функцияларын пайдаланып музыка тындаудан бұрын, Bluetooth® құрылғысы мен Bluetooth® 2.0 жүйесі арасында жұп режимін орнату қажет.

ЕСКЕРТПЕ

- Жұп режимін орнату құрылғыны бірінші рет пайдаланғанда ғана қажет. Құрылғы мен Bluetooth® 2.0 жүйесі арасындағы жұп режимі орнатылған соң, келесі жолы құрылғыны автомобильге апару жеткілікті болады және ол автоматты түрде Bluetooth® 2.0 жүйесіне қосылады (егер бұл мүмкіндікті құрылғы қолдаса). Құрылғыны қосу үшін, онда Bluetooth® функциясы қосылуы керек.

Bluetooth® 2.0 жүйесінде жетейден аспайтын Bluetooth® құрылғылары тіркелуі мүмкін. Егер автомобильде бірнеше тіркелген Bluetooth® құрылғысы болса, ұялы телефон немесе музыка ойнатқышы жүйеге соңғы рет қосылған Bluetooth® 2.0 жүйесіне автоматты түрде қосылады.

Бұл жағдайда қосылған Bluetooth® құрылғысын ауыстыруға болады.

Жұп режимін орнату

Bluetooth® құрылғысының және Bluetooth 2.0 жүйесінің жұп режимін екі жолмен орнатуға болады (1 тип немесе 2 тип).

■ Жұп режимін орнату (1 тип)*

- 1 Көлікті қауіпсіз жерде тоқтатыңыз, ауыстыру иінірегін М/Т автомобильдегі N (бейтарап) күйіне орнатыңыз немесе селектор иінірегін CVT автомобильдегі P (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз, содан кейін тұрақ тежегішін қосыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Автомобиль қозғалысы кезінде кез-келген Bluetooth® құрылғысы мен Bluetooth® 2.0 жүйесі арасында жұп режимін орнату мүмкін емес. Bluetooth® құрылғысы мен Bluetooth® 2.0 жүйесі арасында жұп режимін орнатуды бастар алдында, автомобильді қауіпсіз жерде тоқтатыңыз.

2. SPEECH түймесін басыңыз.
3. “Setup” (“Баптау”). деп айтыңыз
4. “Pairing Options” (“Жұп режимінің баптаулары”) деп айтыңыз.
5. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Select one of the following: pair, edit, delete, or list” (“Әрекетті таңдаңыз: жұп режимін орнату, редакциялау, жою немесе тізімдеу). “Pair” (“Жұп режимін орнатыңыз”) деп жауап беріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер жұп режимі жеті құрылғымен орнатылған болса, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Maximum devices paired” (“Құрылғылардың максималды саны”) дейді, содан кейін жұп режимін орнату процесін аяқтайды. Жаңа құрылғыны тіркеу үшін, бұрынғы құрылғылардың бірін алып тастаңыз, содан кейін жұп режимін орнату процесін қайталаңыз. “Құрылғыны жою” тарауын қараңыз, бет 7-65.
6. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Please say a 4-digit pairing code” (“Өтінеміз, төрт таңбалы жұп кодын атаңыз”). Әлдебір төрт таңбалы санды атаңыз.
Егер растау функциясы қосылса, растау жүйесі аталған жанрды растауды сұрайды. “Yes” деп жауап беріңіз. Тіркеу кодын таңдауға оралу үшін, “No” деп жауап беріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Кейбір Bluetooth® құрылғылары үшін белгілі бір тіркеу кодын енгізу қажет етіледі. Тіркеу кодына қойылатын талаптар туралы құрылғыны пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан, білуге болады.
 - Кіріс тіркеу коды тек Bluetooth® қосылысын сертификаттау үшін пайдаланылады. Пайдаланушы таңдаған кез-келген төрт таңбалы сан код қызметін атқарады. Төрт таңбалы кодты есте сақтаңыз, өйткені жұп режимін орнату кезінде оны Bluetooth® құрылғысына енгізу керек. Bluetooth® құрылғысының қосылыс баптауларына қарай бұл кодты Bluetooth® құрылғысын Bluetooth® 2.0 жүйесіне қосқан сайын енгізу қажет болуы мүмкін. Өздігінен орнатылған қосылыс баптауларын құрылғының нұсқаулығынан табуға болады.
7. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Start pairing procedure on the device. See the device manual for instructions” (“Жұп режимін орнату процедурасының басталуы. Нұсқаулықтар алу үшін құрылғы нұсқаулығына жүгініңіз”). 6-тармақты орындау кезінде, Bluetooth® құрылғысына тіркелген төрт таңбалы кодты енгізіңіз.


ЕСКЕРТПЕ

- Жүйеге қосылған Bluetooth® құрылғысына байланысты Bluetooth® 2.0 жүйесіне қосылған Bluetooth® құрылғысымен жұп режимін орнату үшін бірнеше минут қажет болуы мүмкін.
- Егер Bluetooth® 2.0 жүйесі Bluetooth® құрылғысын тани алмаса, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Pairing has timed out” (“Жұп режимін орнату уақыты аяқталды”) сөзін айтады және жұп режимін орнату процесі тоқтатылады. Тіркелетін құрылғының Bluetooth® технологиясын қолдайтынына көз жеткізіңіз және жұп режимін орнату әрекетін қайталаңыз.
- Егер қате код енгізілсе, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Pairing failed” (“Жұп режимін орнату қатесі”) сөзін айтады және жұп режимін орнату процесі жойылады. Кодты енгізудің дұрыстығын тексеріп, жұп режимін орнатуға тырысыңыз.

8. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Please say the name of the device after the beep” (“Өтінеміз, дыбыстық сигналдан кейін құрылғы атауын атаңыз”). Сіз Bluetooth® құрылғысына кез-келген атау бере аласыз және оны құрылғының белгісі ретінде тіркей аласыз. Дыбыстық сигналдан кейін тіркелгіңіз келетін атауды атаңыз.


ЕСКЕРТПЕ

- Егер растау функциясы қосылса, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі сіз атаған құрылғы белгісін айтады, содан кейін сұрақ қояды: “Is this correct?” (“Бұл дұрыс?”). “Yes” деп жауап беріңіз. Құрылғының белгілеуін өзгерту үшін “No” деп жауап беріңіз, содан кейін құрылғының басқа атауын атаңыз.

9. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Pairing complete” (“Жұп режимі орнатылған”) тіркесін айтады және жұп режимін орнату процесі аяқталады.

■ Жұп режимін орнату (2 тип)*

- 1 Автомобильді қауіпсіз жерде тоқтатыңыз, ауыстыру интiрегiн М/Т автомобильдегі N (бейтарап) күйіне орнатыңыз немесе селектор интiрегiн А/Т немесе CVT автомобильдегі Р (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз, содан кейін тұрақ тежегішін қосыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

- Автомобиль қозғалысы кезінде кез-келген Bluetooth® құрылғысы мен Bluetooth® 2.0 жүйесі арасында жұп режимін орнату мүмкін емес. Bluetooth® құрылғысы мен Bluetooth® 2.0 жүйесі арасында жұп режимін орнатуды бастар алдында, автомобильді қауіпсіз жерде тоқтатыңыз.

2. SPEECH түймесін басыңыз.
3 “Pair Device” (“Жұп режимін орнату”) деп айтыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

- Төмендегі процедураны ① — ③ “Pair Device” пәрменін берудің орнына пайдалануға болады. Қаласаңыз, 3-қадамды төмендегі процедурамен ауыстыруға болады.
 - ① “Setup” (“Баптау”) деп айтыңыз.
 - ② “Pairing Options” (“Жұп режимінің баптаулары”) деп айтыңыз.
 - ③ Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Select one of the following: pair, edit, delete, list or set code” (“Әрекетті таңдаңыз, жұп режимін орнату, редакциялау, жою, тізімдеу немесе код орнату”). “Pair” (“Жұп режимін орнатыңыз”) деп жауап беріңіз.
- Егер жұп режимі жеті құрылғымен орнатылған болса, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Maximum devices paired” (“Құрылғылардың максималды саны”) дейді, содан кейін жұп режимін орнату процесін аяқтайды. Жаңа құрылғыны тіркеу үшін, бұрынғы құрылғылардың бірін алып тастаңыз, содан кейін жұп режимін орнату процесін қайталаңыз. “Құрылғыны жою” тарауын қараңыз, бет 7-65.

4. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Start pairing procedure on the device. See the device manual for instructions” (“Жүп режимін орнату процедурасының басталуы. Нұсқаулықтар алу үшін құрылғы нұсқаулығын қараңыз”), содан кейін былай дейді: “The pairing code is <pairing code>” (“Тіркеу коды <тіркеу коды>”).

ЕСКЕРТПЕ

- 7
- Кейбір Bluetooth® құрылғылары үшін белгілі бір тіркеу кодын енгізу қажет етіледі. Тіркеу кодына қойылатын талаптар туралы құрылғыны пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан, “Егер Сіздің құрылғыңыз үшін нақты тіркеу коды талап етілсе” тарауынан білуге болады, бет 7-65.
 - Кіріс тіркеу коды тек қосылысты сертификаттау үшін пайдаланылады. Bluetooth® құрылғысының қосылыс баптауларына қарай бұл кодты Bluetooth® құрылғысын Bluetooth® 2.0 жүйесіне қосқан сайын енгізу қажет болуы мүмкін. Өздігінен орнатылған қосылыс баптауларын құрылғының нұсқаулығынан табуға болады
5. Bluetooth® құрылғысына 4 тармақты орындау кезінде айтылған төрт таңбалы кодты енгізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Жүйеге қосылған Bluetooth® құрылғысына байланысты Bluetooth® 2.0 жүйесіне қосылған Bluetooth® құрылғысымен жүп режимін орнату үшін бірнеше минут қажет болуы мүмкін.
- Егер Bluetooth® 2.0 жүйесі Bluetooth® құрылғысын тани алмаса, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Pairing has timed out” (“Жүп режимін орнату уақыты аяқталды”) сөзін айтады және жүп режимін орнату процесі тоқтатылады. Тіркелетін құрылғының Bluetooth® технологиясын қолдайтынына көз жеткізіңіз және жүп режимін орнату әрекетін қайталаңыз.
- Егер қате код енгізілсе, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Pairing failed” (“Жүп режимін орнату қатесі”) сөзін айтады және жүп режимін орнату процесі жойылады. Кодты енгізудің дұрыстығын тексеріп, жүп режимін орнатуға тырысыңыз. Егер сіздің құрылғыңызға нақты тіркеу кодын енгізу қажет болса, сол кодты енгізу керек. Тіркеу кодына қойылатын талаптар туралы құрылғыны пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан, “Егер Сіздің құрылғыңыз үшін нақты тіркеу коды талап етілсе” тарауынан білуге болады, бет 7-65.

6. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Please say the name of the device after the beep” (“Өтінеміз, дыбыстық сигналдан кейін құрылғы атауын атаңыз”). Сіз Bluetooth® құрылғысына кез-келген атау бере аласыз және оны құрылғының белгісі ретінде тіркей аласыз. Дыбыстық сигналдан кейін тіркелгіңіз келетін атауды атаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер растау функциясы қосылса, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі сіз атаған құрылғы белгісін айтады, содан кейін сұрақ қояды: “Is this correct?” (“Бұл дұрыс?”). “Yes” деп жауап беріңіз. Құрылғының белгілеуін өзгерту үшін “No” деп жауап беріңіз, содан кейін құрылғының басқа атауын атаңыз.
7. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Pairing Complete. Would you like to import the contacts from your mobile device now?” (“Жүп режимі орнатылды. Қазір өзіңіздің мобильді құрылғыңыздан байланыстарды импорттағыңыз келе ме?”). “Yes” (“Иә”) деп айтыңыз, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Please wait while the contacts are imported. This may take several minutes to complete” (“Өтінеміз, байланыстар импортталып жатқанда, күте тұрыңыз. Бұл бірнеше минутты қажет етуі мүмкін”). Жүп режимін орнатуды аяқтау үшін, “No” (“Жоқ”) деп жауап беріңіз.

Егер сіздің құрылғыңызға нақты тіркеу кодын енгізу қажет болса, сол кодты енгізу керек

Егер сіздің құрылғыңызға нақты тіркеу кодын енгізу қажет болса, сол кодты енгізу керек. Әрекеттер тәртібі төменде сипатталған.

- 1 SPEECH түймесін басыңыз.
- 2 “Setup” (“Баптау”) деп айтыңыз.
- 3 “Pairing Options” (“Жұп режимінің баптаулары”) деп айтыңыз.
- 4 “Set Code” (“Код орнату”) деп айтыңыз.
- 5 Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Do you want the pairing code to be random or fixed” (“Бекітілген немесе өзгермелі кодты орнатқыңыз келеді?”) деп айтады. “Fixed” (“Бекітілген”) деп жауап беріңіз.
- 6 Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Please say a 4-digit pairing code” (“Өтінеміз, төрт таңбалы жұп кодын атаңыз”). Әлдебір төрт таңбалы санды атаңыз.
- 7 Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “The pairing code is <pairing code>” (“Тіркеу коды орнатылған <тіркеу коды>”). Егер растау функциясы қосылса, растау жүйесі аталған жанрды растауды сұрайды. “Yes” деп жауап беріңіз. 6-тармаққа оралу үшін, “No” деп жауап беріңіз.
- 8 Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп сұрайды: “Do you want to pair a device now?” (“Жұп режимін қазір орнатқыңыз келеді ме?”). “Yes” (“Иә”) деп жауап беріңіз, жүйе жұп режимін орнату процесінің 3-қадамына өтеді. “Жұп режимін орнату (2 тип)” тарауын қараңыз.

Құрылғы таңдау

E00760701332

Егер автомобильде бірнеше тіркелген Bluetooth® құрылғысы болса, ұялы телефон немесе музыка ойнатқышы жүйеге соңғы рет қосылған Bluetooth® 2.0 жүйесіне автоматты түрде қосылады. Басқа тіркелген ұялы телефонды немесе музыка ойнатқышын қосу үшін, баптауларды өзгерту мақсатында, баптауларды өзгертудің келесі әрекеттерін орындау керек:

Ұялы телефонды таңдау

- 1 SPEECH түймесін басыңыз.
- 2 “Setup” (“Баптау”) деп айтыңыз.
- 3 “Select phone” (“Телефон таңдау”) деп айтыңыз.
- 4 Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Please say” (“Өтінеміз, атаңыз”) деп айтады, содан кейін соңғы қосылған телефоннан бастап тиісті ұялы телефондардың нөмірлері мен белгілерін тізімдей бастайды. Қосылғыңыз келетін ұялы телефон нөмірін атаңыз. Егер растау функциясы қосылса, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі Өзіңіз қосқыңыз келетін аталған телефон нөмірін растауды сұрайды. Таңдауды растау үшін, “Yes” деп айтыңыз. Егер сіз “No” деп айтсаңыз, жүйе былай дейді: “Please say” (“Өтінеміз, айтыңыз”). Қосқыңыз келетін ұялы телефон нөмірін атаңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Сіз кез-келген уақытта SPEECH түймесін басып, Нөмірді атай отырып, телефонды қосуға болады, тіпті, жүйе барлық тіркелген ұялы телефондардың нөмірлері мен белгілерін тізімдегенге дейін.

5. Таңдалған телефон Bluetooth® 2.0 жүйесіне қосылады. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “<құрылғыны белгілеу> selected” (“<құрылғыны белгілеу> таңдалды”) деп айтады, содан кейін жүйе негізгі мәзірге оралады.

Музыкалық ойнатқышты таңдау

- 1 SPEECH түймесін басыңыз.
- 2 “Setup” (“Баптау”) деп айтыңыз.
- 3 “Select music player” (“Музыка ойнатқышын таңдау”) деп айтыңыз.
- 4 Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Please say” (“Өтінеміз, атаңыз”) деп айтады, содан кейін соңғы қосылған ойнатқыштан бастап тиісті музыка ойнатқыштарының нөмірлері мен белгілерін тізімдей бастайды. Өзіңіз қосқыңыз келетін музыка ойнатқышының нөмірін атаңыз. Егер растау функциясы қосылған болса, жүйе сіз қосқыңыз келетін музыка ойнатқышының аталған нөмірін растауды сұрайды. Таңдауды растау үшін, “Yes” деп айтыңыз. Егер сіз “No” деп айтсаңыз, жүйе былай дейді: “Please say” (“Өтінеміз, айтыңыз”). Өзіңіз қосқыңыз келетін музыка ойнатқышының нөмірін атаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ**

- Сіз кез-келген уақытта SPEECH түймесін басып, Нөмірді атай отырып, тіпті, жүйе барлық тіркелген музыка ойнатқыштарының нөмірлері мен белгілерін тізімдегенге дейін музыка ойнатқышын қосуға болады.

5. Таңдалған музыкалық ойнатқыш Bluetooth® 2.0 жүйесіне қосылады. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “<құрылғыны белгілеу> selected” (“<құрылғыны белгілеу> таңдалды”) деп айтады, содан кейін жүйе негізгі мәзірге оралады.

7

Құрылғыны жою

E0077500195

Тіркелген Bluetooth® құрылғысын Bluetooth® 2.0 жүйесінен алып тастау келесі түрде жүргізіледі:

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. “Setup” (“Баптау”), деп айтыңыз
3. “Pairing Options” (“Жұп режимінің баптаулары”) деп айтыңыз.
4. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Select one of the following: pair, edit, delete, or list” (“Әрекетті таңдаңыз: жұп режимін орнату, редакциялау, жою немесе тізімдеу”). “Delete” (“Жою”) деп жауап беріңіз.
5. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Please say” (“Өтінеміз, атаңыз”) деп айтады, содан кейін соңғы қосылған құрылғыдан бастап тиісті құрылғылардың нөмірлері мен белгілерін тізімдей бастайды. Барлық тіркелген құрылғыларды тізімдегеннен кейін жүйе “or all” (“немесе барлығы”) деп айтады.

Жойғыңыз келетін құрылғы нөмірін атаңыз. Егер сіз барлық тіркелген телефондарды жүйеден жойғыңыз келсе, “All” (“Барлығы”) деп айтыңыз.

6. Растау үшін дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Deleting < құрылғыны белгілеу> < нөмір > дейді. Is this correct?” (“Жою <құрылғы белгісі> <нөмір>. Бұл дұрыс па?”) немесе “Deleting all devices. Is this correct?” (“<Барлық құрылғыларды жою>. Бұл дұрыс па?”).
- Телефон(дар)ды жою үшін “Yes” деп жауап беріңіз. 4-тармаққа оралу үшін, “No” деп жауап беріңіз.
7. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Deleted” (“Жойылды”). Осымен құрылғыны жою процесі аяқталады

 **ЕСКЕРТПЕ**

- Егер құрылғы әлдебір себептермен жойылмаса, жүйе “Delete failed” (“Жою кателігі”) деп аталады және жою жойылады.

Тіркелген Bluetooth® құрылғылары тізімін тексеру

E0076080017

Тіркелген Bluetooth® құрылғылары тізімін тексеру былай жүргізіледі:

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. “Setup” (“Баптау”), деп айтыңыз
3. “Pairing Options” (“Жұп режимінің баптаулары”) деп айтыңыз.
4. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Select one of the following: pair, edit, delete, or list” (“Әрекетті таңдаңыз: жұп режимін орнату, редакциялау, жою немесе тізімдеу”). “List” (“Санамалау”) деп жауап беріңіз.
5. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай соңғы қосылған Bluetooth® құрылғысынан бастап тиісті құрылғылардың белгілерін тізімдей бастайды.
6. Барлық тіркелген Bluetooth® құрылғыларының белгілерін тізімдеген соң, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі сұрайды: “End of list, would you like to start from the beginning?” (“Тізімнің соңы. Басынан бастағыңыз келе ме?”). Құрылғылар тізімін тағы бір рет тыңдау үшін “Yes” деп жауап беріңіз. Негізгі мәзірге оралу үшін “No” деп жауап беріңіз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Егер тізімді тыңдау кезінде SPEECH түймесін басып, босатса және “Continue” (“Жалғастыру”) немесе “Previous” (“Артқа”) деп айтса, жүйе тізім бойынша алға немесе артқа өтеді. Келесі (үлкен) нөмірі бар құрылғыға өту үшін “Continue” (“Жалғастыру”) деп айтыңыз; алдыңғы құрылғыға оралу үшін “Previous” (“Артқа”) деп айтыңыз.
- Құрылғының белгілерін өзгертуге болады: ол үшін тізімді тізімдеу кезінде SPEECH түймесін басып, босатыңыз, содан кейін “Edit” (“Редакциялау”) деп айтыңыз.
- Сіз қосылған телефонды өзгерте аласыз: ол үшін тізімді тізімдеу кезінде SPEECH түймесін басып, босатыңыз, содан кейін “Select phone” (“Телефон таңдау”) деп айтыңыз.
- Сіз қосылған телефонды өзгерте аласыз: ол үшін тізімді тізімдеу кезінде SPEECH түймесін басып, босатыңыз, содан кейін “Select music player” (“Музыкалық ойнатқышты таңдау”) деп айтыңыз.

Құрылғының белгіленуін өзгерту

E00760900018

Тіркелген ұялы телефонның немесе музыка ойнатқышының белгілерін өзгертуге болады. Құрылғының белгісін өзгерту келесідей жүзеге асырылады:

- 1 SPEECH түймесін басыңыз.
- 2 “Setup” (“Баптау”) деп айтыңыз.
- 3 “Pairing Options” (“Жұп режимінің

баптаулары”) деп айтыңыз.

4. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Select one of the following: pair, edit, delete, or list” (“Әрекетті таңдаңыз: жұп режимін орнату, редакциялау, жою немесе тізімдеу). “Edit” (“Редакциялау”) деп жауап беріңіз.
5. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Please say” (“Өгінеміз, атаңыз”) деп айтады, содан кейін соңғы қосылған Bluetooth® құрылғысынан бастап тиісті Bluetooth® құрылғыларының нөмірлері мен белгілерін тізімдей бастайды. Барлық тіркелген құрылғыларының белгілерін тізімдеген соң, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай дейді: “Which device, please?” (“Құрылғылардың қайсысы?”). Өзгертіңіз келетін құрылғының нөмірін атаңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Тізімді тізімдеу кезінде сіз SPEECH түймесін басып, босата аласыз, содан кейін бірден өзгертілуі тиіс құрылғының нөмірін атай аласыз
6. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “New name, please” (“Жаңа есімді атаңыз”). Құрылғының жаңа белгісі ретінде тіркелгіңіз келетін атауды атаңыз. Егер растау функциясы қосылса, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай дейді: “<Құрылғының жаңа белгісі>. Is this correct?” (“<Телефон түрі>. “Бұл дұрыс па?”). “Yes” деп жауап беріңіз. “No” деп жауап бере отырып, сіз құрылғының жаңа белгісі ретінде тіркелгіңіз келетін басқа атауды атай аласыз.

7. Құрылғының белгісі өзгертіледі. Процесс аяқталған соң, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “New name saved” (“Жаңа есім сақталды”), содан кейін жүйе негізгі мәзірге оралады.

Bluetooth® интерфейсіне қосылған музыка ойнатқышын басқару

E00761001967

Bluetooth® интерфейсіне қосылған музыка ойнатқышын басқару тәртібі туралы мәліметтерді “Bluetooth® интерфейсімен аудиоқұрылғыдан жазбаларды жаңғырту” тарауын қараңыз, бет 7-44. DISPLAY AUDIO сенсорлық басқарылатын аудиожүйесі және Mitsubishi Connect жүйесі бар автомобильдерде мәліметтер аудиожүйені пайдалану жөніндегі жеке нұсқаулықта келтірілген.

Дауыс пәрмендерінің көмегімен қоңырауларды жүзеге асыру және қабылдау

E00761100059

Bluetooth® 2.0 жүйесіне қосылған Bluetooth® технологиясын қолдайтын ұялы телефонды пайдаланып, дауыс пәрмендері арқылы қоңырау шалуға және қабылдауға болады.

Сонымен қатар, қоңырау шалу үшін телефон нөмірлерін терудің орнына Bluetooth® 2.0 жүйесінде телефон анықтамалықтарын пайдалануға болады.

Нөмір теру — бет 7-68.

SEND (жонелту) функциясы — бет 7-70.

Қоңырауларды қабылдау — бет 7-70.

MUTE (дыбысты өшіру) функциясы — бет 7-70.

Hands-free режимі мен кәдімгі режим арасында ауысу — бет 7-70.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер қоңыраулар тікелей ұялы телефоннан қабылданса немесе орындалса, hands-free режимінде қоңырауларды басқару дұрыс жүргізілмеуі мүмкін.

Нөмір теру

E00761200148

Bluetooth® 2.0 жүйесі арқылы келесі үш жолмен қоңырау шалуға болады:

телефон нөмірін айтыңыз, Bluetooth® 2.0 жүйесінің телефон каталогын пайдаланыңыз немесе нөмірді қайта теруді қолданыңыз.

Абонентті телефон нөмірі бойынша шақыру

Сіз қалаған абонентке телефон нөмірін айту арқылы қоңырау шала аласыз.

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. “Dial” (“Теру”) деп айтыңыз.
3. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Number please” (“Нөмірді атаңыз”) жауап бергеннен кейін телефон нөмірін айтыңыз.
4. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай деп айтады: “Dialing <танылған нөмір>” (“<Танылған нөмірді> теру”). Содан кейін Bluetooth® 2.0 жүйесі шақыра байтайды.
Егер растау функциясы қосылса, растау жүйесі аталған жанрды растауды сұрайды. Таңдауды растау үшін, “Yes” деп айтыңыз. Басқа нөмірді теру үшін, “No” деп айтыңыз. Жүйе “Number please” деп айтқаннан кейін жаңа нөмірді атаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер нөмір ағылшын тілінде аталса, онда 0 санын “zero” және “oh” (o әрпі) деп айтуға болады.
- Bluetooth® 2.0 жүйесі 0-ден 9-ға дейінгі сандар жиынтығын, сондай-ақ (+, # және *) таңбаларды қолдайды.
- Телефон нөмірлерінің келесі максималды ұзындығына қолдау көрсетіледі:

ЕСКЕРТПЕ

- Халықаралық телефон нөмірі: + және телефон нөмірінің сандары (18-ден аспайды).
- Халықаралық нөмірлерден басқа, өзге телефон нөмірлері: телефон нөмірінің сандары (19-дан аспайды).

Абонентті телефон анықтамалығы арқылы шақыру

Сіз автомобильдің телефон анықтамалығының немесе Bluetooth® 2.0 жүйесіндегі ұялы телефон анықтамалығының көмегімен қоңырау шала аласыз.

Телефон анықтамалықтары туралы мәліметтерді “Телефон анықтамалығын пайдалану” тарауынан қараңыз, бет 7-70.

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. “Call” (“Шақыру”) деп айтыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

- Егер автомобильдің телефон анықтамалығында және ұялы телефон анықтамалығында жазбалар болмаса, “Call” (“Қоңырау”) пәрменін алған кезде, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі жауап береді: “The vehicle phonebook is empty. Would you like to add a new entry now?” (“Телефон анықтамалығы бос. Жаңа жазба қосқыңыз келе ме?”).
 - Егер сіз “Yes” деп айтсаңыз, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі былай дейді: “Entering the phonebook — new entry menu” (“Телефон анықтамалығына кіру — жаңа атаулар мәзірі”). Осыдан кейін сіз қажетті деректерді автомобильдің телефон анықтамалығына енгізе аласыз.
 - “No” жауабы алынған жағдайда, жүйе негізгі мәзірге оралады.
- 3 Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Name please” (“Атын атаңыз”) айтқаннан кейін, телефон анықтамалығына жазылғандай, өзіңізге қажет абонент атын атаңыз.
 - 4 Егер тек 1 сәйкестік табылса, жүйе 5-тармаққа өтеді.
Егер бірнеше сәйкессіздік болса, жүйе “More than one match was found, would you like to call <аталған есім>?” (“Бірнеше сәйкестік табылды, сіз <аталған есімді> шақырғыңыз келеді ме?”). Дәл осы адамға қоңырау шалғыңыз келсе, “Yes” деп жауап беріңіз. Егер сіз “No” деп жауап берсеңіз, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі іздеу критерийлеріне сәйкес келетін келесі адамды атайды.


ЕСКЕРТПЕ

- Егер сіз барлық ұсынылған атауларға жауап ретінде “No” деп айтсаңыз, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Name not found, returning to main menu” (“Есімі табылмады, негізгі мәзірге оралу”) деп айтады және жүйе негізгі мәзірге оралады.
5. Егер сіз айтқан есіммен тек 1 телефон нөмірі тіркелген болса, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі 6-тармаққа өтеді.
Егер бірнеше тіркелген телефон нөмірлері аталған атауға сәйкес келсе, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі мынаны айтады: “Would you like to call <есім> at [home], [work], [mobile], or [other]?” (“<Есімді> шақырғыңыз келе ме [үй], [жұмыс], [ұялы] телефонымен немесе [басқа телефонмен?]”). Қоңырау шалғыңыз келетін телефонды таңдаңыз.


ЕСКЕРТПЕ

- Егер автомобильдің телефон анықтамалығында аталған есім бойынша деректер болса, бірақ таңдалған типтегі телефон нөмірі тіркелмеген болса, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі: “{home/work/mobile/other} not found for <есім> деп жауап береді. Would you like to add location or try again?” (“{үй/жұмыс/ұялы/басқа} нөмір <есім> үшін табылған жоқ. Нөмірді қосқыңыз келе ме немесе қайталап көріңіз келе ме?”). “Try again” (“Қайталап көріңіз”) деп айтыңыз, жүйе 3-тармаққа оралады. “Add location” (“Нөмірді қосу”) арқылы сіз тиісті типтегі қосымша телефон нөмірін тіркей аласыз.
 - Егер ұялы телефон анықтамалығында аталған есім бойынша деректер болса, бірақ таңдалған типтегі телефон нөмірі тіркелмеген болса, дауыстық нұсқаулықтар жүйесі: “{home/work/mobile/other} not found for <есім> деп жауап береді. Would you like to try again?” (“{үй/жұмыс/ұялы/басқа} <есім> үшін табылған жоқ. Әрекетті қайталағыңыз келе ме?”). “Yes” деп жауап беріңіз, жүйе 3-тармаққа оралады.
“No” жауабы болған жағдайда, қоңырау тоқтатылады. 1 тармақтан қайта бастаңыз.
6. Дауыстық нұсқаулықтар жүйесі “Calling <есім> <телефон түрі>” (“Теру <есім> <телефон түрі>”) деп атайды және телефон нөмірін теруді бастайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер растау функциясы қосылса, растау жүйесі аталған есімі мен телефон түрін растауды сұрайды. Таңдауды растау үшін, “Yes” деп айтыңыз.
- Егер сіз басқа абонентке немесе сол абоненттің басқа нөміріне қоңырау шалғыңыз келсе, “No” деп жауап беріңіз. Жүйе 3-тармаққа оралады.

Қайта теру

7

Қосылған телефондағы терілген нөмірлер журналын пайдаланып, соңғы нөмірді теруді қайталауға болады. Бұл үшін келесі әрекетті жасау қажет:

- 1 SPEECH түймесін басыңыз.
2. “Redial” (“Қайта теру”) деп айтыңыз.

SEND функциясы

E00761300035

Нөмірді үнімен теру үшін дауыстық пәрмендерді тану режиміне кіру үшін, SPEECH түймесін басыңыз, содан кейін “<number> SEND” (“<нөмірді> жіберу”) деп айтыңыз. Мысалы, егер қоңырау кезінде автоматтандырылған жүйенің сұранысына жауап беру үшін, үн сигналдарының берілуін модельдеу қажет болса, SPEECH түймесін басып, мысалы, “1 2 3 4 pound send” (“1234 тор жөнелту”) деп айтыңыз. Осыдан кейін ұялы телефоннан 1234# теру сигналы беріледі.

Қоңырауларды қабылдау

E00761600054

Егер кіріс қоңырау келіп түскенде, оталдыру құлпындағы кілт ON немесе ACC күйінде болса немесе ON немесе ACC жұмыс режимі қосылса, аудиожүйе автоматты түрде қосылып, қоңырауды қабылдау режимі өшірілуі болса да, осы режимге ауысады.

Дауыстық нұсқаулықтар жүйесінің дыбысы алдыңғы жолаушы орындығының жанында орналасқан динамик арқылы шығарылады. Егер қоңырау келіп түскен кезде, радио немесе ықшам диск ойнатқышы қосулы болса, олардың дыбысы өшіріліп, кіріс қоңырау жаңғыртылады. Қоңырауды қабылдау үшін, рөл дөңгелегіндегі PICK-UP түймесін басыңыз. Қоңырау аяқталғаннан кейін аудиожүйе бұрынғы жұмыс режиміне оралады.

MUTE (дыбысты өшіру) функциясы.

E00760300041

Сөйлесу кезінде сіз кез-келген уақытта автомобиль микрофонын өшіре аласыз. Сөйлесу кезінде микрофонды өшіру үшін SPEECH түймесін басып, “Mute” (“Дыбысты өшіру”) деп айту керек. Сөйлесу кезінде микрофонды қайта қосу үшін SPEECH түймесін басып, “Mute off” (“Дыбысты қосу”) деп айту керек.

Hands-free режимі (“бос қолдар”) мен кәдімгі режим арасында ауысу

E00761400036

Bluetooth® 2.0 жүйе hands-free (“бос қолдар”) режимі мен ұялы телефон арқылы сөйлесу режимі арасында ауысу мүмкіндігін қолдайды. Егер hands-free режимінде сөйлесу кезінде SPEECH түймесін басып, “Transfer call” (“Қоңырауды аудару”) деп айтсаңыз, онда әңгіме hands-free режимінен кәдімгі режимге ауысады. Hands-free режиміне оралу үшін SPEECH түймесін қайта басып, “Transfer call” (“Қоңырауды аудару”) деп айтыңыз.

Телефон анықтамалығын пайдалану

E00763700017

- B — жасыл индикатор
- C — қақпак
- D — апат синалының түймесі
- E — микрофон
- F — есіктегі динамик (алдыңғы жолаушы тарапынан ғана)

ЕСКЕРТУ

- Жоғарыда аталған компоненттерді бөлшектеуге және орнатуға тыйым салынады. Бұл байланыстың жоғалуына немесе жабдықтың бұзылуына әкелуі мүмкін, жүйе дұрыс жұмыс істей алмайды.

1. Оталдыру немесе ON жұмыс режимі қосылған соң, қызыл индикатор (А) мен жасыл индикатор (В) шамамен 10 секундқа қосылады. Индикаторлар өшірілгеннен кейін шамамен 10 секундтан кейін жүйе күту режиміне өтеді.

ЕСКЕРТУ

- Егер оталдыру немесе ON (қосу) жұмыс режимі қосылған кезде, қызыл немесе жасыл индикатор қосылмаса.), жүйе ақаулы болуы мүмкін. Жүйені тексеру үшін, тез арада MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.
- Егер қызыл индикатор оталдыру немесе ON жұмыс режимін қосқан соң, шамамен 20 секунд ішінде қосылса немесе қосылса, жүйеде ақаулық болуы мүмкін немесе “ЭРА-ГЛОНАСС” жүйесінің қорек элементі ақаулы болуы мүмкін. Қалыпты пайдалану кезінде қорек элементінің қызмет ету мерзімі кемінде 3 жыл. Жүйені тексеру және қорек элементін ауыстыру үшін, тез арада MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу керек.

ЕСКЕРТУ

- Егер жүйе күту режимінде тұрмаса, онда жүйе жұмыс істемейді. Қозғалысты бастар алдында, жүйенің күту режимінде тұрғанына көз жеткізіңіз.

2. Жүйе келесі түрде жұмыс істейді.
Автоматты есеп
Егер автомобиль қатты соққы алса.

ЕСКЕРТПЕ

- Соққы күші мен соқтығысу бұрышына байланысты жүйе іске қосылмауы мүмкін.

Қол есебі

Қақпақты ашқанда (С) және апат сигналы түймесін (D) басқанда.

ЕСКЕРТУ

- Апат сигналының түймесін басар алдында, автомобильді қауіпсіз жерде тоқтатыңыз. Егер қозғалыс кезінде апат сигналының түймесін бассаңыз, қоршаған ортаға тиісті дәрежеде көңіл бөле алмайсыз, мұның өзі аварияға әкелуі мүмкін.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Апат сигналын беру жағдайларын қоспағанда, қақпақты ашуға тыйым салынады. Кері жағдайда Сіз апат сигналы түймесін кездейсоқ басып қоюыңыз мүмкін. Сондай-ақ егер қозғалыс кезінде қақпақ ашық болса, онда авария жағдайында жарақатқа себеп болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Қолмен есеп беру кезінде оператормен байланыс болмайынша, апат сигналының түймесін қайта басып, оны 2 секундтан астам ұстап тұрып, сұранысты болдырмауға болады.
- Авария немесе кенеттен туындаған денсаулық мәселелерінен басқа жағдайларда, апат сигналының түймесін басуға тыйым салынады. Егер ақаулы автомобиль эвакуацияланса, қызметтер үшін ақы алынуы мүмкін.

3. Жасыл индикатор жыпылықтайды, жүйе байланыс орталығымен хабарласады.

ЕСКЕРТУ

- Егер қызыл индикатор төменде сипатталғандай етіп қосылса, ұялы телефон арқылы жедел мән беру қызметтерін өз бетінше шақырыңыз.

- Егер қызыл индикатор өшпей қойса. Жүйе ақаулы болуы мүмкін.
- Егер қызыл индикатор тұрақты жарықпен 60 секунд ішінде қосылса (автомобиль радиотолқындар қабылданбайтын немесе таратылмайтын жерде болуы мүмкін).

4. Жасыл индикатор баяу жыпылықтайды, автомобиль және оның орналасқан жері туралы мәліметтер байланыс орталығына жіберіледі.
5. Жасыл индикатор жыпылықтауды тоқтатып, тұрақты жарықпен қосылса, сонымен қатар бір реттік зуммер сигналы берілсе, байланыс орталығының операторы байланыста болады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Динамиктерді ауыстыруға тыйым салынады. Егер динамиктер ауыстырылса, зуммер сигналы мен байланыс орталығының операторының дауысы естілмеуі мүмкін. Егер динамиктер ақаулыққа байланысты ауыстырылса және т.б., біз MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласуды ұсынамыз.
- Жіберілген және қабылданған есептер арасында байланыс орталығына есеп беру кезінде, қателік пайда болуы мүмкін. Спутниктік желі бойынша байланыс орталығының операторымен байланыс кезінде, есептің нақты объектіге сәйкестігін растау қажет.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер автомобильдегі микрофон (Е) және/немесе жүйелік динамик ақаулы болса, Сіз байланыс орталығының операторымен сөйлесе алмайсыз.
 - Автомобильден шалынған қоңырау аяқталмауы мүмкін.
6. Қажет болған жағдайда, байланыс орталығы зардап шеккендер мен авариялық автомобильді эвакуациялауды қамтамасыз етеді.

Индикаторлар жағдайларының тізбесі

Жағдай	Индикатор		Себеп	Әрекеттер	Зуммер дыбысы
	қызыл	жасыл			
Оталдыру кілтін ON күйіне бұрған кезде немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде	Қосылады (шамамен 10 секундқа)	Қосылады (шамамен 10 секундқа)	Жүйе өзін-өзі диагностикалауды орындайды.	Біршама уақыт күте тұрыңыз. Жүйені тексеру аяқталған соң, индикатор өшеді. Егер қызыл және/немесе жасыл индикаторлар қосылмаса, жүйе ақаулы болуы мүмкін. Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін, тез арада MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу керек.	Дыбысталмайды

Жағдай	Индикатор		Себеп	Әрекеттер	Зуммер дыбысы
	қызыл	жасыл			
Оталдыру немесе ON жұмыс режимі қосылған соң, шамамен 20 секундтан кейін	Өшеді	Өшеді	Жүйе қалыпты жұмыс істейді.	—	Дыбысталмайды
	Қосылады	Өшеді	Жүйеде ақаулық бар немесе қорек элементі зарядсызданған болуы мүмкін.	Жүйені тексеру үшін, тез арада MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.	Үш рет дыбыстайды
Шұғыл шақыруды орындау кезінде	Өшеді	Жыпылықтайды (0,5 секунд аралықта).	Жүйе байланыс орталығымен хабарласады.	—	Дыбысталмайды
	Өшеді	Жыпылықтайды (2 секунд аралықта).	Жүйе автомобиль және оның орналасқан жері туралы ақпаратты байланыс орталығына жібереді.	—	Дыбысталмайды
	Өшеді	Қосылады	Байланыс орталығының операторы байланыста болады.	Шұғыл шақыру мән-жайларын байланыс орталығының операторымен өзара растау қажет. Егер шұғыл байланыс сеансы аяқталғаннан кейін де жасыл жарық өшпесе, жүйені тексеру үшін MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.	Бір рет дыбыстайды
Шұғыл шақыру сәтсіз болған жағдайда	Қосылады (шамамен 60 секундқа)	Өшеді	Шұғыл байланыс сеансы үзілді.	Шұғыл шақыру әрекетін қайталаңыз немесе жедел мән беру немесе эвакуация қызметтерін ұялы телефон немесе жақын маңдағы стационарлық телефон және т.б. арқылы шақырыңыз.	Үш рет дыбыстайды

Тестілік режим

Жүйенің жұмыс істеп тұрғанына және күту режимінде тұрғанына келесі түрде көз жеткізе аласыз.

Процедураны бастар алдында, радиотолқындарды қабылдау және тарату қиын емес, қауіпсіз, жақсы көрінетін жерде автомобильді тоқтатыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Тестілік шұғыл шақыруды білікті қызметкер ғана орындай алады.
- Сондықтан егер Сіз жүйені тексергіңіз келсе, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығымен кеңесіңіз.

Тестілік режимге көшу

1. Оталдыру өшірулі немесе OFF жұмыс режимі қосұлы болған кезде, апат сигналының түймесін басып ұстап тұрып, оталдыруды немесе ON жұмыс режимін қосыңыз.
2. Тұтану құлпын ON күйіне қосқан соң немесе ON жұмыс режимін қосқан соң, 10 секунд ішінде 3 және 4 қадамдарды орындаңыз.
3. Апат сигналының түймесін босатыңыз.
4. Апат сигналы түймесін қатарынан кемінде 3 рет басыңыз.
5. 2 қадамды орындаған соң, шамамен 10 секундтан кейін қызыл және жасыл индикаторлар сөнеді. Содан кейін үш реттік зуммер сигналы дыбысталады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер зуммер сигналы берілмесе, 1 қадамнан бастап процедураны қайталаңыз.

6. Шамамен 60 секундтан кейін жасыл индикатор жыпылықтай бастайды. Егер 20 секунд ішінде апат сигналының түймесін басса, тестілік режимге көшу орын алады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер жасыл индикатордың орнына қызыл индикатор жыпылықтай бастаса, автомобильді радиотолқындарды қабылдау және тарату қиын емес қауіпсіз көрінетін жерге жылжытыңыз, 1-қадамнан бастап процедураны қайталаңыз.
7. Тест режиміне ауысқан соң, шамамен 20 секундтан кейін тест режимінің нұсқасын таңдау үшін, апат сигналы түймесін келесі түрде басыңыз.
 - 10 секундтан астам ұстап тұрыңыз: байланыс орталығына тестілік есепті жөнелту.
 - 10 секундтан кем уақыт ұстап тұрыңыз: автомобильде орнатылған “ЭРА-ГЛОНАСС” жүйесінің жабдыктарын тестілеу.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер 20 секунд ішінде апат сигналының түймесін баспаса, тест режимінен шығу орын алады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер Сіз қосұлы тест режимінде қозғалысты бастасаңыз, онда біршама уақыттан кейін тест режимінен шығу орын алады.

Байланыс орталығына тестілік есепті жөнелту

1. Жасыл индикатор қосылады, есепті байланыс орталығына жөнелту басталады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер қызыл индикатор шамамен 60 секундқа қосылса, автомобиль радиотолқындарды қабылдау және тарату қиын жерде орналасқан болғаны. Сондықтан жүйе байланыс орталығымен хабарласа алмайды.
2. Жасыл индикаторды өшіру тест режимінің сәтті аяқталғанын көрсетеді.

Автомобильде орнатылған “ЭРА-ГЛОНАСС” жүйесінің жабдыктарын тестілеу

1. Зуммердің бір реттік сигналынан соң, апат сигналының түймесін басыңыз.**Индикаторларды тексеру**
Бір реттік зуммер сигналынан кейін, қызыл және жасыл индикаторлар кезек-кезек қосылады, бұл олардың дұрыс жұмыс істейтіндігін көрсетеді.
2. Егер индикаторлар жарамды болса, апат сигналы түймесін басыңыз. Егер индикаторлар жұмыс істемесе, шамамен 20 секунд күте тұрыңыз.

Динамиктерді тексеріңіз

Екі реттік сигналдан кейін зуммер сигналы берілуді жалғастырады, бұл динамиктердің қалыпты жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді.

- Егер динамиктер жарамды болса, апат сигналы түймесін басыңыз. Егер динамиктер жұмыс істемесе, шамамен 20 секунд күте тұрыңыз.

Микрофонды тексеру

Үш реттік зуммер сигналынан кейін микрофонға бірнәрсе айтыңыз.

Егер Сіз өз даусыңызды динамиктер арқылы естісеңіз, микрофон жұмыс істемейді.

- Егер микрофон жарамды болса, апат сигналы түймесін басыңыз. Егер микрофон жұмыс істемесе, шамамен 20 секунд күте тұрыңыз.
- Егер барлық тексерулер сәтті өтсе, жасыл индикатор қосылады (шамамен 5 секунд) және бір реттік зуммер сигналы беріледі.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Егер кез-келген тексеру жүргізілмесе, қызыл индикатор қосылады (шамамен 5 секунд) және зуммер сигналы 3 рет естіледі. Бұл жағдайда жүйе ақаулы болуы мүмкін. Жүйені тексеру үшін, тез арада MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.

- Жасыл индикаторды өшіру тест режимінің сәтті аяқталғанын көрсетеді.

Автомобиль істен шыққан жағдайдағы әрекеттер

E00800101182

Егер автомобиль жолда істен шықса, оны жол жиегіне апарыңыз, авариялық сигнализацияны қосыңыз және/немесе автомобильдің артына авариялық тоқтау белгісін немесе жыпылықтайтын шам қойыңыз. “Авариялық жарық сигнализациясын қосқыш” тарауын қараңыз, бет 5-60.

Егер қозғалтқыш тоқтап қалса және іске қосылмаса

Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрса, автомобильдің әрекеті мен басқарылуы маңызды шамада өзгереді. Автомобильді қауіпсіз жерге апару алдында, мыналарды ескеру қажет:

- Тежегіш күшейткіш жұмыс істемейді, сондықтан тежегіш педаліне қолданылатын күш арта түседі. Тежегіш педалін бұрынғыдан күштірек басыңыз.
- Рөлмен басқаруды күшейткіш жұмыс істемейтіндіктен, рөл дөңгелегі ауыр айналады.

Егер OFF жұмыс режимі қосылмаса (автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер үшін)

E00804900400

Егер жұмыс режимін OFF-ке өзгерту мүмкін болмаса, келесі әрекеттерді орындаңыз:

- Селектор интірегін Р (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз, содан кейін OFF жұмыс режимін қосыңыз (CVT автомобильдері).
- Мұның тағы бір себебі аккумуляторлық батареяның заряды төмен болуы мүмкін. Егер бұл жағдай орын алса, есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі, автомобильді қашықтан басқару жүйесі және рөл бағанын электрмен бұғаттау жұмыс істемейді. MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгініңіз.

8

Қозғалтқышты сыртқы энергия көзінен іске қосу

E00800504927

Егер аккумуляторлық батарея заряды таусылғандықтан немесе ақаулы болғандықтан қозғалтқыш іске қосылмаса, басқа автомобильдің аккумуляторлық батареясын пайдалануға болады. Бұл үшін арнайы жалғау сымдарының жиынтығы қажет етіледі.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қозғалтқышты басқа автомобильдің аккумуляторынан арнайы қосқыш сымдардың көмегімен іске қосу үшін, төменде сипатталған кадамдарды орындаңыз. Нұсқаулықтарды сақтамау өртке, жарылысқа немесе автомобильдердің зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Темекі шекпеңіз, аккумуляторлық батарея жанында ұшқынның немесе ашық оттың пайда болуына жол бермеңіз. Бұл оның жарылуына әкелуі мүмкін.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Автомобильді итеріп немесе сүйрей отырып, қозғалтқышты қосуға тырыспаңыз. Бұл автомобильдің зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Басқа автомобильдің электр желісіндегі кернеуді тексеріңіз. Ол 12 В құрауы тиіс. Кері жағдайда аккумуляторлық батареялардың қосылуы екі автомобильге де зақым келтіруі мүмкін.
- Қосылатын сымдардың көлденең қимасы батарея сыйымдылығына сәйкес таңдалуы керек. Кері жағдайда бөлінетін жылу сымдардың қызып кетуіне әкелуі мүмкін.
- Жалғағыш сымдарды пайдалану алдында, сымдарда зақымданулар мен тоттану іздерінің жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Аккумуляторлық батареяның жанында жұмыс істеген кезде, қорғану көзілдірігін кию керек.
- Аккумуляторлық батареяға балаларды жақындатпаңыз.

1. Сымдарды жалғауға мүмкіндік болуы үшін, автомобильдерді бір-біріне жақын қойыңыз. Бұл ретте автомобильдер бір-біріне тиіп тұрмауы тиіс.
2. Электр қуатын тұтынатын барлық шамдарды, жылытқышты және басқа жабдықты өшіріңіз.
3. Екі автомобильді де тұрақ тежегішіне қойыңыз. А/Т, CVT селекторының иінітірегін Р (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз немесе М/Т бейтарап берілісті қосыңыз. Қозғалтқышты өшіріңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Жалғастырушы сымдарды аккумуляторлық батареяларға қосар алдында, екі автомобильдің де оталдырғышын өшіру керек. Сымдарды немесе киімдерді желдеткішпен немесе жетек белдікпен ұстамау үшін шаралар қабылдаңыз. Бұл жарақатқа әкелуі мүмкін.
4. Аккумуляторлық батарея банкларындағы электролит деңгейінің қалыпты екеніне көз жеткізіңіз. “Аккумуляторлық батарея” тарауын қараңыз, бег 10-9.


⚠ ЕСКЕРТУ

- Егер электролит көрінбесе немесе ол қатып қалды деген күдік болса, қозғалтқышты электр қуатының сыртқы көзімен іске қосуға тырыспаңыз! Егер электролит қатып қалса немесе оның деңгейі жеткіліксіз болса, сырттан қорек беру кезінде, батарея шытынауы немесе жарылып кетуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ


- Электролит күкірт қышқылының коррозиялық белсенді ерітіндісі болып табылады. Электролит (аккумуляторлық қышқыл) қолға, көзге, киімге немесе автомобильдің лак-бояу жабынына тиген кезде, оны тез арада сумен мұқият жуу керек. Электролит көзге тиген жағдайда, оларды тез арада көп мөлшерлі сумен шайыңыз, содан кейін дәрігерге көрініңіз.
5. Жалғау сымның бір ұшын ① аккумуляторлық батареяның (А) зарядсызданған оң (+) шықпасына, ал екінші ұшын ② қосалқы аккумуляторлық батареяның (В) оң (+) шықпасына жалғаңыз. Басқа жалғағыш сымның бір ұшын ③ қосалқы аккумуляторлық батареяның теріс (-) шықпасына жалғаңыз, ал екінші ұшын ④ — аккумуляторлық батареясы зарядсызданған автомобиль қозғалтқышының цилиндрлер блогына (аккумуляторлық батареядан едәуір алыс нүктеде) жалғаңыз.

Қозғалтқыш 1500 модификациясы



AFA132628

Қозғалтқыш 2000 модификациясы



AFA135296

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қосылыстың ④ дұрыс орындалғанына көз жеткізіңіз (суретте көрсетілгендей). Сым аккумуляторлық батареяның теріс (-) шықпасына тікелей қосылған жағдайда, аккумуляторлық батареядан бөлінетін жанғыш газдар ұшқыннан тұтануы және жарылуы мүмкін.
- Сымдарды жалғаған кезде сақ болыңыз: аккумуляторлық батареяның оң (+) сымымен теріс (-) шықпасын ұстамаңыз. Бұл ретте аккумулятордың жарылуына әкелуі мүмкін ұшқындар пайда болады.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қозғалтқыш бөлігіндегі жалғағыш сымдарды суытту жүйесінің желдеткішіне немесе басқа айналмалы бөліктерге тигізбейтіндей етіп тартыңыз.
6. Автокөліктің қозғалтқышын қосалқы батареямен іске қосыңыз, оны бірнеше минут бос қалдырыңыз, содан кейін қозғалтқышты аккумуляторлық батареясы зарядсызданған автомобильде іске қосыңыз.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Іске қосу жүзеге асырылатын аккумуляторлық батареядан автомобильдің қозғалтқышын сөндіруге тыйым салынады.
7. Батарея зарядсызданған автомобиль қозғалтқышын іске қосқан соң, сымдарды кері тәртіпте ажыратып, қозғалтқышты

бірнеше минут жұмыс істеуге мүмкіндік беріңіз.




ЕСКЕРТПЕ

- Егер толық зарядталмаған батареямен қозғала бастаса, бұл қозғалтқыштың біркелкі жұмыс істеуіне және тежегіштердің бұғаттауға қарсы жүйесін бақылау шаманың іске қосылуына әкелуі мүмкін. “Тежегіштердің бұғаттауға қарсы жүйесі (ABS)” тарауын қараңыз, бет 6-49.

Қозғалтқыштың қызып кетуі

E00800604595

8

Көпфункционалдық дисплейде суытқыш сұйықтық температурасының ескертуші хабары пайда болады. Сонымен қатар  символы жыпылықтайды.

Бұл жағдайда:

1. Автомобильді қауіпсіз жерге тоқтату керек.
2. Мотор бөлігінен бу шығуын қарап тексеру қажет.

Егер мотор бөлігінен бу шықса


Қозғалтқышты өшірмей, мотор бөлігін желдетуді қамтамасыз ету үшін, капотты ашыңыз.

Егер мотор бөлігінен бу шықпаса

Қозғалтқышты өшіріңіз, бу шығуы тоқтаған кезде, мотор бөлігін желдетуді қамтамасыз ету үшін, капотты ашыңыз. Қозғалтқышты қайта іске қосыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ


- Мотор бөлігінен бу шығып жатқанда, капотты ашпаңыз. Бұл ыстық бұдан немесе сұйықтықтан күйіп қалуға әкелуі мүмкін. Бу шықпаса да, ыстық сұйықтық сыртқа атылып шығуы мүмкін, ал кейбір бөлшектер өте ыстық болуы мүмкін. Капотты ашқанда, сақ болыңыз.
- Кеңейту бағының қақпағынан шығатын ыстық бұдан абай болыңыз.
- Қозғалтқыш суығанша, радиатордың тығынын ашуға тырыспаңыз.



* — автомобильдің алдыңғы жағы

3. Суыту жүйесі желдеткішінің (А) айналып тұрғанына көз жеткізіңіз.
Егер суыту жүйесінің желдеткіші айналса
Салқындатқыштың жоғары температурасы туралы ескерту хабары жоғалғаннан кейін, қозғалтқышты өшіріңіз.
Егер суыту жүйесінің желдеткіші айналса
Тез арада қозғалтқышты өшіріп,

MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.




* — автомобильдің алдыңғы жағы

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қол немесе киім айналып тұрған желдеткішке оралып қалмауы үшін, сақ болыңыз.

4. Кеңейту бағындағы (В) суытқыш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз.



* — автомобильдің алдыңғы жағы

5. Қажет болған жағдайда, салқындату сұйықтығын радиаторға және/немесе кеңейту бағына құйыңыз. “Автомобильге техникалық қызмет көрсету” тарауын қараңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Радиатор тығынын (С) бұрап алар алдында, қозғалтқыштың толық суығанына көз жеткізу керек. Кері жағдайда ыстық бұдан немесе радиатордың мойнынан ағып жатқан қайнап тұрған суытқыш сұйықтығынан күйік пайда болуы мүмкін.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер қозғалтқыш ыстық болса, суытқыш сұйықтығын қоспаңыз. Бұл қозғалтқыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін. Қозғалтқыш суығанша күту керек, содан кейін кішігірім үлестермен суытқыш сұйықтығын толтырыңыз.

6. Суыту жүйесі шлангілерінің жарамдылығын, сондай-ақ салқындату жүйесінің сорғы жетегі белдігінің кернеуі мен тұтастығын тексеріңіз.
Суыту жүйесінің немесе жетек белдігінің әлдебір ақаулары анықталған кезде, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында ақаулықтарды тез арада жою немесе ақаулы бөлшектерді ауыстыру ұсынылады.

Құрал-сайман жиынтығы және домкрат*

E00800903113

Сақтау орны


Құрал-сайман жиынтығы және домкрат багаж бөлімі едені төсенішінің астында тұр. Болжанбаған жағдайларға орай, құрал-сайман жиынтығы мен домкраттың қайда сақталатынын білу керек.



AFA135919

- 1 — құрал-сайман жиынтығы
2 — домкрат

Құрал-сайман жиынтығы



AA0062068


- 1 — домкрат тұтқасы
2 — дөңгелек кілті

Домкрат

Домкратты қалай шешіп алуға болады

Толық өлшемді қосалқы дөңгелегі бар автомобильдер

1. Багаж бөлімі еденінің төсемін көтеріңіз. “Багаж бөлімі еденінің төсемі” тарауын қараңыз, бет 7-91.
2. Домкратты жинап, оны бекіткіштен (А) шығарыңыз.




AFA114798

Домкратты қалай реттеуге болады

Толық өлшемді қосалқы дөңгелегі бар автомобильдер

1. Домкратты жинап, өз орнына қойыңыз.
2. Домкратты жайып, оны сенімді етіп бекітіңіз, багаж бөлімі еденінің төсенішін орнатыңыз.



AFA114802

8

Дөңгелекті ауыстыру

E00801204338


Дөңгелекті ауыстырар алдында, автомобиль тегіс көлденең бетте қауіпсіз жерде тоқтатылуы керек.

1. Автомобильді тассыз, құмсыз және т.б. тегіс, қатты, көлденең алаңда тоқтатыңыз.
2. Тұрақ тежегішін қосыңыз.
3. Егер автомобиль М/Т жабдықталған болса, қозғалтқышты өшіріңіз, содан кейін берілісті ауыстыру иігірегін R (артқы жүріс) күйіне ауыстырыңыз.

CVT автомобильде селектор тұтқасын

P (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз және қозғалтқышты өшіріңіз.

4. Авариялық сигналды қосыңыз, авариялық тоқтау белгісін, жыпылықтайтын сигнал шамын және т.б. Жол жүру ережелерінде белгіленген қашықтықта орнатыңыз және жолаушылардан автомобильден шығуын сұраңыз.
5. Домкратпен көтеру кезінде автомобильдің өздігінен қозғалуын болдырмау үшін, ауыстырылатын дөңгелектен (B) диагональ бойынша орналасқан дөңгелектің астына тірек табандық немесе қалып (A) қойыңыз.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Автомобильді домкратпен көтерген кезде, жерде тұрған дөңгелек астына тірек табандығын қою керек. Егер домкратпен көтерілген көлік қозғалса, домкрат сырғып кетуі мүмкін, бұл жаракатқа әкелуі мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Суретте көрсетілген тежегіш табандықтар автомобиль жиынтығына кірмейді. Оларды автомобильде сақтау, қажет болған жағдайда, пайдалану ұсынылады.
- Егер тежегіш табандық болмаса, дөңгелекті орнында ұстап тұруға жеткілікті үлкен тасты немесе басқа затты пайдаланыңыз.

6. Домкратты, тұтка мен дөңгелек кілтін алыңыз.
“Құрал-сайман жиынтығы және домкрат” тарауын қараңыз, бет 8-11.

Қосалқы дөңгелек*

E00803602260

Қосалқы дөңгелек багаж бөлімі еденінің төсеніші астында тұрады.

Қосалқы дөңгелектегі ауа қысымын мезгіл-мезгіл тексеріп, оны үнемі дайын ұстаңыз.

Егер қосалқы дөңгелекте максималды белгіленген ауа қысымы сақтаса, дөңгелек кез-келген жағдайда (мысалы, қаладағы қозғалыс, жоғары жылдамдықты сапарлар, әртүрлі мөлшердегі жүк және т.б.) пайдалануға дайын болады.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ


- Қосалқы дөңгелек шинасындағы белгіленген ауа қысымын мезгіл-мезгіл тексеріп, ұстап тұру керек. Шинадағы ауа қысымы жеткіліксіз болған кезде, қозғалыс аварияға әкелуі мүмкін. Егер сіз шинадағы ауа қысымының жеткіліксіздігімен қозғалуға мәжбүр болсаңыз, жылдамдықты азайтып, алғашқы мүмкіндікте шинадағы белгіленген қысымды қалпына келтіріңіз. “Шиналардағы ауа қысымы” тарауын қараңыз, бет 10-11.

Қосалқы дөңгелекті шығарып алу

E00803501985


1. Багаж бөлімі еденінің төсемін көтеріңіз. “Багаж бөлімі еденінің төсемі” тарауын қараңыз, бет 7-91.

2. Қосалқы дөңгелекті алу үшін, қысқышты (А) сағат тіліне қарсы бұраңыз.



ЕСКЕРТПЕ


- Қосалқы дөңгелекті домкраттың жанындағы автомобиль шанағының астына қойыңыз. Бұл домкрат сырғып кеткен жағдайда, қосымша қауіпсіздік шарасы болады.




Дөңгелекті ауыстыру

E00803203032

1. Егер автомобиль дөңгелектерінде сәндік қалпақтар болса, алдымен сәндік қалпақты шешіп алыңыз. “Дөңгелек қалпақтары” тарауын қараңыз, бет 8-17. Дөңгелекті кілтпен дөңгелекті бекіту сомындарын ширек айналымға босатыңыз. Сомынды толық бұрау қажет емес.




2. Домкратты суретте көрсетілген шанақты (А) көтеру нүктелерінің бірінің астына орнатыңыз. Домкратты ауыстырылатын дөңгелекке жақын жерге орнатыңыз.




⚠ ЕСКЕРТУ

- Домкратты суретте көрсетілген нүктелерде ғана орнату керек. Домкратты дұрыс емес жерге орнатқан кезде, ол автомобиль шанағын майыстыруы немесе құлап кетуі мүмкін, бұл жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Домкратты тегі емес немесе жұмсақ жерге орнатпаңыз. Сенімсіз бетте домкрат сырғып кетуі мүмкін, бұл жарақатқа әкелуі мүмкін. Домкратты тек тегіс, қатты бетке ғана орнатыңыз. Домкратты орнатар алдында, оның түбінде құм немесе қиыршық тастың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

3. Домкрат бұрандасын қабырға (В) домкраттың жоғарғы жағындағы ойыққа (С) кіргенше қолыңызбен бұраңыз.



4. Шанақты көтеру нүктесінің қабырғасы домкраттың жоғарғы жағындағы ойықтың мөлшеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Домкраттың (D) тұтқасын дөңгелек кілтіне (E) салыңыз. Содан кейін, суретте көрсетілгендей, тұтқаның ұшын домкрат бұрандасының ұшындағы тесікке салыңыз. Дөңгелек кілтін дөңгелек жер бетінен көтерілгенше баяу бұраңыз.



⚠ ЕСКЕРТУ


- Дөңгелек жер бетінен ажыраған соң, автомобильдің көтерілуін тоқтатыңыз. Автомобильді жоғары көтеру қауіпті.
- Домкратпен көтерілген автомобиль астында тұруға тыйым салынады.
- Көтерілген автомобильде сокқы беруге және оны ұзақ уақытқа домкратта қалдыруға тыйым салынады: бұл өте қауіпті.
- Автомобиль жиынтығына кіретін домкратты ғана пайдалану керек.
- Домкратты дөңгелек ауыстыру үшін ғана пайдалануға рұқсат етіледі.
- Домкратпен көтерілген автомобильде жолаушылар отырмауы тиіс.
- Егер автомобиль домкратпен көтерілсе, қозғалтқышты іске қосуға және оны жұмыс істеуге қалдыруға тыйым салынады.
- Көтерілі дөңгелекті айналдыруға тыйым салынады. Жерде тұрған дөңгелектер дөңгеленуі мүмкін, бұл автомобильдің домкраттан құлауына әкелуі мүмкін.

5. Кілтпен дөңгелекті бекітетін сомандарды бұраңыз, содан кейін дөңгелекті шешіп алыңыз.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ


- Ауыстыру кезінде дөңгелекті дискінің бетіне сызат түсірмеу үшін, дөңгелекті мұқият пайдалану керек.

6. Дөңгелек күпшегінің бетін (F), күпшек түйреуіштерін (G) және дөңгелек дискісіндегі саңылауларды (H) ластан тазартып, қосалқы дөңгелекті орнатыңыз.



⚠ ЕСКЕРТУ


- Қосалқы дөңгелекті вентильмен (I) сыртқа орнату керек. Егер вентиль (I) көрінбесе, дөңгелек дұрыс орнатылмаған. Қосалқы дөңгелегі дұрыс орнатылмаған автомобильді пайдалану автомобильге зақым келтіруі және апатқа әкелуі мүмкін.



7. Дөңгелек сомындарын сағат тілімен бұрап, оларды қолмен алдын-ала тартыңыз.


1 тип: болат дискілі дөңгелектер
Сомындарды (конустық) олардың конустық бөліктері дөңгелек дискісінің саңылауларындағы орындықтармен жанасқанша және диск күпшекке тартылғанша бұраңыз.

2 тип: оңай балкитын дискілі дөңгелектер
Сомындарды (ернеметік) олардың ернеметік бөліктері дөңгелек дискінің бетімен жанасқанша және диск күпшекке тартылғанша бұраңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Суретте көрсетілгендей, ернеметі сомындармен бекітіп, болат дискіні уақытша пайдалануға болады, бірақ бірінші мүмкіндікте тиісті шинасы бар оңай балкитын дөңгелек дискін орнату керек.




⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Майлауды дөңгелектерді бекітетін түйреуіштерге немесе сомындарға жағуға тыйым салынады, өйткені майланған бөлшектер тым қатты тартылады.

ЕСКЕРТПЕ


- Барлық төрт дөңгелектің оңай балкитын дискілерін болатқа ауыстырған кезде (мысалы, қысқы шиналармен) конустық сомындарды пайдаланыңыз.

8. Доңғалақ жерге тигенше доңғалақ кілтін сағат тіліне қарсы бұрап, автомобильді баяу түсіріңіз.



9. Сомындарды суретте көрсетілген тәртіпте тартып бұраңыз. Әр сомынды көрсетілген кезеңмен тартып бұрау қажет.


Тарту кезеңі 88-108 Нм.



⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Дөңгелек кілтін аяқпен басуға немесе кілттің айналу күшін арттыру үшін ұзартқыш ретінде құбырды пайдалануға тыйым салынады: бұл жағдайда сомындар тым қатты тартылады.

10. Егер дөңгелек үшін дөңгелек қақпағы болса, оны дөңгелекке орнатыңыз. “Дөңгелек қақпақтары” тарауын қараңыз, бет 8-17.
11. Домкратты түсіріп, алып тастаңыз, содан кейін багаж бөліміне домкратты, желі шыққан дөңгелекті және және табандықты салыңыз. Ақаулы шинаны алғашқы мүмкіндікте жөндеу керек.
12. Жақын маңдағы сервистік орталықта шиналардағы ауа қысымын тексеріңіз. Номиналды қысым жүргізушінің есігіндегі тактайшада көрсетілген (суретті қараңыз).



13. Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS) бар автомобильдер үшін шиналардағы қысым нормасына жеткен шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) шекті мәнін нөлге келтіру керек. “Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ескертуші хабарламасына арналған шекті мәнді нөлдендіру” тарауын қараңыз, бет 6-75.


⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Дөңгелекті ауыстырып, шамамен 1000 км жүргізген соң, дөңгелек сомындары босап қалмауы үшін, оларды қатайту керек.
- Егер дөңгелекті ауыстырған соң, рөл дөңгелегі тербелетін болса, MITSUBISHI MOTORS авторландандырылған сервистік орталығында дөңгелектердің теңгерімін тексеру ұсынылады.
- Әртүрлі өлшемдегі шиналарды орнатуға немесе өлшемі автомобильдің техникалық сипаттамаларында көрсетілгенге сәйкес келмейтін шиналарды пайдалануға тыйым салынады. Бұл шиналардың тозуына және басқарудың нашарлауына әкеледі.

Қосалқы дөңгелекті орнату

E00803701860

1. Багаж бөлімі еденінің төсемін көтеріңіз. “Багаж бөлімі еденінің төсемі” тарауын қараңыз, бет 7-91.
2. Қосалқы дөңгелекті багаж бөлімінің еденінің төсемі астына салыңыз. Қосалқы дөңгелекті сағат тілімен бұрап, қысқышпен (A) бекітіңіз.



⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер багаж бөлімінің еденінің төсемі астында қосалқы дөңгелек жоқ кезде, оның орнына ауыр зат қойса, багаж бөлімі еденінің төсемі зақымдалуы немесе деформациялануы мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Багаж бөлімінің едені төсемінің астындағы қосалқы дөңгелектің орнына желі шыққан шинасы бар дөңгелекті салыңыз.

3. Ақаулы шинаны алғашқы мүмкіндікте жөндеу керек.

Құрал-сайман жиынтығы мен домкратты жинау.

E00803800037


Құрал-сайман жиынтығы мен домкрат тұтқасын ретке жинау үшін, сипатталған әрекеттерді кері тәртіпте орындаңыз. “Құрал-сайман жиынтығы және домкрат” тарауын қараңыз, бет 8-11.

Дөңгелек қалпақтары*

E00801301846

Шешіп алу

Домкрат тұтқасының ұшын шүберекпен ораңыз, оны дөңгелек қалпағының ойығына терең салып, қалпақты дөңгелек дискісінен жылжытыңыз. Қалпақ дөңгелектен шешіп алынғанша, дөңгелек қалпағының қалған қуыстарына домкрат тұтқасын сала отырып, осы рәсімді қайталаңыз.



TA0000254

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ


- Құралды қолданбай-ақ дөңгелек қалпағын қолыңызбен алып тастауға тырыссаңыз, саусақты зақымдап алуыңыз мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Дөңгелек қалпағы пластиктен дайындалған. Қалпақты мұқият шешіп алыңыз.


Орнату

1. Қалпақтарды орнатар алдында, артқы жағындағы тілшенің (А) зақымдалмағанына және сақинаға (В) дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз. Әлдебір күдіктер туындаған жағдайда, MITSUBISHI MOTORS авторландандырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады.



AFA114873

2. Қалпақтағы ойықты (D) дөңгелек вентилімен (С) салыстырыңыз.




AFA114886

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Толық өлшемді дөңгелектер қалпақтарының артқы жағында вентиль астындағы ойықтың орнын көрсететін (Е) белгілер бар. Қалпақты орнатар алдында, белгісі бар ойық вентильмен дәл үйлестірілгеніне көз жеткізіңіз.

3. Қалпақтың төменгі бөлігін (F) басыңыз және оны дөңгелекке бекітіңіз.
4. Қалпақтың екі жағын (G) ақырын басып, тізенізбен орнына қойыңыз.
5. Жоғарғы бөліктегі (H) қалпақтың шеңберін ақырын шертіп, содан кейін оны орнына басып қойыңыз.



AG0008855

Сүйреу

E00801506771

Автомобильді сүйреу

Егер сүйреу қажет болса, MITSUBISHI MOTORS авторландандырылған сервистік орталығына немесе коммерциялық эвакуациялау қызметіне жүгіну ұсынылады.

Келесі жағдайларда автомобильді эвакуатордың көмегімен тасымалдау қажет:

- Қозғалтқыш жұмыс істейді, бірақ автомобиль қозғалмайды немесе ерекше шу естілмейді.
- Автомобиль түбін тексеру кезінде, майдың немесе басқа сұйықтықтың ағуы анықталды.

Дөңгелектері терең шұңқырда тұрып қалған автомобильді сүйреуге тыйым салынады. Егер сүйреу қажет болса, MITSUBISHI MOTORS авторландандырылған сервистік орталығына немесе коммерциялық эвакуациялау қызметіне жүгіну ұсынылады.

MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан немесе коммерциялық эвакуациялау қызметінен эвакуаторды шақыру мүмкін болмаған жағдайда ғана, осы тарауда “Авариялық сүйреу” тарауында келтірілген нұсқаулықтарға сәйкес, автомобильді басқа автомобильмен абайлап сүйреуге рұқсат етіледі. Сүйреу ережелері түрлі елдерде түрліше. Өзіңіз тұрған елдің жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтау керек.



Эвакуатор көмегімен автомобильді сүйреу

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Автомобильді жүкшығырмен жабдықталған эвакуатордың көмегімен сүйреуге тыйым салынады (суретте А нұсқасы). Шығыр сымарқаны автомобильдің бампері мен алдыңғы бөлігін зақымдайды.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Жетекші дөңгелектері бар CVT алдыңғы жетекті автомобильдерді жерде сүйреуге тыйым салынады (суретте В нұсқасы). Бұл трансмиссияның зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Алдыңғы немесе артқы дөңгелектері ілінген толық жетекті автомобильдерді сүйреуге тыйым салынады (суретте В және С нұсқалары). Бұл зақымдалуға әкелуі мүмкін, сонымен қатар автомобиль арбадан ытқып шығуы мүмкін. Егер толық жетекті автомобильді сүйреу қажет болса, суретте көрсетілген жабдықты қолданыңыз (D және E нұсқалары).
- Алдыңғы жетекті автомобильдерде, егер беріліс қорабы істен шықса немесе бүлінсе, автомобильді жетекші дөңгелектерді арбаға орнату арқылы сүйреу керек (суретте С, D немесе E нұсқалары).

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Оталдыру қосылған немесе ON жұмыс режимі қосылған және алдыңғы немесе артқа дөңгелектері ілулі (суреттегі В немесе С нұсқасы) алдыңғы жетекті автомобильді сүйрегенде, бағыттық тұрақтылықтың динамикалық жүйесі (ASC) іске қосылуы мүмкін, бұл аварияға әкеп соғады. Артқы дөңгелектері ілінген автомобильді сүйреген кезде оталдыру кілті ACC қалпында болуы тиіс немесе ACC жұмыс режимі қосылуы тиіс. Алдыңғы дөңгелектері ілінген автомобильді сүйреген кезде, оталдыру кілтінің жағдайы немесе қосылған жұмыс режимі мынадай болуы тиіс:
Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер
 Оталдыру құлпындағы кілт LOCK немесе ACC күйінде тұр.
Автомобильдерді қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер
 OFF немесе ACC жұмыс режиміне қосылу.

Алдыңғы дөңгелектері ілінген автомобильді сүйреу(суретте С нұсқасы — тек қана толық жетекті автомобильдер үшін)

Тұрақ тежегішін өшіріңіз.
 М/Т бейтарап берілісті қосыңыз немесе CVT селектор интірегін N (бейтарап беріліс) күйіне ауыстырыңыз.


Авариялық сүйреу

E00804201208

Егер төтенше жағдайда эвакуация қызметімен байланысу мүмкін болмаса, автомобильді уақытша арнайы баукөзге бекітіп, сымарқанмен немесе шынжырмен сүйреуге болады. Егер Сіздің автомобиліңізді басқа автомобильмен сүйреу қажет болса немесе басқа автомобильді сүйреу керек болса, келесіге ерекше назар аударыңыз.

Автомобильді басқа автомобильмен сүйрегенде

1. Алдыңғы сүйреу баукөздері суретте көрсетілген жерлерде орналасқан. Сымарқанды артқы алдыңғы сүйреуіш баукөзге іліңіз.



AFA133436

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер сүйреу сымарқанын арнайы сүйреу баукөзінен емес, әлдебір басқа бөлшектен сүйреу сымарқанынан ілетін болса, автомобиль шанағы зақымдалуы мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Сүйреу үшін болат сымарқанды немесе шынжырды пайдалану шанаққа зақым келтіруі мүмкін. Металл емес сымарқанды пайдалану ұсынылады. Болат арқанды немесе шынжырды пайдаланған кезде, оларды автомобиль шанағымен жанасатын жерлерді шүберекпен орау керек.
- Сүйреу сымарқаны мүмкіндігінше көлденеңге жақын орналасуы тиіс. Бұрышта орналасқан сымарқан автомобильдің шанағына зақым келтіруі мүмкін.
- Сүйреу сымарқанын екі автомобильде де бір жағынан бекіту керек, ол мүмкіндігінше тікелей орналасуы керек.

2. Қозғалтқышты өшірмеңіз. Егер қозғалтқыш жұмыс істемесе, рөл дөңгелегінің бұғаттан шығару үшін келесі әрекетті орындаңыз. **Есіктердің құлыптарын қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер** Оталдыру құлпындағы кілтті М/Т автомобильдерде ACC немесе ON күйіне бұраңыз. Оталдыру құлпындағы кілтті CVT автомобильдерде ON күйіне бұраңыз.

Автомобильді қашықтықтан басқару жүйесі бар автомобильдер М/Т автомобильдерде ACC немесе ON жұмыс режимін қосыңыз. CVT автомобильдерде ON жұмыс режимін қосыңыз.

⚠️ ЕСКЕРТУ

- **Өшірулі қозғалтқыш жағдайында тежегіш пен рөлмен басқару күшейткіштері жұмыс істемейді. Бұл ретте тежегіш педалін қатты басу керек, ал рөл дөңгелегін айналдыру үшін көп күш қажет етіледі. Бұл жағдайда көлік жүргізу әдеттегіден гөрі қиын болады.**

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Кілтті оталдыру құлпында LOCK күйінде қалдырмаңыз немесе OFF жұмыс режимін қосуды қалдырмаңыз. Рөл дөңгелегі бұғатталады, бұл басқаруды жоғалтуға әкеледі.
- Адаптивті круиз-бақылау жүйесімен (ACC) және мандайлық соқтығысуы азайту жүйесімен (FCM) жабдықталған автомобильдерде сүйреу кезінде жазатайым оқиғаны немесе олардың дұрыс жұмыс істемеуіне жол бермеу үшін, аталған жүйелерді өшіру керек.

3. М/Т бейтарап берілісті қосыңыз немесе CVT селектор интірегін N (бейтарап беріліс) күйіне ауыстырыңыз.

4. Егер жол ережелерінде белгіленген болса, апаттық жарық сигналын қосыңыз (Жол қозғалысы ережелері мен басқа да жергілікті заңнамалық нормалардың талаптарын орындаңыз).
5. Сүйреу басталар алдында екі автомобильдің жүргізушілері шартты сигналдар немесе байланыстың өзге де тәсілдері туралы уағдаласуға тиіс. Автомобильдер төмен жылдамдықта қозғалуы керек.

⚠️ ЕСКЕРТУ

- **Шұғыл тежеуден, шұғыл жылдамдатудан және шұғыл маневр жасаудан аулақ болу керек; бұл сүйреу баукөздері мен сүйреу арқанының зақымдалуына әкелуі мүмкін. Қасында тұрған адамдар жарақат алуы мүмкін.**
- Еңіспен ұзақ қозғалыс кезінде тежегіштер қызып кетуі мүмкін, бұл олардың тиімділігінің төмендеуіне әкеледі. Автомобильді эвакуаторда тасымалдаңыз.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Сүйрелетін автомобильдің жүргізушісі сүйрейтін автомобильдің стоп-сигналдарын қадағалауға және сымарқанның салбырауына жол бермеуге тиіс.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер CVT автомобиль сүйрелсе, төменде келтірілген сүйреу жылдамдығы мен қашықтығының ең жоғары мәндерінен асыруға тыйым салынады. Кері жағдайда беріліс қорабы зақымдалады.


Сүйреу кезіндегі жылдамдық: 40 км/сағ.
Сүйреу қашықтығы 40 км.

Тіркеп сүйреу кезіндегі жылдамдық Жол қозғалысы ережелерімен және жергілікті заңнамамен айқындалады.

Басқа автомобильді сүйреу кезінде


Суретте көрсетілген артқы сүйреу бауқөзін ғана пайдаланыңыз.

Сымарқанды артқы сүйреуіш бауқөзге іліңіз. Басқа нұсқаулар “Автомобильді басқа автомобильмен сүйреген кезде” тарауында келтірілгенге ұқсас болып келеді.



⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер сүйреу сымарқаны арнайы сүйреу бауқөзінен емес, әлдебір басқа бөлшектен сүйреу сымарқанынан ілетін болса, автомобиль шанағы зақымдалуы мүмкін.
- Салмағы сіздің автомобиліңіздің салмағынан асатын автомобильді сүйреуге тыйым салынады.



Автомобильді күрделі жағдайда жүргізу

E00801704216

Су басқан жолда

Су басқан жолдармен қозғалудан аулақ болыңыз. Су тежегіш дискілерге түсіп, тежеу тиімділігінің уақытша төмендеуіне әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайларда тежегіштердің тиімділігін тексеру үшін тежегіш педальды біршама басыңыз. Егер қозғалыс жеткіліксіз болса, тежегіш қалыптарын кептіру үшін тежегіш педальды бірнеше рет басыңыз. Су деңгейі жоғары су басқан жолмен жүргенде немесе өткелден өткенде, су қозғалтқышқа түсіп, оның қатты зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Су басқан жолдың ең үлкен тереңдігіне алдын-ала анықтау мүмкін емес көптеген факторлар әсер етеді, сондықтан жүргізуші су басқан жолмен жүру немесе өткелден өту мүмкіндігі туралы шешімді өз бетінше қабылдайды.

Су басқан жолмен жүргеннен кейін тиісті шаралар қабылдау үшін, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.

Ылғал жолда

Жаңбыр астында немесе шалшық су жайылған жолмен жүру кезінде, шиналар мен жол төсемінің беті арасында су қабаты пайда болуы мүмкін. Бұл ретте шинаның жолға адгезиясы төмендейді, бұл басқарудың нашарлауына және тежеу тиімділігінің төмендеуіне әкеледі.

Басқарылуын сақтау үшін, келесі ережелерді ұстаныңыз:

- Автомобильді төмен жылдамдықта жүргізіңіз.
- Протекторы тозған шиналарды пайдаланбаңыз.
- Шинадағы нұсқалған ауа қысымын ұстаныңыз.

Қар басқан немесе мұз басқан жолда

- Қар басқан немесе мұз басқан жолда қозғалу үшін, қысқы шиналарды немесе сырғуға қарсы шынжырларды пайдалану ұсынылады. “Қысқы шиналар” және “Қарда жүру мүмкіндігін арттыруға арналған құрылғылар (сырғуға қарсы шынжырлар)” тарауын қараңыз.
- Жоғары жылдамдықпен қозғалудан, кенеттен қарқын алу мен тежелуден, сондай-ақ шұғыл бұрылыстардан аулақ болыңыз.
- Қар басқан және мұз басқан жолдарда тежеу кезінде, доңғалақтардың тайғанауы және автомобильдің сырғуы мүмкін. Шиналардың жолмен ұстасуы азайған жағдайда, дөңгелектер сырғып кетуі мүмкін, бұл кезде автомобильді әдеттегі тежеу әдістерімен тоқтату қиынға соғады. Автомобильде тежегіштердің бұғаттауға қарсы жүйесі (ABS) орнатылғанына байланысты тежеу түрліше жүзеге асырылады. Сіздің автомобильіңізде тежегіштердің бұғаттауға қарсы жүйесі (ABS) орнатылғандықтан, тежегіш педалін қатты басу және оны басулы күйінде ұстап тұру қажет.
- Алда келе жатқан авомобильге дейінгі ұлғайтылған қашықтықты сақтаныз және шұғыл тежелуден аулақ болыңыз.
- Тежегіш механизмдерде мұздың жиналуы дөңгелектердің бұғатталуын тудыруы мүмкін. Автомобильдің айналасындағы қауіпсіз жағдайға көз жеткізіп, қозғалысты абайлап бастаңыз.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Акселератор педалін шұғыл басаңыз. Дөңгелектер бұғаттап тастаған мұздан босатылған кезде, автомобиль кенеттен қозғала бастайды, бұл аварияға әкелуі мүмкін.

Тегіс емес жолды

Тегіс емес жолдармен немесе жабыны зақымданған жолдармен (шұңқырлар, ойықтар, жарықтар және т.б.) жүргенде, мүмкіндігінше тегіс емес жерлерді айналып өтуге тырысыңыз. Міндетті түрде жол жағдайына сәйкес келетін қозғалыс жылдамдығын таңдаңыз. Тегіс емес жолдармен немесе жабыны зақымдалған жолдармен жүру аспалы бөлшектердің мерзімінен бұрын тозуына немесе көліктің зақымдалуына әкелуі мүмкін. Тегіс емес жолмен жүру кезінде сак болыңыз, шанақтың, бамперлердің, дыбыс бәсеңдеткіштің және басқа бөлшектердің соққыларына жол бермеңіз. Маңызды кедергі үстімен жүргенде, автомобиль жақымдануы мүмкін.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Сокпа жолдармен және жолтабандармен жүрген кезде, шиналар мен дөңгелек дискілеріне берілетін соққылар шиналардың және/немесе дөңгелектердің зақымдануына әкелуі мүмкін.

Сіздің автомобильіңіз ең алдымен жабыны қатты жолдармен қозғалуға арналған.

Сіздің автокөлігіңізде бар толық жетек жүйесі сонымен қатар жолдарда арнайы жабынсыз, сондай-ақ жолдардан тыс тегіс және қатты беткейде сенімді қозғалуға мүмкіндік береді. Есіңізде болсын, кедергілерді жеңу үшін автомобильдің мүмкіндіктері шектеулі. Бұл автомобиль жолдан тыс жерлерде, ойлы-қырлы жерлерде, терең жолтабандармен және т.б. жүруге арналмаған.

Автомобиль өндірушісі жоғарыда аталған жағдайларда қозғалыс туралы шешім қабылдаған кезде жүргізуші ықтимал сақдарларды біледі және өз жауапкершілігімен әрекет етеді.

Автомобильге күтім жасау

Автомобильге күтім жасау кезіндегі сақтық шаралары	9-2
Автомобиль салонын тазалау.....	9-2
Автомобиль шанағының сыртқы бөлшектерін тазалау.....	9-3

Автомобильге күтім жасау кезіндегі сақтық шаралары

E00900100548

Автомобильге тұрақты күтім жасау оның тартымды сыртқы келбетін сақтауға мүмкіндік береді. Автокөлікке күтім жасау әрқашан қоршаған ортаны қорғаудың қолданыстағы нормаларын сақтай отырып жүргізілуі керек. Жуғыш заттарды және т.б. мұқият таңдаңыз, олардың құрамында коррозиялық белсенді заттар жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Мұндай құралдарды таңдауда қиындықтар туындаған жағдайда, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.

9

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Тазартқыш заттар денсаулыққа қауіпті болуы мүмкін. Әрқашан тазартқыш заттарды дайындаушының нұсқаулықтарына сүйеніңіз.
- Автомобильді тазалау үшін, келесі заттарды пайдалануға тыйым салынады:
 - газолин;
 - бояуға арналған еріткіш;
 - бензин;
 - керосин;
 - скипидар;
 - ауыр бензин,
 - лакқа арналған еріткіш;
 - төртхлорлы көміртегі;
 - тырнақтан лакты кетіруге арналған сұйықтық;
 - ацетон.

Автомобиль салонын тазалау

E00900200611

Автокөліктің ішін сумен, тазалағыш заттармен және т.б. тазалағаннан кейін, салонды көлеңкелі, жақсы желдетілетін жерде сүртіңіз және құрғатыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Артқы әйнектің ішкі бетін тазарту үшін, тек жұмсақ шүберекті ғана пайдаланыңыз. Артқы әйнек жылытқышы мен антеннаның өткізгіштері бойымен әйнекті зақымдап алмау үшін сүртіңіз.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Салонды тазалау үшін, органикалық заттарды (еріткіштер, керосин, спирт, бензин және т.б.), сондай-ақ сілтілер мен қышқылдардың ерітінділерін қолдануға тыйым салынады. Бұл химиялық заттар түссізденуге, дақтардың пайда болуына немесе салонды әрлеу бөлшектер бетінің жарылуына әкелуі мүмкін. Тазартқыш немесе жылтыратқыш заттарды қолданар алдында, олардың құрамында жоғарыда аталған заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Пластиктен, жасанды былғарыдан және матадан дайындалған бөлшектер

E00900301459

1. Бейтарап жуғыш заттың сулы ерітіндісіне малынған жұмсақ шүберекпен мұқият сүртіңіз.
2. Матаны таза суға шайып, жақсылап сығыңыз. Матаның көмегімен жуғыш заттың қалдықтарын кетіріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Құрамында силикон немесе балауыз бар тазартқыш заттарды, кондиционерлерді және қорғаныш заттарды пайдалануға тыйым салынады. Осы заттарды пайдалану нәтижесінде, салон бөлшектерінің бетінде олардың түссізденуі мүмкін, сондай-ақ желәйнекте жарқырау пайда болуы мүмкін, бұл шолудың нашарлауына әкеледі. Бұл заттардың электр жабдығы ажыратқыштарының ішіне кіруі ақауларға әкелуі мүмкін.
- Синтетикалық матаны немесе құрғақ шүберекті пайдалануға тыйым салынады. Олар түссізденуге немесе беттің зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Хошистендіргішті аспаптар панеліне, сондай-ақ шамдар мен бақылау-өлшеу аспаптарына тікелей жақын орналастыруға тыйым салынады. Хош иісті заттың компоненттері салон бөліктерінің бетінің түссізденуіне немесе жарылуына әкелуі мүмкін.

Қаптау

E00900500207

1. Автомобильдің ішкі қабатын жақсы күйде ұстау үшін, оны мұқият пайдаланыңыз және салонды таза ұстаңыз. Орындықты шаңсорғышпен және щеткалармен тазалау керек. Дақтар пайда болған кезде, винилдік немесе синтетикалық былғарыны тиісті тазартқыш затпен тазартуға болады. Мата төсенішті тазарту үшін, қаптама тазартқышты немесе бейтарап жуғыш заттың сулы ерітіндісін пайдалануға болады.
2. Еденнің кілем жабынын шаңсорғышпен тазалау керек, дақтарды кілем тазалауға арналған затпен кетіру керек. Май дақтары мен консистенттік майлауды кетіру үшін, мата мен дақ кетіргішті пайдалану керек. Тазалау кезінде қаптаманы боямайтын матаны тандап алыңыз.

Табиғи былғары*

E00900600950

1. Тазалау үшін, былғарыны бейтарап жуғыш заттың сулы ерітіндісіне малынған жұмсақ шүберекпен мұқият сүртіңіз.
2. Матаны таза суға шайып, жақсылап сығыңыз. Матаның көмегімен жуғыш заттың қалдықтарын кетіріңіз.
3. Табиғи былғарының бетіне арнайы қорғаныш құрамды жағыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер су табиғи былғарыға тисе, оны жұмсақ, құрғақ шүберекпен мүмкіндігінше тез кетіріңіз. Ылғал былғарыда зең пайда болуы мүмкін.
- Бензин, керосин, спирт және газолин сияқты органикалық еріткіштер, сондай-ақ қышқылдар мен сілтілердің ерітінділері табиғи теріні ағартуы мүмкін. Бейтарап жуғыш заттарды ғана пайдаланыңыз.
- Табиғи былғарыдан лас пен майлы заттарды мүмкіндігінше тезірек алып тастаңыз, өйткені олар өшпейтін із қалдыруы мүмкін.
- Ұзақ уақыт тікелей күн сәулесінің әсерінен табиғи былғарының беті қатайып, мыжылуы мүмкін. Автомобильді тұраққа қалдыра отырып, оны көлеңкеге қоюға тырысыңыз.
- Жазды күні салондағы жоғары температурада, табиғи былғары орындықта жатқан винилді заттар қаптаманы зақымдауы немесе оған жабысып қалуы мүмкін.

Автомобиль шанағының сыртқы бөлшектерін тазалау

E00900700108

Егер төменде көрсетілген заттар шанақта ұзақ уақыт қалып қойса, олар коррозияға, түссізденуге және дақтардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Олар табылған жағдайда, автомобильді мүмкіндігінше тезірек жуу керек.

- Теңіз суы, жолға арналған көктайғаққа қарсы реагенттер.
- Күйе мен шаң, оның ішінде өнеркәсіптік кәсіпорындардың металл шаңы, химиялық заттар (қышқылдар, сілтілер, шайыр және т.б.).
- Құс саңғырығы, жәндіктердің іздері, ағаштардың шайыры.

Шанақты жуу

E00900904616

Егер автомобиль шанағында лас пен жол шаңының құрамындағы химиялық заттар ұзақ уақыт қалып қойса, олар автомобильдің лак-бояу жабыны мен шанағының металл бетіне зақым келтіруі мүмкін.

Мұндай зақымданудан ең жақсы қорғаныс шанақты жиі жуу және оны балауызы бар қорғаныс қосылыстарымен еңдеу болып табылады. Бұл шаралар автомобиль шанағын атмосфералық жауын-шашыннан (жаңбыр, қар сияқты), ауадағы тұздардан және т.б. қорғауға көмектеседі.

Автомобильді тікелей күн сәулесі астында жууға болмайды. Автомобильді көлеңкеде тоқтатып, шаңды кетіру үшін, оған су себіңіз. Содан кейін көп мөлшерде су және щеткамен немесе автомобиль жууға арналған ысқышпен автомобильдің корпусын шатырдан бастап, төменгі бөліктеріне дейін жуыңыз.

Қажет болған жағдайда, автомобиль сусабынының әлсіз ерітіндісін пайдаланыңыз. Жуғыш заттың қалдықтарын таза сумен мұқият кетіріңіз және шанақты жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Жуғаннан кейін, әдетте, лас жиналатын есіктердің ілмектері мен жиектерін, сорғышты және т.б. мұқият тазалаңыз.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Автомобиль түбін және дөңгелек дискілерін жуу кезінде, қолыңызды зақымдап алмау үшін, сақ болу керек.
- Автомобиль жаңбыр датчигі бар әйнек тазалағышпен жабдықталғандықтан, шанақты жуар алдында, жаңбыр датчигін өшіру үшін, әйнек тазалағыштың ауыстырып қосқышын OFF (өшірулі) күйіне қою керек. Кері жағдайда су желәйнекке түсіп, газартқыш жұмыс істей бастайды, сөйтіп, істен шығуы мүмкін.
- Автоматты автомобиль жуғыштарды пайдаланбауға тырысыңыз, өйткені шетқалар лак-бояу жабынын шытынатуы мүмкін, сөйтіп, жабын жылтырлығын жоғалтады. Сызаттар, әсіресе, күнгірт түстермен боялған автомобильдерде байқалады.
- Мотор бөлігіндегі электр жабдықтарының бөлшектеріне судың тиюіне жол бермеңіз, себебі бұл қозғалтқыштың іске қосылуын қиындатуы мүмкін. Сондай-ақ, шанақ түбін абайлап жуу керек; су ағынының мотор бөлігіне түсуіне жол бермеңіз.
- Ыстық сумен жуатын жабдықтың кейбір түрлерін қолданған кезде, автомобиль жоғары қысым мен жылудан су ағындарының әсеріне ұшырайды. Бұл жылу деформациясына және автомобильдің резеңке бөлшектеріне зақым келтіруі мүмкін. Сондай-ақ, автомобиль салонына су кіруі мүмкін. Сондықтан мыналарға назар аудару керек:

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Жуу форсункасы мен автомобиль шанағы арасындағы қашықтық кемінде 70 см құрауы тиіс.
- Есік әйнектерін жуу кезінде, форсунканы кемінде 70 см қашықтықта және әйнек бетіне дұрыс бұрышта ұстау керек.
- Жуғаннан кейін тежегіш механизмдерін келтіру үшін, тежегіш педальды бірнеше рет басып, төмен жылдамдықпен жүру керек. Ылғал тежегіш механизмдер тежеудің жеткілікті тиімділігін қамтамасыз ете алмайды. Сондай-ақ тежегіш механизмдердің қатып қалу немесе тежегіш механизмдердің тот басуы мүмкін, соның нәтижесінде автомобиль қозғалыссыз қалады.
- Автоматты жуу кезінде пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа жүгініп немесе жуу операторымен кеңесіп, орындалмауы автомобильге зақым келтіруі мүмкін келесі талаптарға назар аударыңыз.
 - Әйнекті көтеріңіз.
 - Алдыңғы люкті жабыңыз (егер болса).
 - Артқы көріністің сыртқы айналары жиналуы тиіс.
 - Әйнек тазалағыштардың иінтірекері жабысқақ таспамен бекітілуі керек.
 - Егер автомобильде төбесінде спойлер орнатылған болса, жууға кірер алдында, жуу операторымен кеңесу керек.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер автомобильде төбесінде рейлинг орнатылған болса, жууға кірер алдында, жуу операторымен кеңесу керек.
- Сіздің автомобиліңіз жаңбыр датчигі бар әйнек тазалағышпен жабдықталғандықтан, шанақты жуар алдында, жаңбыр датчигін өшіру үшін, әйнек тазалағыштың ауыстырып қосқышын OFF (өшірулі) күйіне қою керек.
- Егер автомобиль ультрадыбыстық датчикпен (UMS) соқтығысуды болдырмау жүйесімен жабдықталған болса, аталған жүйені өшіріңіз.

Суық ауа райында

Қыстығүні кейбір аймақтардағы жолдарға себілетін тұз және басқа реагенттер автомобиль шанағына зиянды әсер етуі мүмкін. Сондықтан автомобильге күтім жасау жөніндегі нұсқаулық талаптарын сақтай отырып, автомобильді мүмкіндігінше жиі жуу керек. Қысқы маусым басталар алдында және қысқы маусым аяқталған соң, шанаққа қорғаныс жабынын жағу және шанақ түбінді тоттануға қарсы жабынын тексеру ұсынылады.

Автомобильді жуған соң, есіктер қатып қалмауы үшін, есіктердің айналасындағы резеңке тығыздағыштардан су тамшыларын кетіріңіз.



ЕСКЕРТПЕ

- Есіктерде, сорғышта және т.б. тығыздағыштардың қатып қалуына жол бермеу үшін, тығыздағыштарды силикон аэрозолімен емдеу керек.

Балауыз жағу

E00901002098

Балауыз жабыны жол төсемін өңдеу үшін қолданылатын лас пен реагенттердің шаңақтың лак-бояу жабына жабысып қалмауына жол бермейді. Балауыз препаратын судан қорғауды қамтамасыз ету үшін, автомобильді жуған соң немесе кемінде үш айда бір рет жағу керек. Балауыз жабынын тікелей күн сәулесінде жағуға болмайды. Балауыз жабынын шаңақ беті салқындаған соң жағу ұсынылады. Балауыз жабынын дұрыс жағу туралы ақпаратты балауыз өніміне арналған нұсқаулықтан қараңыз.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Құрамында балауыз бар абразивті құрамдарды пайдалануға болмайды.
- Егер автомобиль алдыңғы люкпен жабдықталған болса, балауызды пайдаланған кезде, оның люк тығыздағышына (қара резеңке таспаға) және іргелес пластикалық бөлшектерге түспеуін қадағалаңыз. Егер балауыз тығыздағышқа және іргелес пластикалық бөліктерге түссе, алдыңғы люктің герметикалығына кепілдік берілмейді.

Шаңақты жылтырату

E00901100066

Егер бояулар мен лактарда дақтар пайда болса немесе ол жылтырлығын жоғалтса, автомобильді жылтырату керек. Бөлшектерді күңгірт әрлеумен және пластмасса бамперлермен жылтыратуға болмайды. Бұл олардағы дақтардың пайда болуына және жабынның зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Пластмасса бөлшектерді тазалау

E00901300808

Ысқыш немесе күдеріні пайдаланыңыз. Егер балауыз пастасы бампер, молдинг немесе шырақтардың сұр немесе қара кедір-бұдыр бетіне жабысып қалса, беті ақ болады. Бұл жағдайда пастаны жұмсақ шүберекпен немесе жылы суға малынған күдері матамен сүртіңіз.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қатты шеткаларды немесе басқа қатты құралдарды пайдалануға тыйым салынады, өйткені олар пластмасса бөлшектердің бетіне зақым келтіруі мүмкін.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Пластмасса бөлшектерге бензиннің, дизель отынының, тежегіш сұйықтығының, мотор майының, майлау материалдарының, бояу еріткіштерінің және күкірт қышқылының (аккумуляторлық батареяның электролиті) түсуіне жол бермеу керек, өйткені бұл пластмасса бөлшектердің жарылуына және түссізденуіне, сондай-ақ оларда дақтардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Сондай-ақ, пластикалық бөлшектердің бояулар мен лактар сияқты химиялық заттармен қысқа мерзімді байланыста болуына жол бермеңіз, өйткені олар шамдарға су тиетін жарықтардың пайда болуына әкеледі. Осы заттар пластмасса бөлшектерге тиген кезде, оларды жұмсақ шүберекпен, күдері немесе бейтарап жуғыш заттың сулы ерітіндісіне малынған басқа қолайлы материалмен сүртіңіз, содан кейін тез арада сумен шайыңыз.

9

Хромдалған бөлшектер

E00901400098

Хромдалған бөлшектерінде дақтар мен коррозияның пайда болуын болдырмау үшін, бөлшектерді сумен жуып, мұқият кептіріп, арнайы қорғаныс қабатын жағу керек. Қыстығүні осы рәсімді жиі қайталау керек.

Оңай балқитын дискілер*

E00901501650

1. Дөңгелек дискілеріне су құя отырып, ысқышпен балшықты алып тастаңыз.

- Егер ластану сумен жойылмаса, бейтарап жуғыш затты пайдаланыңыз. Дөңгелек дискін жуған соң, бейтарап жуғыш заттың қалдықтарын шайыңыз.
- Дөңгелек дискін күдері немесе жұмсақ шүберекпен мұқият сүртіңіз.

АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Дөңгелектерді жуу үшін, щетканы немесе басқа қатты құралды пайдалануға тыйым салынады. Бұл дөңгелек дискілерінде сызаттың пайда болуына әкелуі мүмкін.
- Құрамында абразивті заттар, сілтілер немесе қышқылдар бар тазартушы құрамдарын пайдалануға тыйым салынады. Бұл дөңгелек дискілері жабынының қабыршақтануына, түссізденуіне немесе оларда дақтардың пайда болуына әкелуі мүмкін.
- Дөңгелек дискілеріне жуу қондырғысынан немесе басқа көзден ыстық су ағысын бағыттауға тыйым салынады.
- Теңіз суының немесе жолдарды өңдейтін мұзға қарсы реагенттің түсуі дискілер коррозиясына әкелуі мүмкін. Алғашқы мүмкіндікте осындай заттарды жуып кетіріңіз.

Терезе әйнектері

E00901600117

Әдетте, терезе әйнектерін ысқышпен немесе сумен ғана тазалайды. Майды, майлағыштарды, жәндіктердің іздерін және т.б. кетіру үшін, әйнек тазалауға арналған құрамды пайдалануға болады. Әйнекті жуған соң,

оны таза құрғақ жұмсақ матамен сүртіңіз. Лак-бояу жабынын жуу үшін пайдаланылған матамен әйнек жууға тыйым салынады. Боялған беттерден алынған балауыз пастасы әйнекке тиіп кетуі мүмкін, бұл оның мөлдірлігінің төмендеуіне және шолудың нашарлауына әкеледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Артқы әйнектің ішкі бетін тазарту үшін, тек жұмсақ шүберекті ғана пайдаланыңыз. Артқы әйнек жылытқышы мен антеннаның өткізгіштері бойымен әйнекті зақымдап алмау үшін сүртіңіз.

Әйнек тазалағыштың щеткалары

E00901701216

Әйнек тазалағыштан майлауды, жәндіктердің іздерін және т.б. кетіру үшін, жұмсақ шүберек пен әйнек тазалауға арналған құрамды пайдаланыңыз. Егер щеткалар әйнекті сапалы тазартуды қамтамасыз етпесе, оларды ауыстыру керек (10–15 бет. қараңыз).

Люкті тазалау*

E00902200051

Люктің ішкі бетін тазарту үшін, тек жұмсақ шүберекті ғана пайдаланыңыз. Құм және басқа да қатты бөгде бөлшектерді бейтарап жуғыш зат қосылған жылы суға малынған шүберекпен алып тастау керек. Жуғыш заттың қалдықтарын таза суға малынған ысқышпен алып тастау керек.

ЕСКЕРТПЕ

- Люкті қатты затпен немесе органикалық еріткіштермен (бензин, керосин, бояу еріткіші және т.б.) сүртіп, люктің ішкі жағына жағылған қорғаныс қабатын кетіруге болады.

Мотор бөлігі

E00902100308

Мотор бөлігін қыс мезгілінің басында және соңында жуу керек. Құрамында жолдарды өңдейтін реагенттер, сондай-ақ басқа да коррозиялық белсенді заттар бар лас жиналуы мүмкін жиектерге, саңылауларға және сыртқы тораптарға ерекше назар аудару керек. Егер сіз тұратын жердегі жолдар тұз және басқа реагенттермен өңделсе, мотор бөлігін кемінде үш айда бір рет жуу керек. Мотор бөлігіндегі электр жабдықтарының бөлшектеріне судың тиюіне жол бермеңіз, себебі бұл зақым келтіруі мүмкін. Пластмасса бөлшектердің күкірт қышқылымен (электролит) жанасуына жол бермеңіз, өйткені бұл олардың шытынауына және түссізденуіне, сондай-ақ оларда дақтардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Электролит пластмасса бөлшектерге тиген кезде, оларды жұмсақ шүберекпен, күдері немесе бейтарап жуғыш заттың сулы ерітіндісіне малынған басқа қолайлы материалмен сүртіңіз, содан кейін тез арада сумен шайыңыз.

Автомобильге техникалық қызмет көрсету


Техникалық қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелері.....	10-2
Катализдік бептараптауыш	10-3
Капот	10-3
Мотор майы	10-5
Суытқыш сұйықтық.....	10-6
Шайғыш сұйықтығы.....	10-8
Тежегіш сұйықтығы.....	10-8
Аккумуляторлық батарея.....	10-9
Шиналар.....	10-11
Әйнек тазалағыш щеткаларының резеңке қырғыштарын ауыстыру	10-15
Жалпы техникалық қызмет көрсету.....	10-17
Балқығыш ендірмелер	10-17
Сақтандырғыштар.....	10-18
Шамдарды ауыстыру	10-22

Техникалық қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелері

E01 000103198

Дұрыс және тұрақты жүргізілетін техникалық қызмет көрсету автомобильдің техникалық сипаттамалары мен сыртқы түрін ұзақ уақыт сақтауға мүмкіндік береді. Осы нұсқаулықта көрсетілген кейбір техникалық қызмет көрсету жұмыстарын автомобиль иесі өз бетінше орындай алады, ал қалғанын (мерзімді тексеру және техникалық қызмет көрсету) MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығының мамандары орындайды.

Ақаулар немесе басқа мәселелер туындаған жағдайда, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну керек. Бұл тарауда иесі өз бетінше орындай алатын техникалық қызмет көрсету жұмыстары сипатталған. Жұмысты орындау кезінде, нұсқаулықтарды орындаңыз және қауіпсіздік техникасын сақтаңыз.



A — суыту жүйесінің желдеткіштері
B — алдына ала сақтандыратын зағтаңба
* — автомобильдің алдыңғы жағы

⚠ ЕСКЕРТУ


- Тексеруді немесе мотор бөлігіндегі басқа жұмыстарды бастар алдында, қозғалтқыштың сөніп, жеткілікті салқындағанына көз жеткізу керек.
- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде, мотор бөлігінде жұмыс істеу қажет болса, киім, шаш және т.б. қозғалтқыштың суыту жүйесі желдеткішіне, жетек белдіктеріне немесе басқа қозғалатын бөлшектерге тимеуін қадағалаңыз.
- Техникалық қызмет көрсету операцияларын орындаған соң, қозғалтқыш бөлігінде ұмытылған құрал-саймандар немесе шүберектердің қалып қоймайтындығына көз жеткізіңіз. Кері жағдайда олар өртке немесе автомобильдің зақымдануына себеп болуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ


- Суыту жүйесінің желдеткіші қозғалтқыш жұмыс істемесе де автоматты түрде қосылуы мүмкін. Мотор бөлігінде жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, оталдыру кілтін LOCK күйіне бұрыңыз немесе OFF жұмыс режимін қосыңыз.
- Темекі шегуге, ұшқынның пайда болуына жол беруге және отынның немесе аккумуляторлық батареяның жанында ашық жалынмен жұмыс істеуге тыйым салынады. Отын буы, сондай-ақ аккумуляторлық батареядан шыққан газ тез тұтанады.
- Аккумуляторлық батареяның жанында жұмыс істегенде, ерекше сақ болыңыз. Оның құрамында улы және коррозиялық белсенді күкірт қышқылы бар.
- Домкратпен көтерілген автомобиль астында тұруға тыйым салынады. Автомобиль астына тірек орнатыңыз.
- Автомобильде пайдаланылатын бөлшектер мен материалдарды дұрыс пайдаланбау қауіпті болуы мүмкін. Қажетгі ақпарат алу үшін, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгіну ұсынылады.

Мотор бөлігіндегі барлық жабдықтардың төмендегі суреттегідей орналасқанына көз жеткізіңіз.

Қозғалтқыш 1500 модификациясы



Қозғалтқыш 2000 модификациясы



- 1 — май өлшейтін сүңгі
 2 — май құятын мойын тығыны
 3 — қозғалтқыштың суыту жүйесінің кеңейту бағы
 4 — шайғыш бағы
 5 — тежегіш сұйықтығына арналған бак
 6 — аккумуляторлық батарея

Катализдік бептараптауыш

E01000202701

Катализдік бейтараптауышы бар шығару жүйесі пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендетудің өте тиімді құралы болып табылады. Катализдік бептараптауыш шығару жүйесіне орнатылады.

Катализдік бейтараптауыштың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету және оның зақымдалуын болдырмау үшін, қозғалтқыштың дұрыс реттелуі зор маңызға ие.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Барлық автомобильдерге арналған жалпы ереже: тез жанатын материалдардың, мысалы, құрғақ шөптің немесе жапырақтардың, көліктің шығару жүйесінің ыстық бөлшектерінің жанасуы мүмкін жерлерде тоқтауға немесе қозғалуға тыйым салынады, өйткені бұл өртке әкелуі мүмкін.
- Катализдік бейтараптауышқа топырақ, бояу немесе коррозияға қарсы жабын жағуға болмайды.

📖 ЕСКЕРТПЕ


- “Отын таңдау” тарауында көрсетілген отын маркаларын ғана пайдалану керек, бет 2-2.

Капот


E01000304966

Капотты ашу

1. Капоттың құлпын ашу үшін, иіңтіректі өзіңізге тартыңыз.




2. Сактандыру ілмегінің иіңтірегін басып, капотты көтеріңіз.




⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Әйнек тазалағыштың щеткалары төменгі жұмыс орналасымында болған жағдайда ғана капотты ашу керек. Бұл нұсқауды сақтамау капоттың, әйнек тазалағыш немесе әйнек щеткасының зақымдалуына әкелуі мүмкін.

3. Капотты көтерілген күйде бекіту үшін, ойыққа тірек штангасын салыңыз.

**Капотты жабу**

1. Тірек штангасын ажыратып, оны ұстағышқа бекітіңіз.
2. Капотты жабық орналасымнан шамамен 20 см биіктікке баяу түсіріңіз, содан кейін босатыңыз.
3. Құлыпмен мықтап бекітілгеніне көз жеткізу үшін, капотты жиектің ортасынан аздап көтеріп көріңіз.

**⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ**

- Егер ашық капот қатты желден көтерілсе, тірек штангасы ойықтан шығуы мүмкін екенін есте ұстаныңыз.
- Тірек штангасын ойыққа салып, оның капотты мықтап бекітетініне және оның құлап кетпейтініне көз жеткізіңіз.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Капотты жапқан кезде, қол мен саусақты қысып қалмауы үшін, сақ болған жөн.
- Қозғалысты бастар алдында, капоттың толық жабылғанына көз жеткізіңіз. Толық жабылмаған капот қозғалыс кезінде күтпеген жерден көтерілуі мүмкін. Бұл өте қауіпті.
- Капотты қолмен қатты басуға тыйым салынады, өйткені бұл оның зақымдалуына әкелуі мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер бұл жағдайда капот жабылмаса, біршама үлкен биіктіктен капотты босатыңыз.
- Егер сіз қозғалтқышты автоматты түрде тоқтату және іске қосу жүйесімен (AS&G) жабдықталған автомобильде жақсы жабылмаған капотпен қозғала бастасаңыз, көпфункционалдық дисплейде ескертуші хабарлама пайда болады.




Мотор майы

E01000405544


Мотор майының деңгейі мен құйылуын тексеру

Қозғалтқыш 1500 модификациясы



A — минималды деңгей
B — максималды деңгей

Қозғалтқыш 2000 модификациясы



A — минималды деңгей
B — максималды деңгей

Пайдаланылатын мотор майының сапасы қозғалтқыштың техникалық сипаттамаларына, оның қызмет ету мерзіміне және іске қосу қасиеттеріне манызды әсер етеді. Майды тек ұсынылған сапада және тиісті тұтқырлықта қолдану керек.

Қалыпты жұмыс барысында барлық қозғалтқыштар біршама мөлшерде май жұмсайды. Күн сайын сапар алдында қозғалтқыштағы май деңгейін тексеріңіз.

1. Автомобильді тегіс, қатты, көлденең алаңда тоқтатыңыз.
2. Қозғалтқышты өшіріңіз.
3. Бірнеше минут күте тұрыңыз.
4. Май өлшейтін сүңгіні шығарып, оны таза шүберекпен сүртіңіз.
5. Сүңгіні тірелгенше салыңыз.

6. Май өлшеу сүңгісін шығарып алыңыз, май деңгейі (A) және (B) белгілері арасында тұрғанына көз жеткізіңіз.
7. Егер май деңгейі (A) белгісінен төмен болса, қапакты бұрап ашып, оның деңгейі (A) және (B) белгілері арасында болатындай етіп май құйыңыз.
8. Май құйғаннан кейін май құю мойнының тығынын мықтап жабыңыз.
9. 4-6 тармақтарды қайталап, май деңгейін тексеріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқыштың зақымдануын болдырмау үшін, май деңгейі (B) белгісінен жоғары болмауға тиіс.
- Тек ұсынылған мотор майын пайдаланыңыз және әртүрлі типтегі майларды араластырмаңыз.
- Жоғарғы 6-тармақтағы май деңгейін тексеру кезінде, оны сүңгінің астыңғы жағы бойынша тексеру керек, өйткені май деңгейі сүңгінің екі жағында түрліше көрінеді.
- Автомобильді ауыр жағдайларда пайдаланған кезде, мотор майы өзінің қасиеттерін тез жоғалтады және оны жиі ауыстыру талап етіледі. Жоспарлы техникалық қызмет көрсету кезеңділігін сақтау қажет.
- Пайдаланылған майлармен қауіпсіз жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулар 2-5 беттерде келтірілген.

10

Ұсынылған мотор майы

Мотор майының сипаттізімі

Қозғалтқыш 1500 модификациясы

Мотор майы келесі талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- API SN жіктемесі.
- Кальций құрамы ≤ 2000 млн⁻¹.
- Сілтілік мөлшері $\geq 6,37$ мг КОН/г.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер бұл параметрлер белгісіз болса, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгінізіз.

Ұсынылған мотор майы: MITSUBISHI MOTORS GENUINE ENGINE OIL SN/GF-5.

Қозғалтқыш 2000 модификациясы


Келесі сыныптарға сәйкес келетін мотор майы пайдалану керек:

- API жіктемесі бойынша: SM немесе одан жоғары жұмыс жағдайлары үшін.
- ILSAC бойынша сертификатталған май
- ACEA жіктемесі бойынша: A3/B3, A3/B4 немесе A5/B5 пайдалану шарттары үшін.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер көрсетілген жіктемелер қолжетімсіз болса, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығына жүгінізіз.

Мотор майының тұтқырлығы



- Қоршаған орта температурасына байланысты SAE жіктемесі бойынша тұтқырлыққа сәйкес мотор майы таңдау керек.

ЕСКЕРТПЕ

- Қосымша қоспалар мен қосындыларды пайдалану ұсынылмайды, өйткені олар мотор майының құрамына кіретін қоспалардың тиімділігін төмендетуі мүмкін. Нәтижесінде қозғалтқыш зақымдалуы мүмкін.


Суытқыш сұйықтық

E01000503785

Суытқыш сұйықтық деңгейін тексеру

Жартылай мөлдір суыту жүйесінің кеңейту бағы (A) мотор бөлігінде орналасқан.

Суық қозғалтқышта осы бақтағы суытқыш сұйықтықтың деңгейі LOW (минималды деңгей) және FULL (максималды деңгей) белгілерінің арасында болуы керек.



* — автомобильдің алдыңғы жағы

Суытқыш сұйықтықты толтыра құю

Суыту жүйесі герметикалық, қалыпты пайдалану жағдайларында суыту жүйесінің шығындары елеусіз шамада болады. Суытқыш сұйықтық деңгейінің едәуір төмендеуі ағып кетуді көрсетуі мүмкін. Бұл жағдайда MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында мүмкіндігінше тезірек суыту жүйесін тексеру керек.

Егер кеңейту бағындағы деңгей LOW белгісінен төмен түссе, қақпақты ашып, суытқыш сұйықтық құйыңыз. Егер кеңейту бағы мүлдем бос болса, суытқыш сұйықтық деңгейі құю мойнына жетуі үшін, радиатор тығынын (B) ашып, суытқыш сұйықтық құйыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Ыстық қозғалтқышта (B) радиатор тығынын ашуға тыйым салынады. Суыту жүйесі қысымда тұрады, жұлынатын ыстық суытқыш сұйықтық маңызды күйікке әкелуі мүмкін.

Антифриз

Суытқыш сұйықтықта этиленгликоль негізіндегі коррозияға қарсы зат бар. Қозғалтқыштың кейбір бөлшектері алюминий қорытпасынан дайындалған және бұл бөлшектердің коррозиясын болдырмау үшін, салқындатқышты мезгіл-мезгіл ауыстырып отыру керек.

MITSUBISHI MOTORS GENUINE SUPER LONG LIFE COOLANT PREMIUM суытқыш сұйықтығын немесе оның аналогын пайдаланыңыз*.

* Аналог құрамында силикаттар, аминдер, нитраттар мен бораттар жоқ және берік гибридігі органикалық-қышқыл технологиясын қолдана отырып өндірілген этиленгликоль негізіндегі жоғары сапалы суытқыш жүйе болуы керек.

MITSUBISHI түпнұсқа суытқыш сұйықтығы кез-келген металлға, оның ішінде алюминийге де коррозияға қарсы қасиеттерге ие және радиатордың, жылытқыштың, цилиндрдің басындағы және цилиндр блогындағы каналдардың коррозия өнімдерімен бітелуіне жол бермейді.

Суытқыш сұйықтықта коррозияға қарсы зат болуы керек, сондықтан суытқыш сұйықтығы, тіпті, жазды күні де таза сумен алмастыруға болмайды. Сондай-ақ, суытқыш сұйықтықтағы антифриздің концентрациясы қоршаған ауаның болжамды температурасына байланысты.

-35 °C-ден жоғары: антифриз концентрациясы 50%.

-35 °C-ден төмен: антифриз концентрациясы 60%.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Спирт немесе метанол негізіндегі антифризді, сондай-ақ спирт немесе метанол негізіндегі антифризбен араласқан суытқыш сұйықтықтарды пайдалануға тыйым салынады. Ұсынылмаған типтегі антифризді қолдану алюминий бөлшектердің коррозиясына әкелуі мүмкін.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Суытқыш сұйықтықтағы антифриз концентрациясын өзгерту үшін, суды пайдалануға тыйым салынады.
- Антифриз концентрациясының 60%-дан жоғары ұлғаюы мұздату температурасының, сондай-ақ сұйықтықтың жылу беру қабілетінің төмендеуіне әкеледі, бұл қозғалтқыштың жұмысына теріс әсер етеді.
- Суытқыш сұйықтыққа су құюға тыйым салынады. Су коррозияға қарсы қасиеттерін төмендетеді және суытқыш сұйықтықтың мұздату температурасының жоғарылауына әкеледі, сонымен қатар ол төмен қайнау температурасына ие. Қағып қалған жағдайда, ол суыту жүйесінің бөлшектерін зақымдауы мүмкін. Құбыр суын пайдалануға тыйым салынады, өйткені бұл коррозияға алып келеді.


Суық ауа райында

Егер автомобиль жұмыс істеп тұрған жердегі ауа температурасы салқындатқыштың қату температурасынан төмен түссе, онда радиатор мен қозғалтқыштағы суытқыш сұйықтықтың қатып қалуы мүмкін, бұл қозғалтқышқа және/немесе радиаторға қатты зақым келтіруі мүмкін. Суытқыш сұйықтықтың қатып қалуын болдырмау үшін, оған антифриздің тиісті мөлшерін қосу керек. Суық мезгіл басталғанға дейін антифриздің концентрациясын тексеріп, қажет болған жағдайда, оны қалыпқа келтіру керек.

Шайғыш сұйықтығы

E01000702676

Шайғыш багының қақпағын ашып, сүңгінің көмегімен сұйықтық деңгейін тексеріңіз. Егер деңгей төмен болса, баққа сұйықтықты толтыра құйыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Шайғыш багындағы сұйықтық желәйнекке, артқы әйнекке және фаралар әйнегіне беріледі (егер фара шайғыштары бар болса).

Суық ауа райында


Әйнек тазалағыштың төмен ауа температурасында дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, мұздатылмайтын сұйықтықты пайдаланыңыз.

Тежегіш сұйықтығы

E01000802097

Сұйықтық деңгейін тексеру

Сұйықтық деңгейі резервуардағы MAX (максималды деңгей) және MIN (минималды деңгей) белгілерінің арасында болуы керек.



Сұйықтық деңгейі қалтқылы датчикпен өлшенеді. Егер тежегіш сұйықтығының деңгейі MIN белгісінен төмен түссе, тежегіш сұйықтық деңгейінің бақылау шамы жанады.

Тежегіш қалыптар тозған сайын, сұйықтық деңгейі біртіндеп төмендейді, бірақ бұл ақаулықтың белгісі болып табылмайды. Капот астында басқа жұмыстарды жүргізу кезінде, әрқашан бақтағы тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеру керек. Сонымен бір мезгілде тежегіш жүйесінің герметикалығын тексеру қажет. Қысқа уақыт ішінде тежегіш сұйықтық деңгейінің едәуір төмендеуі тежегіш жүйесіндегі ағып кетуді көрсетеді.

Бұл жағдайда MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында тексеру ұсынылады.

Ұсынылған сұйықтық түрі

DOT3 немесе DOT4 сыныптарына сәйкес келетін мөрленген сұйықтықтағы тежегіш сұйықтығын пайдалану керек. Тежегіш сұйықтығы гидроскопиялық. Тежегіш сұйықтығындағы ылғалдың көп болуымен тежегіш жүйесінің тиімділігі төмендейді.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Әйнек жуғыш сұйықтықтан басқа кез келген сұйықтықты пайдалануға тыйым салынады. Сондай-ақ, сабын ерітіндісін, әйнекке арналған тазартқышты және қозғалтқыштың суытқыш сұйықтығын пайдалануға тыйым салынады. Басқа сұйықтықтар автомобильдің боялған элементтерінің түссізденуіне, шайғыш сұйықтық сорғысының зақымдалуына немесе бүріккіш тесіктерінің бітелуіне әкелуі мүмкін, бұл шайғыш сұйықтықты әйнекке шашыратуға мүмкіндік бермейді.
- Шайғыш сұйықтықты қыстыгүні сумен шамадан тыс сұйылту сұйықтықтың әйнекте қатып қалуына әкелуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Тежегіш сұйықтықпен жұмыс істеу кезінде, сақ болыңыз, оның көзге, теріге және бояуға түспеуін қамтамасыз ету керек. Төгілген сұйықтықты тез арада жинап алыңыз. Егер тежегіш сұйықтығы теріге немесе көзге түссе, зақымдалған аумақты тез арада көп мөлшерде таза сумен шайыңыз. Қажет болған жағдайда, дәрігердің көмегіне жүгінініз.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Тек ұсынылған түрдегі тежегіш сұйықтығын пайдалану керек. Өртүрлі маркалы тежегіш сұйықтықтарын араластыруға тыйым салынады, өйткені олардың арасында химиялық реакция болуы мүмкін. Тежегіш сұйықтығы мен мұнай өнімдерінің жанасуына немесе араласуына, сондай-ақ соңғысының тежегіш жүйесіне енуіне жол бермеңіз. Бұл тығыздағыштардың зақымдалуына әкеледі.
- Қалыпты жұмыс жағдайында тежегіш сұйықтығының сипаттамаларының нашарлауына жол бермеу үшін, бактың қақпағын жабық ұстау керек.
- Бактың қақпағын ашар алдында, оны сүртіп, қызмет көрсету аяқталғаннан кейін мықтап жабыңыз.


Аккумуляторлық батарея

E01001204063

Қозғалтқышты іске қосу ұзақтығы мен автомобильдің электр жабдықтарының жұмысы көбіне аккумуляторлық батареяның күйіне байланысты. Аккумуляторлық батареяны үнемі тексеріп, әсіресе, суық ауа райында оны дұрыс күтіп ұстау керек.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Аккумуляторлық батареяны ауыстырған соң, электрондық қозғалтқышты басқару жүйесіндегі, автоматты беріліс қорабындағы және т.б. деректер жойылады. Нәтижеде берілістерді ауыстыру кезінде бірден серпілу орын алуы мүмкін. Берілістерді ауыстыру кезіндегі серпілістер бірнеше ауысудан кейін әлсірейді.

Аккумуляторлық батареядағы электролит деңгейін тексеру

AFA132790

Электролит деңгейі батарея корпусында сыртта орналасқан белгілер арасында болуы керек. Қажет болған жағдайда, дистилденген су қосыңыз. Аккумуляторлық батарея бірнеше банкадан тұрады. Тығынды әр банкадан шығарып, дистилденген суды жоғарғы белгіге дейін құйыңыз. Суды жоғарғы белгіден жоғары құюға болмайды, өйткені қозғалыс кезінде ағып кететін электролит шашырауы автомобиль бөлшектерін зақымдауы мүмкін. Электролит деңгейін пайдалану жағдайларына байланысты кемінде төрт аптада бір рет тексеру керек. Егер батарея пайдаланылмаса, уақыт өте келе оның заряды таусылады. Оны төрт апта сайын тексеріп, қажет болған жағдайда, шағын токпен зарядтаныз.


Ауа өткізгішті шешіп алу және орнату

Дистилденген суды толтыра құю үшін, ауа өткізгішті шешіп алу қажет.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Оталдыру құлпындағы кілтті LOCK күйіне бұраңыз немесе OFF жұмыс режимін қосыңыз. Киімді желдеткіш немесе жетек белдігі іліп кетпеуі үшін, шара қолданыңыз. Бұл жарақатқа әкелуі мүмкін.

Екі болтты (A) бұрап, соңынан ауа өткізгішті (B) шешіп алыңыз.



Ауа өткізгіш шешіп алу тәртібіне кері тәртіпте орнатылады.

Суық ауа райында

Төмен температурада аккумуляторлық батареяның сыйымдылығы төмендейді. Бұл ондағы химиялық және физикалық процестердің сөзсіз салдары болып табылады. Сондықтан салқын зарядталатын, әсіресе, толық зарядталмаған аккумуляторлық батарея әдеттегі іске қосу тогының бір бөлігін ғана қамтамасыз етеді. Қозғалтқышты суық ауа райында іске қосар алдында, батареяны тексеру, қажет болған жағдайда, оны зарядтау немесе ауыстыру ұсынылады. Бұл қозғалтқыштың сенімді іске қосылуын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар аккумуляторлық батареяның қызмет ету мерзімін ұзартады.

Ажырату және қосу |


Аккумуляторлық батареяны ажырату үшін, қозғалтқышты өшіріңіз, алдымен теріс (-) сымды ажыратыңыз, содан кейін оң (+) сымды ажыратыңыз. Аккумуляторлық батареяны қосу үшін, алдымен оң (+), содан кейін теріс (-) сымды қосыңыз.

ⓘ ЕСКЕРТПЕ

- Батареяның оң (+) сымын ажырату және қосудан бұрын, шықпа (A) қақпағын шешіп алыңыз.

ⓘ ЕСКЕРТПЕ

- Сомынды (B) босатыңыз, сымды аккумуляторлық батареяның оң (+) шықпасынан ажыратыңыз.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Аккумуляторлық батареяның жанында жұмыс істеген кезде, қорғану көзділдігің кию керек. Аккумуляторлық батареяның электролитінде күкірт қышқылы бар, сондықтан оның көзге тиюі ауыр зардаптарға әкеледі.
- Темекі шекпеңіз, аккумуляторлық батарея жанында ұшқынның немесе ашық оттың пайда болуына жол бермеңіз. Бұл оның жарылуына әкелуі мүмкін.
- Аккумуляторлық батареяның электролиті — өте күйдіргіш сұйықтық. Электролиттің көзге, теріге, киімге немесе автомобильдің лак-бояу жабынына түсуіне жол бермеңіз. Төгілген электролитті тез арада көп мөлшерде сумен жуу керек. Электролитпен жанасу нәтижесінде көз немесе тері тітіркенгенде, тез арада дәрігерге қаралу керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Аккумуляторлық батареяны жабық үй-жайда зарядтау немесе пайдалану кезінде, жеткілікті желдетуді қамтамасыз ету керек.

⚠ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Аккумуляторлық батареяға балаларды жақындатпаңыз.
- Оталдыру құлпындағы кілт ON күйінде болғанда немесе ON жұмыс режимі қосулы болғанда, аккумуляторлық батареяны өшірмеңіз. Бұл ретте электр жабыдығының элементтері зақымдалуы мүмкін.
- Батарея шықпаларының қысқа тұйықталуына жол бермеңіз. Бұл оның қызып кетуіне және істен шығуына әкеледі.
- Батареяны тез зарядтау қажет болса, алдымен одан сымдарды ажыратыңыз.
- Қысқа тұйықталуды болдырмау үшін, алдымен теріс (-) сымды ажырату керек.
- Пластмасса бөлшектердің күкірт қышқылымен (электролит) жанасуына жол бермеңіз, өйткені бұл олардың шытынауына және түссізденуіне, сондай-ақ оларда дақтардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Электролит пластмасса бөлшектерге тиген кезде, оларды жұмсақ шүберекпен, күдері немесе бейтарап жуғыш заттың сулы ерітіндісіне малынған басқа қолайлы материалмен сүргіңіз, содан кейін тез арада сумен шайыңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Аккумуляторлық батарея шықпаларын таза ұстаңыз. Аккумуляторлық батареяны қосқан соң, шықпаларға қорғаныс майын жағыңыз. Шықпаларды жылы сумен жуыңыз.
- Аккумуляторлық аккумуляторлық батареяның мықтап бекітілгеніне және қозғалыс кезінде жылжудың жоқтығына көз жеткізіңіз. Сондай-ақ клеммалардың сенімді тартылғанын тексеріңіз.
- Егер автомобиль ұзақ уақыт пайдаланылмаса, аккумуляторлық батареяны алып тастаңыз және оны электролит қатып қалмайтын жерде сақтаңыз. Аккумуляторлық батареяны толық зарядталған күйінде сақтау керек.

Шиналар

E0100130025;

⚠ ЕСКЕРТУ

- Тозған, зақымдалған немесе дұрыс үрленбеген шиналармен жүру аварияға, ауыр жарақатқа, тіпті, адам өліміне әкелуі мүмкін.

Шиналардағы ауа қысымы


E01 001405059

Шиналардың өлшемділігі	Алдыңғы доңгелек	Артқы доңгелек
215/70 R16 100H	2,4 бар (240 кПа)	
225/55 R18 98H	2,5 бар (250 кПа)	

Қысымды тексеру кезінде, шиналар суық болуы керек; артық немесе жеткіліксіз қысым болған жағдайда, оны нормаға дейін жеткізіңіз. Қысымды тексергеннен кейін, шиналардың жарамдылығы мен герметикалығын тексеріңіз. Қорғау қалпақшаларының вентилине кігізіңіз.


📖 ЕСКЕРТПЕ

- Сіздің автомобиліңізге орнатуға рұқсат етілген шиналардың сипаттамалары ортаңғы тірегіне бекітілген стикерде көрсетілген. Барынша толық ақпаратты MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығынан алуға болады.



Дөңгелектердің жағдайы

E01001802137



- 1 — протектордың тозу индикаторының орналасуы
2 — протектордың тозу индикаторы

Шиналарда ойықтар, жарықтар және басқа зақымдардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Егер терең кесіктер мен жарықтар болса, шиналарды ауыстырыңыз. Сондай-ақ, шиналарда ұсақ металл заттар мен қиыршық тастардың тұрып қалғанын тексеріңіз. Тозған шиналардағы қозғалыс өте қауіпті, өйткені сырғу немесе акважоспарлау қаупі күрт артады. Протектор суретінің биіктігі кемінде 1,6 мм құрайтын шиналарды пайдалануға жол беріледі. Егер шинада тозу индикаторы болса, шинаның тозуына қарай, ол шинаның бұдан былай пайдаланылмауы тиіс екенін көрсете отырып, протектордың бетінде көрінеді. Егер тозу индикаторы протектордың бетінде пайда болса, шинаны жаңасына ауыстыру керек.

Егер тозу салдарынан толық жетекті автомобиль шиналарының бірін ауыстыру қажет болса, барлық шиналарды бірден ауыстырыңыз.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Бір өлшемдегі, бір типтегі және бір өндірушінің тозу деңгейі бірдей шиналарын орнату керек. Әр түрлі өлшемдегі, әр түрлі типтегі, әр түрлі өндірушілерден немесе әр түрлі дәрежеде тозатын шиналарды орнатуға тыйым салынады. Бұл жағдайда дифференциалдағы майдың температурасы көтеріледі, бұл трансмиссияның ақаулығына әкелуі мүмкін. Сондай-ақ берілісте майдың ағып кетуіне, бөлшектердің кептелуіне және басқа да елеулі ақауларға әкелуі мүмкін жүктемелер пайда болады.

Шиналар мен дөңгелек дискілерін ауыстыру

E01007202003

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Өлшемдері жоғарыда көрсетілгендерден ерекшеленетін шиналарды орнатуға, сондай-ақ әртүрлі модельдердегі шиналарды бірге орнатуға тыйым салынады, өйткені бұл қозғалыс қауіпсіздігіне теріс әсер етеді. “Шиналар мен дөңгелек дискілері” тарауын қараңыз, бет 11-6.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Тіпті, егер дөңгелек дискісінің диаметрі бірдей болса да, оның пішіні оны дұрыс орнатуға мүмкіндік бермеуі мүмкін. Жаңа дөңгелек дискілерін сатып алар алдында, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығының мамандарымен кеңесуді ұсынамыз.
- MITSUBISHI MOTORS түпнұсқа дискілерін ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Басқа дөңгелек дискілерін пайдалану ауаның ағып кетуіне және датчиктердің зақымдалуына әкелуі мүмкін, өйткені шиналардағы қысымды басқару жүйесінің датчиктері дұрыс орнатылмауы мүмкін. “Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)” тарауын қараңыз, бет 6-71.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Электр жетегі бар тұрақ тежегішімен жабдықталған автомобильдерде 16 дюймдік болат дөңгелек дискілерін пайдалануға жол берілмейді, өйткені олар тежегіш механизмдерінің бөлшектеріне тиіп тұрады. Кейбір типтегі 16 дюймдік оңай балкитын дөңгелек дискілерін, тіпті, олар MITSUBISHI MOTORS дөңгелек дискілері болса да, автомобильге орнатуға болмайды. Қолда бар дөңгелек дискілерін орнатудан бұрын, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік станциясының мамандарынан кеңес алу керек.

ЕСКЕРТПЕ

- Шиналар мен доңғалақ дискілерін ауыстыру кезінде автомобильге нақты өлшемдегі шиналарды орнату мүмкіндігін растау үшін, жүргізушінің есігіндегі шиналардағы ұсынылған қысым көрсетілген жапсырмаға жүгіну керек. Егер сіз көрсетілген жапсырмада өлшемі көрсетілмеген шиналарды орнатсаңыз, шиналар тежегіш жүйесінің бөлшектеріне тиіп кетуі мүмкін.


Доңгелектердің орнын ауыстыру

E01001902835


Шиналардың тозуы автомобильдің жағдайына, жолдың жағдайына және жүргізу стиліне байланысты. Шиналардың тозуын теңестіру және қызмет мерзімін ұзарту үшін, тозудың жоғарылағанын анықтаған соң немесе алдыңғы және артқы доңгелек шиналарының тозуында айтарлықтай айырмашылық болған кезде, доңгелектерді қайта орнату ұсынылады. Доңгелектерді ауыстыру кезінде шиналардың біркелкі тозбағанына және зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Тозудың жоғарылауы, әдетте, шиналардағы ауаның дұрыс емес қысымымен, доңгелек орнату бұрыштарын дұрыс реттемеумен, доңгелектің теңгерімсіздігімен немесе кенеттен тежелуімен байланысты. Протектордың біркелкі емес тозу себептерін анықтау үшін, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында осы параметрлерді тексеру ұсынылады.

Қосалқы доңгелегі бар автомобильдер


Қосалқы доңгелекті пайдаланғанда*



Қосалқы доңгелекті пайдаланбағанда



Бағытталған протектор суреті бар шиналар (айналу бағыты жебемен көрсетілген)




AA4000149


* Егер қосалқы доңгелек шинасы стандарттан өзгеше болса, доңгелектерді ауыстырған кезде, қосалқы доңгелекті пайдалануға болмайды.

Қосалқы доңгелегі жоқ автомобильдер

Протектордың бағытталмаған суреті бар шиналар




Бағытталған протектор суреті бар шиналар (айналу бағыты жебемен көрсетілген)



AJ3100414

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Егер шиналардың бүйірлерінде айналу бағытын көрсететін жебелер (А) болса, автомобильдің сол жағындағы алдыңғы және артқы дөңгелектерді, сондай-ақ автомобильдің оң жағындағы алдыңғы және артқы дөңгелектерді жеке-жеке ретке келтіріңіз. Әр дөңгелек автомобильдің өз жағында қалуы керек. Шиналарды монтаждау кезінде, шиналардың бүйірлеріндегі жебелердің бағыты автомобиль алға жылжыған кезде, дөңгелектің айналу бағытына сәйкес келуін қадағалаңыз. Егер шиналардың бүйірлеріндегі жебелер дөңгелектің айналуына қарсы бағытталса, шинаның пайдаланушылық сипаттамасы нашарлайды.



AFZ102552

- Әр түрлі модельдегі шиналарды автомобильге орнатудан аулақ болыңыз. Бұл автомобильдің басқарылуына және қауіпсіздігіне теріс әсер етуі мүмкін.

Қысқы шиналар

E01002002572

Қар мен мұзда жүру үшін, қысқы шиналарды

пайдалану ұсынылады. Автомобильдің бағыттық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін, барлық дөңгелектерге бірдей мөлшердегі және бірдей протекторлы шиналар орнатылуы керек.

Тозуы 50%-дан асатын қысқы шиналарды пайдалануға болмайды.

Автомобильде пайдалануға ұсынылмаған қысқы шиналарды орнатуға рұқсат етілмейді.

⚠️ АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ

- Қысқы шиналар үшін рұқсат етілген ең жоғары жылдамдықты және жергілікті заңдарда белгіленген жылдамдықты сақтаңыз.
- MITSUBISHI MOTORS түпнұсқа дискілерін ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Басқа дөңгелек дискілерін пайдалану ауаның ағып кетуіне және датчиктердің зақымдалуына әкелуі мүмкін, өйткені шиналардағы қысымды басқару жүйесінің датчиктері дұрыс орнатылмауы мүмкін. “Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)” тарауын қараңыз, бет 6-71.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Қысқы шиналарды пайдалану (жылдамдық, орнату қажеттілігі, түрі және т.б.) аймақтың ерекшеліктеріне байланысты ерекшеленетін ережелермен реттеледі. Автокөлік пайдаланылатын жерде қолданылатын ережелерді сақтаңыз.
- Егер доңғалақтар ернеменктік сомындармен бекітілсе, онда болат дискілі дөңгелектерді орнатқан кезде, оларды конустық сомындармен ауыстыру керек.

Қарда жүру мүмкіндігін арттыруға арналған құрылғылар (сырғуға қарсы шыңжырлар)

E0100210372»

Шыңжыр дайындаушының нұсқаулығын сақтай отырып, сырғуға қарсы шыңжырларды тек жетекші (артқы) дөңгелектерге орнату керек. Айналдыру кезеңінің көп бөлігін артқы өстің пайдасына тарататын толық жетекті автомобильдерде сырғуға қарсы шыңжыр артқы дөңгелектерге орнатылуы керек. Автомобильге орнатылған шиналарға арналған тек сырғуға қарсы шыңжырларды пайдаланыңыз: өлшемі сәйкес келмейтін сырғуға қарсы шыңжырларды пайдалану автомобиль шаңағына зақым келтіруі мүмкін.

Сырғуға қарсы шыңжырларды орнатудан бұрын, MITSUBISHI MOTORS авторландырылған сервистік орталығында кеңес алыңыз. Сырғуға қарсы шыңжырлардың максималл биіктігі кестеде көрсетілген.

Шиналардың өлшемділігі	Дөңгелек дискілерінің өлшемділігі	Сырғуға қарсы шыңжырлардың максималды биіктігі, мм
215/70 R16 100H	16 x 6 1/2 J 16 x 6 1/2 JJ	9
225/55 R18 98H	18 x 7 J	

Сырғуға қарсы шыңжырлар орнатылғанда, максималды жылдамдық — 50 км/сағ. Қам жамылған учаскеден өткен соң, бірден сырғуға қарсы шыңжырды шешіп алу керек.

⚠️ **АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ**

- Сырғуға қарсы шынжырларды орнату үшін, жолдың жақсы көрінетін түзу бөлігін таңдау керек, онда сіз жол жиегіне шыға аласыз, басқа жүргізушілердің назарында бола аласыз.
- Қажет болмаған жағдайда, сырғуға қарсы шынжырларды орнатпаңыз. Сырғуға қарсы шынжырмен қозғалу шиналар мен жол жабынының тозуына әкеледі.
- 100-300 метр жүріп өткеннен кейін тоқтап, сырғуға қарсы шынжырларды қатайту керек.
- Сақтықпен қозғалыңыз, 50 км/сағ. жылдамдықтан аспаңыз, сырғуға қарсы шынжырларды орнату аварияның алдын алудың кепілі емес екенін есте ұстаған жөн.
- Сырғуға қарсы шынжырды орнатып, олардың дөңгелек дискілерін немесе автомобиль шанағының зақымдалуына жол бермеңыз.
